


Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігі
Министерство науки и высшего образования Республики Казахстан
Ministry of Science and Higher Education for the Republic of Kazakhstan
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті
Западно-Казакстанский университет им. М. Утемисова
M.Utemisov West Kazakhstan University



МАХАМБЕТ ӨТЕМІСОВТИҢ 220 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН
«УНИВЕРСИТЕТ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ МЕН БОЛАШАҒЫ»
атты 80-ші республикалық ғылыми-тәжірибелі конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ

12 сәуір / апреля / april 2023

МАТЕРИАЛЫ

80-ой Республиканской научно-практической конференции
«ДОСТИЖЕНИЯ И ПЕРСПЕКТИВЫ УНИВЕРСИТЕТСКОЙ НАУКИ»
посвященной
220 ЛЕТИЮ МАХАМБЕТА УТЕМИСОВА

MATERIALS

of the 80th Republican Scientific and Practical Conference
"ACHIEVEMENTS AND PROSPECTS OF UNIVERSITY SCIENCE"
dedicated to the
220TH ANNIVERSARY OF MAKHAMBET UTEMISOV

Орал-Уральск-Uralsk

**Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігі
Министерство науки и высшего образования Республики Казахстан
Ministry of Science and Higher Education for the Republic of Kazakhstan
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті
Западно-Казахстанский университет им. М. Утемисова
M.Utemisov West Kazakhstan University**

**МАХАМБЕТ ӨТЕМІСОВТІҢ
220 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН «УНИВЕРСИТЕТ ҒЫЛЫМЫНЫҢ
ЖЕТІСТІКТЕРІ МЕН БОЛАШАҒЫ»
атты 80-ші республикалық ғылыми-тәжірибелі конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ**

12 сәуір / апреля /april 2023

**МАТЕРИАЛЫ
80-⁰й Республиканской научно-практической конференции
«ДОСТИЖЕНИЯ И ПЕРСПЕКТИВЫ УНИВЕРСИТЕТСКОЙ НАУКИ»
посвященной
220 ЛЕТИЮ МАХАМБЕТА УТЕМИСОВА**

**MATERIALS
of the 80th Republican Scientific and Practical Conference
"ACHIEVEMENTS AND PROSPECTS OF UNIVERSITY SCIENCE"
dedicated to the
220TH ANNIVERSARY OF MAKHAMBET UTEMISOV**

Орал-Уральск-Uralsk

УДК 37.0
ББК 74.00
Д64

Ұйымдастыру комитетінің төрағасы/Председатель организационного комитета:

Сергалиев Н.Х. - б.ғ.к., профессор, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің басқарма төрағасы-ректоры

Ұйымдастыру комитетінің мүшелері/Члены организационного комитета:

Ахмеденов К.М. – г.ғ.к., профессор, М.Өтемісов атындағы БҚУ басқарма төрағасының орынбасары – ҒЖ және ХБ жөніндегі проректордың м.а.

Кайсағалиева Г.С. – б.ғ.к., доцент, М.Өтемісов атындағы БҚУ академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесі – проректор

Даришева Т.М. – п.ғ.к., доцент, М.Өтемісов атындағы БҚУ басқарма төрағасының орынбасары – ТЖ және ӘМ жөніндегі проректордың м.а.

Какишев М.Г. - философия докторы (PhD), М.Өтемісов атындағы БҚУ ғылым және ЖОО-нан кейінгі дайындық бөлімінің жетекшісі

Ергалиева Г.А. - п.ғ.к., доцент, М.Өтемісов атындағы БҚУ педагогика факультетінің деканы

Тургумбаев А.А. - магистр, аға оқытушы М.Өтемісов атындағы БҚУ жаратылыстану- география факультетінің деканы

Ақболатов А.А. - философия докторы (PhD), доцент, М.Өтемісов атындағы БҚУ филология факультетінің деканы

Абулкасова Д.Б. – с.ғ.к., аға оқытушы, М.Өтемісов атындағы БҚУ физика-математика факультетінің деканы

Нестеренко Г.И. – э.ғ.к., доцент, М.Өтемісов атындағы БҚУ тарих, экономика және құқық факультетінің деканы

Кажимова К.Р. - философия докторы (PhD), М.Өтемісов атындағы БҚУ мәдениет және өнер факультетінің деканы

Сергалиев Н.Х., Ахмеденов К.М., Кайсағалиева Г.С., Какишев М.Г., Ергалиева Г.А.,

Тургумбаев А.А., Ақболатов А.А., Нестеренко Г.И., Кажимова К.Р. и др.

Д64 **Университет ғылымының жетістіктері мен болашағы = Достижения и перспективы университетской науки = Achievements and prospects of university science:** 80-ші республ. ғыл.-тәжіриб. конф. мат. = Мат-лы 80-ой республ. науч.-практ. конф. = Materials of the 80th Republican scientific - practical conference. - Орал: М.Өтемісов атындағы БҚУ РБО, 2023. – 221 б.

ISBN 978-601-266-584-0

Жинаққа «**Университет ғылымының жетістіктері мен болашағы**» тақырыбында өткен республикалық конференцияға келіп түскен баяндамалардың мәтіндері енді.

Баяндамаларда отандық ғалымдардың ғылым және білім беру туралы ғылыми - зерттеу нәтижелері мен деректері қамтылған.

Жинақ жоғары оқу орындарының ғалымдарына, оқытушыларына, ғылыми қызметкерлеріне, мектеп мұғалімдеріне, докторанттарға, аспиранттарға, магистранттарға, студенттерге және де тақырыпқа қызығушылық танытқан қалың оқырманға арналған.

В сборник вошли тексты статей, которые были одобрены к участию в республиканской научно-практической конференции на тему «Достижения и перспективы университетской науки». В статьях представлены результаты научных исследований отечественных ученых о науке и образовании.

Сборник предназначен для ученых, преподавателей, научных сотрудников, учителей школ, докторантов, аспирантов, соискателей, магистрантов, студентов, а также для всех заинтересованных лиц в изучении данной темы.

ISBN 978-601-266-584-0



9 786012 665840

УДК 37.0
ББК 74.00

© М.Өтемісов атындағы БҚУ РБО, 2023

Секция 1
СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО
ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ

УДК 373.3

Билялова Г.А.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ., Қазақстан

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА «WORD WALL» БАҒДАРЛАМАСЫН МАТЕМАТИКА
САБАҒЫНДА ҚОЛДАНУДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ

Қазіргі қоғамымызда орын алып отырған үздіксіз өзгерістер, оқу үдерісіне заманауи технологиялардың сан алуан түрлерінің енуі жас ұрпаққа білім беруде жан-жақты дамыған, белсенді, өз бетінше ойлай білетін жастарды қалыптастыруды талап етеді. Алайда, елімізде қабылданған білім беру бағдарламасы бойынша біртұтас білім алуға арналған интернет-технологиялардың тапшылығы білім беру үдерісін ұйымдастыруда үлкен қиындықтарды тудырғаны белгілі. Бұл орын алып отырған жағдайлар өз кезегінде еліміздің білім беру саласындағы заңнамаларында, атап айтқанда: Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында [1], Білім берудің барлық деңгейлеріне арналған жалпыға бірдей білім берудің Мемлекеттік стандарттарында [2] көрініс тапты.

XXI ғасыр – техниканың жедел дамыған ғасыры екені белгілі. Ал компьютерлік ресурстарды пайдалану қазіргі кезеңдегі Қазақстанның білім беру жүйесіне, мәдениетіне елеулі әсер ете бастады және де оқытудың инновациялық әдістерін дамыту үшін жағдай жасауда. Қазіргі замандағы негізгі мәселелердің бірі – оқыту және білім беру үдерісін жоғары деңгейге көтеру болып табылады.

Білім берудегі көптеген пәндерге компьютерлік ресурстармен оқытуды ендіру, оларды электронды бағдарламалармен қамтамасыз ету мен білім беру саласында қолданылатын интерактивті оқулықтардың мазмұнын толықтыру сияқты келелі мәселелерді туындатады. Ал, математика – барлық ғылымдар патшасы. Математика абстрактілендіру және логикалық қорыту: есептеу, санау, өлшеу және физикалық нәрселерді жүйелі түрде орнықтыру, бейнелеу мен өзгерістерді оқыту арқылы көрініс табады. Математиканы оқыту проблемалары, математиканы оқыту әдістемесінің проблемалары Евклид, Архимедтен және т.б. бастап, түрлі елдердің және халықтардың ғалымдары мен педагогтарының назарында болды.

Ғылымның, әсіресе математиканың жалпы дамуының жаңа кезеңі адамзат алдында оқыту мен үйретуді жетілдіру міндетін қойды. Жалпы білім беретін мектептерде, соның ішінде бастауыш сыныптарда математиканы оқыту әдістемесінің проблемасы ақпараттық технологияларды ендіруге байланысты қазіргі таңда ерекше маңызды болып отыр.

Ақпараттық технология бүгінгі күні оқу-тәрбие процесіне қарыштап еніп, оқушылардың оқу танымдық көзқарастарын байытуға негіз болғандығын көреміз.

Соңғы кезеңдерде бастауыш білім беруді ақпараттандыру мәселесі бойынша А.Б.Медешованың «Бастауыш сынып оқушыларының танымдық әркетін ақпараттық технологиялар арқылы қалыптастыру» [3], Ж.И.Сардарованың «Ақпараттық коммуникациялық технологиялар арқылы бастауыш сынып оқушыларының шығармашылығын қалыптастыру» [4] еңбегінен көруге болады.

Ғалымдардың зерттеулеріне сүйенсек, математика сабағында интернет-технологияларды пайдалану барысында келесі жағдайларды анықтап алу қажет деп есептейді:

интернет-технологияларды пайдалануды негіздей алатын таңдаулы тақырыптарды айқындау және осы тақырып аясындағы оқу мақсаттарын қамтитын сабақтарды бөліп көрсету және оның мақсат-міндеттерін қою;

сабақты жоспарлау барысында тақырып бойынша оқу мақсатына жету үшін қандай интернет-технологияны қолданудың қажеттігін айқындау;

оқушылардың компьютермен жұмыс жасау біліктері қаншалықты дамыған және олардың берілген интернет-технологиямен жұмысын ұйымдастыру мүмкіндігін алдын-ала бағалау;

сабақты жоспарлауда интернет-технологияны пайдалануға қандай уақыт мөлшері берілетінін анықтау;

техникалық ақаулар мен келеңсіздіктердің алдын алу мақсатында оқушылар қолданатын компьютерлік техниканың жарамдылығы мен Интернет желісінің жұмысын алдын ала тексеру;

техникалық ақаулар орын алған жағдайда сабақты альтернативті ұйымдастыру жолын жоспарлау;

интернет-технологияларды қолдану барысында жинақталған мәліметті өңдеу жоспарын дайындау;

оқушылармен бірге интернет-технологияларды қолдану нәтижесін талдауды жоспарлау;

интернет-технологияларды қолданып қалыптастырушы бағалауды ұйымдастыру қағидаларының орындалуын қамтамасыз ету;

сабақ кезеңдері арасындағы байланыстың үзілмеуін қамтамасыз ету.

Сонымен қатар, «математика» сабағын интернет-технологияларды пайдалану арқылы ұйымдастыру үшін келесі кезеңдерді бөліп көрсетуге болады:

Математика бойынша оқу бағдарламасының нақты бөлімін, тақырыбын және жеке сабақтарын таңдау.

Сабақтарды интернет-технологияларды пайдалана отырып өткізу қажеттілігін негіздеу мақсатында оқу материалының таңдалған бөлігіне жататын сабақ мазмұнын және оны оқыту әдістемесін талдау.

Сабаққа арналған тапсырмалардың дескрипторларын әзірлеу.

Қажетті оқу материалын ұсыну үшін интернет желісін қамтамасыз ету.

Таңдалған интернет-технологиясын пайдалана отырып, сабақ материалын әзірлеу.

Сабақтың әзірленген материалдарын тексеру, анықтау және редакциялау.

Әзірлемені пайдаланатын мұғалімге арналған әдістемелік ұсыныстарды және оқушыларға арналған нұсқауларды әзірлеу.

Өткізілген сабаққа өзіндік талдау жүргізу және анықталған кемшіліктерді жою» [5]

Соңғы уақытта бастауыш сыныпта математика пәнін оқытуға компьютерлік қолдау кең көлемде көрсетілуде. Білім берудің компьютерлік ресурстарын пайдалану оқушылармен оқу материалының игерілу саны мен сапасын айтарлықтай арттыра алады. Математиканың жеке тақырыптары мен бөлімдерін компьютерді пайдаланып оқыту мәселесін А.Ө.Байдыбекова (бастауыш сынып математикасын оқытуда) зерттеген.

Бастауыш сыныптардағы математиканы жетілдіруге «Математиканың бастауыш курсының оқыту әдістемесі» еңбегімен Т.Қ.Оспанов, Ш.Х.Құрманалинаның қосықан үлесін атап өтуге болады.


Компьютерлік математикалық жүйелерді құру және пайдалану бойынша зерттеулер шетелдік әріптестермен де жүргізілуде (Ж.М. Лаборде, Ф.Беллемейн, Ж. Кинг, Д. Шер және басқалар). Олармен әзірленген компьютерлік бағдарламалар орта және жоғарғы мектептерде компьютерлік геометриялық экспериментке арналған алғышарттарды құрайды. Ресейлік әріптесіміз И.Ф.Нынкина «Применение платформы «Word wall» при обучении младших школьников» [6] мақаласында бастауыш сынып оқушылары үшін сабақ барысында «Word wall» бағдарламасын пайдаланудың тиімділігін көрсеткен.

Мұғалімдердің интернет-технологияларды қолдану деңгейін анықтау үшін бетпе-бет және surveymonkey.com сауалнамалар жүйесінің көмегімен анонимді сауалнама өткізілді. Сауалнама нәтижелерін талдау нәтижесінде келесідей қорытындыларды жасауға болады:

Сауалнамаға қатысқан мұғалімдердің барлығы дерлік жазбаша кері байланыс беруді жүзеге асырады.

Жазбаша кері байланыс беру мұғалімнің көп уақытын қажет ететіндіктен, барлық мұғалімдер уақыт тапшылығын сезінетіндігін көрсеткен.

Интернет-технологияларды қолдану динамикасын келесі 3-суретте (диаграммада) пайыздық көрсеткішпен көрсетілген.



Сурет 1 – Мұғалімдердің интернет-технологияларды қолдануы

Жүргізілген зерттеу бойынша, мұғалімдер өз сабақтарында өте танымал болып табылатын Bilimland.kz, басқа да білім беру платформаларының материалдарын жақсы қолданғанымен, ойын технологиялары негізінде дайындалған Word wall бағдарламасын, мобильдік құрылғылармен тестілеуге ыңғайлы болып танылатын Kahoot.com онлайн тестілеу платформасын көп қолданбайтынын көреміз.

«Wordwall» – білім беру процесінің негізгі міндеттерінің бірін шешуге көмектесетін білім беру ресурсы – оқушылардың ынтасын арттыру!

«Word wall» бағдарламасын қолданудың негізгі мақсаты – оқытудың тиімділігін арттыру:

- оқу мотивациясын арттыру;
- оқушылардың танымдық белсенділігін дамыту;
- сабаққа дайындалу кезінде оқушылардың дербестігін ынталандыру;
- білім сапасын арттыру;
- оқу процесін ұйымдастырудың формалары мен әдістерін жетілдіру.

Бұл бағдарламамен көмегімен әр баланың мүмкіндіктерін ескере отырып, интерактивті немесе баспа жаттығуларын жасай отырып, оқытуды саралау мен даралауды ұйымдастыруға болады. Мұның бәрі - бір рет басу арқылы!

«Word wall» бағдарламасы интерактивті және баспа материалдарын жасауға арналған көп функциялы құрал болып табылады. Үлгілердің көпшілігі интерактивті және баспа нұсқаларында қол жетімді. Көптеген мұғалімдер бұл қызметтің орыс тіліндегі нұсқасына риза болады. Интерактивті жаттығулар Интернетке қосылған кез келген құрылғыда ойналады: компьютерде, планшетте, телефонда немесе интерактивті тақтада.

«Word wall» бағдарламасын қолдануда оңай және интерактивті тақта үшін де, компьютерде жеке жұмыс үшін де оңтайлы қолайлы жаттығулар жасауға көмектеседі, мұғалімнен арнайы

білім мен дағдыларды қажет етпейді, суреттер мен тесттерді пайдалана отырып, интерактивті жаттығулар жасауға мүмкіндік береді. Кірістірілген кескін іздеу құралы кескіндерді автоматты түрде тауып, ұсынады. Сонымен қатар, онлайн-редактор жаттығуларды қашықтан орындауға және оқушылардың үлгерімі туралы статистиканы жинауға мүмкіндік береді. Басып шығарылған нұсқаларды басып шығаруға және өздігінен оқуға арналған тапсырмалар ретінде пайдалануға болады.

Word wall қызметінің артықшылығының бірі оффлайн жаттығуларды құру және пайдалану бағдарламасының болуы. Интернетке қосылмаған кез келген компьютерде бағдарламалық құралды орнатуға және электронды тасымалдағышта жаттығуларды қамтамасыз етуге болады.

Бағдарламаның көптеген тілдерде анық пайдаланушы интерфейсі бар. Сабақтың кез келген кезеңі үшін қолайлы үлгіні таба аласыз. Ең жиі қолданылатын шаблондар, мысалы, сөздік дағдыларын жаттықтыру үшін келесі ойын үлгілерін қамтиды: «Сопоставление», «Расшифровать», «Диаграмма с этикетками», «Случайные карты», «Случайное колесо», «Анаграмма», «Составление пар», «Виселица», «Кроссворд».

Сонымен қатар, онлайн сабақта жұмыс істеу үшін мұғалімге оқушылардың фронтальды немесе топтық жұмысқа белсенді қатысуын ұйымдастыратын үлгілерді тандаған дұрыс. Мысалы, «Сопоставление» немесе «Случайное колесо». Үй тапсырмасын жасау үшін Word wall қызметі мұғалімге бұрыннан жасалған мазмұнды қол жетімді басып шығаруға болатын пішінге лезде түрлендіру мүмкіндігін ұсынады. Бұл өте ыңғайлы, өйткені мұғалімнің көп уақытын үнемдейді.

Бір үлгі бойынша жасалған жаттығудың мазмұнын бір материалды пайдаланып, оны әртүрлі жаттығулармен жаттықтыра отырып, басқа жаттығу түріне айналдыруға болатынына ерекше назар аудару керек. Word wall офлайн материалды да, онлайн ойынды жасау үшін де осындай мүмкіндік береді. Осылайша, бір тақырыптың материалы әртүрлі жаттығуларда пысықталады.

Қашықтан оқытуда Word wall ресурсын пайдаланудың қосымша тартымды факторларының бірі «Многопользовательская игра» опциясы болып табылады. Мұғалім бұрын жасаған викторинаны өте жылдам желілік ойынға айналдыра алады. Бұл тапсырма пішімі бәсекелестік пен толқудың элементін енгізеді (оқушының жеке гаджетінде жауапты дұрыс және жылдам таңдауға уақыт керек). Бұл алынған білімді қашықтан басқаруға өте ыңғайлы. Ойынның нәтижелері егжей-тегжейлі диаграммалар мен жауап статистикасы бар мұғалімнің жеке парақшасының арнайы бөлімінде сақталады.

Жалпы, Word wall үлгілері ұсынатын алуан түрлі құралдар жинағы мұғалімге педагогикалық шығармашылық үшін, әсіресе ақпараттық және сонымен бірге қашықтан өтетін сабақтарды ұйымдастыру және өткізу үшін сарқылмас қайнар көз беретінін атап өткім келеді.

Әдебиеттер тізімі

1. *Қазақстан Республикасының Заңы. Білім туралы: 2007 жылдың 27 шілдесі, №319-III қабылданған (2021.08.01. берілген өзгер. мен толық.) // <https://online.zakon.kz/document>.*

2. *Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Бұйрығы. Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы: 2018 жылдың 31 қазанда, №604 бекітілген // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669/links>.*

3. *А.Б.Медешованың «Бастауыш сынып оқушыларының танымдық әркетін ақпараттық технологиялар арқылы қалыптастыру»*

4. *Ж.И.Сардарованың «Ақпараттық коммуникациялық технологиялар арқылы бастауыш сынып оқушыларының шығармашылығын қалыптастыру»*

5. *Төребек Е.Ж. «Білім берудің компьютерлік ресурстарын қолданып оқытудың теориясы мен практикасы»*

6. *И.Ф.Нынкина «Применение платформы «Word wall» при обучении младших школьников»*

ОҚУШЫЛАРДЫ ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА ТӘРБИЕЛЕУДЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ПӘНДЕРДІҢ РОЛІ

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту, педагогикалық білім беруді жаңғырту, білім алушының зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету» мәселелері басты мақсат-міндеттер қатарына қойылған [1]. Жалпы адамзаттық құндылықтар жеке тұлғаның бойында өмірге келген сәтінен бастап бірге дамиды, жасы ұлғайған сайын қоршаған ортасына сәйкес бірге қалыптастады.

Жалпы адамзаттық құндылықтар арқылы білім беру – рухани азғындықтан шығудың ең басты жолы. Осы орайда бүгінгі таңдағы мектептерде жүргізілетін білімнің өзіндік басты мақсаты да осында айқындалып, бағыты белгіленуі қажет.

Сондықтан, қазіргі тәуелсіз елімізде ғасырлар бойы халқымыздың ұлттық санасынан орын алған адамгершілік құндылықтарды, яғни ізгілік, қайырымдылық, адалдық, әділдік, қарым-қатынас сияқты қасиеттерді, қоғамда болып жатқан өзгерістерге байланыстырып, болашақ ұрпақты тәрбиелеудің қайнар бастауы деп қарастыруға болады. Яғни, «тәрбиесіз қоғам, қоғамсыз тәрбие өмір сүрмейді» деген заңдылыққа сүйене келе, өскелең ұрпақтың бойына қоғам талабына сай жалпы адамзаттық құндылықтарды қалыптастыруды мақсат еткен білім беру процесі ғана уақытпен үндесіп, қоғам мен тәрбиенің өзара байланысын түзеді.

«Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында» бастауыш білім берудің мазмұны оқыту нәтижелеріне бағдарланатындығы және заманауи қоғамның динамикалық сұраныстарына сәйкес болу, сын тұрғысынан, шығармашыл және позитивті ойлауды дамыту қажеттігі, оқу пәндері мазмұнының ықпалдасуын күшейте түсудің орындылығы, оқытудың, тәрбие мен дамытудың біртұтастығын қамтамасыз ету аспектілерін ескере отырып айқындалатыны көрсетілген [2]. Қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесінде басты қағидаға айналған өзекті мәселелердің бірі оқушыларды жалпы адамзаттық құндылықтарға тәрбиелеу болып отыр.

Бүгінгі күндегі оқушы бойындағы жалпы адамзаттық құндылықтарының мәні мен мазмұнына келсек:

-оқушы жалпы адамзатқа тән құндылықтар мен жеке қазақ халқына тән құндылықтарды анықтап тануға, одан қажеттісін ала білуге бағдарланған, ғалымның қол жеткен ғылыми жетістіктерді өздігінен білім алу дербесінде қолдануға, жағашыл, қайырымды, туған елін, жерін, отбасын, Отанын, мектебін сүйетін және олардың алдында парызын түсініп, бар құндылықтарды толықтыра түсетін, табиғатты, өсімдіктер мен жан-жануарларға қамқор болуы керек;

-бүгінгі күнгі оқушылар еңбек етуге қабілетті, жинақты, ұқыпты, іскер, жауапкершілігін түсінетін, өзін-өзіне қызмет етуге дағдыланған, уақытты тиімді пайдаланатын, қоғам – адам өміріндегі еңбектің орнын түсінген, жауапсыздықты, еріншектікті бойына сіңіргісі келмейтін оқу-тәрбие үрдісінде білім мен ғылым негіздерін сапалы игеріп, болашақ кәсіпкерлікті шығармашылық деңгейде көрсете білуі керек;

-оқушы –дені сау, төзімді, шымыр, ширақ, қайратты, сымбатты, талғампаз, батыл, өжет, салауатты, жүйкесі мықты, Отанын қорғауға даяр, жеке бас гигиенасын сақтайтын, жұмыс орнын жинақты ұстайтын, зиянды әдеттерден аулақ, салауатты өмір салтын қалыптастыруға ұмтылатын, адамға тән қасиеттерді бойына сіңірген әлеуметтік белсенді оқушы болып өсуіне қол жеткізу[3].

Осы орайда 2-4 сыныптарының оқушыларына қазақ тілі мен әдебиеттік оқу пәндерін оқыту арқылы жалпы адамзаттық құндылықтарды қалыптастыруда

2-сыныпта қазақ тілі пәні бойынша «Менің отбасым және достарым», «Менің туған өлкем», «Дені саудың –жаны сау» бөлімдері берілген.

«Мен отбасым және достарым» бөлімінде «көркем және ғылыми- танымдық шығармалар аясында оқушылардың отбасы құндылықтары туралы түсініктері кеңейіп, достықтың адам өміріндегі маңызы туралы дүниетанымдары артады. Оқу материалдары «Әдебиеттік оқу», «Дүниетану», «Көркем еңбек» пәндерімен сабақтастық байланыста берілген. Бөлім барысында «б-п», «қ-ғ», «к-г», «л», «р», «ң» әріптерінің емлесі меңгертіліп, оқушылардың сауаттылығын арттыруға, көркем жазуға мән беріледі.

«Құндылықтар» бөлімінде көркем мінез, жылы жүрек, тәтті тіл, жарасымды қарым-қатынас, мейірімділік, қайырымдылық, еңбек, жомарттықты дәріптейтін мәтіндер арқылы оқушылардың бойына адами құндылықтарды дарыту көзделеді. Өзгенің пікірін тыңдау, өз пікірін дәлелдеу барысында әдептілікке тәрбиелеу үдерісі жүзеге асырылады.

Оқушылардың сауаттылығын арттыруға, көркем жазу, түсініп оқу дағдыларын қалыптастыруға және сөйлеу мәдениетін дамытуға мән беріледі.

Бұл бөлімде оқушыларға адами құндылықтар тақырыбына қатысты мәтіндер беріліп, олардың тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын қалыптастыру жұмыстары жүргізіледі. Диалог құрастыруға төселеді және эссе жазуға үйренеді. Берілген лексикалық тақырып аясында жай және құрмалас сөйлемнің айырмашылығын біледі. Құрмалас сөйлемнің тыныс белгісін қоюға, оны сызба бойынша құрауға жаттығады. Берілген тақырып және тірек сөздер арқылы әңгімелеу, пайымдау элементтері бар мәтін құрап жазады[4].

	«Құндылықтар»	
1	Көркем мінез дегеніміз не? Мәтін туралы не білемін?	1
2	Көркем мінез дегеніміз не? Мәтіннің тақырыбы мен мәтіндегі негізгі ой.	1
3	Көркем мінез дегеніміз не? Мәтіннің тақырыбы мен мәтіндегі негізгі ой.	1
4	Көркем мінез дегеніміз не? Мәтін және оның құрылымы.	1
5	Көркем мінез дегеніміз не? Мәтін және оның түрлері.	1
6	Жылы жүрек, тәтті тіл. Мәтіннің түрлері.	1
7	Жылы жүрек, тәтті тіл. Пайымдау мәтінінің мазмұндық және құрылымдық ерекшеліктері.	1
8	Жылы жүрек, тәтті тіл. Пайымдау мәтінінің мазмұндық және құрылымдық ерекшеліктері.	1
9	Өз көзқарасымды білдіремін. Синтаксис әлеміне саяхат.	1
10	Өз көзқарасымды білдіремін. Сөз тіркесі.	1
11	Өз көзқарасымды білдіремін. Сөз тіркесі.	1
12	Әдептілік, ар-ұят-адамдықтың белгісі. Жай сөйлем мен құрмалас сөйлем.	1
13	Әдептілік, ар-ұят-адамдықтың белгісі. Жай сөйлем мен құрмалас сөйлем.	1
14	Әдептілік, ар-ұят-адамдықтың белгісі. Жай сөйлем мен құрмалас сөйлем.	1
15	Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?	1
16	Біздің жобамыз.	1
17-18	Бақылау диктанты.	2

4-сыныпта әдебиеттік оқу пәні бойынша «Менің Отаным-Қазақстан», «Құндылықтар» бөлімдері берілген. Сабақ барысында гуманитарлық пәндерді оқытуда келесі әдіс тәсілдер қолданылды:

«Мен үшін құнды» әдісі

«Мен үшін құнды» әдісі бойынша шағын топтар оқулықта берілген сөйлемдер бойынша өз ойларын айтады.

«Өрмекші» әдісі

«Өрмекші» әдісі бойынша автордың өмірі жайлы мағлұматтар жинақтап, тірек сөздер арқылы мәліметтер қорына толықтырады.

Тәртібі: Сызбаны жасау «кеудеден» басталады. Содан кейін «кеудеге» сызықтар арқылы

«аяқшалар» жалғанады. «Аяқшаларға» «тұяқшалар» жалғанады.

«Мозайка» әдісі

«Мозайка» әдісі бойынша үйге берілген тапсырмадағы мәтін бойынша ең ұтымды жоспарды

таңдап алып, оны жүйесіз тақтаға жазу, әр жоспарға сәйкес сурет жанына реттік сан қойып, кейіпкер немесе сюжетпортреттерін шығару.

«Көрме» әдісі

Өлең мазмұнына сәйкес суретті сипаттау «Көрме» әдісі бойынша жүргізіледі. Әр топ өздеріне берілген өлең мазмұнына сай постер құрастырады. Ол сурет немесе тірек-сызба көрінісінде болуы мүмкін. Осы бойынша көрші топ көрме барысында өзге топтың өлеңінің мазмұнын қаншалықты түсінгенін баяндайды. Содан кейін әр топ өздеріне берілген өлеңді мәнерлеп оқып, мағынасын ашады.

Пән	Оқушы	Жоғары балл	ЖБ балдарының пайыздық мазмұны			Сапа %	Үлгерім%
			төмен	орта	жоғары		
			0-39%	80-84%	85-100%		
БЖБ 1	24	10	5	12	7	79%	100%
БЖБ 2	24	10	5	9	10	79%	100%
ТЖБ	24	15	8	10	6	66%	100%

	Қол жеткізілген мақсаттар	Қиындық тудырған мақсаттар
БЖБ 1	4.2.2.1**Шығарманы қайта құруға, интерпретациялауға және бағалауға негізделген сұрақтар қою және жауап беру 2.3.Шығарманың тақырыбы мен негізгі ойды анықтау	4.2.3.1.Шығарманың тақырыбымен негізгі ойды анықтау, автордың ойын мәтін деректеріне келтіре отырып дәлелдеу
БЖБ 2	4.2.9.1 Түрлі дерек сөздерден қажетті ақпараттарды табу, өңдеу және тұжырым жасау 4.2.2.1. Шығарманы қайта құруға, интерпретациялауға және бағалауға негізделген сұрақтар қою және жауап беру	4.2.9.1 Түрлі дерек сөздерден қажетті ақпараттарды табу, өңдеу және тұжырым жасау
ТЖБ	4.3.1.1 Оқылған шығармадағы оқиға жүйесін анықтап, оны бөліктерге бөлу, әр бөлікке ат қойып, жоспар құру	4.3.1.1 Оқылған шығармадағы оқиға жүйесін анықтап, оны бөліктерге бөлу, әр бөлікке ат қойып, жоспар құру

2. Тапсырмаларды орындау барысында білім алушыларда туындаған қиындықтар тізбегі:

Білім алушы берілген мәтінді толықтырып жазуға бағытталған ашық түрдегі толық жауапты қажет ететін тапсырманы орындауда қиналды.

Мәтін бойынша кейіпкердің мінез-құлқын немесе іс-әрекетін бағалайтын сұрақ құрастыруда және жауап беруде қателіктер жіберді.

3. Тапсырмаларды орындау барысында білім алушыларда туындаған қиындықтардың себептері:

Мәтін бойынша дұрыс жұмыс жасамауы, мәтінді түсініп оқымауы, сұраққа нақты жауап бермеуі.

4. Жоспарланған түзету жұмысы: Оқушының қиындық тудырған тапсырмалары бойынша тапсырмаларды қайталау;

Бастауыш сынып оқушыларына арналған барлық оқулықтарда балалардың бойында адамгершілік ұғымдары мен идеяларын қалыптастыруға қажетті ең бай материалдар қамтылған. Әрине, балаларды жалпыадамзаттық құндылықтарға тәрбиелеуге тікелей пайдалануға болатын материалдардың көпшілігі балаларға арналған кітаптарда қамтылған[5]. Осы орайда әдебиеттік оқу сабақтарының рөлі зор. «Кітап – дүниенің ашылуы» деп жиі айтамыз. Шынында да, бастауыш мектеп жасындағы бала оқу барысында айналадағы өмірмен, табиғатпен, адамдардың еңбектерімен, басқа балалардың өмірімен танысады. Көркем сөз баланың санасына ғана емес, сезіміне, іс-әрекетіне де әсер етеді. Сөз баланы шабыттандырады, жақсы болуға, жақсылық жасауға деген ұмтылысын тудырады, адами қарым-қатынасты түсінуге, мінез-құлық нормаларымен танысуға көмектеседі. Бастауыш сынып оқушыларының негізгі категориялар – жақсылық пен жамандық, жақсылық пен жамандық туралы түсініктері бар. Бірақ бұл ойлар көбіне аңғал, өзіндік сипатта болады, сондықтан балалардың рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға бағыт-бағдар беру үшін мұғалім олардың мазмұнын білуі қажет. Мұғалімдер болса, оқушыларға адамдар арасындағы қарым-қатынастың күрделілігін, адам мінездерінің алуан түрлілігін, белгілі бір тәжірибелердің ерекшеліктерін ашуға мүмкіндік беретін балалар әдебиетінің үлгілерін жеткіліксіз пайдаланады.

Балалар әдебиетінің шығармаларын оқығанда адамдардың қарым-қатынасы туралы балалардың ой-пікірлері кеңейіп, оқушыларға қоғам өмірінің нормалары мен ережелері туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасында білім беру мен ғылымды дамытудың 2020- 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы, №205 Жарлығы.

2. Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. - Астана, 2018 // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/v1800016989> (қаралым күні: 20.09.2017 ж).

3. Аль-Фараби. Избранные трактаты. – Алматы: Ғылым, 1994. – 446 с.

4. Қожас Ахмет Ясауи. Диуани хикмет. – Алматы: Арыс, 2001. – Б. 11-18.

5. Баласағұн Ж. Құтты білік / аударған А.Егеубаев. – Алматы, 1986. – 52 б.

Шагидолла Ш.А.

*М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті
Орал қаласы, Қазақстан*

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІ ҮЙРЕТУДІҢ МАҢЫЗЫ

Егемендік алған көптеген халықтардың әдеби тілдерінің бүгінгі кемелденген кезінде тілдің атқаратын қызметі орасан зор, себебі тіл неғұрлым кемелденген болса, тіл мәдениеті, сол тілді дүниеге келтірген халық менталитеті де соғұрлым жоғары болмақшы. Ал бұл әдеби тілдің мәдениетін, байлығын, көркемділігін, бейнелілігін арттыратын лексикалық категория – мақал-мәтелдерге де байланысты. Басқаша айтқанда, тілдің лексикалық құрамының бөлінбес бір сыңары саналатын мақал-мәтелдер де ұлт тілінің ғана емес, ұлт мәдениетінің де көрсеткіші болып табылады.

Қазақ мақал-мәтелдеріне берілген сипаттамаларды саралайтын болсақ, оның ұрпақ тәрбиелеуде құнды мұра екеніне көзің жетеді. Мәселен, мақал-мәтелдер сан ғасырлар бойы екшеленіп, қырланған мазмұны түрліше сан түрлі тақырыпты қамтумен қатар, адам өмірінде, тұрмыс-тіршілікте, әр қилы қоғамдық жағдайларда кездесетін құбылыстарға, тарихи мәні бар оқиғаларға берілген даналық баға, сондықтан жас ұрпақты ата-баба мұрасы, тарихымен тәрбиелеуіміз құнды болмақ.

Мақал-мәтелдердің ерекше қасиеті – көлемінің шағындығы, мазмұнының кеңдігі, тілінің өткірлігі, мағынасының тереңдігі. Дүниенің қай халқы болса да, өз мақал-мәтелдерін жоғары бағалаған, керекті жерінде заң орнына қолданып отырған. Оның басты себебі – халық мақал-мәтелдерді рухани ақылғой деп түсінген, реті келгенде «екі ауыз сөз» ердің құнын да шешіп кеткен. Бастауыш сынып оқушыларын мақалдап сөйлеуге үйрету, кез келген құбылысқа, оқиғаға байланысты мақалды келтіріп сөйлеу дағдысын қалыптастыру олардың сөйлеу мәдениетіне әсерін тигізеді.

Мақал-мәтелдер – қай халықтың да жан-дүниесінің, мінез-бітімінің, тыныс-тірлігінің айнасы; сол халықтың сөздік қорының байлығын жаңғыртып қана қоймай, оның уақыт озған сайын құны артпаса арзымас қазына екенін де сездіреп белгісі. Өйткені, мақал-мәтелдердің айтары – өсиет, ұлағат, тәлім, парасат, ізгілік. Қазақ мақал-мәтелдерінің көпшілігі адамдық, адалдық, батырлық, білім, ақыл-ой, парасат сияқты жағымды, он қасиеттерге жетелейді. Әсіресе қазақ тілі сабақтарында оқушылардың тілін дамытуда тиімді құрал болып табылады. Тіл дамыту – ана тілін оқытудың, білім мен тәрбие берудің маңызды да салмақты мәселесі. Ол арқылы балаларды тіл өнеріне баулу, туған тілінің қыры мен сырын терең меңгеру, ойын жатық та көркем етіп жеткізе білу, мәдениетті де сауатты жаза білу әрекеттері жүзеге асады.

Бүгінде экономикалық және қоғамдық жаңару қажеттіліктеріне сай келетін жас өскелең ұрпақты тәрбиелеп шығару оқушылардың ана тілінде шешен сөйлеуі, өз пікірін жүйелі жеткізуіне байланысты. Ал мұның іргетасы бастауыш сыныптарда қаланады. Оқушыларды тілдік қарым-қатынасқа үйретуде сөйлеу әрекетіне жаттықтырылады. Ендеше бастауыш мектептің қазақ тілі сабағында жеке тұлғаны қалыптастыру оқушының өз ой-пікірін ана тілінде еркін, дұрыс, түсінікті жеткізе білу дағдыларын үйретуден басталады. Сол себепті, қазақ тілі сабақтарында оқушылар өз сөздерінде мақал-мәтелдерді пайдаланса, баланың өмірге деген көзқарасы, ой-өрісі кеңейіп, тілі дамиды, сөздік қорн байиды.

А.Байтұрсынов: Бастауыш мектеп балаларына мақал-мәтел үйретудің пайдасын айта келіп, сиректеу болса да жеке сабақ арнап немесе белгілі бір тақырыпқа арнап, іріктеп алудың да пайдасы мол екенін айтады. Өйткені, мақал-мәтелдерде бала тәрбиесіне де үлкен мән беріледі. Мектеп оқушыларына өнер-білімнің қажеттілігін, өмір сүру қағидаларын түсіндіруде мақал-мәтелдің мәні аса зор. Мақал-мәтелдер – халық

даналығының қазына байлығы. Ол ғасырлар бойы қалыптасып, сол халықпен мәңгі бақи бірге жасап, біте қайнасып кеткен дүние. Сондықтан да оны жұртшылық жадына сақтап, өзінің күнделікті өмірінде, өзара қарым-қатынасында пайдаланады.

«Мақал» - араб сөзі, мағынасы «тиісті орында айтылатын сөз» деген ұғымды білдіреді. Мақал мен мәтелге бай халықтың бірі – қазақ халқы. Қазақ халқының мақал-мәтелдерінің шығу тегі жөнінде айтар болсақ, А.Байтұрсынұлы: «Мақал да тақпаққа жақын салт-санасына сәйкес айтылған пікірлер. Тақпақтан гөрі мақал маңызы шын келеді дейді [1].

Мәтел дегеніміз - кесегімен айтылатын белгілі сөздер. Ғалымдар мәтел мақалға жақын болады. Бірақ мақал тәжірибеден шыққан ақиқат түрінде айтылады. Мәтел ақиқат жағын қарамай, әдетті сөз есебінде айтылады», - деп көрсетеді. Демек, мақалда тұрмыста қолданылып жүрген сөздеріміз шындықпен астасып келіп, мақалдап, шешен тілмен айтылатын сөздер болса, ал мәтелде тұрмыста қолданылатын сөздердің шындыққа жанаса қоймай, кесегімен айтылатын сөздердің қатарына жатқызуға болады.

Мақал-мәтелдер негізінен халық аузында ауызша сақталған. Ал, оларды нақты жинап, қағаз бетіне түсіру, баспасөз беттерінде жариялау – XVIII ғасырдың II жартысынан басталады. Бұл деректерге сүйенсек, мақал-мәтелдердің бастауы сонау көне ескерткіштерден бастау алып, шығармалардың тілінде қолданыста болғанына көз жеткіземіз.

Қазақтың мақал-мәтелдерін алғаш қағаз бетіне түсірген ғалым – Шоқан Уәлиханов. Шоқан Уәлихановтың «Таңдамалы шығармалар» еңбегіндегі біршама мақал-мәтелдер әлі күнге дейін өз құндылығын жойған жоқ [2]. Сол уақыттан бері қазақ мақал-мәтелдері түрлі жинақтарда, хрестоматияларда жазылып, жарияланып келді.

Ш.Ахметовтың құрастыруымен шыққан «Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясында» бірнеше тақырыптағы мақал-мәтелдер берілген. Сонымен қоса, қазақтың мақал-мәтелдерін жинап, жариялауда Ш.Ибрагимов, М.Терентьев, Ы.Алтынсарин, Ш.Уәлиханов, П.М.Мелиоранский, Ә.Ә.Диваев, В.В.Катаринский, С.Сейфуллин, Ө.Тұрманжанов, М.Әлімбаев, Ә.Нұршайықов, Н.Төрешұлытарды атап көрсетуге болады.

Қазақ халық ауыз әдебиетінің нұсқалары, соның ішінде, Қазан төңкерісіне дейінгі әдебиетте 1879 жылы Орынборда шыққан, 1906 жылы толықтырылып қайта басылған Ы.Алтынсариннің хрестоматиясының алатын орны ерекше. Бұл хрестоматияда берілген мақал-мәтелдер бірнеше тақырыптарға бөлініп, жүйелі түзілген. С.Сейфуллиннің «Таңдамалы шығармалар» жинағында мақал-мәтелдер қазақ халық ауыз әдебиетінің бір саласы ретіне аталып, топтап мысалдар келтірілген. Мұнда Сәкен Сейфуллин мақал-мәтелдерді шешендік сөздердің бір саласы ретінде қарастырған [3].

М.Әуезов 1940 жылдардың басында «Қазақ халқының эпосы және фольклоры» атты зерттеуінде қазақтың мақалдары мен мәтелдерінің тұлғасы өлең түрінде жасалатын, мазмұны халықтың негізгі кәсібі малшылықпен байланысты болатын екі ерекшелігіне көңіл бөлген. Қазақ мақал-мәтелдерінің зерттелуі шын мағынасында «Қазақ әдебиетінің тарихында» басылған Б.Шалабаевтың «Мақал-мәтел» атты ғылыми очеркінен басталады. Мақал-мәтелдерді жан-жақты зерттеп талдағандардың бірі – Мәлік Ғабдуллин. Ол «Қазақ халық ауыз әдебиеті» атты еңбегінде қазақ мақал-мәтелдерін жинап, бастырушыларды атай кетіп, оның жанрлық табиғатын, әдеби-әлеуметтік мәнін анықтайды. Осындай мол меңгерілген рухани мұра Абайдың болашақ туындылары мен шығармашылығында да көрініс тапқан.

Мысалы: Абайдың қара сөздерінде, оның ішінде «отыз тоғызыншы» қара сөзінде: «Ағайынның азары блоса да, безері болмайды», «Аз араздықты қуған көп пайдасын кетіретер» сияқты мақал-мәтелдерді кездестіруге болады [4].

Адамның өмірлік тәжірибесі, бастан кешерлері әр алуан, аса мол және сан салалы. Соған байланысты мақал-мәтелдердің тақырыптық бағыты, мазмұны, мақсаты, тәрбиелік мәні айқындалады. Мәселен, еңбек туралы, отбасы мүшелері туралы мақал-мәтелдер

тақырыбына тоқтала кетейік. Солардың ішінде, ең күрделі бір саласы адам баласының еңбек ету жайларына арналған. Халық тәрбиесінің қазығы – еңбекке баулу, ел көсегесін көгертер азамат өсіру.

Сондықтан да «Еңбек - екінші атаң», «Асырайтын да – еңбек, аялайтын да – еңбек, атаңдай аяулы да – еңбек», «Ер айнасы – еңбегі». Жан дүниенің рухани тұлғаның жамағат алдында ешбір бүкпесіз көрінер алаңы, сары сахнасы – еңбек. Еңбек адамды мақсат-мұратқа жеткізуші, абырой әперетін іс екендігін халық мақалдары дәлелдеп көрсетті. «Еңбегі бардың өңбегі бар» халық адал еңбекті ардақтады.

Сонымен қатар, «Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас» Абай атамыз айтқандай, ел арасындағы адал еңбекпен шұғылданбайтын, өнер-білімге талпынбайтын кейбір салдыр-салақ еріншектерді сынау ретінде қолданады. «Еңбегінен танылсын, ердің алып тұлғасы», «Ер өлсе де, еңбегін ел өлтірмес» деген тәрізді тәрбиелік мәні зор мақал-мәтелдер еңбекті, еңбек еткенді халықтың қадірлейтінін баяндайды.

Ал енді мақал-мәтелдердегі әйел бейнесінің гендерлік ерекшелігіне тоқталсақ, әйел барлық адамзат түсінігінде тіршілік жаңартушы, өмірге адам әкелуші, жылулық пен мейірімділіктің, берекенің бастауы. Сонымен қатар, әйел атауымен байланысты тіл бірліктерін сәби, қыз бала, бойжеткен, келіншек, келін, жұбай, зайып, жар, қосақ, шеше, ана, әже, кемпір деп өз ішінен жасына қарай бөлуге болады. Енді осы бөліністердегі қыз бейнесінен бастасақ, қыз – нәзік те қайратты, алғыр, салмақты да ширақ, төзімді жан. «Қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз» деген қанатты сөздің өзі қыз бала тәрбиесі тұтас ұлтқа әсерін тигізетінін айтады. «Қызға қырық үйден тию» деген мақалдың астарында қыз абыройы, өскен ортасының абыройы деген мән жатыр.

Ал «баланың ұяты – әкеге, қыздың ұяты – шешеге» деген мақалдың мәні ұл қыздың жаман атағы сол бала тәрбиелеп отырған ата-ана ұяты. Қыз бала саналы болса, өсек, өтіріктен қашық жүрсе, ол да ана мейімі, бақыты. Халқымыз еңбектің небір қиыншылығы мен бейнетін көріп, артынан соның рахатына бөленген. Осыны ертерек ойлаған ана қыз баланы еңбекке тәрбиелеуді отбасы, ошақ қасынан бастаған. Тіпті төсек жинау, үй тазалау, тамақ істеуінің өзі үлкен сын. «Шешесін көріп қызын ал, аяғын көріп асын іш», «Жақсы қыз біреу келсе есік ашар, жаман қыз біреу келсе төрге қашар» деген мақалдар осыны меңзеген.

Жанұядағы қадірлі жанның бірі – ана. Ана – өмірге ұрпақ әкелуші, отбасының маздаған оты, баланың тәрбиешісі, ақылшысы, қамқоршысы. Сондықтан да мақал-мәтелдерде ананың маңызы былайша суреттеледі: «әкесіз жетім жарым жетім, анасыз жетім нағыз жетім», «анасыз өмір сөнген көмір», «сақаудың тілін анасы түсінеді».

Жалпы қазақ халқы «қызын қызыл гүлім» деп еркелеткен, баласы: анам – ардағым, анам – аяулым деп мадақтап, сый-құрмет көрсеткен. Ерлері: әйелім сүйіктім, асыл аруым, жан серігім деп аялаған. Өз отбасында сыйласа білген адамдар өзге адамды сыйлай алады, өзгелер мен сыйласа алады. Анаңның ақ сүтіне қарыз болсаң, енеңнің ақ пейіліне, өзегін қақ жарып шыққан баласын, қиғаны үшін қарыздар дейді.

Тілімізде ерге қатысты айтылатын мақал-мәтелдерде жеткілікті. Оның дүниеге келуін, тәрбиесін, жас өспірім шағын, ересек кезін, еңбекке араласу, азаматтық шағын, қария, ата болған кезеңдерін жақсы суреттейді.

Қазақ халқы бірінші дүниеге ұл бала келсе, алғашқы ұл болса қатты қуанған. Оған мол сенім артқан. Ұл бала артымда қалар ізім, тұяғым деп білген. «Тай өссе, ат тынығады, ұл өссе, әке тынығады», «Ата өліп, бала қалса, мұратына жетеді, бала өліп, ата қалса, арманы іште кетеді», «Соры қалың әкенің – кер бағып ұлы өседі», «Ұлыңның санасы болса, елдің ағасы болар».

Ерге қатысты аға-іні деген туыстық атау бар. Ол жас ерекшеліктеріне қарай аталады да, үлкеннің кішіге, кішінің үлкенге деген сыйластығын, қамқорлығын білдіреді: «Аға қорған, іні зордан», «аға адасса, іні із кесер», «Аға бастар, іні қоштар», «Ағасы бардың жағасы бар».

Мақал-мәтел – халық ауыз әдебиетінде ерте заманнан келе жатқан, өзіндік ерекшеліктерімен танылған халықтың асыл ойының көркем жиынтығы. Қазақтың мақал-мәтелдері – көркем әдебиетте сөздің әрін келтіретін, айтайын деген ойдың мағынасын толықтыратын, сонымен қатар, ұтымды да ықшам қолданылатын сөйлеу формасы. Мақалдар мен мәтелдер балаларға терең ой салумен қатар, оларды көркем және образды сөйлеуге жаттықтырады, сөз байлығын, сөздік қорын дамыта түседі және сөйлеу мәдениетін дамытады. Мақал-мәтелдерде тәрбиелік мәні зор сиқырлы бір үндестік заңы бар. Қазақ халқы рухани дүниеге, қазынаға бай халық. Оның қай түрін алсақ та, тәлім-тәрбиесі мол, ұрпақтан-ұрпаққа қалдырған өсиеті ерекше. Осы бай қазынамызды, рухани дүниемізді бастауыш сынып оқушыларына түсіндіріп, күнделікті сөзінде мақалдап сөйлеуге жаттықтырсақ, ата-баба өсиетін жандандырған болар едік.

Қорыта айтқанда, «Сөз – ойдың айнасы» деп Ғабиден Мұстафин айтқандай, қазақ тілі сабақтарында оқушылардың тілін дамытуда мақал-мәтелдерді көбірек қолдануды үйретер болсақ, балаларға ой салумен қатар, оларды көркем және образды сөйлеуге жаттықтыруға болады, оның үстіне, сөз байлығы, сөздік қоры дами түседі.

Әдебиеттер тізімі

1. Байтұрсынов А. *Әдебиет танытқыш.* – Алматы, 1991. – 464 б.
2. Уәлиханов Ш.Ш. *Таңдамалы шығармалар жинағы.* – Алматы: Жазушы, 1995. – 416 б.
3. Сейфуллин С. *Шығармалар жинағы.* – 6-том. – Алматы, 2003. – 224 б.
4. Құнанбаев А. *Шығармалары. II том.* – Алматы, 2005. – 300 б.

ӘӨЖ 372.891

Нурмуханова Г.Н.

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті
Орал қ., Қазақстан*

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНІНДЕ АҚПАРАТТЫҚ ҚҰРАЛДАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

«Жаңа Әлемдегі Қазақстан» жолдауында: «...:біз бүкіл еліміз бойынша әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметін көрсетуге қол жеткізуіміз керек; онлайн тәсілде оқыту тәжірибесін дамытып, елімізде оқу теледидарын құру қажет; білім беру бағдарламаларын іске асыру мен ғылыми қолданбалы зерттеулер жүргізу үшін инновациялық білім беру консорциумдарын қайта құруға тікелей қолдау көрсету» - деп көрсетілген [1].

Қоғамның қазіргі даму кезеңі жедел ақпараттандырылу процесімен сипатталады. Ақпараттық компьютерлік технологиялардың білім беру жүйесіне енуі жаңа тарихи - әлеуметтік жағдайлардың талбы болып отыр. Компьютерлік технологиялардың дамуы мектеп оқушысының функционалдық сауаттылығына тағы бір көрсеткіш, компьютерлік сауаттылық көрсеткішін енгізіп отыр. Мұғалімнің алдында оқу-тәрбие процесінде компьютерлік технологияларды енгізу және пайдалану міндеті тұр, өйткені олар оқу ақпаратының жоғары көрінуін, мазмұнын қамтамасыз етуге, оқу-тәрбие процесін дараландыруға және саралауға, мұғалімдер мен оқушылар үшін жаратылыстану-ғылыми мазмұндағы оқу-ғылыми және оқу-әдістемелік материалдарды қолжетімді етуге мүмкіндік береді.

Компьютерлік оқыту технологияларын қолданудың психологиялық-педагогикалық және әдістемелік тәсілдері келесі ғалымдар жұмыстарында ашылған. Сағымбаева А.Е. Мархель И. Зайцева С.А. Иванов В.В. Курманалиева Ш.Х., Христочевский С.А. Нұрғалиева Г.Қ. зерттеулерінде қарастырылған.

Бастауыш сынып сабақтарында келесі бағдарламаларды қолдануға болады:

- 1.Тренажер-бағдарламалар;
- 2.Бақылаушы- бағдарламалар;
- 3.Тәлімгерлік бағдарламалар;
- 4.Көрнекіліктер бағдарламалар;
- 5.Ақпараттық-анықтамалық бағдарламалар.

И.Мархель: оқушының өз бетіндік оқу-танымдық іс-әрекетін дамытуға, оқыту мен оқуды басқаруға, сондай-ақ оқу мен практикалық есептерді ойындық, «адам-машина» тұрғысынан шешуге бағытталған әдіснамалық, психологиялық-педагогикалық, бағдарламалық-техникалық құралдарының кешені деп келтірген өз еңбегінде [3]. Жалпы айтқанда, кез – келген педагогикалық технология ақпараттық технология болып табылады, өйткені, оқытудың технологиялық процесінің негізі ақпарат және оның қозғалысы (трансформация) болып табылады. И. Г. Захарованың жоғары педагогикалық оқу орындарына арналған оқу құралында "Білім берудегі ақпараттық технологиялар", ол ақпараттық технологияны" ақпараттық ресурстармен жұмыс істеу тәсілдері мен құралдары туралы білімнің жиынтығы "ретінде де," жаңа мәліметтер алу үшін ақпаратты жинау, өңдеу және беру тәсілі мен құралдары "ретінде де анықтайды зерттелетін объект". Зайцева С.А., Иванов В.В. мәліметтерді (алғашқы ақпарат) жинау, өңдеу, тасымалдау тәсілдері мен жабдықтарын пайдаланып, объекті, үрдіс, немесе құбылыс жөнінде жаңа сапалы ақпарат(ақпараттық өнім) алу үрдісі;[4] Ш.Х.Құрманалина: негізгі ақпараттық үрдістерді автоматтандыруға арналған және бағдарламалық өнімдерді пайдалану мен дамытумен байланысты, компьютерді пайдалануға негізделген технологиялар [5]. Сондықтан ол былай деп санайды: "қазіргі мағынада оқытудың ақпараттық технологиясы – ақпаратпен жұмыс істеу үшін арнайы әдістерді, бағдарламалық және техникалық құралдарды (кино , аудио және бейне-құралдар, компьютерлер, телекоммуникациялық желілер) пайдаланатын педагогикалық технология.

Компьютер басқа перифериялық құрылғылармен (мультимедиялық проектор, принтер сканері және т.б.) біріктірілген, әмбебап оқыту құралы ретінде мектептегі дәстүрлі техникалық оқыту құралдарының жиынтығын ауыстырды. Алайда, бүгінде оны пәндік сабақтарда қолдану жеке дәстүрлі демонстрациялық (теледидар, магнитофон, аудио және бейне ойнатқыш және т.б.) қолданудан өзгеше емес екенін атап өткен жөн. және ақпараттық технологияларды дамытудың осы кезеңінде оқу процесінде пайдалану саласындағы орасан зор әдістемелік тәжірибені жаңа көзқарастардан қайта қарастыру және жан-жақты пайдалану қажет- тіпті ең заманауи дәстүрлі қолдану оқу процесін толықтырады және сүйемелдейді, алайда оның бетін ешқашан анықтаған емес. Компьютерді, мультимедиялық ресурстарды және интерактивті тақтаны кешенді пайдалану дәстүрлі мүмкіндіктерін едәуір байытады және осылайша пәндік сабақтардың дизайны мен өткізілуін өзгертеді. Әр түрлі ақпарат құралдарында жазылған материалды арнайы монтаждау оқу кинофильмінің артықшылықтарын жүзеге асыруға мүмкіндік береді: әр түрлі экспрессивті тілдік құралдардың (мәтін, дыбыс, статикалық және динамикалық демонстрациялар) оңтайлы үйлесімі, зерттелетін объектінің қажетті жоспарлары мен бөлшектерін таңдау, оның бұрыштарын өзгерту және т. б. графикалық құрылысшымен жұмыс істеудің ең танымал әдістерін жүзеге асыру оңай: пленкаларды қабаттастыру және алу,. Мұның бәрі шын мәнінде оқу пәндерін оқытуды "жандандыруға" жалпы оқу процесін күшейтуге мүмкіндік береді.

Г.Қ. Нұрғалиева пікірінше, компьютерлік технологияның төменде аталған мүмкіндіктері оны пайдаланудың педагогикалық мақсаттарын анықтайды. 1) «Ақпараттық қоғамның» жеке тұлғасын дайындау; 2) Әр түрлі ақпараттық орталармен бір мезгілде әр түрлі ақпаратты қабылдау кездерінде оңтайлы шешім қабылдай алу қабілетін дамыту; 3) Модельдеу, имитация жасау үрдістерін ұйымдастыру негіздерінде ақпараттық-ізденістік, тәжірибелік-зерттеу іс-әрекетін жүзеге асыра білуді дамыту; 4) Ақпаратпен жұмыс жасау іскерлігін қалыптастыру, коммуникативтік қабілетін дамыту, ақпараттық

мәдениетін қалыптастыру; 5) Қолданушы әр деңгейдегі компьютерлік- коммуникациялық технологияны пайдалануға үйрету; 6) Педагогикалық мақсатқа сай компьютерлік технологияның мүмкіндіктерін жүзеге асыру арқылы, білім беру арқылы білім беру үрдісінің тиімділігі мен сапасын арттыру; 7) Компьютерлік технологияны қолдану арқылы танымдық іс-әрекеттің белсенді болуына жағдай жасайтын білім алуға жетелейтін стимулдарды қамтамасыз ету; 8) Компьютерлік технологияны пайдалану негізінде ашық білім беру идеясын жүзеге асыру; 9) Ақпаратты жинау, өңдеу, беру, мұрағатқа өткізу жөніндегі ақпараттық іс-әрекетті жүзеге асыра алу қалыптастыру және дамыту, тиімді білім беру және білім алу іс-әрекетін қалыптастыру; 10) Әр түрлі пәндер бойынша проблемаларды шешу кезінде ақпаратты өңдеудің қазіргі заманғы құралдарын қолдану арқылы пәнаралық байланысты тереңдету. Компьютерлік технологияның педагогикалық мүмкіндіктеріне және оны пайдаланудың педагогикалық мақсатына жасалған талдау оқушылардың сабаққа деген ынтасын арттыратын, танымдық белсенділігін қалыптастыратын бірден-бір тиімді құрал екенін дәлелдеді. Бастауыш мектепте жаратылыстану пәнін оқыту барысында компьютерлік технологияны қолдану- оқушының шығармашылықпен жұмыс жасауына мүмкіндік бере отырып, пәнге деген қызығушылығын арттырады.

Бастауыш мектепте оқыту тәрбиелеу үдерісіндегі ақпараттық технологияны қолдану мүмкіншілігі 2-ге бөлінеді. Біріншісі кәсіби маман мұғалімнің іскерлікпен пайдалана алуы екіншісі оқушының ақпараттық құралдармен жұмыс жасай алу қабілеті. Бірінші кезекте бастауыш мектепте ақпараттық технологияны қолдану жолдарын зерттеуге тоқталатын болсақ жаңа ғасырдың жетістіктері мектеп өміріне белсене кіргендігін көруге болады. Жүргізілген зерттеулерден ақпараттық технологияларды қолдану барысында білім алушыларға мынадай білім дағдыларын меңгеруді көздейді:

педагогикалық аспаптық құралдардың тұжырымдамалық тұрғыда жасалуын;

оқу-ақпараттық ортаның оқу ортасына бейімделе білуін;

Компьютерлік технологияны меңгеру:

олардың атқаратын міндеттерін;

жұмыстың негізгі қағидаларын, қолдану саласын білуді;

технологиялардың ұсынған негізгі функционалдық мүмкіндіктерін білуді;

бағдарламалық құралдармен жұмыс жасау тәсілдерін жетік білуді,


оларды шығармашылықпен практикада пайдалануды қарастырады.

Ғылыми-зерттеулерге жасаған талдау бізге компьютерлік технологияның жіктемесін өңделетін ақпараттың түріне қарай топтастыруға және қайсыбір технологияны әрбір мұғалімнің кәсіби іс-әрекеттерінде пайдалануға болатынын қарастыруға мүмкіндік берді. Қазіргі бастауыш мектептегі ақпараттық технологияны пайдалану мүмкіншілігін *жіктеу шартты түрде төрт бағытты қарастырады*: компьютерлік технологиялар, компьютерлік технологиялардың құралдары, кәсіби іс-әрекет түрлері, оқушының іс-әрекет жүйесі.

Ақпараттық технологиялық білімнің дамуын іс-жүзіне асыру үшін оқушылардың ақпараттық технологиялық білімділігінің нақты деңгейде болғанын анықтау аса маңызды болмақ. Осы мақсатты дәлелдеу тұрғысында оқушылардға зерттеулер жүргізілді.


Қалыптастыру экспериментті екі кезеңнен тұрады. Мақсаты ақпараттық технологиялар негізінде оқушылардың өз бетімен ақпараттық технологиялық білімдерін арттыру жүйесін ендіру және педагогикалық тәжірибенің зерттеліп отырған проблема бойынша тиімділігіне ықпалын тексеру болды.

Сурет 1. Оқушылардың эксперимент басы мен аяғындағы ақпараттық білім деңгейлерінің орташа көрсеткіші (% көрсеткіш)



- 1 - эксперимент басындағы эксперимент тобы
- 2 - эксперимент басындағы бақылау тобы
- 3 - эксперимент аяғындағы эксперимент тобы
- 4 - эксперимент аяғындағы бақылау тобы

Сурет 2. Оқушылардың эксперименттің басталуы мен соңындағы ақпараттық білім деңгейлерінің төменгі көрсеткіші (% көрсеткіші)



Сурет 3. Эксперимент нәтижесі



- 1 - эксперимент басындағы эксперимент тобы
- 2 - эксперимент басындағы бақылау тобы
- 3 - эксперимент аяғындағы эксперимент тобы
- 4 - эксперимент аяғындағы бақылау тобы

Оқушылардың ақпараттық білімдерін арттыру процесі көбінесе жаратылыстану пәнін оқыту барысында сыныптан тыс сабақтарда жүзеге асырылды. Бұл кезеңге тән ерекшелік оқушылардың және тұлғаның субъективтік көзқарасын дамыту, яғни оларды жаңа ортаға бейімдеу, ал оның негізгі іс-әрекетінің түрі – танымдық болып саналады.. Оқушы тұлғасының субъективті көзқарасын көкейкестілендіру, сонымен бірге оңтайлы жағдайлар жасау арқылы оқушылардың дәстүрлі жеке зерттеу міндеттерін шешу барысында ақпараттық білім бойынша іс-әрекеттерге алдын-ала оқыту арқылы, сондай-ақ сабақтарда проблемалық жағдайлар туындату арқылы (мәселен, оқушы тапсырманың шешімін білмейді, ол проблемалық сұраққа жауап бере алмайды, өйткені білім деңгейі сәйкес келмейді және оқушылардың тапсырманы шешуде жаңа шарттарды қоятын проблемалық жағдайлар жетіспейді) жүзеге асты.

Когнитивтік мақсаттар жаратылыстану пәнін оқыту барысында – сабақтарда мотивациялық – тәжірибелік, эмоционалдық – еріктік өздігімен дербес жұмыс процесінде басымырақ болады. Бұл кезеңде даярлықты қалыптастыру процесі басымырақ болады. Бұл кезеңде даярлықты қалыптастыру үдерісінде оқытудың дәстүрлі формалары мен әдістері пайдаланылады: сабақтар, әдістемелік құралдар. Бұл кезеңде білімдегі мақсатқа жетуде (білім жүйесін қалыптастыру, тапсырмаларды шешуде функционалдық мүмкіндіктерін көрсету) жетекші рөл атқарады.

Оқушылардың ақпараттық білімдерінің арта түскені байқалады (Кесте1).

Кесте 1 – зерттеу жұмысының бірінші кезеңінің нәтижелері

Топ деңгейі	Жұмыс кезеңі	Жоғары	Орта	Төмен
		%	%	%
Бақылау тобы	Басталуы	11,4	42,3	46,3
	Аяқталуы	12,3	43,6	44,1
Эксперименттік топ	Басталуы	11,7	43,1	45,2
	Аяқталуы	19,8	47,5	32,7

Осының барлығын ескере отырып қалыптастыру тәжірибесінің екінші кезеңінде ұсынылған педагогикалық шарттардың жүзеге асырылуы тексерілді.

Мұнда оқушылардың жаратылыстану пәнін оқыту барысында ақпараттық білімдер жүйесін өз беттерінше проблемаларды шешу жөніндегі ойларын, информатика пәніне деген құлшыныстары, ынта-ықыласы, материалдарды өңдеу, жинақтау, салыстыру бағыттары есепке алынады.

Кешенді тапсырмалардың шешімі оқушылардың жаратылыстану пәнін оқыту барысында ақпараттық білімдерді меңгерген теориялық білімінің мазмұндылығын, оны іс-әрекеттерде ұтымды пайдалана алу қабілеттерін дәлелдеді.

Тәжірибе-эксперимент жұмысының соңғы бақылау бөлігінде педагогикалық зерттеудің және қайтара жүргізген зерттеу әдістерінің негізінде оқушылардың жаратылыстану пәнін оқыту барысында ақпараттық білімдерін қалыптастыру деңгейі анықталды. Төменде осы компоненттердің нәтижесі беріледі (Кесте2).

Жоғары деңгейді алғашында 14,9% көрсетсе, эксперимент соңында олардың саны 28,7% болды, орта деңгейде алғашында 41,4% болса, соңында 46,7%-ды көрсетті, ал төменгі деңгей алғашында 43,7% болып, эксперимент соңында бұл көрсеткіш 24,6% болды. Бақылау топтарында айтарлықтай өзгерістер байқалған жоқ.

Кесте 2 – Зерттеу жұмысының екінші кезеңінің нәтижелері

Топ деңгейі	Жұмыс кезеңі	Жоғары	Орта	Төмен
		%	%	%
Бақылау тобы	Басталуы	12,1	43,3	44,6
	Аяқталуы	13,2	40,5	46,3
Эксперименттік топ	Басталуы	14,9	41,4	43,7
	Аяқталуы	28,7	46,7	24,6

Сонымен, тәжірибелік эксперимент нәтижелері зерттеу кезеңінде оқушылардың жаратылыстану пәнін оқыту барысында ақпараттық білімдерін арттыру тұрғысындағы ақпараттық технологияларды пайдаланудың педагогикалық шарттары мен осы негізде жасалған жұмыстардың мазмұны, әдістерінің тиімді екендігін дәлелдейді.

Әдебиеттер тізімі

1. Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Жаңа онжылдық - жаңа экономикалық өрлеу - Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» Егемен Қазақстан, 29 қаңтар 2010 ж.. «Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» Егемен Қазақстан, Астана, 2010 ж.

2.Сағымбаева А.Е. Информатиканы оқыту барысында оқушылардың білімін бақылау, п.ғ.к. дәрежесін алу үшін дайынд. Автореф., Алматы 2004.

3. Мархель И. Компьютерная технология обучения // Советская педагогика, №5, 1990., Б.87-91.

4.Зайцева С.А. Иванов В.В. Современные информационные технологии в школьном образовании.

5.Курманалиева Ш.Х. Методология и технология создания электронной методической системы в условиях информатизации образования, монография, Алматы, «Алем» 2002., Б.413.

6.Нұрғалиева Г.Қ. Электронды оқулықтар –ізгілендіру құралы.// Қазақстан мектебі, №11-12-2002,14б.144. Курманалина Ш.Х. Функциональная модель электронно-методических систем в колледже. Учебное пособие. Алматы «Алем», 2000.

Қайырсапарова И.А.
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
Орал қ., Қазақстан

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ АДАМГЕРШІЛІК ТҰЛҒАСЫН ТӘРБИЕЛЕУ ҮШІН СЫНЫП ЖЕТЕКШІСІ МЕН АТА-АНАЛАРДЫҢ БІРЛЕСКЕН ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Барлық уақытта адамдар адамгершілік пен адамгершілік тәрбиесін жоғары бағалады. "Адамгершілік" анықтамасының артында не жатыр? Көптеген адамдарды бұл сұрақтығырыққа тірейді және оған жауап беру қиынға соғады. Қазіргі қоғам уақыт өте келе адамгершілік ұғымының шын мәнін жоғалтты. Олар көбінесе мүлдем дұрыс емес, өте бұлыңғыр анықтама береді.

С.И.Ожеговтың орыс тілінің түсіндірме сөздігінде адамгершілік дегеніміз-адамның адамгершілік нормаларына, адамгершілік заңдарына сәйкес әрекет ету, ойлау және сезіну қабілеті деп түсіндіріледі. Адамгершілік адамдардың қоғамда қабылданған идеалды этикалық ұғымдарға сәйкес өз еркімен және табиғи түрде әрекет етуге деген белсенді ұмтылысымен сипатталады. Адамгершіліктен бас тарту-бұл бүкіл әлеммен, өз халқымен, жақын адамдарымен, өзімен және ар-ұжданымен бірлік пен үйлесімділікте адам болудан бас тарту [1].

Қазіргі уақытта балалардың қатыгездігі, агрессивтілігі және девиантты мінез-құлқы жиі кездеседі. Қазіргі әлемде адам әртүрлі ақпарат көздерінде көптеген ақпаратпен өмір сүреді және дамиды. Дәл осы көздер оған қатты әсер етуі мүмкін. Әсер теріс сипатта да, жағымды да болуы мүмкін. Бұл көздер, ең алдымен, балалардың жетілмеген интеллектісі мен сезімдеріне, олардың дамып келе жатқан адамгершілік саласына үнемі үлкен әсер ететін бұқаралық ақпарат құралдары мен коммуникациялар болып табылады. Адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеуді жүзеге асыру үшін арнайы формалар мен әдістер қолданылады. Бұл формалар мен әдістердің көптеген классификациялары бар, әр мұғалім оның талаптарына сәйкес келетін және қажетті нәтиже беретін ең қолайлы классификацияны таңдайды.

Форма – бұл оқу-тәрбие процесінің өмір сүру тәсілі, оның ішкі мәні, логикасы мен мазмұны үшін қабық; ең алдымен оқушылардың санына, оқу уақыты мен орнына, оны жүзеге асыру тәртібіне байланысты [2].

Тәрбие формалары-бұл белгілі бір тәрбие процесін ұйымдастырудың белгілі бір нұсқалары, олар тәрбиенің мақсатын, міндеттерін, принциптерін, заңдылықтарын, әдістері мен әдістерін біріктіреді [3].

Педагогикалық әдебиеттерде тәрбие жұмысының формаларын жіктеуге бірыңғай көзқарас жоқ. Ең көп тарағаны – оқушылардың қалай ұйымдастырылғанына байланысты тәрбиенің ұйымдастырушылық формаларын жіктеу: жеке, топтық және бұқаралық.

Жеке формалар мұғалімдердің балалармен кез-келген қарым-қатынасында қолданылады. Оларды қолдану, сайып келгенде, шешуші болып табылады. Оқу қызметі кезіндегі жұмыстың жеке формаларына мыналар кіреді: кеңес беру, бірлескен тапсырманы орындау, пікір алмасу, жеке көмек көрсету, мәселелерді немесе міндеттерді бірлесіп шешу. Пішіндердің әрқайсысы өздігінен қолданыла алады немесе бір-бірімен бірге жүре алады. Кез – келген форманың өзіндік құралдары бар, бірақ әр мұғалім, ең алдымен, маңызды міндеттердің бірін орындауы керек – оқушыны зерттеу, оның барлық таланттарын және оларды жүзеге асыруға мүмкіндік бермейтін кемшіліктер мен мәселелерді білу.

Оқушылардың әрқайсысына жеке көзқарас пен қарым-қатынас стилі қажет. Жасөспірімнің сенуі, ашық болуы, оның өз ойлары мен күмәндерімен бөлісуге деген ұмтылысын ояту маңызды. Жұмыстың жеке формасы мұғалімге үлкен мүмкіндіктер

ашады. Қарапайым әңгіме кейде бірнеше басқа жұмыстарға қарағанда тиімдірек болады, мысалы, сол топтық жұмыс.

Топтық формалар – бұл шығармашылық топтар, шағын үйірмелер және өзін-өзі басқару. Бұл формаларда мұғалім қарапайым қатысушы немесе ұйымдастырушы ретінде әрекет етеді. Әрине, мұғалімге оқушылар тарапынан үлкен көңіл бөлінеді, өйткені оның балаларға әсері анағұрлым маңызды.

Мұғалімнің басты міндеті-әр қатысушыға көмек көрсету және сонымен бірге бүкіл ұжым үшін маңызды оң нәтижелерге қол жеткізу үшін жағдай жасау. Сонымен қатар, топтық формаларда мұғалімнің мақсаты-балалар арасындағы адамгершілік қатынастарды дамыту, қарым-қатынасты тәрбиелеу. Педагогикалық практика көрсеткендей, оқушыларға сыпайы және демократиялық, құрметпен қараудың жеке мысалы мұғалімнің ең тиімді құралы болып табылады. Бұл формаларға басшының сынып сағаттары, көркемөнерпаздар үйірмелері, мерзімді басып шығарумен жұмыс, қабырға газетін шығару, радио және телешоуларды дайындау, экскурсиялар және т. б.

Фронтальды (бұқаралық) формада мұғалім сабақ барысында өздеріне берілген нақты тапсырма бойынша жұмыс жасай отырып, бүкіл сыныптың іс-әрекетін басқарады. Ол студенттердің өзара әрекетін ұйымдастырады және әрбір адам үшін жалпы жұмыс қарқынын анықтайды. Фронтальды жұмыстың тиімділігі көп жағдайда мұғалімнің бүкіл сыныпты назарда ұстауына және сонымен бірге әрбір оқушының жұмысын назардан тысқалдырмауына байланысты. Мұғалім шығармашылық ұжымдық жұмыс атмосферасын құра білсе, мектеп оқушыларының зейіні мен белсенділігін сақтай білсе, оның тиімділігі артады. Дегенмен, фронтальды жұмыс олардың жеке ерекшеліктерін ескеруге арналмаған. Ол қарапайым оқушыға бағытталған, сондықтан кейбір оқушылар белгіленген жұмыс қарқынынан қалып қояды, ал басқалары зерігіп, қызығушылығын жоғалтады.

Адамгершілік тәрбиесінің бұқаралық түрлеріне оқырмандар конференциялары, тақырыптық кештер, сұрақ-жауап кештері, өлкенің көрнекті тұлғаларымен кездесу, т.б. жатады. Өскелең ұрпақты адамгершілікке тәрбиелеу бүгінгі күнге дейін қоғамның маңызды міндеттерінің бірі болып табылады[4].

Алғашқы диагностика үшін келесі әдістер таңдалды: сауалнама, әңгімелесу, тестілеу.

№ 1 әдістеме: «адамгершілік ұғымда» (сауалнама) (1-қосымша).

Әдістеменің мақсаты: балаларда адамгершілік ұғымдарының білімін анықтау.



Сурет. 1. "Адамгершілік ұғымдар" сауалнамасының нәтижелері


Нәтижелерді өңдеу үшін 0 балл (адамгершілік идеяларды білудің төмен деңгейі), 1 балл (адамгершілік идеяларды білудің орташа деңгейі), 2 балл (адамгершілік идеяларды білудің жоғары деңгейі) келесі индикативті шкаланы қолдандық (1-сурет). .).

Бұл әдістеменің нәтижелері келесі нәтижелерді көрсетті: оқушылардың тек 19% ұсынылған тұжырымдамаларға толық және дұрыс жауап берді, 54% тек 2 ұғым туралы түсінікке ие (әдетте, бұл ұғымдар: достық, мейірімділік,), 27% қате жауап берді.

Осылайша, бастауыш сынып оқушыларының көпшілігі адамгершілік идеялары туралы іс жүзінде ештеңе білмейді, оларды анықтай алмайды және бұл сауалнаманы толтырудағы ең үлкен қиындықтар мейірімділік, әдептілік және жауапкершілік сияқты түсініктерден туындаған.

№ 2 әдісте: "Ұсынысты аяқта" (тестілеу)
(2-қосымша).

Нәтижелерді өңдеу: 1 ұпай – моральдық нормаларға қатынасы тұрақсыз. Іс-әрекеттерді дұрыс түсіндірмейді, эмоционалдық реакциялар адекватты емес немесе жоқ; 2 ұпай – моральдық нұсқаулар бар, әрекеттер мен эмоционалдық реакцияларды бағалау адекватты, бірақ моральдық нормаларға деген көзқарас әлі жеткілікті түрде тұрақты емес; 3 ұпай – бала өз таңдауын адамгершілік ұстанымдармен негіздейді; эмоционалдық реакциялар адекватты, моральдық нормаларға қатынасы белсенді және тұрақты (2-сурет).




Сурет. 2. "Сөйлемді аяқта" әдісі бойынша нәтиже

Диаграммадан көріп отырғаныңыздай, бастауыш сынып оқушыларының 53% – ы сынып оқушыларының көпшілігі моральдық нормаларға тұрақсыз, пассивті көзқарасқа ие. Бастауыш сынып оқушыларының 35% - моральдық нұсқаулар бар, іс-әрекеттерді бағалау барабар, бірақ моральдық нормаларға деген көзқарас әлі де тұрақты емес. Бастауыш сынып оқушыларының 12% - ы адамгершілік нормаларына тұрақты қарайды.

№ 3 Әдіс: Әңгіме. Сюжеттік әңгіме бойынша әңгімелесуді пайдаланған кезде оқушыларға адамгершілік проблемасы бар В. Осееваның "ұлдары" әңгімесін тыңдау ұсынылды (3-қосымша).

Әдістеменің мақсаты: әңгімені оқығаннан кейін бастауыш сынып оқушыларына сұрақтар қойылды, олар балалардың жауаптары мен мәлімдемелерінде қарым-қатынас, мінез-құлық әдістері мен моральдық норма туралы Білім пайда болатындай етіп жасалды.

Оқушылардың адамгершілік көріністерін бағалау критерийлері: 0 балл – бала адамгершілік проблемасын көрмейді, оқиғаны талқыламайды, жағдайдан шығудың жолын таппайды; 1 балл – бала адамгершілік проблемасын көреді, талқылайды, бірақ қалыптасқан жағдайдан шығудың жолын таппайды; 2 балл – бала адамгершілік проблемасын көреді, оқиғаны белсенді талқылайды, оқиғаның қалай болатынын мысалдар келтіреді сіз бұл жағдайдан шыға аласыз.



Сурет. 3. Әңгіме нәтижесі

Бастауыш сынып оқушыларының 85% - ы орта деңгейге ие, өйткені бұл балалар оқиғаны белсенді талқылап, моральдық мәселені көрді, бірақ оны шешудің жолдарын өз бетінше таба алмады. 15% - ы төмен деңгейге ие, өйткені олар оқиғаны талқылауға құлшыныс танытпады, моральдық проблеманы көрмеді (сурет.3). Бұл әдістеде, өкінішке орай, бастауыш сынып оқушылары жоғары нәтиже көрсеткен жоқ.


Әдістемелерді жүргізгеннен кейін біз диагностикалық зерттеу бойынша қорытынды қорытынды жасадық (бірінші кезең) , онда негізінен бастауыш сынып оқушыларының адамгершілік тәрбиесінің орташа деңгейі бар екендігі көрсетілген (3-кесте).

Кесте 3 Диагностикалық зерттеу бойынша қорытынды қорытынды (бірінші кезең)

Диагностика әдістері	І кезең		
	Төмен деңгей	Орта деңгей	Жоғары деңгей
"Моральдық өкілдіктер"	27%	54%	19%
"Сөйлемді аяқтаңыз"	54%	35%	12%
Әңгіме	15%	85%	-
Ср. мағынасы	32%	55%	13,5%

Біз бастауыш сынып оқушыларының адамгершілік тәрбиесінің критерийлерін анықтадық: когнитивті (моральдық құндылықтар туралы білім), эмоционалды-құндылық (адамгершілік құндылықтар туралы эмоционалды тәжірибе), белсенділік (моральдық құндылықтардың нақты көрінісі).

Бастауыш сынып оқушыларының адамгершілік тәрбиесіндегі отбасының ролін атап өтуге болмайды. Оқушылардың отбасылары, олардың әлеуметтік құрамы бастауыш сынып оқушыларының бастапқы диагностикасының толық көрінісі үшін зерттелді (сурет.4.).



Сурет.4 Отбасының әлеуметтік құрамы

Зерттеу барысында отбасылардың әлеуметтік құрамы анықталды:

- 1) туу деңгейінің жалпы төмендеуіне байланысты сыныптарда толымдылықтың төмендеуі;
- 2) көп балалы отбасылар санының азаюы;
- 3) толық емес отбасылар санының көбеюі;
- 4) аз қамтылған отбасылар санының өсуі, бұл өз кезегінде балалар мен жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтардың өсуіне әкеп соғады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Вальцев С. В. Психикалық қажеттіліктер рухани ма? // Қазіргі ғылым мен білім беру мәселелері. 2012. № 7. 8-10 бет.
2. Петрунина М. А. Білім алушылардың әлеуметтік белсенділігін қалыптастыру: оқу құралы. Орынбор: ГБУ РЦРО, 2016. 56 б.
3. Қалиев С. “Қазақ этнопедагогикалық теориялық негіздері”. – Алматы.: 1994. - 58 б.
4. Майгаранова Ш. Мектеп оқушыларына рухани-ізгілік тәрбие беру. Ақтөбе, 2000, 56 б.

ИННОВАЦИИ В ПРЕПОДАВАНИИ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ И СПОРТА В ВУЗЕ

Занятия физической культурой и спортом, любительское выполнение физических упражнений, фитнес бесспорно являются необходимыми для поддержания здоровья человека, т.к. благодаря физической деятельности улучшается состояние нервной, сердечно-сосудистой систем, опорно-двигательного аппарата, повышается иммунитет и даже в эмоциональном плане происходят положительные изменения. Особенно важно это в современном «оцифрованном» мире, поскольку в настоящее время, в связи с развитием технологий и «облегчением» жизни с помощью этих технологий, всё чаще встречается такое явление как гиподинамия – малоподвижный образ жизни.

Что касается студентов, то в современном мире в связи со стремительным техническим прогрессом, развитием науки и увеличивающимся потоком информации, которая необходима специалисту в наше время, скоростного темпа жизни в условиях стресса, учебная деятельность студентов стала более напряжённой. В связи с этим возрастает уровень заболеваемости и общей слабости физического и психического здоровья молодёжи [3].

Физическое воспитание в ВУЗе представляет собой спортивную деятельность, направленную на развитие целостной личности, гармонизацию её духовных и физических сил, активизацию готовности полноценно реализовать свои силы в здоровом и продуктивном стиле жизни, профессиональной деятельности [4]. Однако, несмотря на это и на растущую потребность организма в физических упражнениях, студенты нередко бывают равнодушными и скептически настроенными по отношению к такой дисциплине, как «физическая культура и спорт». Из-за этого возникают частые прогулы и пренебрежение данной дисциплиной.

Помимо этого, около четверти опрошенных имеют какие-либо ограничения и предписания врачей, связанные с физической нагрузкой, и не могут заниматься наравне с теми студентами, у которых этих ограничений и запретов нет.

К сожалению, на сегодняшний день доля тех, кто по каким-то причинам, связанным со здоровьем, не может в полной мере заниматься спортом и физической культурой или освобождены от этой дисциплины, только увеличивается [6]. В связи с этим тема инноваций в педагогической деятельности педагогов по физической культуре в наше время очень актуальна – во-первых, чтобы мотивировать студентов активно заниматься физической культурой, а во-вторых, сделать образовательный процесс полезным и доступным для всех.

Инновации в педагогическом процессе по дисциплине «физическая культура и спорт» основаны на следующих технологиях:

1. Здоровьесберегающая
2. Спортивно-ориентированная
3. Технология дифференцированного физкультурного образования
4. Интерактивное обучение

Рассмотрим эти технологии подробнее.

Здоровье сбережение нацелено на гармоничное сочетание физической культурой с общей системой образования и основано на балансе между статическими и динамическими нагрузками. Одним из основных принципов данной технологии является создание здорового психологического климата, в котором будет комфортно всем

студентам, вне зависимости от их физической подготовки и индивидуальных характеристик.

Помимо гармоничного сочетания двигательных и статических нагрузок, здоровьесберегающие образовательные технологии основаны на возрастных особенностях студентов, принципе постепенного возрастания нагрузки и последовательного разучивания упражнений, чередовании видов деятельности, создании благоприятной обстановки на занятии, тщательно продуманной дозировки заданий с учётом индивидуального подхода к каждому студенту. Также учитывается ведение занятий на свежем воздухе [1].

Немаловажно уделить внимание распределению учебных часов. При распределении учебных часов должно учитываться наличие занятий по физической культуре в назначенный учебный день, чтобы студенты не перенапрягались до и после занятий физической культуры. Рекомендуется сократить количество часов по другим дисциплинам с целью сохранения энергии и сил у студентов [5].

Преподавателю в рамках такой технологии необходимо ознакомиться с результатами медицинских осмотров студента, учитывать их в образовательном процессе, создать условия для заинтересованности студентов в посещении занятий.

Ещё одной образовательной технологией, тесно связанной с предыдущей, является спортивно-ориентированная.

Занятия по рассматриваемой дисциплине в настоящее время должны быть ориентированы на личность студента, его способности, желания и возможности. Данная технология преподавания гарантирует как можно большие возможности для обучения студентов ценностям физической культуры и спорта, при этом учитывая задатки студента, его личностные установки, по и интересы, уровень физического развития и подготовленности и состояние здоровья. Спортивно-ориентированная технология предполагает объединение обучающихся в учебно-тренировочные группы, идентичные по интересам, потребностям, притязаниям, уровню физической подготовленности и иным индивидуальным характеристикам.

Для эффективного применения рассматриваемой технологии необходимо правильно дозировать физические нагрузки и тем самым регулировать интенсивность их воздействия на организм [2].

Всё перечисленное способствует формированию атмосферы заинтересованности каждого студента в работе группы, созданию условий для улучшения физической подготовленности студентов.

Следующая методика носит название «технология дифференцированного физкультурного образования», сокращённо – ТДФО. Она подразумевает целенаправленное физическое формирование человека благодаря развитию его индивидуальных способностей. В состав ТДФО входят педагогические технологии дифференцированного обучения двигательным действиям, развития физических качеств, формирования знаний, методических умений, технологий управления образовательным процессом, обеспечивающих достижение физического совершенства. Обучение двигательным действиям подразумевает целостный метод с последующей дифференциацией, т.е. выделяются детали техники и разделяются по сложности, затем объединяются в зависимости от уровня физической подготовленности обучающихся, с целью более качественного выполнения упражнения [7].

Интерактивное обучение заключается в создании комфортных условий обучения, при которых студент чувствует свою успешность, свое интеллектуальное совершенство, уверен в себе, и это делает продуктивным весь образовательный процесс. Метод основан на активном характере восприятия информации – когда человек испытывает положительные эмоции, он легче создаёт «карты восприятия», а те, в свою очередь, оказываются более качественными. Интерактивная технология активизирует эмоции, сознание, развивает креативное мышление. Подбирать физические упражнения следует

дифференцированно, используя принципы постепенности, систематичности и доступности. Процесс овладения двигательными умениями и навыками студентами также зависит от их сознательности, активности и профессионального мастерства преподавателя [7].

Таким образом, на сегодняшний день инновации в преподавании физической культуры и спорта являются актуальными, т.к. увеличивается процент студентов, которые имеют какие-либо ограничения по состоянию здоровья или особые предписания врача. Также ещё одной причиной актуальности можно считать незаинтересованность, скептическое отношение части студентов в занятиях физической культурой. По этим причинам необходимо внедрение инноваций в преподавании данной дисциплины с учётом индивидуальных характеристик студентов. Например, из-за разницы в физической подготовке или же по состоянию здоровья не каждый студент способен легко пробежать 100 метров и тем самым сдать норматив наравне со своими сверстниками, другому студенту по субъективным причинам или, опять же, в силу его неподготовленности может быть некомфортно заниматься баскетболом, волейболом или выполнять определённый вид упражнений. Это необходимо учитывать, чтобы создать максимально комфортные условия для студентов и при этом увеличить эффективность занятий физической культурой, повысить интерес студентов к образовательному процессу по этой дисциплине.

Список литературы

1. Васенков Н.В., Миннибаев Э.Ш. *Инновационные методы преподавания физической культуры в вузе // Современные тенденции развития науки и технологий. 2016. № 10-7. С. 72-75.*

2. Веровский А.А., Габибов А.Б., Молоканов А.А., Губанов И.С. *Система организации спортивного ориентирования студентов вузов в процессе физического воспитания. // Образование, культура и личность в современном российском обществе Материалы всероссийской научно-практической конференции. 2018 г. – С. 88-91.*

3. Давыдова Т.П. *Современные образовательные технологии на занятиях физической культурой // Научное сообщество студентов: междисциплинарные исследования: сб. ст. по мат. XXXV междунар. студ. науч.-практ. конф. № 24(35). URL: [https://sibac.info/archive/meghdis/24\(35\).pdf](https://sibac.info/archive/meghdis/24(35).pdf) (дата обращения: 23.11.2020)114*

4. Майбородин С.В., Габибов А.Б., Губанов И.С., Пономарева Е.В. *Формирование здорового образа жизни студентов ВУЗа в процессе физического воспитания. // Образование, культура и личность в современном российском обществе Материалы всероссийской научно-практической конференции. 2018 г. – С. 104-108.*

5. Пермяков О.М. *Проблема негативного отношения студентов к занятиям физической культурой и пути ее решения // Novainfo. – 2018. – №81. – URL: <https://novainfo.ru/article/14813> (дата обращения: 25.11.2020)*

6. Сайтмаматов Р.С. *Инновационные технологии на уроках физической культуры [Электронный ресурс]// Образовательная социальная сеть. – 2017. – URL: <https://nsportal.ru/shkola/fizkultura-i-sport/library/2017/03/29/innovatsionnye-tehnologii-naurokah-fizicheskoy-kultury> (дата обращения: 24.11.2020)*

7. Сучков С.Л., Краснобаева А.В. *Инновационные и современные подходы к организации занятий физической культуры в вузе // Научный аспект. – 2019. – №1.*

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА «ОТАН» КОНЦЕПТІСІН МЕНГЕРТУ ЖОЛДАРЫ

Бүгінде қазақ тіл білімінде тілді зерттеудің жаңа ғылыми бағыттары белсенді сипат алып отыр. Солардың ішінде, тіл білімінде маңыздылары когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану, антропологистика, психолінгвистика сияқты ауқымды бағыттары қарқында дамуда. Когнитивті лингвистика шеңберінде концепт теориясы мен оның құрылымына қатысты теориялық зерттеулер деректерін зерделейтін болсақ, концепт – әлемнің бейнесі жайлы түрлі ақпарат беретін ұлттық мәдени-танымдық мәнге ие болған тілдік қолданыстағы мағынасының ой елегінен өтіп, тіл арқылы бейнеленуі. Концепт – тіл мен таным бірлестігі арқылы дүниені, жалпыадамзаттық құндылықтарды жан-жақты тануға, сонымен қатар, ұлттық-танымдық мәдениетті зерделеп ұғынуға ықпал ететін, адам санасындағы жинақталған білім. Белгілі тілтанушы ғалым Ж. Манкеева: «Қазіргі тіл білімінде ұлттың рухани-мәдени қазынасы ретіндегі тілді зерттеудің ауқымы кеңейе түсуде. Оның себебі әр тіл – өз бойында ұлт тарихын, төл мәдениетін, танымы мен талғамын, мінезі мен санасын, кәсібі мен салтын, дәстүрі мен даналығын сақтаған жүйе» [1] - деп тілдің ұлт үшін танымдық маңызы мен мәнін ашып көрсетеді. Осы орайда, «концепт» терминінің тіл білімі ғылымдағы маңызы арта түседі. Белгілі бір мәдениет үшін құнды әрі маңызды мәні бар атаулар ғана концепт деңгейіне көтеріле алады. Концептілер – тілді тұтынушы халықтың дүниетаным көрсеткіші [2].

Бастауыш сатыдағы білім берудің бағдарлы мақсаты – оқу әрекетін ұйымдастыруда оқушылардың өзін қоршаған және өмір сүрген әлеуметтік ортаны тануға, сүйеге, қорғауға, өзін ұстай білуге үйрету болып табылады. Бүгінде егеменді еліміздің тұғырлы болуы үшін назар аударатын мәселелердің бірі – отансүйгіштік. Отаншылдық отансүйгіштік тәрбие құндылықтары арқылы жүзеге асады. Ол оқу-тәрбие үдерісінде қазақ тілінен берілетін білім мазмұнын тәрбиелік бағытта ұйымдастыру арқылы, сонымен бірге, сыныптан, мектептен тыс жұмыстар арқылы оқушылардың танымдық, тәрбиелік әрекеттерін қалыптастырумен тығыз байланысты.

Қазақ тілі сабағында «Отан» концептісінің қазақ танымында қандай ұғым беретінін талдай отырып, қазақ халқының басынан кешкен өмірін, ұлттық ерекшелігін, дүниетанымын таныта аламыз, адамзатты табиғатты, Отанын сүйеге тәрбиелейміз.

«Қазақ тілінде «Отан» ұғымын білдіретін бірнеше сөз бар. Олар Отанның белгілі бір орнын, маңызын танытатын сипаттарға ие. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде»: «Отан – 1. Туған ел, өскен жер; 2. жергіл. үй іші, отбасы, жанұя» [3] – деген анықтама берілген. Бұдан көрінетіні қазақ тілінде «отан» концептімен бір мәнде қолданылатын сөз «отбасы». «Отан отбасынан басталады» деген секілді нақылдарда «отан» сөзінің «отбасы» мағынасында қолданыла береді.

Жалпы алғанда «отбасы» концептінің бірнеше ұғымдық мәні бар екенін байқаймыз. «Отан», «туған жер», «атамекен», «кіндік қаны тамған жер», «құт мекен» т.б. Бұл сөздердің концептілік мәні өз алдына «Отан» концептінің мәнін ашуда, «Отан» концептінің сипатын танытуда үлкен қызмет атқарады.

Қазақ тіліндегі әр қилы сипаттағы концептілердің өрісі, сипаты, мәні өз алдына белгілі бір талдауларды, зерттеуді қажет ететіндіктен, «Отан» концептімен тікелей байланысты қырларын танытуды, сол бағытта ізденіс барысында кезіккен, танылған жақтарын анықтауды жөн көрдік. «Отан» сөзін, оның лексикалық мағынасын балаға үйрету балабақша кезінен басталады. Балабақшадағы «Менің Отаным – Қазақстан», «Мен Отанымды сүйемін» деген тұжырымды сөйлемдерден кейін бастауыш буында «Отан» концептісінің аясы кеңейе түседі.

2-4 сынып оқушыларына қазақ тілі сабағында «Отан» концептісін меңгертуге бағытталған оқу бағдарламасындағы бөлімдерді көрсетуге болады: [4]

Сынып	Бөлім	Оқу мақсаты
2-сынып	Менің туған өлкем	3.3 Оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша жазба жұмыстар жазу 2.3.1.1 мұғалім көмегімен жеке сурет/сюжетті суреттер арқылы шағын сипаттау/әңгімелеу мәтіндерін құрап жазу
4-сынып	Менің Отаным – Қазақстан	2.4 Мәтіннің тақырыбы және негізгі ойды анықтау 4.2.4.1 мәтіннің тақырыбы мен мазмұнының өзара сәйкестігін анықтау және ондағы негізгі ойды тұжырымдау

Жаңартылған білім беру мазмұнындағы оқу бағдарламасында 2 және 4-сыныпта берілген тараулар бойынша сабақ барысында «Отан» концептісін меңгерудің бірнеше жолдарын ұсынуға болады. Ең қарапайым әрі жеңіл жолы – мақал-мәтелдермен жұмыс. Тарауға кіріспе, тақырыпты болжау, пікір алмасу мақсатында «Отан үшін отқа түс күймейсің», «Отансыз адам – ормансыз бұлбұл», «Отан оттан да ыстық», «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас» деген мақалдарды ұсыну арқылы мақалдың мағынасын аштырып, балалардың «Отан» туралы түсінігін байқауға болады. Отан туралы түсінік қалыптастырып қана қоймай, қазіргі ел жағдайында балаларды отаншылдыққа тәрбиелеу, олардың елін, жерін сүйетін, ана тілін ардақтайтын, ұлтын пір тұтатын азамат болып өсуін қамтамасыз ету – бүгінгі мектептің басты мақсаты деуге болады.

Бастауыш буында «Отан» концептісін меңгерудің тағы бір қарапайым жолы – жұптық, топтық талқылау сұрақтары. Мысалы, «Отан сөзін қалай түсінесің?», «Отан дегенде ойларыңа не келеді?», «Отан сөзін қалай сипаттар едің?» деген талқылау сұрақтары арқылы оқушылардың «Отан» туралы білімі мен түсінігін жинақтауға болады. Сонымен бірге, отансүйгіштік – ол өзінің туған жеріне, тіліне, еліне, мемлекетке деген сүйіспеншілік сезімі, сол мемлекеттің, Отанның гүлденуіне, өсіп-өркендеуіне өз үлесін қосу, қызмет ету деген пікірлерді талдауға беруге болады.

Оқу бағдарламасына сай оқу мақстары оқушылардың тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын дамытуды көздейді. 2-сыныптағы «Менің туған өлкем» тарауы аясында «2.3.1.1 мұғалім көмегімен жеке сурет/сюжетті суреттер арқылы шағын сипаттау/әңгімелеу мәтіндерін құрап жазу» оқу мақсаты бойынша суреттер арқылы «Отан» концептісінің мағынасын ашатын сипаттау әңгімесін жаздыруға болады. Бастауыш сынып оқушысына әңгіме жаздыру үлкен дайындық пен тілдік, көркемдік қолдауды қажет етеді. Сондықтан тақырып бойынша тірек сөздер, суреттер беру арқылы қолдау көрсетуге болады.

Бұл тұста «Отан» концептісін бастауыш сынып оқушыларына меңгерудің маңызды тәсілдерінің бірі – визуалды оқыту. Визуалды оқытуда графикалық кестелер, диаграммалар, суреттер және т.б. көрнекі құралдар қолданылады.

Мұнда тапсырма шарты:

- суреттерге қарап, ойға оралған сөздерді жазу;
 - жазған сөздерді «Отан» концептісімен байланыстыру;
 - «Отан» деген ұғымға қатысты сөздерді жинақтау;
- Сурет пен сөздерді пайдаланып, «Отан деген не?» тақырыбында сипаттау мәтінін жазындар.



Бұл тапсырма арқылы оқушылар «Отан» концептісін *туған жер, табиғат, ашық аспан, бақытты отбасы, бейбітшілік, достар* деген сөздермен байланыстырып, ұғымның ауқымымен, қолданылу аясымен, мәнімен терең танысады. Бастауыш сынып оқушылар үшін, әсіресе, 2-сынып үшін «Отан» концептісін суреттер, визуалды материалдар арқылы меңгерту тиімді әрі ұтымды болады.

4-сыныптағы «Менің Отаным - Қазақстан» тарауы аясында «4.2.4.1 мәтіннің тақырыбы мен мазмұнының өзара сәйкестігін анықтау және ондағы негізгі ойды тұжырымдау» оқу мақсаты бойынша оқылым мәтінімен жұмыс арқылы «Отан» концептісін меңгерудің тиімді жолдарын анықтауға болады. Берілген оқу мақсатын аясында әдебиеттік оқу пәнімен пәнаралық байланыс орнату арқылы сәтті жүзеге асыруға болады. Тұманбай Молдағалиевтың «Отан» өлеңін оқылым мәтіні ретінде ұсыну арқылы «Отан» концептісін кең мағынада ашып, жеткізуге болады. Тапсырма шарты: өлеңді мұқият мәнерлеп оқу. Өлеңнің тақырыбы мен идеясын ашу. «Отанға не жатады?» сұраққа мәтін бойынша жауап беру.

*Ойлайтын ылғи қамыңды,
Әкең де – сенің Отаның...
Ақ сүтін берген аямай
Анаң да – туған Отаның.*

*Бауырың туыс, тумаң да –
Отаның сенің біл, бала.
Алыстап арман қуғанда
Намысын оның былғама.*

*Шығатын өзің таулар да,
Бұлт басып тұрған төбесін.
Жападан-жалғыз қалғанда
Әкеңдей оған сенесің...*

*Бәрі де – сенің Отаның
Бойыңды биіктететін
Рухына балап атаның,
Өлгенше сүйіп өтетін [5].*

Бұл тапсырма арқылы оқушылар «Отан» ұғымының ата-ана, бауыр, табиғат, арман сияқты адам өміріндегі маңызды нәрселермен біртұтас екенін ұғады. Бастауыш сынып оқушыларына «Отан» концептісін тек сөз арқылы ғана емес, визуалды материалдар немесе оқылым мәтіндері арқылы меңгертудің тиімді екенін жоғарыдағы мысалдармен көрсетуге тырыстық. Ұсынылған әдіс-тәсілдер арқылы бастауыш сыныпта «Отан» концептісін меңгертудің тиімді жолдарын анықтауға болады. Белгілі бір концептіні оқыту барысында оқушының жас ерекшелігін, қабілетін ескеру маңызды екенін есте шығармау керек.

Бастауыш мектепте оқушылардың туған жерге деген сүйіспеншілігін жүйелі және дәйекті түрде қалыптастыруға үлкен мүмкіндіктер бар. Ол үшін өз үйін, отбасын, туған қаласын сүйю, өз Отанын, туған жерін мақтан тұту маңызды. Бастауыш мектептегі тәрбиенің басты бағыты – патриоттық тәрбие беру, оның басты мақсаты – отанға, туған жерге деген сүйіспеншілікті қалыптастыру.

Қорыта келе, «Отан» концептісі сияқты мәнді атауларға ие концептілерді бастауыш сынып оқушыларына меңгерту арқылы баланың ұлттық таным көкжиегін, сөйлеу мәдениетін, сана-сезімін, ұлттық құндылықтарды құрметтеуін дамытуға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Манкеева Ж.А. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері // Тілтаным – Алматы. – 2001. – № 4. – 39-43 бб.
2. Мәжит Б. Қазақ тіліндегі «Отбасы» концептісі және концептілік өріс. – Алматы: «Қазақ университеті» Хабаршысы, 2017. – 114-122 бб.
3. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2008. – 776 б.
4. Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде). – Астана, 2018. – 25 б.
5. Молдағалиев Т. Өлеңдер жинағы. – Алматы: Атамұра, 2005. – 224 б.

ӘОЖ 373.3

Аминова А.М.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ., Қазақстан

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОРФОГРАФИЯЛЫҚ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Тіл мен сөйлеу қарым-қатынас мақсатында тілдік құралдарды пайдалану үдерісі ретінде психолог ғалымдардың ұдайы назарында болып келеді. Сөйлеу механизмдері оның қызмет атқару механизмдері сияқты соңғы уақытта бірнеше рет зерттелінді. Оның ішінде Б.Г.Ананьев, В.А.Артемов, Л.С. Выготский, Н.И.Жинкин, И.Львов, А.Н. Соколов және бірқатар басқа да ғалымдардың жұмысы маңызды болып табылады. Психология ғылымының анықтауынша, адамның сөйлеу тілі оның орналасу және қызмет атқару тәсілдері бойынша екі түрге бөлінеді: ішкі тіл және сыртқы тіл. Сыртқы тіл өз кезегінде жазбаша (екі нысанда: жазу және оқу) және ауызша болып бөлінеді. Жазудың сыртқы (дыбыстық) құрылыммен тығыз байланысы туралы А.Р.Лурия өзінің «жазудың психологиялық-физиологиялық очерктері» кітабында өте сенімді түрінде баяндап өтеді. Ол, әсіресе, жазу үдерісі жай ғана көру түсініктері мен тиісті қозғалтқыш факторлардың байланысынан ғана құралатын жай ғана идеомоторлық акт деп қарастырады. Осы үдерістің құрамына қозғалыс және көру салаларынан тыс жатқан көптеген компоненттер енеді, оған мыналар жатады: міндеттің туындауы (бастапқы ой), ойдың алдын-ала құралуы, есте сақтау және оны ішкі тілдің көмегімен жадыда сақтау, пайда болған ойды фразаның немесе біртұтас мәтіннің тиісті құралымына енгізу [1].

Жазбаша мәтін өздігінен тіл болып саналмайтыны белгілі, ол бар болғаны көзбен көрілетін графикалық сызба. Сондықтан күрделі психологиялық-физиологиялық үдеріс ретінде жазбаша тілдің сипатын дұрыс ұғыну үшін, «әрбір нағыз жазу акінде көзбен көру компоненттері ғана емес, сондай-ақ, есту анализі де қатысып отыратындығын, және жазылатын сөз неғұрлым бізге аз үйреншікті болса, соғұрлым дыбыстық талдаудың көбірек қатысуын қажет ететіндігін» ескеру керек, екендігі белгілі.

А.Р.Лурияның атап өтуінше, жазу үдерісінде артикуляциялар (жазылушы сөзді іштей қайталау) зор рөл атқарады. Олар жазбаша тілдің маңызды құрамдас бөлімі болып табылады. Солай бола тұрса да, кейде естілмейтін ішкі сөз түрінде жасырын күйде пайда бола алады [1].

Жазу үдерісінің дыбысталуы туралы Н.И.Жинкин де өзінің мақаласында атап өтеді. Жазбаша тілді ауызша тілге механикалық тұрғыдан қарсы қоюға қарсылық көрсете отырып, ол былай дей тұжырымдайды: «Интонация жазбаша тілге емес, тек қана ауызша тілге қатысты деген пікір өте қате, ол тілдің дыбыстық табиғаты туралы ережелерге қайшы келеді», -деп есептеді [2]. Н.И.Жинкин өзінің жұмысында «тіл дамыту әдістемесі үшін маңызды болып келетін, жазылуына сөйлемді «интонациялық орнықтыру» деп аталушы ережені ұсынады. Ол ойластырылған сөйлемнің алғашқы сөзін жазғаннан соң-ақ, ақыл-ойда интонациялық орнықтыру мен бүкіл сөйлемнің пішіні анықталады» деп санайды. Оқушылардың өзара байланысатын жазбаша тілін дамытуда Н.И.Жинкиннің тарапынан құрастырылатын мәтіннің ескертпелі синтезі туралы ережесі де ерекше маңызға ие. Ескертпелі синтез ең алдымен қажетті сөздерді таңдай білуде, белгілі бір ойға сәйкес пәндік заттық белгілерді (яғни мазмұн элементтерін) бөле білуде, әлдебір ойда білдіруге барынша жақын келетін синтаксистік құрылымдарды таба білуде қарастырады. Сонымен қатар ескертпелі фразалық синтез үдерісінде предикаттардың (логикалық екпіндердің) интонациялық тұрғыдан бөлініп тұруы маңызды болып табылады деп есептейді [2].

Сонымен қатар, психолог ғалымдардың жазбаша тілге түрлі көрініс күйіндегі оқу үдерісінде де жатқызатындығын атап өту қажет («ішінен оқу, жай оқу, дауыстай оқу»). Осыған байланысты жазбаша тілдің адамның психологиялық-физиологиялық аппаратының кинестетикалық және есту рецепторларымен тиісті байланысу ауқымы барынша кеңейе түседі.

Сонымен, тіл психологиясы бойынша жоғарыда атап өтілген еңбектерге қысқаша шолу жасаудан мынадай қорытынды шығады: оқушылардың жазбаша тілін қалыптастыру үдерісін ешбір жағдайда тілдің дыбыстық табиғатын бақылаудан ажыратып қарауға болмайды. Керісінше, жүйелі түрде, сабақтан сабаққа қарай бұл бақылауларды оқушылардан ауызша тілді тәжірибесімен ғана емес, сондай-ақ жазбаша тілді дамыту мақсатында оқушылар орындайтын алуан түрлі жаттығулармен де байланыстарып отыру қажет.

Лингвистика ғылымында тілдің дыбыстық жағына ерекше көңіл қойылады. Көптеген орыс және кеңес ғалымдары В.А. Богородицкий, А.Л.Шахматов, А.М. Пешковский, В.В. Виноградов, Л.В.Щерба және т.б. тілдің интонациялық құрылымына тікелей және жанама ретте өз еңбектерін арнады. Мектеп оқушыларының орфографиялық сауатын дамыту әдістемесі үшін, стилистикалық синтагманың негізгі бірлігі ретіндегі синтагма туралы ілім өте маңызды болып келеді. Бірқатар ғалымдардың синтагмаға деген көзқарастарын сын тұрғысынан егжей-тегжей талдай отырып, В.В.Виноградов бұл терминге мынадай түсінік берді: «Синтагма дегеніміз - бұл «шындық өмірдің бір бөлшегін көрсететін, берілген хабардың жанды экспрессиясымен интонациясына толыққан семантикалық- синтаксистік тіл бірлігі». Ол сол бір сөздің, сол бір тілдің осыдан басқа да семантикалықсинтаксистік бірліктерімен тығыз мағыналық байланыста тұрады», дей келіп, синтагманың орфографияға қатыстылығын айтады [3,136]. В.В.Виноградовтың ойы бойынша, синтагмалық бөлінуде хабардың нәзік мағыналық және стилистикалық белгілері беріледі. Сондықтан сөйлемді синтагмаларға дұрыс ажырата білу және олардың ерекшеліктерін

дұрыс анықтай білу автордың ой тереңдігіне үңіле білуге, әлдебір айтылған сөздің нәзік мағыналық белгілерін түсіне білуге мүмкіндік береді де, тыныс белгілерді дұрыс қоюға негіз болатынын айтады. Сонымен, синтагма туралы ілімде қандай да бір мәтіннің стилистикалық жетістіктерін ұғыну кілті орын алған. Осы себепке орай тілдік ағымның синтагмалық бөлінуін оқушылардың стильдік сезімін дамыту мақсатында, қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында тыныс белгілерді пайдалану жағын да қарастырады.

Енді оқушылардың орфографиялық дағды қалыптастырудағы ойлау амалдарына тоқталайық. Мектептегі тіл дамыту мен дамытудағы есте сақтау мен ойлау бір-бірімен тығыз байланысты үдерістер, олай дегеніміз, естесактау мен ойлау байланысын зерттеген психолог – ғалым П.П.Блонский есте сақтау үдерісін ойлау үдерісінің өтетін көпір екенін көрсетті. Л.С.Выготский кіші жастағы балалардың есте сақтауын ұзақ жылдар зерттеп, жас баладағы ойлау көбіне есте сақтауға байланысты анықталады деген қорытындыға келген, ол жас баладағы ойлаудың өткенді еске түсірудің, яғни өзінің бұрынғы тәжірибесіне сүйену екенін, ойлаудың есте сақтауға байланысты дамитынын айтты. Жас баладағы түсінік логикалық құрылымға емес, есте сақтауға негізделген, олай болса, есте сақтау, дамыту, ойлау өз кезінде орфографиялық дағдының қалыптасуына игі ықпалын тигізеді [4].

Оқушының оқу үдерісінде таным әрекетіне: қабылдау, есте сақтау, ойлау, қиялдау, зейіннің шоғырлануы, бір қалыпқа түсуі, яғни іштей әрекетке дайындау жатады. Есте сақтауды талап ететін ой амалдарында болатын қабылдаудың толықтығын қамтамасыз ету үшін анализ, синтез, теңеу, салыстыру, нақтылау сияқты белсенді ақыл-ой әрекеті болуы керек. Яғни күрделі сөздерді құрамына қарай талдау, оларды ұқсас тіркестермен салыстыру, емлесін көңіл бөлу, т.б. қабылдаудың сапасын арттырады. Қабылдауды ұйымдастыру заттың бастағы бейнесін, мағлұматтарды тұтастығымен бейнелеу. Кез келген таным үдерісі қабылдаудан басталады. Оқу материалын қабылдаудың маңызды көрсеткіші-ұғыну. Оқу үдерісінде қабылдау ойлану мен түсіну ұғымымен тығыз байланысты жүргізіледі. Таныс затты қабылдау оны тануға саяды. Затты тану арқылы оқушы оның мән-мағынасына игереді, оны белгілі бір топқа жатқызады. Мысалы, қос сөздердің, қысқарған сөздердің емлесі оқушыға таныс, тыныс белгісі қалыптасқан, сондықтан оқушы одан қателеспейді. Таныс емес затты қабылдауда оқушы алдымен оның өзіне таныс жақтарын іздейді. Қандай ерекшелігі бар екенін іздестіре бастайды. Мысалы, сөздерді біріктіріп жазу үшін соған қажетті деректерді іздейді, салыстыралы, белгілі бір ережеге негіздейді. Бұл жерде түсініп қабылдау үдерісі жүреді.

Оқушы материал бойынша негізгі мәселені түсіну үшін, қабылдауды дұрыс ұйымдастыру керек, яғни оқушылардың түсінуіне бір арнаға бағыттау қажет. Ол үшін мұғалім кіріспе сөз және соған сәйкес нұсқауды пайдалануына болады. Мысалы, күрделі сөздердің емлесін оқушы түсінуі үшін, ең алдымен, бірігіп жазылатын сөздерді (біріккен сөздердің түрін) еске түсіріп, қысқаша шолу жасап барып, оқушыларға ережені қайталату тиімді. Қабылдауды ұйымдастырудың тиімді бір жолы – жекелеген фактілерді талдау, көрнекілікке айрықша мән беру, мақал-мәтелдер келтіре отырып нақтылау, ғылыми терминнің мағыналық мәнін ашу. Мысалы, ғылымның әр саласының атауы, терминдері екі-үш сөзден құралса да, бірге жазылатын ерекше түсіндіру оқушының жете түсінуіне мүмкіндік береді. Зейін оқушылардың жұмысқа қызығушылығы негізінде ұйымдастырылады. Жадыда сақтауды ұйымдастыру. Адам негізгі ақпаратты: көзбен көру (визуальды қабылдау), құлақпен есту, түсіну(сезіну) арқылы қабылдайды. Бұл құбылысты психология ғылымында репрезентативті жүйе деп атайды.

Психологтардың тұжырымдауы бойынша, жеткіншек жасындағылардың есту арқылы есте сақтау қабілеті басым. Осыған орай әңгіме, мұғалімнің сөзі, баяндау әдістері әр сабақта қолданылып отырады. Оқушының ақыл-ой деңгейінің дамуын көрсететін оның жадындағы игерген білімі. Есте сақтаудың құрылымы: ақпаратты қабылдау, ойында сақтап қалу, еске түсіру және пайдалану. Бұл құрылымның сапасы есте сақталатын материалдың оқушы үшін мәніне, оқытушының сүйенген нұсқауына, әдіс, тәсіліне тығыз

байланысты. Сабақта мұғалім материалды сөзбе-сөз жаттап және еске түсіруді немес жалпы мағынасын еске сақтауды нұсқайды (ескертеді). Сабақта оқу материалын есте сақтау мұғалімнің басшылығымен іске асырылады. Мұғалім оқушылардың белсенді әрекетін туғызады, материалдың мәнін ашады, арнайы нұсқау береді. Ол үшін әр түрлі жаттығулар орындатады. Есте сақтаудың көлемі ақпараттың санымен анықталады. Мұғалім материалды саралап, есте сақтайтын жерін ерекше нұсқайды. Ақпарат аз болса, есте сақтау жеңіл болады. Сондықтан оқушылардың оқу әрекетін ұйымдастыруда, біріншіден, бұрынғы білетіндерін, екіншіден, жаңа мағлұматтарды, олардың ішінен есте сақтауды қажет ететіндерін анықтауы тиіс. Есте сақтаудың 4 түрі ажыратылады:

- жылдам есте қалдыру;
- қысқа уақытқа есте қалдыру;
- өтпелі есте сақтау;
- ұзақ есте сақтау;

Орфографияны оқыту үдерісінің мақсаты – оқушылардың ұзақ есте сақтауын дамыту. Ақпараттың ең негізгі белгілерін ерекше бөліп көрсету арқылы түсіндіру оқушының есінде ұзақ сақталады. Ақпаратты толық айтып, тезис, аннотация түрінде жинақтауға, тезистен толық талдауға көшу де тиімді болмақ.

Жас баланың есі логикалық құрылымға емес есте сақтауға негізделеді. Сондықтан орфографиялық дағдының психологиялық қалыптасу ерекшеліктерін қарастырайық. «Дағды – бұл ойлаудың қабілеті барысында қалыптасатын, сана-сезімнің автоматтандырылған құрамдық бөлігі». «Автоматтандырылған» термині мен «автоматты» терминін дұрыс ажырату қажет. Автоматтандырылған термині дағдының, бастапқыда белгілі бір ережелер негізінде, содан кейін барып автоматтандыру үдерісіне бейімдейтін іс-әрекет арқылы дағдының қалыптасу тәсілін білдіреді [5].

Мұндай дағды табиғатын психологиялық түсіну, жоғарыда қарастырылған ХІХ ғасыр соңы мен ХХ ғасыр басындағы кейбір шетелдік психологтар мен әдіскерлерге тән механистикалық теориямен ерекшелінеді. Олардың ойынша, (Торндайк, Удтсон, Лаи, Мейман т.б. Педагогтың міндеті – оқушы сөзді дұрыс түсініп, бұл сөз бейнесін қолдың дұрыс қозғалысымен байланыстыру деп есептеген. Мұндай ассоциацияның қалыптасуы сөзді ұғынуды, қабылдауды және оның жазылуын қайталау жиілігіне байланысты дейді. Дағды табиғатын бұлайша түсіну барысында оқушының ойлау, талдап қорытынды жасау қабілеті толығымен теріске шығарылды. Қазіргі уақыттағы «автоматтандырудың» психологиялық теориясы осы сияқты механистикалық көзқарастарға қарама-қарсы көзқарас.

Шындығында Томсон атап өткендей, сауатты адам «қайда қай әріпті қою керектігін» ойламайды. Әрине, бұл білім берудің соңғы нәтижесі, бірақ бұл дағдыны қалыптастыру жолы санасыз болуы керек дегенді білдірмейді. Әрине, дағдыны қалыптастыруды механикалық жолмен жүзеге асыруға болады. Оны К.Д.Ушинский: «Грамматикалық ережелерді пайдаланбай, бірден дұрыс сауатты жазуға дағды алу үшін, ондаған жылдар тоқтаусыз дайын үлгіден көшіруі қажет, бірақ мұндай «промотейді» кез-келген жаңа сөз тығырыққа тірей алады», - дейді. Механикалық жолмен қалыптасқан дағды, емле ережесін қамтымай, әрбір сөздің орфографиясын есте сақтау арқылы қалыптасады. Сондықтан мұндай «промотей»-дің жаңа сөзді кездестіруі, оны есте сақтаудан талап етеді. Яғни, мұндай сананың механикалық жұмысы орфографияны үйреніп білуде балаға тән емес [6].

Психологиялық зерттеулер көрсеткендей, жасы ең кіші оқушылардың өзі жазу барысында, емле ережесінің үйлес жағдайларын жинақтап қорыта келіп, өзі жасаған бақылауға сүйене отырып, жаңа сөздер жазады. Сонымен бірге, егер оқушыға кейбір ережелерді ескертпеген күннің өзінде, олар оны өздері құрып алатынын атап өтуге болады. Әрине, мұндай «ережелер» көбіне қате болмайды және де көбіне балалар не үшін бұлай жазатынына, басқаша жаза алмайтынына есеп бере алмайды. Сондықтан да, жазушы жұмысын өте мұқият зерттеу арқылы осындай «саналы грамматиканы» байқауға болады [7].

Осылайша, орфографияны механикалық жолмен игеру әдістері педагогикаға қарсы және тиімсіз және адамзат санасының табиғатына тән емес. Орфографиялық материалдар ойлау жұмыстарына келесідей мүмкіндіктер береді: ойлау, жүйелеу және талдап қорыту арқылы есте сақтау жұмыстарын жеңілдетеді. Орфографияны саналы түрде оқу, үйрену механикалық жолмен игеруге қарағанда келесідей артықшылықтарға ие болады. Мәселен, «автоматтандырылған» үйренумен ілесе жүретін дағды әрбір басқан қадам сайын, көбінесе қиындықтарда, санаға қайта қалыптасады, қалыптасу барысында алынған дағды, көбінесе қиындықтарда, санаға қайта қалыптасады, қалыптасу барысында алынған дағды, автоматты ғана емес саналы түрде бола алады, автоматтылықпен саналылықтың бірлігі қандай да бір көлемде соның өзінде болады. Мұнымен мұғалім әрбір қадам басқан сайын кездесетіндіктен ешқандай экспериментсіз-ақ орфографиялық дағдының саналық табиғаты туралы айтуға болады. Сөз орфографиясын қарапайым жаттауға негізделген дағды мұндай мүмкіндіктерге ие бола алмайды.

Дағдының саналы қалыптасатынын теріске шығарушы механикалық теориялар, сол арқылы грамматиканы да теріске шығарды. Дағдының саналы қалыптасу теориясы негізгі орфографияның грамматикалық және орфографиялық ережелерін игеруде дағдының саналы даму негізінің құралы екенін көрсетеді. Дағдыланудың қалыптасу механизмі – автоматтандырылған іс-әрекет. Бұл үшін саналы іс-әрекеттің автоматтандыруға қажетті мәселелері анықталады. Мысалы, саналы іс-әрекет деп, саналы түрде меңгерілетін мақсатқа жетуге бағытталған іс-әрекетті айтуға болады. Егер, мысалы, біз қандай да бір орфографиялық жаттығуларды саналы түрде орындағымыз келсе, оқушылар алдына, тек орфографиялық мақсат қою арқылы орындайды. Ал саналы іс-әрекеттің екінші белгісі болып, біз қандай жолмен алға қойылған мақсатқа қол жеткіземіз дегенге мүмкіндік береді. Яғни, орфографияны оқытуда мұғалім оқушыдан нақты орфография туралы ойлап, неліктен бұл емлені басқаша емес, дәл осылай жазғанын түсіндірілетін кезең болып табылады.

Орфографиялық дағды – бұл күрделі дағды. Ол жазу дағдысын, сөздің дыбыс құрылымын талдауды, грамматикалық білім негізінде орфограмманы танып білу, оған қажетті ережені қолдану және орфограмманы дұрыс жазуды қамтиды. Сондықтан бұл шеберлік пен дағды, орфограммалар сипатына тәуелді, және жеке орфограммаларға негізделеді.

Бірақ орфографиялық дағдының қалыптасуы үшін бұл жеке амалдарды орындай білу жеткіліксіз. Дағды табиғатына көптеген жылдар бойы зерттеу жүргізген Е.В.Гурьянов бұл туралы былай деді: «Жеке іс әрекеттерді жеке бөліктерге бөлу жеке іс әрекеттерді орындауда қандай да бір бөлшегін жетілдіру ғана емес, ең алдымен және ең бастысы сәйкестендіру үшін, одан кейін жеке іс әрекеттердің барынша күрделі іс әрекеттің орнын басуды қамтамасыз ету үшін қажет» [8].

Педагогика үшін дағды табиғатын бұлай түсінуден келіп, аса маңызды нәтиже келіп шығады: егер оқу барысында барынша күрделі іс әрекеттерді дағдыға айналдыру қажет болса, жеке іс-әрекеттерді туындатып жекелеген жаттығулармен қанағаттануға болмайды. Егер, мысалы, біз бастауыш сынып оқушыларына буын құраудағы дауыстыларды үйрету үшін, алдымен сөздегі дауысты дыбысты жекелеп табуға, содан соң бір тектес сөздерді теріп жазуға үйретеміз, олай болмаған жағдайда оқушылар бұдан кейін буын құрайтын дауыстылар ережесін бірден қолдануға, немесе осы екі ептілік дауысты дыбыс, буын құрау немесе шеберлікті біріктіру қажет болғандықтан қиналады. Өз бетінше жазуға көшу барысында, оқушылардың жазба жұмыстарында орфографиялық қателердің көптігін байқауға болады. Мәселен, өз ойын жазба түрінде білдіруде орфографиялық ережені сақтамағандықтан, орфографиялық нормалар бұзылады. Өйткені, мұны бірте-бірте игеру қажет, яғни әрбір жеке орфографиялық ережелер немесе анықтамалар оқушылардың шығармашылық жұмыстарында қолданылатын жаттығуларды ұсыну арқылы бірте-бірте игертіледі.

Мұндай сәйкестендіру барысында жүретін өзгерістерді кейбір психологтар былайша түсіндіреді. Жекелеген іс-әрекеттер ойлану барысында оқушылардың іс-әрекетінің мақсаты болып табылады: осы мақсатқа қол жеткізу үшін олардың бар назары шоғырланады. Егер баланың санасы басқа жаңа мақсатқа қол жеткізу бағыттамасы (мысалы өз ойын жеткізу) ол да баладан шығармашылық күшті қажет етеді. Онда бірінші әрекет қосалқы іс-әрекетке көшіп, бірте-бірте оқушылардың назарын жаңа мақсаттан аудару және автоматтану әрекеті қалыптасады. Мәселен, оқушы дағдыға ие болу үшін А.Н.Леонтьев мынадай пікір айтады: «Оқушының алдына мұндай жаңа мақсатты қою, дәл мұндай нақты жағдайда ол әрекет басқа іс-әрекеттің орындалу әдісі болып кетеді. Басқаша айтқанда, нақты осы іс-әрекеттің мақсаты, жаңа мақсатқа талап етілген іс-әрекет шартына айналуы қажет ретінде анықталады» [7]. Ал біздің келтірген мысалымызда қосалқы әрекет түрі орфография болса, ал бастапқы мақсат болып шығармашылық жазу болып табылады.

Дағды қалыптасу үшін ереже бойынша барлық іс-әрекет қандай да бір жаңа мақсатқа қол жеткізуде тек қосалқы рөл атқаруы тиіс. Егер осындай жағдайларда дағды бұзылмайтын болса, оның беріктігіне сенім арта беру қажет; егер мұндай сынға шыдай алмаса, онда санаға қайта әрекет еткізу керек, яғни жекелеген орфографиялық іс-әрекеттермен жұмыс істеу арқылы білім алуды ары қарай жалғастыру қажет. Осы бағытта орфографиялық сауаттылықтың әдістері туралы әдістемелік мәселелерді шешуге болады. Мысалы, диктант – бұл оқушылар алдына ешқандай жаңа мақсат қоймайтын, таза орфографиялық жұмыс. Шығарма – өз ойын жеткізу сияқты жаңа мақсат қояды. Мұнда оқушылардың орфографиялық әрекеттері, қосалқы әрекеттер болып қалады. Сондықтан шығарма (өзіндік шығармашылық жазудың кез келген түрі) орфографиялық дағдының қаншалықты қалыптасқанын көрсете алады.

Сонымен, орфография туралы айтатын болсақ, онда мұндай мәселелер жазба тәжірибесінде ережелерді қолдануды үйретеді және мұнда қандай да бір сөздің қайталануы емес, қандайда бір ереженің әртүрлі сөз бен сөйлемге қолданылуы қайталауы. Сондықтан мұнда орфографияны қайталау, негізінде теориялық білімді жазба тәжірибесінде қолдану болып табылады. Сондықтан, психологиялық жағынан алғанда жаттығу үдерісіндегі қайталау бастапқы іс-әрекет нәтижесін білу, қайталауды бұрынғы іс-әрекетпен салыстыру, олардың дұрыстығын бағалау, мәселені нақтылау, міне осылардың барлығы орфографияны игеруге негіз болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Лурия А.Р. Жазудың психологиялық-физиологиялық очерктері. – Алматы, 1990.
2. Жинкин Н.И. Развитие письменной речи учащихся 3-4-классов. – М., 1995. – 116 с.
3. Виноградов В.В. Русский язык. – М., 1972. – 273 с.
4. Выготский Л.С. Собр. сочинений в 6-ти т. – М., 1983.
5. Жолымбетов Қ. Қазақ орфографиясын игерудің негіздері. – Алматы, 1995. – 144 б.
6. Ушинский КД. Родное слово. Собр. соч. – Т 6. – М., 1949
7. Леонтьев А.Н. Речь и общение (общая психология). – М., 1971.
8. Гурьянов Е.В. Психологические основы упражнений при обучении письму. – М., 1968.

**БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ЖАҢА МАТЕРИАЛДЫ САПАЛЫ МЕНГЕРТУ
ЖОЛДАРЫ**

Замануи білім беру үдерісінде оқыту мен тәрбиелеудің жолдары, әдіс-тәсілдері қоғам дамуымен қарыштап, жаңаша бағытта іске асырылуда. Оқытуда жаңа педагогикалық үрдістер, озық технологиялар пайда болуда. Оқытудағы бұл үрдістер жеке тұлғаның қалыптасуына үлкен ықпал етеді және осы тәжірибені мұғалімнің өзінің игеруі, білімін жоғарылатуы, әлемдік озық үлгіден тәжірибе жинақтауы өте маңызды.

Қазіргі білім беру оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, жаңа инновациялық педагогикалық технологияны меңгерген, психологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, кәсіби даму жолында өзіндік қолтаңба қалдыруға икемді, шығармашыл, мобильді, педагог зерттеуші, ойшыл мұғалім болуын талап етіп отыр. Мектепте мемлекеттік білім стандартын жүзеге асыру негізінде оқыту үрдісін тиімді ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны тәжірибеге енгізу, критериялды бағалауды жолға қою, ақпараттық коммуникативтік технологияны меңгеру секілді тың әрекеттер қолға алынуда. Осы бағытта мұғалімдердің білім жетілдіру курстарынан өту арқылы білімін жетілдіру маңызды болып отыр. Сондықтан, оқу-тәрбие үрдісінде жаңа оқыту технологияларын енгізу арқылы оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып, өз бетімен ізденуге, шығармашылық еңбек етуге жол салу ісі, яғни қазіргі таңда сабақ түрлерін түрлендіруге, қолданылатын көрнекіліктердің формаларына өзгеріс ендіру әдіс-тәсілдердің жаңаруымен тікелей байланысты [1].

Білімнің бастауы – бастауыш. Бастауыш білім – бұл оқушы тұлғасы мен санасының қалыптаса бастайтын, жаңа білімді игеруге қызығушылығы оянатын кезең. Бастауыш мектеп – оқушыны тұлға етіп қалыптастырудың алғашқы баспалдағы. Сондықтан бастауыш буында оқытылатын материал, берілетін ресурс зерттелген, тиімді әрі пайдалы болу керек. Әсіресе, бастауыш сыныпта жаңа білімді игеруге үлкен мән берілу керек. Бұл кезеңде жаңа материалды меңгеруде мұғалімнің алатын орны зор. Себебі бұл кезеңде оқушылардың өзбетімен жұмыстану, білімді өздіктерінен меңгеру дағдылары қалыптаса қоймайды.

Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша қазақ тілі мен әдебиеттік оқу пәндерінің әдістемесі, оқыту құралдарының өзіндік ерекшеліктері бар. Бастауыш мектепте «Қазақ тілі» пәнін оқыту мақсаты [2] – сөйлеу әрекетінің түрлерін: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды дамыту арқылы тіл туралы бастапқы білімді меңгерту және оны тілдік нормаларды сақтай отырып, оқу әрекеті мен күнделікті өмірде қолдану болса, «Әдебиеттік оқу» пәнінің мақсаты – бастауыш сынып білім алушыларының көркем шығарманы сезіммен қабылдауы, түсінуі, санасында қайта жаңғырта алуы және шығармадан қабылдағанын өзінің шығармашылық әрекетінде жүзеге асыруға ұмтылуы арқылы функционалдық сауаттылығын қалыптастыру [3].

Сабақта жүргізілетін жұмыс түрлері осы мақсаттар негізінен өрбуі керек. Бүгінгі зерттеуімізге арқау болып отырған бастауышта жаңа материалды сапалы меңгеру жолдарына тоқталар болсақ, өз тәжірибемізге сүйеніп, жаңа материалды сапалы меңгерудің бірнеше тиімді жолдарына тоқталуға болады.

Жаңа материал – сабақтың тақырыбы мен оқу мақсатына сай оқушыға берілетін жаңа білім. Жаңа материалды мұғалімнің түсіндіруінсіз, тек нұсқаулығы арқылы меңгерту жолға қойылып жатқандықтан, жұптық, топтық жұмыс түрлері тиімді болады. Бастауыш буында оқушылар жаңа материалды игеруде толық өзбетімен жұмыстанбай, мұғалімнің нұсқаулығы мен қолдауына жүгінеді.

Қазіргі қазақ тілі мен әдебиеттік оқу сабақтарында жаңа материал тыңдалым және оқылым тапсырмалары арқылы беріледі. Тыңдалым және оқылым арқылы қабылдаған жаңа материалды айтылым және жазылым тапсырмалары арқылы бекітіп отырады. Сабақта жаңа материалға бірден кіріспес бұрын, оқушының бұл туралы осыған дейінгі білімін, түсінігін анықтап алу маңызды. Сондықтан жаңа материалды «Миға шабуыл», «Талқылау сұрақтары», «Ой қозғау», «Топтастыру», «Болжау», «Т кестесі» тапсырмалары арқылы бастаған дұрыс болады. Бұл тапсырмалар тыңдалымалды, оқылымалды тапсырмасы деп те аталады. Мысалы, 2-сыныптағы «Менің туған өлкем» тарауы бойынша жаңа материалды бастамас бұрын суреттер арқылы тақырыпты, тарауды болжатуға, жалпы түсінік қалыптастыруға болады.



«Суретте не бейнеленген?», «Бұл суреттердің біздің тақырыбымызға қандай қатысы болуы мүмкін?» деген сұрақтар қою арқылы жаңа тақырыпқа болжам жасап, оқушылардың түсінігін қалыптастырамыз. «Менің туған өлкем» [4] тарауы аясында «Лепті сөйлем» жаңа материалы оқытылады. 2-сынып оқушысына ереже арқылы лепті сөйлемді түсіндіру жеткіліксіз болатыны сөзсіз. Қызығушылық ояту және түсінік қалыптастыру үшін «Артығын тап» ойынын ұсынуға болады.

«Артығын тап»:

Құттықтаймыз
Сәлеметсіз бе
Атыңыз кім
Қош келдіңіздер

Біздер келдік
Анам келеді

Балапан
Аққу

Алақай

Бұл тапсырмада оқушылар әр қатардағы лепті сөйлемдерді анықтайды. Басқа сөздерден қандай айырмашылығы бар екенін түсіндіреді. Оқулықтағы лепті сөйлем ережесін оқып, «Құттықтаймыз», «Қош келдіңіздер», «Алақай» сөздерінің адамның көңіл-күйін білдіріп тұрғанын бірге талқылап, тыныс белгісін қою. Тыңдалым мәтін ретінде оқулықтағы Мұзафар Әлімбаевтың «Алақай мен қалақай» өлеңін мәнерлеп оқып, осы өлеңдегі баланың қуанышын білдіретін сөздерді табу. Алғашқы тапсырма арқылы лепті сөйлемнің білдіретін мағынасын білгендіктен, тыңдалым мәтіндегі лепті сөйлемдерді оңай таба алады.

Осы тарау аясында «Су – тіршілік көзі» тақырыбын оқылым тапсырмалары арқылы меңгертуге болады. Мәтіндегі ақпаратты толық түсіну үшін «Айтылмаған ақпаратты тап», «Ақпараттарды ретімен орналастыр» тапсырмаларын ұсынуға болады. 1-тапсырмада оқылым мәтіні бойынша 4 ақпарат ұсынылады, оның екеуі мәтінде айтылған. 2-тапсырмада оқылым ақпараттары ретсіз беріледі, оқушылар мәтін бойынша ретімен орналастырып, ақпараттарды жүйелі ұсынады. Оқушылар айтылмаған ақпаратты табу және ақпараттарды ретімен орналастыру арқылы өздерінің мәтінді қаншалықты жақсы түсінгендіктерін көрсете алады. Сонымен қатар, бұл тапсырмалар бастауыш сынып оқушылары үшін қызықты, баланы зеріктірмейді. Бұл тапсырмаларды тек оқылым үшін емес, тыңдалым мәтіндері бойынша да беруге болады.

1-тапсырма.

Ақпарат	Айтылған	Айтылмаған
Су қоршаған ортада көп таралған.		
Минералды сулар адам ағзасына пайда әкелмейді.		✓
Су тазалықты жақсы көреді.		
Қарапайым суларды шипалы су деп атайды.		✓

2-тапсырма (ақпараттардың дұрыс ретін бос тұрған қатарға жаз) [5].

Тазалық сақтау	
Өмір негізі	
Судың пайдасы	

Әдебиеттік оқу пәні бойынша жаңа материалды сапалы меңгерудің тиімді жолдарының бірі – ментальді карталар. Ментальді карталар (майндмэппинг, mindmapping) – бұл ойлау қабілетін қалыптастырудың ерекше әдісі емес, ол нағыз қарапайым әдіс, ақпараттың үлкен көлемін есте сақтауға мүмкіндік беретін ойлау қабілетін дамытудың және баламалы жазбаның ыңғайлы әрі тиімді техникасы. Ментальді карталар тек идеяны тудыру, визуализациялау, құрылымдау, саралау үшін ғана емес, сондай-ақ, қандай да бір мақала жазуда тапсырмаларды орындауды, ұйымдастыруды үйрену, шешімдерді қабылдау құралы ретінде де қолданылады [5].

Ментальді картаның пайдаланылу ауқымын одан да нақтырақ ашып айтатын болсақ:

- оқу үдерісін ұйымдастыру;
- уақытты дұрыс үйлестіру;
- жаңа материалды жинақтау;
- жаңа білімді жүйелі ұсыну;
- есте сақтау;


4-сыныпты «Әдебиеттік оқу» пәні бойынша «Қаһарман қыз - Хиуаз» шығармасының мазмұнын, сюжетін меңгерту үшін «6 сұрақ» ментальді картасын қолдануға болады [6]. Шығарма мазмұнымен таныса отырып, ментальді картаны толтырып, шығарманың маңызды тұстарын оңай әрі тез есте сақтай алады.

«6 сұрақ»

Қандай оқиға орын алды?	
Кімдер қатысты?	
Қашан?	
Қайда?	
Неге бұндай жағдай орын алды?	
Шешімі қалай болды?	

Осы сұрақтарға шығарма бойынша жауап беру арқылы бір сабақ аясында үзіндінің толық мазмұнын меңгеріп, детальді ақпаратты еске сақтап аламыз. Ментальді картада берілген сұрақтардың мазмұнын мұғалім өзінше өзгертіп, сұрақ қосып немесе алып тастай алады. Сұрақтарды күрделендіріп немесе қарапайым үлгіде беруге де болады. Ең бастысы, оқушылардың жас ерекшелігіне сай болуы шарт. Ментальді карта жеке, жұптық, топтық жұмыстар үшін өте тиімді. Бағалауға да ыңғайлы.

Әдеби шығарманы меңгертуде кейіпкер бейнесін талдау, кейіпкер образын ашу маңызды болып саналады. Кейіпкер бейнесімен жұмыс барысында қолдануға болатын ментальді карталар сабақта ұтымды жүзеге асады, оқу мақсатына жетуге қызмет етеді.



Бастауыш буындағы «2.6 Кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалау» оқу мақсаты аясында суреттегідей ментальді карта оқушыларға қызықты әрі түсінікті болады.

Кез келген көркем шығарманың кейіпкері туралы жаңа ақпаратты оқушылармен шығармадан бірге табу арқылы жан-жақты талдау жасалады. Жазуға арналған ұяшықтарға кейіпкердің *сыртқы келбеті, мінезі, жағымды қасиеті, жағымсыз қасиеті, шығармадағы рөлі, өмірлік ұстанымы, іс-әрекеті* деп жазып, толық кейіпкер образын аша аламыз. Бұл картаны да оқушылар топта, жұпта толтыру арқылы бірлесіп оқу дағдысын қалыптастырады.

Ментальді карта арқылы біз сыныпта жаңа материалды бірлесіп меңгеру, уақытты үнемдеу, білімді жүйелі әрі жинақы игеру дағдыларымызды дамытамыз.

Жаңа материалды сапалы меңгерген оқушының оқу жетістігі жоғары көрсеткішке ие болады. Сол себепті бастауыш сынып оқушысына жаңа материалды сапалы әрі қызықты етіп меңгерту жолдарын анықтау – қазіргі мұғалімдерге қойылып отырған басты талап.

Бастауыш сынып оқушыларын оқытуда белсенді оқу әдістері басшылыққа алынады. Сондықтан әрбір бастауыш сынып мұғалімі оқытудың белсенді әдіс-тәсілдерін, сабақтың құрылымын, әдіснамалық негіздерін толық меңгеріп, өз іс-тәжірибесінде шығармашылықпен қолдана білуі тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ерғожаева В. *Бастауышта дамыта оқытудың тиімділігі // Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы.* – 2015. – 112 б.
2. *Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде).* – Астана, 2018. – 25 б.
3. *Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4-сыныптарына арналған «Әдебиеттік оқу» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде).* – Астана, 2018. – 25 б.
4. *Қазақ тілі оқулығы. 2-сынып,* – Алматы: Атамұра, 2017. – 128 б.
5. Туленова Ұ.Т., Уразова Г.Т. *Ойын технологиясы бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын қалыптастыру құралы // Х.Досмухамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің Хабаршысы,* – 2016. – 77 б.
6. *Әдебиеттік оқу оқулығы. 4-сынып.* – Алматы: Алматыкітап, 2019. – 136 б.

УДК 374.3

Куанышева М.С.

*Западно-Казахстанский университет имени М.Утемисова,
г. Уральск, Казахстан*

К ПРОБЛЕМЕ ПРЕВЕНЦИИ АСОЦИАЛЬНОГО ПОВЕДЕНИЯ ПОДРОСТКОВ В УСЛОВИЯХ ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ШКОЛЫ

Проблема асоциального поведения учащихся является одной из наиболее актуальных проблем педагогической и психологической науки, решение которой связано с определением концептуальных позиций в профилактической и предупредительной деятельности учителя.

Республика Казахстан как независимое государство уже 30 лет идет по пути стремительного развития и прогресса. Вместе с тем, отмечая успехи рыночной экономики,

повышение значимости культурных и социальных ценностей, а также уровня жизни граждан Казахстана, приходится констатировать наличие проблем морально-нравственного характера поведения граждан, особенно у подрастающего поколения. Известно, что благосостояние здорового общества зависит от подрастающего поколения, его интеллектуального, психического и физического развития. Любое государство, занимающееся предупреждением асоциального поведения молодежи, заботится о своем будущем.

В современное время термин «асоциальное поведение» рассматривается в связи с девиантным поведением, как одна из его частей. В частности, Ж.Годфруа асоциальное поведение определяет, как неспособность устанавливать прочные социальные связи, нежелание придерживаться принятых норм, отсутствие чувства вины за самые предосудительные поступки. Асоциальное поведение - отклоняющееся поведение, которое включает в себя систему поступков или отдельные поступки, противоречащие принятым в обществе правовым или нравственным нормам.

Раскрывая понятие «асоциальное поведение» можно выделить его виды:

- Агрессивное: драчливость, жестокость по отношению к другим, вербальная агрессия, злословие, рукоприкладство, оскорбления и др.
- Аморальное: лживость, сквернословие, клевета, ябедничество, непослушание и др.
- Делинквентное: мелкое воровство в транспорте, мелкое хулиганство, незначительное хищение продуктов в магазине и на рынке, драки без нанесения тяжких телесных повреждений, нарушение порядка в общественных местах и др.
- Криминальное: мошенничество, кража, вымогательство, вандализм, насилие, шантаж, коррупция и др. [1, с. 23]

Асоциальное поведение характеризуется нарушениями социализации, социально-педагогической запущенностью, десоциализацией. Источником асоциального поведения является совокупность объективных и субъективных факторов, детерминирующих неприспособленность человека к конкретным условиям социально-полезной деятельности (его дезадаптацию). В системе образования асоциальное поведение и кондуктивные расстройства обычно обозначаются термином «социальная дезадаптация». Дезадаптация влечет отчуждение человека от социально-позитивных связей и отношений, и как следствие ведет его десоциализацию. Десоциализация неразрывно связана с деморализацией, одним из выражений которой является трудновоспитуемость. Та или иная степень деморализации лежит в основе асоциального поведения.

К диагностически значимым показателям асоциального поведения несовершеннолетних И.Л.Первова относит следующий комплекс проявлений десоциализации:

1. Отсутствие положительно ориентированных жизненных планов и профессиональных намерений;
2. Несознательность и недисциплинированность по отношению к учебной деятельности;
3. Отсутствие разнообразия и глубины полезных интересов;
4. Неадекватное отношение к педагогическим воздействиям;
5. Неспособность критически в соответствии с нормами морали и права оценивать поступки окружающих;
6. Отсутствие самокритики, навыков самоанализа;
7. Невнимательное, нечуткое отношение к окружающим, неспособность к эмпатии;
8. Восприимчивость к дурному влиянию, несамостоятельность, пассивность перед трудностями;
9. Отсутствие внешней культуры поведения (в одежде, речи, манерах);
10. Наличие дурных привычек и пристрастий (алкоголь, наркотики, никотин, нецензурные выражения и т.п.)

Начиная с 80-х годов прошлого века и по настоящее время, в концептуальных положениях научных исследователей изучали проблему превенции асоциального поведения Горшкова Е.А., Дубровина И.В., Минияров В.М., Ельцова В.А., Нелидов А.Л., Щелина Т.Т. и др.

Казахстанские ученые-психологи Ж.И. Намазбаева, Л.С. Пилипчук, С.Ж. Омирбекова, Л.О. Сарсенбаева, Т.М. Шалгимбаев, К.М. Арымбаева и др. исследовали личность подростков с различными свойствами и отклонениями в развитии и поведении.

Единственно крупным научным исследованием в Казахстане, выполненной в психолого-педагогическом аспекте, является докторская работа Акажановой А.Т. «Психолого-педагогическая коррекция девиантного поведения несовершеннолетних» (2009).

Однако до настоящего времени в Казахстане не рассматривались педагогические условия превенции асоциального поведения старшеклассников. Научная проблема вытекает из противоречия между требованиями общества к профилактике асоциального поведения старшеклассников и недостаточным теоретическим и педагогическим обеспечением учебного процесса в общеобразовательной школе.

В Казахстане молодые люди совершают около 60% всех преступлений. По анализу статистических данных Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан за три года (2012, 2013, 2014 гг.) наблюдается в целом снижение количества преступлений, совершенных несовершеннолетними (с 4670 в 2012 г. до 3558 в 2014 г.). Положительный эффект в том, что такая динамика наблюдается на фоне увеличения количества зарегистрированных преступлений в целом по стране — с 84741 до 100331 соответственно.

В последние годы наблюдались периоды спада, роста, относительной стабильности преступной деятельности несовершеннолетних. За январь–апрель 2020 в Казахстане к уголовной ответственности привлекли 655 несовершеннолетних, что на 31,3% меньше, чем годом ранее (954 случая). Если говорить о возрасте привлеченных к уголовной ответственности несовершеннолетних, то 82,6% из них достигли 16-17 лет, еще 17,4% — 14-15 лет. Из общего количества привлеченных к уголовной ответственности несовершеннолетних было всего 60 девушек (в январе–апреле 2019 — 59 девушек). [2]

Несмотря на общие положительные тенденции, наблюдаемые в динамике преступности несовершеннолетних в стране, в последние годы наблюдается рост числа насильственных преступлений (убийств, изнасилований, случаев причинения тяжких телесных повреждений, средней тяжести телесных повреждений, хулиганства, разбойных нападений и грабежей), а также таких сложных с точки зрения из их механизма такие преступления, как экономические преступления и мошенничество; рост показателей регистрации таких опасных преступлений, как умышленное уничтожение имущества, угон транспортных средств, незаконное ношение и хранение оружия, также весьма заметен.

Растущая частота преступлений, совершаемых подростками в образовательных учреждениях, требует особого внимания. [3] В то же время правонарушения становятся все более жестокими и агрессивными. Об этом свидетельствуют случаи применения холодного и огнестрельного оружия, произошедшие в школах России и за рубежом за последние несколько лет. [4]

Анализируя понятие «асоциальное поведение», Н.В. Перешина говорит о том, что оно рассматривается либо как одна из частей девиантного поведения, либо в контексте с ним, либо как синонимичное понятие. [5, с. 216]

Асоциальное поведение подростков - это поведение, которое противоречит социальным нормам. Чувство взрослости приводит к завышенному уровню притязаний, эмоциональность становится неустойчивой, отмечаются резкие колебания настроения. На этот же возраст приходится наиболее выраженное упрямство. Старшие подростки ищут свое место в жизни, их волнует право на самостоятельность. Чувствительность и неуверенность в своих силах сочетаются с чрезмерной самоуверенностью и категоричностью.

Превенция асоциального поведения в общеобразовательных учреждениях должна осуществляться как можно раньше, с целью предотвращения асоциального поведения учащихся. Сложившаяся ситуация свидетельствует о сохранении высокой степени социальной опасности подростковой преступности, что требует немедленного реагирования в области превенции асоциального поведения, а именно необходимости разработки логически структурированных концептуальных ориентиров в контексте теоретико-методологических разработок и создания на их основе модели превенции об асоциальном поведении учащихся общеобразовательных учреждений.

Превенция включает в себя умение формировать упреждающие способности субъектов образовательной деятельности с целью прогнозирования направления поведения учащихся с асоциальным поведением. Реализация личностно-ориентированного подхода позволяет определить предрасположенность к асоциальному поведению студентов благодаря выявленным социально-типологическим особенностям студентов.

Асоциальное поведение старших школьников является результатом проявления агрессивной черты личности из-за неудовлетворенных потребностей: лишения потребности в признании, самоутверждении, доминировании, высоком социальном статусе – что вызывает неадаптивные защитные механизмы.

Углубленное знание субъектами образовательной деятельности социально-психологической типологии детей, возможных ожиданий в проявлении социально-психологических характеристик в различных жизненных ситуациях, требующих от них совершения нравственных поступков, становится ядерным образованием для превенции асоциального поведения.

Психологическая поддержка в общеобразовательной школе по превенции асоциального поведения учащихся возможна благодаря глубоким теоретическим знаниям учителя об индивидуально-типологических и социально-психологических особенностях своих учеников (характер, темперамент, способности, уровень образования, воспитанность, потребности, интересы, мотивы, жизнь планы), их прошлое, настоящее и будущее, которые служат основой для прогнозирования и выступают фундаментом для проектирования и принятия решений о педагогическом воздействии на учащегося с целью предотвращения асоциального поведения.

Таким образом, решающим фактором в предрасположенности к асоциальному поведению являются индивидуально-психологические особенности личности, в частности, характер учащегося, поведение которого является лишь результатом. Возможность принятия оптимальных мер педагогического воздействия с учетом индивидуально-типологических особенностей личности учащегося является одним из приоритетных направлений концептуальных основ модели превенции асоциального поведения учащегося.

Список литературы

1. Реан, А. А. (2018). Профилактика агрессии и асоциальности несовершеннолетних. *Национальный психологический журнал*, 2(30). – С.3-12.
2. Информационный сервис Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан [электронный ресурс]. – <http://service.pravstat.kz/portal/page/portal/POPPageGroup/Services/Pravstat>
3. Дозорцева Е. Г., Ошевский Д. С. и Сыроквашино К. В. Психологические, социальные и информационные аспекты нападения несовершеннолетних на образовательные учреждения. *Психология и закон*, 2020. – С. 97-110.
4. Стрельба в школе в Московской области. (2017) [электронный ресурс]. – <http://www.schol-shooting.org/attacks>
5. Перешина Н.В. Девиянтный школьник: профилактика и коррекция отклонений. – М.: «Творческий центр», 2006.

Ильясова Г.Ш.

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
Орал қ., Қазақстан*

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АКСИОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Қазақстан Республикасында білім мен ғылымды дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған тұжырымдамасында «Білім берудің мақсаты - жылдам өзгеріп отыратын дүние жағдайларында алған терең білімнің, кәсіби дағдыларының негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті, дені сау жеке тұлғаны қалыптастыру керек» делінген. Жоғарыда аталған қағидаларды ұстана отырып, Қазақстанда ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды, тарихи тәжірибелерді, сан ғасырлық мәдени ұлттық дәстүрлерді ескере отырып, қазіргі білім мазмұнын жаңғыртуда, жаңа талаптар қоя отырып ұлттық рухта болашақ ұрпақты тәрбиелеу керек деп санаймыз.

Ұлттық құндылықтар дегеніміз халқымыздың ұлттық бет-болмысын, ерекшелігін көрсететін мәдениеті, өнері, тілі. Еліміз тәуелсіздік алғалы бері ұлттық құндылықтарымызды дамыту, жаңғырту бағытында келелі жұмыстар атқарылуда. Ғасырлар бойғы ата-бабамыз сақтап келген ұлттық жәдігерлерімізді ұрпақ тәрбиесіне пайдаланып, мақтан тұту аса маңызды.

Бүгінгі ғаламдану процесінде ұлттық құндылықтарды сақтау мен өзінің бет-бейнесін, ізгі дәстүрлерін сақтау жолындағы күрес ұлттық сананы сақтау күресі екенін түсіне отырып, ұлттық тәрбие деп жеке тұлғаның ұлттық сана сезімі мен мінез-құлқының ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт-дәстүрлерді меңгеруі негізінде қалыптасуын айтамыз.

Ұлттық құндылықта білім мен тәрбие берудің басым бағыттарының бірі тәрбие жұмыстарының әлеуетін күшейту болып табылады. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында ұлт Көшбасшысы: «Бала тәрбиелеу – болашаққа ең үлкен инвестиция. Біз бұл мәселеге осылай қарап, балаларымызға жақсы білім беруге ұмтылуымыз керек», - деп көрсеткен болатын.

Оқушылар бастауыш сыныптан бастап халқымыздың мәдени мұраларын халқымыздың әлеуметтік, тұрмыстық дәстүрлерін танып білу арқылы туған елінің, ұлтымыздың өзіндік ерекшеліктерін, халқымыздың мәдени мұраларын қастерлеп сақтай білуге оқып үйренеді. Бұл адамзаттық құндылықтарды бастауыш сынып оқушыларының бойына оқылатын пәндерді аксиологиялық бағдарлы оқыту арқылы дарытуға болады. Әдебиеттік оқу, қазақ тілі, математика, дүниетану, музыка, көркем еңбек т.б. пәндерді аксиологиялық бағдарлы оқытудың басты мақсаты – оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырып қана қоймай, олардың рухани дүниесін байыту, ізгілікті-елжанды дара тұлға тәрбиелеу.

Аксиология ұғымына түсінік беретін болсақ, шетел сөздерінің сөздігі аксиологияны *axios* – құнды + *логия* – құндылықтар туралы философиялық ілім деп түсіндіреді.

Құндылықтар мәселесін зерттейтін ілім аксиология деп аталады. Ол – құндылықтар теориясы болып табылады. Аксиологиялық құндылықтар табиғаты, олардың реалдықтағы орны және құндылықтар әлемінің құрылысы жеке тұлғасының құрылысымен байланысты.

Бұл идеяны жүзеге асыру үшін мектептерде мақсатты түрде тәрбие жұмыстарын жүргізу, сонымен қатар барлық оқу пәндерінің тәрбиелік мәнін күшейту қажет. Оқытылатын пәндер рухани-адамгершілік қасиеттері мен білім алушылардың патриоттық сезімдерін қалыптастыруға, қазақстандық отаншылдық пен азаматтық жауапкершілік,

ұлттық сана-сезім мен толеранттылық, Қазақстанның этникааралық жағдайда қарым-қатынас жасай білуіне бағытталуы тиіс.

Білім беруді жаңарту «Мәңгілік Ел» идеясына сәйкес оқу-тәрбие үдерісін оқушылардың патриотизмін, мораль және адамгершілік нормаларын, ұлтаралық келісім мен төзімділігін, физикалық және рухани дамуын, заңды құрметтеуін қалыптастыру міндетін алға қояды. Белгіленген бұл құндылықтар жалпы оқу-тәрбие жұмысының негізі, бастауыш мектепте оқытылатын пәндердің арқауы болуы тиіс. Сондықтан ұстаздарымыз күнделікті кез келген пәнді оқыту барысында әрбір сабақта «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқушылардың бойына сіңіруді естен шығармағаны жөн.

Осы міндеттерді жүзеге асыру мақсатында бастауыш сыныпта әдебиеттік оқу, қазақ тілі, дүниетану, математика, еңбекке баулу, бейнелеу өнері пәндерін оқытуда басым мақсаттарды басшылыққа аламын.

Берген білім мен тәрбиемізден не күтеміз?

Қандай нәтиже шығады?

Оны қалай жүзеге асырамыз?

Деген сұрақтарға жауапты 1-4 сыныпта оқыту мен тәрбиелеу арқылы табамыз.

Әдебиеттік оқу пәні – бастауыш сынып оқушыларының ауызша және жазбаша тілін дамытуды, яғни сөздік қорын байытуды, байланыстыра және грамматикалық тұрғыдан жүйелі сөйлеуге үйретуді, сөйлеу мәдениетін қалыптастыруды көздейді. Ұлттық тәрбие, рухани-мәдени құндылықтар, ана тілі және қазақ халқының салт-дәстүрі негізінде сусындаған жеке тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді. Адамның ішкі рухани жан дүниесі байлығын ашуға, адамгершілікке тәрбиелеуге, тілі мен қиялын дамытуға мүмкіндік береді. 2-4 сыныптарда берілген тақырыптар ата-ананы құрметтеуге, елін-жерін сүйуге, отансүйгіштік қасиеттерін оятады. Нақыл сөздерді, шешендік сөздерді талдауда негізі ойды табу, өмірде қолданысқа енгізуге дағдыларын қалыптастыру көзделеді. Үш жүздің билерінің астарлы шешендік сөздерінің негізгі идеясын меңгерте отырып, Жоңғар шапқыншылығы кезіндегі халық басына түскен ауыртпалық, елі, жері үшін күрескен, бір тудың астында бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарған батыр ата-бабаларымыздың ерліктері мен тауып айтылған шешімдерін балаларға ұғындырып отырамын. Балаларды шыншылдыққа, әділдікке тәрбиелеу маңыздылығы басты ұстанымым. Баланы әу бастан дау-жанжалдардың ақ-қарасын аша білуге үйрету. Өз шешімін анық айтуға тәрбиелеу.

Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин, Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев, Мұхтар Әуезов, Мұқағали Мақатаев, Төлеген Айбергенов шығармалары арқылы оқушы бойына жетіспейтін қасиеттерды дарытамыз. Тек оқулықпен ғана шектелмей, іздену арқылы өздеріне қажетті материалдарды өз бетімен ізеніп, тауып алуға тапсырмалар беріліп отырады. Осы тәсіл арқылы оқушы өз бетімен білім алуға дағдыланады.

Дүниетану пәнін оқытуда «Қоғам», «Туған ел. Отан» тарауларында ұлттық құндылық негізінде білім мен тәрбие аса жоғары дәрежеде беріледі. «Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келер» тақырыбында айтылған өзекті мәселелерді қозғап, қазіргі таңдағы қоғамдағы болып жатқан ұлтымыз жат санайтын тастанды балалар мен қарттар үйінен орын алған аяулы қарияларымыздың көбею себептерін анықтату. Өз ойларын ортаға салып, ата-анасын, қарияларымызды құрметтеуге, бағып қамқор болуға баулимын.

Қазақстанның тарихи-мәдени мұраларын қорғауға, Тәуелсіздік жолындағы құрбан болған батыр апа-аталарымыздың еңбектері мен ерліктерін құрметтеуге тәрбиелеймін. Елбасы саясатының негізгі мақсаттары «Дүниежүзілік қауымдастық құрамында», «Невада-Семей Азаматтық қозғалысы» тақырыптарында таныстырылады. Ондағы мақсат алдыңғы 30 елдің қатарына қандай саясатпен кіре алатынымызды түсіндіру. Оқушы дүниетанымын кеңейте отырып, өз бетімен білім ала алады. Жақсы мен жаманды ажырата алады.

Математика пәні оқу бағдарламасында пәнді оқыту мақсаты – ұлттық және жалпыазаматтық құндылықтар негізінде тұлғаның интеллектуалды дамуының қажетті деңгейін қамтамасыз етуге бағытталған. Егемен еліміздің ертеңін нұрлы етер «Барыс текті намысты ұрпақ» өсіру үшін әсіресе, мына шарттарды есте ұстағанымыз жөн.

1. Ұлтымыздың намысын жоғары қоя білетін, елінің сөзін сөйлейтін жас ұрпақты баулып тәрбиелеу үшін "мұны білуге саған әлі ерте, оған тыйым саламыз" деген тежеулерді алып тастап, баланы бұғаулы ойдан, шектеулі ұғымдардан құтқару қажет. Мұны баланың ойын еркін айта білуге, білімге жетелеудің бір арнасы деп ұғу абзал.

2. Жас ұрпақты адамға тән табиғи, адами сезіммен өмірді, табиғатты сүйе білуге, құрметтеуге үйрету керек. Ол үшін жанды-жансыз жаратылысты өз дәрежесінде, өз орнымен бағалауға үйрету арқылы тіршілік деген тұтас әлемнің қадір-қасиетін танытқан дұрыс.

3. Жаратылыстың ақиқатын, болмысты ашық, бүкпесіз көрсетіп ұғындырған жөн. Әйткені, қазіргі мектеп шындықты үйрету мектебі болуы тиіс. Жоғарыда айтылған басты әрі негізгі қағиданың үшеуі де қазақ халқының ұлттық тәрбие үрдісінен алынып отыр. Халқымыз ез ұрпағын осыларды басшылыққа ала отырып тәрбиелеген. Ата дәстүрінен алшақтап, бүгінгі дәуір талабына ғана иек арту ұшпаққа шығармайды.

Сондықтан ұлттық мектептің басты мақсаты ұлтымыздың мәдени, рухани жолын танып-білуге негізделуі керек. Бұл - ұлттық сана мен нанымды қайта қалыптастыру деген сөз. Ал бүгінгі мақсат-мұрат белгілі. Ол - білімі білікті, дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі жоғары, парасатты, мәдениетті, еңбеккер, іскер, сондай-ақ бойында басқа да игі қасиеттері қалыптасқан адамзатты оқытып тәрбиелеу, оны дамыту болса, соның бір негізгі нақты жолы математика сабағында қазақтың байырғы қара есептерін оқушының жас ерекшелігіне сай пайдалану. Ал қазақ этнопедагогикасында мектеп тәжірибесінде математиканы оқытуда тиімді пайдалануға болатын материалдар баршылық.

Қара есептер - халықтық қазына. Ол дүниеге бірден келген жоқ, оған халықтың ғасырлар бойы еңбегі, білімі, өнері жұмсалды. Балалардың тілін ұстартып, дүниетанымын кеңейтумен бірге оларды жалпы адамгершілік рухында тәрбиелеуде бұлардың ерекше маңызы бар. Әйткені, оқушылардың математикалық қабілетін дамыту мақсатын жүзеге асыруда қара есептердің алатын орны үлкен.

Мысалы, «Бие байлау» есебі. Шаруаның 17 биесінен 13 құлын болды. Ұлын шақырып алған шаруа: «Қорада үш қазық, теміртоқпақ бар. Ертең бие байлаймыз. Анау ойдым көгалды көрдің бе? Сол жердеп үшкілдеп желі тарт. Оны қалай болса солай емес, қарына 5 биені, көрмесіне 13 құлынды байлайтын болайық. 30 басынды 30 құлаш жерге байлағанда құлындар биелерге қарап тұрсын, ал биелер желге қарсы тұрсын Ар жағын өзің шеш», - деді. Баласы әкесінің сөзін екі етпей, ыждағаттап желіні құрды. Оны әкесі көргенде ұлына дән риза болады. Сіздер желіні қалай тартар едіңіздер?

«Қойшылар» есебі. Бір қойшы екіншісіне:

- Маған 5 қойыңды берсең, менің қойым сенікінен алты есе артық болады, - дейді.

Екінші қойшы біріншісіне:

- Жоқ, сен өз қойыңның бесеуін маған бер, сонда екеуіміздің қойымыз бірдей болады, - деді.

Әр қойшының неше қойы болғаны?

Жауабы: әркімде 19 және 9 қойдан болғаны.

Ойын: «Арзанның сорпасы татымас». Базарға келген қазақ қарбыз сатып алғысы келеді. Таңдаған екі қарбызының біреуінің екіншісіне қарағанда шеңбері төрттен бірге артық, бірақ жарым есе қымбат. Қай қарбызды сатып алам деп сәл ойланды да «Арзанның сорпасы татымас» деген мақал есіне түсіп, қазақ қарбыздың қамбатына алады. Қазақ дұрыс шешім қабылдады ма?

Жауабы: Арзанның сорпасы татымас.

Технология, өнер сабақтарын негізгі пәндермен байланыстыра отырып оқытуда оқушы іс-әрекет арқылы білім алады. Өмірге деген, өнерге деген сүйіспеншілігі артады. Өзіне өзі қызмет ете алады. Айналадағы дүниенің қадір қасиетін түсінеді. Өзін тануға мүмкіндік болады.

Оқушыға тәрбие беруде кез-келген тәрбие жұмысының негізгі мақсаты оқушы бойына отансүйгіш, имандылық, тұлғаның адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруына ықпал ету, адамгершілік проблемаларды шешу білігін меңгерту, байланыс жасау бейімділігі мен мінез-құлық мәдениетін дамыту, әдет-ғұрпы мен дәстүрлері негізінде отбасылық құндылықтарды нығайту, өз отбасының, тегінің және социумның тарихына танымдық қызығушылық тудыру.

Әр сынып сағаттарының өтілу механизмін өзгертіп, тақырыптың мағынасына үңілуге, ондағы «Мен не үйрендім? Мен қалай үйренемін? Мен оны қайдан аламын?» сұрақтарына жауапты өз бойынан табуға тарту. «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», «Ардақта ата-ананды», «Қарты бар үйдің қазынасы бар», «Мен қайырымды баламын», «Жақсы деген немене, жаман деген немене», «Тәуелсіздік елімнің тірегі», тақырыптарында өткен тәрбиелік шараларда балалар бойына отансүйгіш, имандылық, тұлғаның адамгершілік қасиеттері артады, оянады.

Аксиологиялық құндылықтарды қалыптастырудың кезеңдерінде мәтіндерді талдау, сөйлеу жағдаяттарын оқушыларға талдау, бағалау, пікірге шақыру, рөлдік ойындар ұйымдастыру түрінде жүргізуге болады. Сонда ғана ұлттық аксиологиялық құндылықтар оқушының танымында жүйелі құрылымға ие білім қорын қалыптастырып, бағалау құрылымына айналады деп ойлаймыз.

Әдебиеттер тізімі

1. *Орта білім беру мазмұнын жаңғырту аясында бастауыш мектепке (1-4 сыныптар) жеке пәндерге арналған оқу бағдарламалар жиынтығы. Астана, 2016.*
2. *Жонысова Г. Сабақ мазмұнындағы ұлттық құндылық бағдар. Алматы, 2012.*
3. *Бөлеев Қ. «Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындау». Алматы, 2014.*

ӘӨЖ 373.5

Дюсембева В.М.

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
Орал қ., Қазақстан*

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ МОТИВТЕРІН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Педагогикада бастауыш білім - бұл айналадағы өзге әлемді баланың өз бойына сіңіре бастау, қалыптастыру сияқты өмірлік маңызы бар функцияларды басымдылықпен игеру кезеңі болып табылады. Осы функцияларды табысты орындау кіші жастағы баланың танымдық қызығушылығының, оқу мотивінің дамуына қолайлы жағдай жасайды.

Кез келген іс-әрекеттің нәтижелі болуы, оған деген мотивацияның жоғары болуы нақты мақсат қоюмен тікелей байланысты екендігі белгілі. Сол сияқты оқу іс-әрекетінде де мақсат қою орны ерекше. Бұл жөнінде Т.А.Ильина былай деп жазды: «Мотивтендіру мақсаттың пайда болуына байланысты. Адамдарды әрекетке итермелеуге тек мақсат қою арқылы талаптандыруға болады» [1].

Оқу іс-әрекетінің ішкі түрткісі дәлірек айтқанда мотивінің қалыптасуына ықпалын тигізетін факторлардың бірі оқушы үшін оқудың мәні. Оқушылардың оқудың мәнін саналы түсінуі олардың оқу іс-әрекетіне ұмтылысының тууына жағдай жасайды. Әрбір оқушы үшін оқу мәні ол ортасынан құндылықтар, идеялар жүйесіне байланысты, осының арқасында оқушылардың санасында оқуға дейін де оның мәні жөнінде түсінік қалыптасады, орта мектепке оқу барысында бұл көптеген өзгерістерге ұшырауы мүмкін.

Психологтардың пікірінше, мотив көбіне тұтас оқу іс-әрекетін, ал мақсат жекеленген оқу іс-әрекетін сипаттайды. Бұл мақсат өз бетінше, мотивтерсіз оқушының оқу іс-әрекетін,

оқу мінез-құлқын анықтамайтынын білдіреді. Бірақ мақсатсыз ең жақсы оқу мотивінің өзі ниет, ынта тұрғысында қалуы мүмкін. Мотив әрекетке бағдар тудырады, ал мақсатты іздеу және түйсіну мағыналы әрекеттің нақты орындалуын қамтамасыз етеді.

Мотив пен мотивация – өзара байланысқан, өзара сертті психикалық категориялар және де әрекет мотивтері мотивацияның нақты базасында қалыптасады (яғни туынды мотивтер). Ол сол уақытта, бөлек мотивтерді өзгерту арқылы бас аяғына дейін мотивацияға әсер етуге болады (яғни мотивация осы жағдайда негізгі болатын мотивтерге тәуелді болады) және мотивтер әрекеттерге, мотивация іс-әрекетке жатады.

Егер оқушыда өзінің оқу жұмысының жекеленген кезеңдеріне мақсат қою ептілігі болмаса, мотивтің қатысуы жеткіліксіз болады. Оқытушы оқушыларды өздерінің мотивтерін мақсаттың жүйелілігі, бірізділігі арқылы іске асыруға үйретуі тиіс. Сонымен, оқудың кемелденген мотивациялық сферасы мотивпен қатар мақсатты да қамтиды. Мақсат қою – бұл адамның ерекше мінез-құлқының сипаттамасы. Оқушы өмірде белгілі бір мақсат қоюды практика жүзінде үйренеді. Бірақ мақсаттар бір-біріне ұқсамайды. Мотив сияқты мақсат та өзінің мазмұны бойынша ажыратылады, оқушы өз бетінше мақсат қоюы және жүзеге асыруы мүмкін.

Мақсат – бұл оқушының оқу іс-әрекетіне кіретін жекеленген әрекеттерді орындаудағы бағыттылығы. Сондықтан кейде мақсатты оқу іс-әрекетінің аралық нәтижесі деп те айтады. Психологтардың пікірінше, мотив көбіне тұтас оқу іс-әрекетін, ал мақсат жекеленген оқу іс-әрекетін сипаттайды. Бұл мақсат өз бетінше, мотивтерсіз оқушының оқу іс-әрекетін, оқу мінез-құлқын анықтамайтынын білдіреді. Бірақ мақсатсыз ең жақсы оқу мотивінің өзі ниет, ынта тұрғысында қалуы мүмкін. Мотив әрекетке бағдар тудырады, ал мақсаты іздеу және түйсіну мағыналы әрекеттің нақты орындалуын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, оқу іс-әрекетінде мақсаттың орнын басатын оқу мазмұнын оқушы тез ұғынып және тез есте сақтайды. Мақсат қою шеберлігінің болуы оқушының мотивациялық сферасының кемелдену көрсеткіші болып табылады.

Мектеп тәжірибесінде оқытудың қандай түрі қарастырылса да, олардың мақсаты бір - ол оқытудың нәтижелігін қамтамасыз ету. Оқытудың нәтижелігін анықтайтын негізгі факторлар - оқу мотивтері. Олар оқушыны оқуға талпындырады, оның тәртібін бағыттайды. Оқытудың тиімділігін анықтайтын факторлардың ішінде оқу мотиві бірінші орында. Оқушының оқуына әр түрлі мотивтер әсер етеді, олардың әрқайсысы басқалармен өзара байланыста әсер етеді.

Дидактикада оқу мотивтері деп - оқушыны оқуға, әрекет етуге және қандайда бір әрекет орындауға итермелейтін нақты себептер мен түрткілерді айтады .

Педагогикада мотив оқу әрекетінің негізгі компоненті, яғни оқушының оқу іс-әрекетін жүзеге асыру барысында басшылыққа алатын қозғаушысы адамның объективті мұқтажы мен ынтасын бейнелейтін әрекеттеріне ішкі талаптануы ынталандырманың әсерінен пайда болған іс-әрекеттің жеке баста негізделуі, яғни субъектілік сипаттағы қозғаушы құбылыс әрекетке итермелейтін субъектінің жеке қызығушылығы, нақты қажеттілігі.

Психологияда мотив - бұл әрекетке немесе мінез-құлыққа саналылықпен талаптану әрекетке қозғаушы психиялық құбылыс белгілі қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған әрекетке итермелейтін түрткі. Демек мұқтаждық пен ынта мотивацияның негізі болады.

Бастауыш сынып оқушылардың мотивтері қажеттіліктің нақты бейнеленуі ретінде көрінеді. Мысалы, оқуға деген қажеттілікті қанағаттандыру, әке-шешені қуанту, мұғалімнің мадақтауын есту немесе пәнге қызығушылық түрткі болуы мүмкін. Осы жастағы оқушылардың мотивтерінің құрлысы күрделі болып, таным мотивтері оқу мотивтерінің жүйесінде негізгі орын алмайды. Олар оқушылардың 22%-да ғана болады. Бастауыш сынып оқушылары үшін танымдық мотив негізінен оқу материалының тартылымдылығымен сипатталып, олардың білім деңгейіне, оқудағы жетістіктеріне, ақыл-ойының дамуына байланысты болады.

Бастауыш сынып оқушылардың білімді меңгерудегі мотивтері әр түрлі болуы мүмкін. Біреуі жақсы баға алғысы келеді, екіншісі - жазаланбауды ойлайды, үшіншісі - танымдық қызығушылықты басшылыққа алады. Осыған байланысты оқушылар білімді бірдей меңгермейді және сабақтағы белсенділіктері әр түрлі болады. Осы мотивтердің біреуі негізгі болып, қалғандары қосымша мотив болады. Оқушының негізгі мотивін қалыптастыруда оның ынтасына сүйену керек. Оқушылардың ынтасы мұғалімнің оқу үдерісін тартымды етіп ұйымдастыруына, оларды қызықтыраалуына байланысты пайда болады. «Егер оқушыда оқуға ынтасы болмаса, біздің барлық ойларымыз, барлық ізденісіміз және құруларымыз күлге айналады».

Мұғалімнің міндеті – оқушының негізгі оқу мотивін анықтап, онымен ары қарай жұмыс істеуде оған сүйену. Бұл міндетті жүзеге асыру үшін мұғалім мотивтердің түрлерін біліп, мына кеңестерді есте ұстауы қажет: барлық оқушылардың арасында тұрақты стилді ұстап тұру; оқушылар қиындыққа тап болған жағдайда көңілдерін көтеру; оң қайта байланысты қолдау; оқу материалын әр түрлі әдістермен беру; оқушыларды табанды танымдық еңбекке үйрету; олардың табандылықтарын, еркін дамыту; қиын тапсырмаларды орындағанда марапаттау; мақсатты, міндетті, бағалау критерийлерін нақты анықтауға үйрету; жауапкершілікті қалыптастыру; өзіне-өзі талап қоюға үйрету; «бізде осыған уақытымыз жоқ!», «Осындай әлі болған емес!», «Бұл туралы сен айтпайсың!», «Бұл дұрыс емес!», «Маған сенуіне болады!» сияқты сөздерден алшақ болу.

Оқу мотивтері балалық әуесқойлықтан басталады, алайда ол тез арада жарқ етеді де, солайша кенеттен сөніп қалады. Терең білім беруді мұндай әуесқойлық негізінде ұйымдастыруға болмайды. Баланың әуестігін ояту үшін тартымды бастау, әсерлі сюжет, оқиғаның күтпеген арнаға түсуі, мәселелік жағдай сияқты тәсілдер қолдану керек. Оқушыда білуге әуестік пайда болып, ол құмарлыққа ұласады. Оқушы бұдан әрі жаңалықты қабылдап, білімі молайған сайын қуаныш сезіміне бөленеді. Білген үстіне білгісі келіп, құмарлық танымдық қызығушылыққа ауысады.

Оқу мотивін іс-әрекетке қызығушылықты оятуда келесі қызметтердің маңызы зор: оқудағы жетістікті қамтамасыз ету; оқушылардың артта қалуының алдын алу; «қауіп-қатер балаларының» диагностикасы; үлгермеушілікті болдырмау; оқу материалының мазмұны (тарихи саралау, өмір тәжірибесінен мысалдар, мемлекет стандарт шегінен асу т.б.); білім берудің әр түрлі формалары мен әдістері, жаңа педагогикалық технологияларды қолдану; мұғалімнің оқушыларға қатынасы, балалар қауымының қоғамдық пікірі, ақыл-ой қабілеті мен жалпы оқу білігін дамыту.

Бастауыш мектеп оқушыларының өздеріне беретін бағасының ұжымға тез бейімделуіне соған орай оқу мотивіне де өз ықпалын тигізеді. Бұл бағытта В.И.Мунтянның зерттеулері өзіне беретін бағасы адекватты оқушылардың танымдық қызығушылығымен оқуға мотиві жоғары болатындығын көрсетеді.

Төменгі сыныптан бастап-ақ балаларды, оқу материалын түсініп және игертіп қана қоймай, қызықтыратын мәселелеріне өздері жауап табуына үйретуі қажет. Мұны балалар алғаш мұғалімнің көмегімен, содан кейін өз бетінше істейтін болады. Мұғалім алғашқы күндерден бастап балаларды ойлай білуге үйретіп, сабақты түсіндіруге асықпай, оқушының өзінің ойлауына мүмкіндік бергені жөн. Ал бірақ баланың өзі түсіне алмаған, басы ашылмаған бірде-бір сұрақ қалмауы қажет [2].

Оқушылардың оқуға оң қатынасының түрлі деңгейлерінде мотивацияның тұрақсыздықтан терең саналы сезілген деңгейіне дейін біртіндеп өсуі байқалады. Сондықтан ерекше әрекетті. Жоғарғы деңгей мотивтердің тұрақтылығы, олардың иерархиясы, перспективалық мақсаттар қою біліктілігі, өзінің оқу іс-әрекетінің және мінез-құлқының нәтижелерін көре білу, мақсатқа жету жолында қиындықтарды жеңе білуден көрінеді. Оқу іс-әрекетінде оқу міндеттерін шешудің стандартты емес тәсілдерін іздестіру, әрекет тәсілдерінің мобильдігі, шығармашылық іс-әрекетке ауысу, өз бетімен білім алудың артуы байқалады.

Сонымен бірге зерттеулер бастауыш сынып оқушылардың өздерінің оқу мотивтерін саналы менсінбейтіндігін көрсетті. Мысалы, Г.Гусеваның мәліметтері оқушыларының «білінетін» мотивтерінің диапазоны өте кең, оған танымдықпен қатар әлеуметті мотивтер де кіреді. Алғашқы үштікке мыналар кірді: «көп білгім келеді», «жаңаны білу қызықты», «жақсы бағаалғым келеді». Оның мәліметтеріне орай соңғы орындарда «барлығы оқиды», «жазалағанды қаламаймын» деп тұр [2].

Көпшілік оқушылардың қызығушылығы нақты пәндерге бағытталады. Бұл жөнінде Н.Г.Морозова былай деп жазады: «Нақты пәнге қызығушылық кенеттен пайда болмайды, ол біртіндеп сол пән бойынша білімнің жинақталуына және білімнің ішкі логикасына сүйенеді. Мұнда кіші оқушы сол пәнді неғұрлым терең меңгерсе, соғұрлым оның қызығушылығы артады».

Ал кейде оқушылардың пәндер бойынша білімдері болғанмен, қандай да бір құрылысты түсіндіргенде олар білімдеріне емес, өз пікірлеріне сүйенетіндігі байқалады.

А.Якобсон танымдық мотивтерді екі түрге бөледі, олар: оқу іс-әрекетінің мазмұны мен оны орындау үдерісіне байланысты мотив. Соңғысы мынадай түрлерге бөлінеді: кең мағыналы танымдық мотив, ол оқушылардың жаңа білімді игеруге бағдарлануымен және білімге аса қызығуымен сипатталады; оқу-танымдық мотив, ол оқушылардың білім алу (білім алу әдістеріне қызығу) әдістеріне бағдарланады; өз бетімен білім алу мотиві және оқушылардың басқа адамдармен өзара әр түрлі әлеуметтік қатынасындағы әлеуметтік мотив: кең мағыналы әлеуметтік мотивтер (борыштылық сезім жәнеоқуға жауапкершілік); тар мағыналы әлеуметтік мотив (беделі және басқа); әлеуметтік ынтымақтастық мотив (оқуда өзара қарым-қатынасқа ұмтылу және оны үнемі жетілдіре беру).

Л.А.Григорович, Т.Д.Марцинковская оқу мотивтерін екі үлкен категорияға бөледі. Біріншісі оқу әрекетінің мазмұны мен оны орындау үдерісімен байланысты, оған танымдық қызығушылық жатады; екіншісі оқушының қоршаған ортамен өзара қарым-қатысына байланысты (педагогикада).

М.В. Матюхина оқу мотивтерін екі категорияға бөледі: оқу үдерісінде туындайтын мотивтер - оқу, танымдық қызығушылық; оқу үдерісінің сыртындағы мотивтер - қарым-қатынас, баға т.б (психологияда).

Көріп отырғанымыздай біз зерттеп отырған тынымдық қызығушылық педагогика мен әрекетінің мазмұнымен оны орындау әрекетімен байланысты, оқу үдерісінде туындайтын мотив түрі.

Л.И.Божович және оның әріптестері түрлі жас шамасындағы балалардың тұлғасын қалыптастырудың қозғаушы күштерін қарастырады. Бірінші кезеңде оқушының оқу іс-әрекетімен тығыз байланысты мотивтері зерттелді. Олар зертеу барысында тікелей оқу іс-әрекеінен шығатын әлеуметтік мотивтердің және мотивтердің әр түрлі жас шамасындағы ара қатынастарының ерекшеліктерін анықтады [3].

Ол теориялық талдаудың негізінде, тұлғаның толық құрылымы оның бағыттылығымен анықталады, - деген болжам ұсынды. Тұлға бағыттылығының негізінде адам өмірі мен тәрбиелеу үрдісінде пайда болатын тұрақты түрдегі басымды мотив жүйелері жатады, ал олардың негізінде жетекші мотивер басқаларын өздеріне бағындыраадамның мотивациялық сфераларының құрылымын сипаттайды. Мұндай мотивтер жүйелерінің иерархиялық тұрғыда пайда болуы – тұлғаның жоғары тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Бастауыш мектеп оқушыларының оқуға мотивін зерттеуде Т.А.Матис мынадай қызықты эксперимент жүргізеді. Дәстүрлі оқыту жүйесі «мұғалім – оқушы» және «оқушы-оқушы» жүйесі бойынша кіші оқушылардың белсенділігі мен оқу танымдық мотиві салыстырылады. Мұнда өзара көмек пен өзара әрекет оқу жұмысының барлық кезеңдерінде жүргізіледі: оқу тапсырмасын орындау тәсілін таңдау мен орындауда, жұмыс нәтижелерін қадағалау мен бақылауда. Екінші жағдайда оқушылардың оқу-танымдық мотивінің артқандығы байқалады. Бұл мәліметтер оқушылардың бір-біріне көмектесуінде

мұғалімге қатаң позициядан бас тартқандығы дұрыс болар деген ой туындатады. Мүмкін кұпия көмекті ашық ұжымдық жұмысқа айналдырса қалай болар екен?...

Ал кейде оқушылардың пәндер бойынша білімдері болғанмен, қандай да бір құрылысты түсіндіргенде олар білімдеріне емес, өз пікірлеріне сүйенетіндігі байқалады.

Бастауыш мектеп оқушыларының оқуға мотивін зерттеуде Т.А.Матис мынадай қызықты эксперимент жүргізеді. Дәстүрлі оқыту жүйесі «мұғалім – оқушы» және «оқушы-оқушы» жүйесі бойынша кіші оқушылардың белсенділігі мен оқу танымдық мотиві салыстырылады. Мұнда өзара көмек пен өзара әрекет оқу жұмысының барлық кезеңдерінде жүргізіледі: оқу тапсырмасын орындау тәсілін таңдау мен орындауда, жұмыс нәтижелерін қадағалау мен бақылауда. Екінші жағдайда оқушылардың оқу-танымдық мотивінің артқандығы байқалады. Бұл мәліметтер оқушылардың бір-біріне көмектесуінде мұғалімге қатаң позициядан бас тартқандығы дұрыс болар деген ой туындатады. Мүмкін кұпия көмекті ашық ұжымдық жұмысқа айналдырса қалай болар екен?...

Н.А.Курдюкованың мәліметтері оқушылардың оқу үлгерімі мен олардың білім және баға алуға деген ұмтылысының арасында тікелей байланыс бар екендігін көрсетеді.

Сонымен бірнеше ғалымдарды талдай келе біз оқу мотиві дегенімізді былай түсіндік: «Оқу мотивтері деп оқушыны оқуға, әрекет етуге және қандайда бір әрекет орындауға итермелейтін нақты себептер мен түрткілерді айтамыз» [4].

Қорыта айтқанда, қандай пән, қандай сабақ түрі болсын оқушылардың оқуға деген мотивациясын үнемі дамыту жұмыстарын жүргізіліп отырған дұрыс. Оқушының ой - өрісін кеңейту, тілін дамыту, сөз байлығын молайту, сабаққа деген қызығушылығын арттыру барлық пән мұғалімдерінің айрықша көңіл бөлетін мәселесі болу керек. Сондықтан мектепте түрлі әдіс - тәсілдерді, мүмкіндіктерді пайдаланып, оқушының оқуға деген мотивациясын дамытып, тәрбиелеуге үлкен мән берген жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Жалпы бастауыш білім. - Алматы, 2008.

2. Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру ұйымдарында ғылым негіздерін оқыту ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хат. – Алматы, 2015.

3. Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептері педагогтерінің біліктілігін арттыру курстарының Бағдарламасы, үшінші басылым, «НЗМ» ДББҰ, 2012.

4. Уәйісова Г., т.б. Қазақ тілі. Әдістемелік құрал: Жалпы білім беретін 11 жылдық мектептің 4-сынып мұғалімдеріне арналған / А.: Алматы кітап, 2012. – 159 б.

ӘОЖ 373.3

Дайынова Ж.К.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,

Орал қ., Қазақстан

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРАТЫН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Қазіргі таңда бастауыш сыныпта қазақ тілін оқытуда ұтымды инновациялық әдіс-тәсілдері қолдану – өзекті тақырыптардың бірі. Білім беру үдерісінде педагог оқушылардың білік-дағдыларын қалыптастыруда заманауи әрі жаңаша әдістерді пайдалана отырып, оқу жетістігін арттыру керек. Оқыту мен тәрбиелеуде инновациялық әдіс-тәсілдерді анықтау әрі оны тәжірибеге енгізу ізденістерді, шығармашылық зерттеу жұмыстарын қажет етеді. Бұл тұста білім беруде көп кездесетін «инновациялық» терминінің білдіретін мағынасына тоқталып өткен дұрыс.

«Иновация» ағылшын тілінен аударғанда «жаңалық» деген мағынаны білдіреді. Бүгінгі таңда инновация өмірдің барлық саласында көрініс табуда. Соның ішінде, білім беру саласында инновация аса қажет. Инновация – қазіргі ойлау үлгісі мен дәстүрлі таным ерекшелігіне ұқсамайтын жаңа ойлау жүйесін тауып шығару, кезектегі білім мен материалдық мүмкіндіктерді пайдалана отырып, көнені өңдеу, бар нәрсені тіпті де жақсарту, кем нәрсені толықтыру, жаңа нәрсені табу, тың нәрсені байқау, жаңа зат, жаңа әдіс, жаңа жол, жаңа орта жаңалығымен өмірді жаңарту, сөйтіп адамға және адамзатқа бақыт жарату [1]. Сонымен, жаңаша (инновациялық) оқытудағы басты нәрсе – бұл білім алу және өздігінен білім алу негізінде адам қабілеттерін, икемділіктерін дамыту. Қазіргі заманғы оқушыға қойылатын міндеттердің бірі – көптеген пәндерден, олардағы мол ақпараттың ішінен ең негізгісін, мәндісін тани білу, оны өмірде тиімді қолдан алу.

Оқу-тәрбие үрдісіне жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу оқушылардың білімге деген белсенділігін, пәнге қызығушылығын, оқуға талпынысын арттырып, өз бетімен ізденуге, шығармашылықпен жұмыстануға негіз болады. Пәндерді оқытуда тиімді әрі инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, сабақты қызықты да пайдалы өткізу мұғалімнің шеберлігіне байланысты.

Қазақ тілі сабағында баланың белсенділігін арттыру, оны сабақтың өн бойында сақтап отыру үлкен жұмысты талап етеді. Әр сабақ сайын оқыту құралдарының біркелкі, бірсарынды, бәсең болмай, баланың белсенділігін арттыруға негізделетіндей жаңашыл болуы маңызды. Белсенді оқу – оқушыларға эксперимент жасауға, мағына құрып, түсінік қалыптастыруға, жаңа білім мен бұрынғы меңгерілген білімнің арасында байланыс орнатады, қателік жіберу, барынша терең түсінуге жетелейді [2]. Осы жұмыс барысында бастауыш сыныпта қазақ тілі, әдебиеттік оқу сабақтарында баланың белсенділігін арттыратын тиімді инновациялық әдіс-тәсілдерге тоқталмақпыз. Инновациялық әдіс-тәсілдер сабақтың «қызығушылық ояту» немесе «миға шабуыл» кезеңдерінен басталып, рефлексия мен бағалауға дейін жүзеге асып отырады. Инновациялық тәсілдерді сабаққа АКТ мүмкіндіктері арқылы енгізу үшін қазір бірнеше тиімді әрі жеңіл қосымшалар бар.



Мысалы: Quizizz, Kahoot, LearningApps – бұлар сандық қосымшалар. Бұл қосымшаларды барлық пәндерде қолдануға болады. Қазақ тілі мен әдебиеттік оқу пәндерінде қызығушылық ояту, тақырыпты болжау, жаңа сөздермен жұмыс, жаңа материалды меңгеру, білімді бекіту тапсырмалары үшін пайдалануға болады.

LearningApps қосымшасы қазақ тілі сабақтарында сөздік жұмыс үшін тиімді құрал болып саналады. Тапсырманы жұпта, жеке, топта да орындауға болады. Мысалы, 3-сыныптағы қазақ тілі пәнінен «Уақыт» тарауы аясында тақырыпқа қатысты тірек сөздерді жасыруға болады [3]. Жасырылған сөздер:

уақыт, сағат, таңертең, түн, үнемдеу, минут, мезгіл, жексенбі, үзіліс

Бұл әдіс оқушылардың белсенділігін тудырумен қатар, шапшандыққа, нақтылыққа, ұйымшылдыққа үйретеді. LearningApps қосымшасында жұбын тап, ретімен орналастыр, қатені түзе, топтастыр, бос орынды толтыр, сөзжұмбақ, сәйкестендір, кестені толтыр деген түрлі қызықты жұмыс түрлерін ұйымдастыруға болады.

Қазақ тілі сабағында баланы сауаттылыққа, көркем жазуға, есте сақтауға жетелейтін әрі баланың белсенділігі мен қызығушылығын арттыруға негіз болатын тиімді әдіс-

тәсілдердің бірі – жүгірме диктант. Жүгірме диктантқа сөз, сөз тіркесі, сөйлем, мәтін таңдауға болады. Тапсырманы жұпта немесе топқа орындаған тиімді. Диктант мәтіні (сөздер, сөз тіркестері, сөйлемдер, шағын мәтін болуы мүмкін) сыныпқа жақын дәліз қабырғаларына жапсырылады. Оқушылар кезекпен оқып келіп, есінде қалған мәтінді айтып береді. Жазатын және оқитын оқушылар алмасып отырады. Мәтіннің дұрыс нұсқасы тақтада көрсетіледі, балалар өздерін бағалай алады. Бұл әдісте оқушылар арасында белсенділік, бәсекелестік, шапшаңдық, жауапкершілік сияқты дағдылар нығая түседі. Диктант мәтінін дайындау барысында Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасында көрсетілген нормалар қатаң сақталуы керек.


1) сөздік диктант – 2-сыныпта 5-7 сөз, 3-сыныпта 9-12 сөз, 4-сыныпта 12-15 сөз;

2) диктант – 2-сыныпта 25-30 сөз, 3-сыныпта 35-50 сөз, 4-сыныпта 55-70 сөз [4];

Мысалы, 3-сыныптағы «Жанды табиғат» тарауын қорыту үшін мынадай сөздік диктант ұсынуға болады: Глобус, таңбалы тас, шарбы бұлт, көжек, ақбөкен, қызғыш, түйеқұс, Ақтөс, құмырсқа

Диктант мәтіні ретінде сөздерді ұсынғанда, жазылуында белгілі бір грамматикалық норма, емле ерекшелігі бар сөздерді таңдаған жөн. Оқушы диктант арқылы біріккен, тіркескен, қысқарған сөздердің, өзге тілден енген сөздердің, бірге және бөлек жазылатын сөздердің ережелерін, сонымен қатар, тарау мен тақырып аясындағы тірек сөздерді есте сақтап алуы керек.

Диктант мәтіні үшін «Сәулет өнері» тарауы аясында танымдық мәні бар әрі белгілі бір грамматикалық ережені есте сақтауды мақсат ететін мынадай мәтінді беруге болады:



Киіз үй – тарихымыздағы ең алғашқы сәулеттік құрылыс. Көшіп-қонуға ыңғайлы. Киіз үйдің жалпы салмағы жиһаздарымен қосқанда 300-400 келіге жуық. Кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық – киіз үйдің негізгі бөлшектері. Көреге киіз үйдің негізгі қағқасы болып есептеледі. Ол талдан, қайыңнан жасалады (32 сөз) [3].

Бұл мәтіннен оқушылар киіз үйдің құрылысымен танысып қана қоймай, сызықшалардың қойылуына мән береді. Осы тұста оқушыларға сызықшаның қойылу себебін деп айтып өткен дұрыс. Қазақ тілі пәнімен қатар, әдебиеттік оқу пәнін оқытуда қолдануға болатын инновациялық әдіс-тәсілдер де бар. Әдебиеттік оқыту пәні бастауыш сынып білім алушыларының көркем шығарманы сезіммен қабылдауы, түсінуі, санасында қайта жаңғырта алуы және шығармадан қабылдағанын өзінің шығармашылық әрекетінде жүзеге асыруға ұмтылуы арқылы функционалдық сауаттылығын қалыптастыруды көздейді [5]. Әдебиеттік оқуда балалардың оқыған шығармалары бойынша алған әсерін жеткізу, оны өздерінше интерпретациялауы маңызды болып саналады.

Квест ойындары – әдебиеттік оқу сабақтарында тиімді жүзеге асыруға болатын жаңашыл әдістердің бірі. Бұл жұмысты топтық формада ұйымдастыруға болады. Оқушылардың әдеби шығарманың мазмұны мен идеясын түсіну деңгейлерін анықтау

мақсатында бірнеше сұрақ дайындалады. Сұрақтар сыныптың ішінде әр түрлі жерлерге (тақтаның арты, гүлдің асты, стенд, партаның асты, кітаптың іші) жерге жасырылады. Оқушылар бір сұраққа дұрыс жауап беру арқылы келесі сұраққа өтуге бағыт алады. Сұрақтарға жазбаша жауап беріп, жинақтау тапсырылады. Барлық сұрақтарды тауып, дұрыс жауап берген топ жеңіске жетеді. Атылмыш әдіс арқылы біз балалардың білім деңгейін, ұйымшылдығын, шапшаңдығын бағалай аламыз. Мысалы, 3-сыныптағы Мұқан Иманжановтың «Қысқы кеш» шығармасы [6] бойынша мындай сұрақтар беріп, квест ұйымдастыра аламыз.

1-сұрақ

Шығарманың басында қандай табиғат құбылысы орын алды? (Боран)

Келесі сұрақты табу: сыныптағы ең көп тазаланатын нәрсе (тақта)

2-сұрақ

Шығармада қандай уақыт мезгілі айтылған? (түн)

Келесі сұрақты табу: оқушыға отыруға рұқсат етілмеген жер (мұғалім орны)

3-сұрақ

Әр үйдегі адамдардың алуан кәсіппен айналысып жатқанын неден көрінеді? (терезе)

Келесі сұрақты табу: оқушыға сабақта көмек беретін жер (стенд).

Осы бағытта сұрақтар санын көбейтіп, тапсырманы күрделеніре аламыз. Квест ойындарын тек әдебиеттік оқу сабақтарында ғана емес, сонымен қатар, қазақ тілі сабағында, сыныптан тыс шараларда ұйымдастыруға болады. Ойын түрінде берілген сабақ балаға қызықты болады, белсенділігі артып, пәнге қызығушылығы оянады.

Топтық жұмысты қызықты ұйымдастырудың тағы бір тиімді тәсілі – «Галерея» әдісі. Оқушылар топтық тапсырмаларын дайындап, «Галереяға» шығарады. Әр топтың галереясының гиді болады. Топтар жұмыстарын галереяға шығарғаннан кейін басқа топтардың жұмыстарымен танысуға барады. Әр гид топтың жұмысын таныстырады, қосымша сұрақтарға жауап береді. Бағалау жұмысы қатар жүзеге асып отырады. Соңында жоғары бағаға ие болған жұмыс «Галереяның үздік экспонаты» деген атауға ие болады, дайындаған топ мадақталады. «Галереяға» 3-сыныптың бағдарламасы бойынша Ыбырай Алтынсариннің «Бақыт құсы» ертегісі бойынша мынадай жұмыстар тапсыруға болады [6]:

1-топ: ертегінің желісі бойынша сурет

2-топ: ертегі желісі бойынша түсірілген мультфильмнің афишасы

3-топ: ертегіне қосуға болатын жаңа кейіпкер

4-топ: ертегіге жаңа сюжет қосу

Топтар тапсырманы тек сурет арқылы орындамайды, суретті ауызша сөйлетуі қажет. «Галерея» әдісі арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін, ұйымшылдығын, көпшілік сөйлеу мәдениетін жетілдіреміз.

Жоғарыда айтып өткендей, инновация – бұл жаңашылдық немесе ескі жаңғырту. Сабағына шығармашылық тұрғыда қарайтын педагог жаңашылдыққа үнемі ашық, ізенуден таңбай, сабағын түрлендіріп отырады. Бастауыш сынып сабақтарында инновациялық әдіс-тәсілдердің түрлерін қолдану, ең алдымен, оқушылардың білімін шыңдау құралы болса, екіншіден, балалардың сабаққа деген қызығушылығы мен белсенділігін көтеру болып табылады. Жаңашыл әдіс-тәсілдер белсенділігі мен қызығушылығы төмен оқушыларға тиімді әсер етеді. Олардың оқуға деген таным қабілетін арттырады. Бала ойын арқылы білімді игеріп жатқанын, ал оқу үрдісінің ойынға қалай ұласып кеткенін аңғармай қалуға тиіс. Сонда ғана ойын мен оқу үйлесімді болып, пәндік білім, білік және дағдыны игеруге толық ықпал жасайды. Әр педагог оқу-тәрбие жұмысына шығармашылықпен қарап, жаңа заман талабына сай сабақты түрлендіру мақсатында оқытудың инновациялық, яғни жаңаша түрлі әдіс-тәсілдерін пайдаланса, оң нәтижеге жетері сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Бекежанова Г.Х. Білім берудегі инновациялық технологиялар // Мағжан Жұмабаев және заманауи білім. – Қостанай, 2018. – 50 б.
2. Досмурзина А.К. Инновациялық әдіс-тәсілдерді білім беруде қолдану // Мағжан Жұмабаев және заманауи білім. – Қостанай, 2018. – 70 б.
3. Қазақ тілі оқулығы, 3-сынып. 1-бөлім. – Алматы: Атамұра, 2018. – 96 б.
4. Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде). – Астана, 2017. – 25 б.
5. Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4-сыныптарына арналған «Әдебиеттік оқу» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде). – Астана, 2017. – 25 б.
6. Әдебиеттік оқу. Оқулық, 1-бөлім. – Алматы: Атамұра, 2018. – 87 бет

ӨОЖ 373.3

Губайдулліева Ф.Г.

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
Орал қ., Қазақстан*

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Тәуелсіз еліміздің білім беру жүйесінде болып жатқан көптеген оң өзгерістер қоғамның жас ұрпақ тәрбиесі үшін жауапкершілігі терең сезіліп отырғаны айқын. Бүгінгі таңда оқу-тәрбие үрдісінің тиімділігін арттыру бағытында барлық мүмкіндіктерді пайдалануды көздейді. Бастауыш сынып оқушыларының мектепке келгенге дейінгі негізгі әрекеті ойын десек, оқу-тәрбие үрдісінде олар біртіндеп ойын әрекетінен оқу (таным) әрекетін орындауға дағдыланады.

Алғашқыда саналы орындауды қажет ететін іс-әрекет бөліктерінің қайталап жаттығудың нәтижесінде автоматталынуын дағды деп атайды. Дағды санасын қайталау нәтижесінде де қалыптасатын іс-әрекет болуы мүмкін. Соның нәтижесінде ол автоматталған әрекетке айналып, оңай, шапшаң әрі дәл орындалып отырады. Ол сабақ барысында пайдаланылатын дидактикалық ойындар және ресурстар арқылы жүзеге асырылады. Белсенді сабақтар мұғалімнің ашқан жаңалығы, өзіндік қолтаңбасы, әдістемелік ізденісі, қолданған әдіс-тәсілдері арқылы ерекшеленіп, шәкірт жүрегінен орын алады [1].

Қазіргі кезеңде оқушының өз бетімен білімге ие болу барысында оның белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру оқу үдерісіне қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады. Бұл тәсілдеме пәндік білімді, әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларды ғана емес, сонымен бірге өзінің жеке мүдделері мен болашағын сезінуге, сындарлы шешімдер қабылдауына мүмкіндік беретін тұлғалық қасиеттерді де меңгеруге ықпал етеді. Мұғаліммен бірлесіп шығармашылықпен айналысу және серіктес, кеңесші ретінде мұғалімнің қолдауы кезінде оқушының белсенді танымдық қабілеті тұрақты сипатқа ие болады. Соңғы уақытты табысты болу үшін оқушыларға білім қандай қажет болса, дағды да сондай қажет деген ойдың жақтастары көбейіп келеді. Бұл оқушылардың ақпаратты есте сақтап, алған білімдерін ұғынуын, түсінуін және әртүрлі салада қолдана білуін талап етеді. Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсыновтың «Жан дүниесінде тіл үйрену басты жұмыс емес, жанама жұмыс болғандықтан, бала әуелі тәжірибеге талпынып, нәрсемен танысып, сонан кейін сол нәрсе туралы сөйлесін, тыңдасын, жазсын, оқысын, тілге үйренсін», - деген сөзі ізденімпаз, жаңаша ұстаздарға арналғандай. Мұны әрбір мұғалім жадында сақтауы тиіс. Білім беру мазмұны өзгертеліп жатқан қазіргі кезеңде заман талабына сай бәсекеге қабілетті тұлғаны дайындау міндетіміз. Жаңартылған бағдарламаның мазмұны жеке тұлғаны өмірге бейімдеу, функционалды сауаттылығын арттыру.

Бүгінгі оқушы – ертеңгі маман. Бәсекеге қабілетті маман - креативті ойлай алатын, таптауырынды ойдан алыстаған, кез-келген тақырыпта өзіндік ой-пікірі бар, кез - келген жағдайға сыни тұрғыдан қарап, ұтымды жауап бере алатын адам. Сондықтан біз мектеп табалдырығынан бастап оқушының бойына аталған қасиеттерді сіңіре білуіміз керек. Әлемдік тәжірибе бойынша бастауыш білімді тиімді меңгерту төрт дағды арқылы жүзеге асырылады. Оқылым, тыңдалым, жазылым, және айтылым дағдылары коммуникативтік дағдылар болып табылады. Аталған дағдылардың әрқайсысының өзіне тән ішкі дағдылары мен оны үйрету жолдары, яғни ерекшеліктері бар. Сабақты аталған дағдылар ерекшелігін ескеріп құру, тілді тиімді меңгертуге септігін тигізеді [2].

Коммуникативтік дағдыларды басшылыққа алып оқыту – функционалды сауаттылықты қалыптастыруға мүмкіндік береді. Грамматикалық білім тілдік төрт дағдыны қалыптастыру барысында жүзеге асып отырады. Айтылым тілдік төрт дағдының бірі және ол жазылым сияқты продуктивті дағдылар қатарына жатады. Яғни тілді қабылдап үйренуден гөрі оны қолдану, сөйлеу көрініс тауып отырады. Сөйлесу барысында кейбір әрекеттерді жиі қолданамыз және олар мыналар: сөздерді дыбыстау, сұрақтарға жауап беру, интонацияны қолдану, бірнәрсені түсінбеген жағдайда түсіндіріп беруді өтіну, сөйлеген сөзін бақылау және өзін-өзі түзетіп отыру, пікірталасқа қатысу, жест, мимиканы қолдану, оқиғаларды баяндап беру т.б. Айтылымның ерекшелігін білу мұғалімге оны терең дамытуға, әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып сабақты жоспарлауға мүмкіндік береді. Айтылым әртүрлі ішкі дағдыларды қамтиды. Оқушылардың айтылымдағы жетістігі олардың әрқайсысын практикалық жаттығулар арқылы дамыту арқылы көрініс табады [3].

Жазылым продуктивті дағдылар қатарына жатады. Яғни продуктивті дағды дегеніміз тілді қолданып сөйлеу немесе жазу. Жазылым хабарды қағаз бетіне түсіруді қамтамасыз етеді. Жазу арқылы коммуникацияға түсу үшін біз әріптер мен сөздерді пайдалана отырып, сөйлем құрай алуымыз керек, ал сөйлемдерді топтастыру арқылы біздер өз ойымызды жеткізе аламыз. Жазылымның ішкі дағдылары негізгі топқа бөліп қарастыруға болады. Біріншісі-сауаттылық, ал екіншісі тобы- идеяны (ойды) жеткізе білуі. Сауаттылыққа яғни, жазылымға қатысты дағдылар:

- Орфографиялық қатесіз жазу;
 - Әріптерді дұрыс және қосып жазу; білу;
 - Пунктуацияны дұрыс қолдану;
 - Қағаз бетіне дұрыс орналастыра білу.
 - Грамматиканы дұрыс қолдану.
 - Сөйлемдерді дұрыс байланыстыра білу.
- Идеяны жеткізе білуге қатысты дағдылар:
- Стильді дұрыс таңдай білу;
 - Идеяларды жүйелі ұйымдастыра білу.

Жазылымды үйретудің бірнеше жолдары бар. Солардың негізгі бастылары продуктивті жазылым және процесті жазылым. Егер үлгі беру арқылы жазылымды үйретсек, мұны продуктивті жазылым деп атаймыз. Яғни оқушыларды жазылым түрлерінің үлгісімен таныстырып, мәтінмен жұмыс жасатуы керек. Ал егер мұғалім оқушыларға жазылымның барлық қадамдарымен жұмыс жасауды қамтамасыз етсе, бұл процесті жазылым деп аталады. Толығырақ айтқанда, оқушыларға тақырыпты талқылаудан бастап, жазылымды жоспарлау, алғашқы нұсқасын жаздырту, түзету, тексеруге соңғы нұсқасына дейін орындалатын отырып, белгілі бір мәтінді құрастыру. Бұл оқушыларға жазылымның әртүрлі аспектілерін кез келген уақытта жаза білуге дағдыландырады [3].

Оқылым рецептивті (қабылдаушы) дағдылар қатарына жатады. Яғни оқылым дағдысы мәтінді жазу, айтуда гөрі, оған жауап қайтару немесе мақсатқа сай әрекет етуді білдіреді. Қарапайым тілмен айтқанда жазба тілдегі мәтінді түсіну. Ол үшін біз мәтін тілін сөздер деңгейінде, сөйлем деңгейінде және тұтастай мәтін деңгейінде түсіне алуымыз

қажет. Оқылымның ішкі дағдылары: мазмұнын түсіну үшін оқу немесе көз жүгіртіп оқу – мәтіндегі жалпы идеяны түсіну үшін тез оқып шығу.

Тыңдалымның ішкі дағдылары: тыңдалым оқылым сияқты рецептивті дағдылар қатарына жатады. Тыңдалым дегеніміз тілге сай әрекет ету, яғни тілдің дыбыстық мағынасын түсіну. Тыңдалым түрлері: әңгімелесу (диалог), әңгімелер, хабарландыру, әндер, нұсқау, лекция және жарнама және т.б. Сөйлеушінің қарым-қатынасын анықтау үшін тыңдау – сөйлеушінің көңіл-күйін не айтқысы келіп отырғанын түсіну үшін тыңдау. Тыңдалым ауызекі сөйлеу тілін қамтығандықтан, оның тілі жазба тілден өзгеше болып келеді. Интенсивті тыңдалым – сөйлеу барысындағы сөйлемдердің грамматикалық құрылымын, белгілі бір тақырыпқа арналған сөздерді талқылау үшін тыңдау. Мұндағы мақсат – оқушылардың тілді дұрыс қолдана білудегі білімін арттыру. Экстенсивті тыңдалым – үлкен көлемді мақала немесе шығармаларды тыңдау. Тыңдалым мен айтылым дағдысы оқушылардың тіл байлығын арттырады. Ойлау қабілеттері дамиды. Тұйық оқушылар сабаққа ынтасын артады және мінез құлқы қалыптасады. Оқуға деген таным қабілеті артады. Оқушы ойын үстінде білімді игеріп жатқанын, ал оқу үрдісінің ойынға қалай ұласып кеткенін аңғармай қалуға тиіс. Сонда ғана ойын мен оқу табиғи үйлесімді болып, пәндік білім, білік және дағдыны игеруге толық ықпал жасайды. Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын арттыруда тиімді әдіс тәсілдер қолдану барысында оқыту техникасы туралы ғылым, сондықтан, оқыту ғылыми түрінде жүзеге асуы керек, яғни мұғалім қалай оқыту, неге олай оқыту керек деген түсінік болуы тиіс. Оқытудың тиімді стратегиясы арқылы қалай оқыту керек деген ғылыми тұжырымдамамен тығыз байланысты, яғни қандай үдерістер арқылы, қандай әдістер арқылы, қандай оқыту құралдары арқылы, оқытуды қалай ұйымдастыру керек, қандай факторларды ескеру қажет деген сұрақтарға жауап іздейді.

Педагогиканың барлық осы аспектілері сындарлы оқыту теориясымен үйлеседі. Сындарлы оқыту тәсілдері білім берудің «дәстүрлі» әдістерімен салыстырғанда, оқыту кезінде жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. [Hattie, 2011]. Сын тұрғысынан ойлау, өз алдына мәселе қойып, әркез соған өз бетімен шешім іздеу, баламалар ұсыну, өз көзқарасын қорғай білу болып табылады. Сын тұрғысынан ойлау – ол алдымен оқытудың оқушыға бағытталған орталықталықтандырылған түрі, ол оқушының дамуына, соның ішінде сыни көзқарасы бар жеке тұлғаның дамуына, зерттеуші оқушының дамуына, оның өзіндік «Менін» жүзеге асыруға, оқушының шығармашылық мүмкіндігін ашуға, яғни, бір сөзбен айтқанда, коммуникативті қатынасқа үйрететін тәсіл. Бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруда сындарлы оқыту тәсілдері оқушылардың алдыңғы білімдерін ұштастыра отырып, жаңа білім алуы туралы тұжырымдамаға негізделеді. Бұл жерде ең маңыздысы: оқушылардың алдыңғы алған дағдылары жаңа дағдыларды меңгеруге үлкен ықпалын тигізеді, ал егер ол ескерілмесе, онда білім тереңге бармай, үстірт меңгеріледі. Мұндай үстірт білім оқушыға қазіргі әлемде жетістікке жету үшін қажетті жоғарыда аталған сын тұрғысынан ойлау, рефлексия және басқа да дағдыларын, алған білімін қолдануына кері әсерін тигізеді [3].

Оқылым, жазылым, айтылым және тыңдалым- бастауыш сыныптардағы барлық пәндер үшін маңызды болып табылатын қарым-қатынас жасау дағдылары. Сондықтан да оқушыларға осы төрт дағдыны барынша жетілдіруге мүмкіндік берудің маңызы зор. Нақты белгілі бір дағдыны жақсарту тәсілдерінің бірі – осы дағдыларға ерекше назар аудара отырып, содан кейін бірнеше тілдік дағдыны қамтитын жаттығуларды біртіндеп енгізу болып табылады. Мысалы, тақырыпты талқылау тиісті лексиканы қолдануды көздейді, сол арқылы оқылым бойынша тапсырмаға қызығушылық туғызады, осыдан кейін оқығанның негізінде жазбаша тапсырма орындаудың үлгісі ұсынылады. Дағдыларды осылайша біртіндеп енгізудің тағы бір жолы – аудио-мәтін тыңдап немесе бейнематериал немесе бейнематериал көрсетуге болады, содан кейін пікірталас жүргізуге немесе жазбаша тапсырма орындауға болады. Бастауыш білім беруде негізгі коммуникативті дағдыларды қалыптастыруда белсенді оқудың стратегияларының

сипаттамасына тоқталатын болсақ, белсенді оқу – оқушыларға эксперимент жасауға, мағына құрып, түсінік қалыптастыруға, жаңа білім мен бұрынғы меңгерілген білімнің арасында байланыс орнатады, қателік жіберу, барынша терең түсінуге жетелейді.

Бірлескен оқу – құрылымдалған топтық жұмыс. Тұлғааралық және қарым- қатынас дағдыларын жақсартады; оқушылардың арасындағы кедергілерді жояды. Саралау – әр оқушының оқудағы жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру: түсінік пен дағдыларының дамуын қамтамасыз етеді; өз күшіне сенім мен уәжді арттырады; оқушыларға идеяларды терең түсінуге көмектесе отырып шығармашылыққа ынталандырады; барлық оқушылар үшін пайдалы; барлық оқушылардан күтілетін нәтижені арттыра алады.

Моделдеу – сарапшы мысал келтіреді және оны көрнекі үдерістердің көмегімен түсіндіреді: оқушыларға пән мазмұнын зерделей отырып, сарапшы ретінде ойлануға жетелейді; оқушылардың барынша тәуелсіз болуына жағдай жасай отырып, тапсырманы кезеңдерге бөледі; үдеріс барысында рефлексия жасауға ынталандырады.

Электрондық және жаңа технологияларды пайдалану [4]:

1. Белсенді оқудың қызықты құралдарын ұсынады.
2. Уәждеу құралы бола алады.
3. Зерттеу, қарым - қатынас жасау, бірлесу және жүзеге асыру үшін қолдана алады.
4. Оқушыларға ақпарат іздеуге және өздерінің жеке құралдарына табуға мүмкіндік береді отырып, тапсырманы орындауда өзүлесін сезінуіне мүмкіндік береді.
5. Сыныптан тыс оқуға мүмкіндік береді.

Оқу диалогтері – оқушылардың тапсырмаларды талқылауы, тапсырмаға өз үлесі бар екенін сезіндіреді; оқушылардың өзара білімі мен дағдылар алмасуына жағдай жасайды; барынша терең түсінуге ынталандырады; оқушылардың өздерінің ілгерілеуі туралы рефлексия жасауына және әрі қарай не істеу керектігі туралы шешім қабылдауына мүмкіндік береді; оқушыларды қызықтырады және уәждейді.

Оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру:

1. Оқудың дұрыс жүріп жатқанын білу мақсатында оқуды тексеру және кері байланыс ұсыну.
2. Уәждік және өзіндік бағасын арттырады.
3. Оқыту үдерісіне бағыт береді.
4. Оқушыларға оқу үдерісін жақсартуға мүмкіндік береді.
5. Оқушыларға барынша тиімді оқу жолдарын түсінуге көмектеседі.

Пәнаралық байланыс – оқу пәндері арасында байланыс орнату.

1. Білім беру бағдарламасына тереңдік пен тепе - теңдік береді.
2. Терең білім алуға мүмкіндік береді.
3. Көптеген дағдыларды ұсынады.
4. Түсінік пен дағдылардың дамуына көмектесе алады.
5. Оқу үдерісінің маңыздылығының барынша арттыруға көмектеседі.
6. Оқушыға деген уәжді барынша арттыра алады.

Бастауыш мектепте оқытудың өзекті дағдыларын қалыптастыру барысында сабақ жоспарын жасағанда сабақтың басында, ортасында және соңында әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана білу – мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Мұғалім – әдіс түрлерін пайдалана отырып, оқушылардың тыңдалым мен айтылым дағдылары арқылы өздігімен жұмыс істей білуге, оқылым және жазылым дағдылары арқылы ой белсенділігі мен тіл байлығын арттыра түсуге түрлі әдістер мен шеберліктерді меңгеру арқылы қол жеткізуге болады.

Бастауыш сынып оқушыларының оқу үрдісінде интербелсенді әдіс-тәсілдер түрлерін пайдалану біріншіден оқушылардың білімін берік меңгерту құралы болса, екіншіден балалардың сабаққа деген қызығушылығын белсенділігін арттырып сапасын көтеру болып табылады. Тұйық оқушылар сабаққа ынтасын артады және мінез құлқы қалыптасады. Оқуға деген таным қабілеті артады. Оқушы ойын үстінде білімді игеріп жатқанын, ал оқу үрдісінің ойынға қалай ұласып кеткенін аңғармай қалуға тиіс. Сонда ғана ойын мен оқу

табиғи үйлесімді болып, пәндік білім, білік және дағдыны игеруге толық ықпал жасайды. Әр ұстаз оқу- тәрбие жұмысына шығармашылықпен қарап, жаңа заман талабына сай, сабақты түрлендіру мақсатында оқытудың түрлі әдіс-тәсілдерін пайдаланса, игі нәтижеге жетері сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ахметов С. *Бастауыш сыныптарда білім берудің тиімділігін арттыру жолдары.* – Алматы: Рауан, 1994. – 39 б.
2. Алимов А. *Интербелсенді әдіс-тәсілдер.* – Алматы, 2011.
3. *Мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы.* – Астана, 2015.
4. *Электронды оқу және жаңа технологияларды пайдалану. [электронды ресурс]– <http://adisteme.kz/bastauys-bilim-.html>. (қаралған уақыты: 9.04.2023)*

ӘӨЖ 375.2

Қушумова Н.Я.

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
Орал қ., Қазақстан*

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫ ЕҢБЕККЕ ТӘРБИЕЛЕУ

Білім мен тәрбие ажырамас егіз ұғым. Сондықтан бүгінгі ұрпақтарға білім-ғылым нәрін берумен қатар, өз халқымыздың тағылым қағидаларын жеке тұрғыда үйретіп, игерудің мәні зор. Себебі, бүгінгі бала ертеңгі ата-ана, бала тәрбиелеуші, халық өкілі, ел намысын қорғаушы, ата-бабалардың ісін жалғастырушы мәңгілік күш. Сол себепті жалпы білім беретін орта мектептерде бұл мәселені жолға қою, яғни егеменді елімізге қазақ қоғамын қалыптастыру – басты міндет.

Қазіргі күннің талабы – білімді, өнерлі, өнегелі жас ұрпақ тәрбиелеу. Әлемдік білім беру жүйесі ХХІ ғасырда жаңа, тың бағытта дами бастады. Білім берудің мазмұны, мақсаты өзгерді. Қоғам мемлекеттік болған соң, ең алдымен білім, тәрбие керек.

Бастауыш сыныпқа арналған «Әдебиеттік оқу» пәні жаңартылып ұсынылғаны белгілі. «Бұл жаңарту мен жаңалықтар неден байқалады?» деген сұраққа жаңа оқу бағдарламасына сүйене отырып жауап береміз:

- оқу үдерісіне қойылатын негізгі талап – оқушының белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру басты назарда болады;

- педагогикалық үрдісті гуманизациялау. Мұның мәнісі – мұғалім мен оқушының ынтымақтастығын қамтамасыз ететін интербелсенді әдіс-тәсілдер кеңінен қолданылады;

- «оқу мақсаттарының жүйесі түрінде күтілетін нәтижелер» түзіледі және орындалады;

- оқулық тек пәндік білім мен білікті ғана емес, сонымен қатар, кең ауқымды дағдыларды қалыптастыруға бағытталады.

«Еңбек ер атандырады», - дейді халық. Тәрбиенің әр саласында еңбек тәрбиесі қашан да шешуші рөл атқарады. Оқушылардың еңбекке қатысы жөнінде мәселені педагогтар да, психологтар да талмай зерттеуде. Жеке адамның белсенділігі, оның инициативалық мәні мен айқындалу жолдары, белсенділіктің қалыптасу заңдылықтарын табу, шығармашылық қабілеттілік пен таланттың даму факторлары ежелден-ақ көптеген ұлы адамдардың, ғалымдардың назарын аударуда. Жалпы белсенділік, ерік және еңбек жайында философтар да, психологтар да, физиологтар да, әдебиет тарихы мен педагогиканы зерттеушілер де арнайы зерттеулер жүргізіп, құнды пікірлер ұсынды.

Тарихты білмей тұрып қазіргінің қадіріне жету, болашақты болжау қиын дейтін ғылымның өз қағидасы бар. Ол – өмірлік өсиет, ұлағатты сөз. Бұл тарих тағылымының

тәрбиелік үлгісі, еңбек етудің алғышарты болса керек. Өміріміздің даму барысын дұрыс түсініп оның ішінде ғылымның, тәрбиенің, бүгін мен ертеңін танып, бағдарлап отыруда тәрбие мен еңбек бөлінбестей берік, маңызды да мәнді рөл атқарады. Расында, адамзаттың жинақталған материалдық байлықтары қандай ұшан-теңіз болса, оның рухани байлығының қоры да сондай көп. Бұлардың бәрі баршаға бірдей қазына. Әбу Насыр әл-Фараби (870-950жж.) бұл қазынаның барлығын халық жасайды, ол адал да ерінбей еткен еңбектің жемісі деген болатын [1]. Әл-Фараби тәрбие мәселесін логикамен байланыстыра уағыздағанын білеміз. Ол «Ақыл мен түсінік» атты еңбегінде ақылдылық пен адамгершілік үлгілі тәрбиеге байланысты, оның негізі таза еңбекте, еңбек өз кезегінде тәрбиенің негізінен туындайды, тәрбиенің оның ішінде еңбек тәрбиесінің теориясы ғылымға негізделуі қажет деді. Ол ағарту–оқу мен тәрбие туралы, еңбек мәдениеті туралы ілім жасады. Еңбектің өзі өнер, еңбек тәрбиесі сол өнерден туындайды, әрбір адамды еңбекке баулиды, еңбек шеберлігіне үйретеді. Олардың еңбек ету дағдысын қалыптастырады деген болатын. Оның еңбек туралы бұл тұжырымдарын күні бүгінге дейін жалғастырып келе жатқан ғалымдар бар.

Ал ұлы гуманист Ибн Сина еңбекке, еңбек етуге, еңбек тәрбиесіне гуманистік, қоғамдық тұрғыда қарайды. Ол өзінің практикалық ісіне ақылдылық пен ұстаздық тұрғысынан қарап, сол тұрғыда еңбек туралы былай деп тұжырым жасайды: «Егер қоғамдағы жұмысқа жарамды барлық адам түгелімен пайдалы еңбек етсе, онда тіпті жұмысқа жарамсыз адамдарды түгелдей асырап бағуға болады. Ол тек еңбектің тазалығы мен халықтығын талап етеді» [2].

Ұлы ақын Науаидың дәлелдеуінше еңбек – қоғамдың дамудың жемісі. Ол қоғам өміріндегі, адам өміріндегі өзгерістерге байланысты дамиды. Еңбек тәрбиесі еңбектен туындайды, - деп үлкен көрегендік жасайды [3].

Еңбек тәрбиесінің теориясын жасауда басты рөл атқарған К.Д.Ушинский болды. Ол өзінің еңбегінде адамның жан-жақты дамуы үшін еңбектің маңызының зор екендігін көрсетті. К.Д.Ушинский өзінің «Еңбектің психикалық және тәрбиелік мәні» деген мақаласында еңбек тәрбиесінің мәнін арнайы қарастырады. Ал «Балалар әлемі», «Ана тілі» оқулықтарында осы тәрбие жөнінен балаларға арнап сан алуан материалдар жазды. К.Д.Ушинский талаптарының ең бастыларының бірі – еңбексүйгіштікке, еңбек ете білуге және еңбекке ынталы болуға тәрбиелеу. Кімде–кім пайдалы еңбекпен айналысса, сол адам қоғамның лайықты азаматы бола алады деп білді Ушинский баланың санасына сәби кезінен-ақ, еңбек етудің қажеттілігі мен маңыздылығын ұялатуды, пайдалы іс істеуге тырысушылыққа және қандай істе болса да шын ниетпен және ұқыпты орындауға тәрбиелеуді ұсынды [3]. Сондай-ақ, ол «Балалар жұмыс істейтін бағы, бақшасы, аз да болса жері жоқ мектеп шын мәніндегі мектеп бола алмақ емес», - деп атап көрсетті. Сонымен бірге Ушинский ой еңбегі мен дене еңбегінің алмасып отыруына да ерекше мән берді. «Ой еңбегінен кейін дене еңбегімен айналысу жанға жайлы ғана емес, ол өте пайдалы тынығу»–деп есептеді. Еңбек тәрбиесінің мақсаты қоғамға пайдалы, адамшылығы бар адамды тәрбиелеу деген. Ол адамгершілік тәрбиесін ақыл – ой, еңбек тәрбиесімен тығыз байланысты қарастырады

Ахмет Байтұрсынұлының тұжырымы бойынша, көркем сөз – көп қабатты құбылыс. Оның құрамында сөздің негізгі теориялық басымдықтары белгіленген: «Көркем сөз – көңіл тілі, жалаң сөз – зейін тілі. Жалаң сөз – зейін байлығына қарайтын нәрсе, көркем сөз – қиял байлығына қарайтын нәрсе. Көркем сөз айтқанын қиял меңзеуінше бейнелеп, көбінесе ұйғару түрінде айтады. Жалаң сөз дүниеде шын болған, шын бар нәрселерді әңгіме қылады» Осы айтылғандарға орай бастауыш сыныптарда көркем мәтіндердің қыр-сырын танытып білдіру үшін, әр сынып көлемінде бірізділікпен жүргізілетін жүйелі жұмыстар арқылы оқушылардың шығарманы талдаудың қалыптасқан жүйесін меңгеруге алып келеді. Біріншіден, мазмұндық-тақырыптық талдау, шығарманы тұтастай ала отырып, бөлім бойынша мазмұнын, тақырыбын таныта отырып талдау. Екіншіден, тілдік эстетикалық талдауға көңіл бөлу. Шығарманың тілдік ерекшелігін, сөз өнерін,

суреттемелік шеберлігін, көркемдігін, сөздер табиғатын, стилдік айырмашылықтарын таныту. Үшіншіден, кейіпкерлік-бейнелік талдау. Шығармадағы кейіпкерлерді талдау, олардың өзара сабақтастығын шығарма тақырыбы мен оқиға желісіне қатысын айқындай отырып, ажырату әрі салыстыру.

Бастауыш сынып жасындағы бала қандай әдеби шығармаларды жеңіл қабылдайды дейтін сұраққа жауап беретін болсақ, Әдебиеттік оқу пәнінде ұсынылған оқу тақырыптары мыналар:

- мысал, ертегілер, аңыздар, әңгімелер;
- өлеңдер, шешендік сөздер, табиғат лирикасы, азаматтық лирика;
- балаларға арналған юморлық және сатиралық шығармалар;
- балалардың түсінігіне сай ғылыми-танымдық шығармалар.

Бастауыш сыныптарда «Әдебиеттік оқу» пәні материалдарын сұрыптап қарар болсақ, «Өзім туралы», «Менің отбасым және достарым», «Менің мектебім», «Менің туған өлкем», «Дені саудың – жаны сау», «Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті», «Қоршаған орта», «Саяхат» т.б. секілді бөлімдерден құралады. Міне, осылардың ішінде, балаларды жастайынан көркем шығармалар арқылы еңбек тәрбиесіне баулуға «Қоршаған орта» бөлімі ерекше рөл атқарады.

Еңбек тақырыбы қазақ жазба әдебиетіне ХІХ ғасырдың аяғында Ы.Алтынсарин шығармалары арқылы келді. Дене мен еңбек тәрбиесін ол адамгершілік тәрбиесінің аса күрделі мәселелері ретінде таныды.

Еңбек тәрбиесі Ы.Алтынсаринның хрестоматиясында, көркем шығармаларында негізгі орын алады. Ол өзінің еңбек тәрбиесіне байланысты ойларын терең және айқын көрсетіп өтті.

Балаларды жастайынан еңбекке баулу - қай кезде де азаматтық тәрбиенің елеулі шарттарының бірі. Тәрбие адамның ақыл-ойын дамытып, оған белгілі көлемде білім беріп қана қоймайды. Балаларға арналған хрестоматияға енгізген мақалалары мен әңгімелерінде автор еңбектің аса зор маңызын көрсетіп, еңбекті қадірлеуге және сүйуге тәрбиелеу мақсатын көздейді. Автор хрестоматиясын оқушыларды еңбектің мақсатқа жеткізетіндігіне, еңбек арқылы табылған табыстың берекелі болатындығына сендіре отырып, еңбек ету үшін «тұрақтылық пен табандылық» қажет екендігін уағыздайды. Оған дәлел оның хрестоматиясындағы көптеген еңбекке байланысты мақалдар мен мәтелдер. Мысалы, «Бейнетсіз рахат жоқ», «Жалқау текке жатар, оның ырысы қашар», «Жігіттің ерінгені, көрінің көрінгені», т.б. дәлел болады.

Хрестоматияның бүгінгі мектептің оқу-тәрбие жұмысына тигізетін әсері үлкен. Оны көптеген ғалымдарымыз Т.Тәжібаев, Б.Сүлейменов, А.Қасымжанов, Е.Бекмаханов, Ә.Сыдықов, т.б. берген бағалары дәлелдейді. Т.Тәжібаев «Ы.Алтынсаринның хрестоматиясының негізі және оның мазмұны бүкіл халықты еңбек етуге және еңбекті сүйуге шақырады» деп көрсетеді.

Ұлы педагогтың әрбір әңгімесі ой туғызады. Адамда рухани және табиғи қажеттіліктің болатындығын, ал қажеттіліктің орындалуы тек еңбек әрекеті арқылы ғана іске асатындығын өзінің әңгімесі арқылы дәлелдеп берген.

Ы.Алтынсарин әңгімелерінен бастау алатын еңбек тәрбиесіне арналған материалдар М.Әлімбаевтың «Кім жомарт? Не жомарт?», Ғ.Мүсіреповтың «Құрметтейік, Жер-Ананы», Б.Соқпақбаевтың «Ағаштар неге ашуланды?», Ш.Смаханұлының «Бұлбұл мен Тоқылдақ» шығармалары арқылы жалғасады.

Бастауыш сыныпта мәтіндегі көркем сөзді түсіну механизмін психологиядағы ассоциациялық ұстаныммен түсіндіруге болады [4]. М.Мұқановтың түсіндіруі бойынша ассоциациялық ұстанымды жүзеге асыру тәсілдері: көршілестік ассоциация, ұқсастық ассоциация, қарама-қарсы ассоциация, себеп ассоциациясы. Осылардың ішінде – себеп ассоциациясы ойды тиянақты дәлелдеуде ерекше орын алады. Мұның себебі ой процесі бір немесе бірнеше қорытындыға келіп дүниедегі құбылыстардың өзара байланысын, себебін шешуге бейімделеді. Мысалы, 2-сыныптағы Б.Соқпақбаевтың «Ағаштар неге

ашуланды?» деп аталатын көркем мәтінін алайық. Осы сұрақты оқушыларға бірден қойсақ, түрлі жауаптар алуымыз мүмкін, бірақ «кешіріңіздер, мен отырғызған ағаштарымды бүгіннен бастап мәпелеп күтуге уәде беремін» деп келетін мәтіннің өзінде айтылған дәлелді жауапқа кейіпкерлер – қарт емен, көк шыбықтың айтқан сөздерін талдау арқылы ғана көз жеткіземіз. Ағаштар ашулана ма? Осы сұрақ төңірегінде ой бөліседі. Мәтіннің соңындағы тапсырмалар орындалып болғаннан кейін оқушылар түсінді-ау дегенде болжау стратегиясы қолданылып, әңгімедегі оқиға желісін жалғастыру тапсырылады. Ағаштардың адамға пайдасы зор екендігіне көздері жетіп, ол үшін оларды күту ережесін құрады.

Міне, осындай қарапайым мәтіндерді талдау арқылы оқушыларға қоршаған ортаның маңызын, пайдасын ұғындырып, оларды күтіп, баптау үлкен еңбекті қажет ететіндігіне көздерін жеткіземіз.

Мәтінді қабылдау эмоция, сезім ұғымдарымен байланысты. Эмоция объективті шындықтың бейнелену, танылу және бағалану формаларының бірі екенін түрлі ғылым өкілдері, әсіресе философтар мен психологтар көптен бері дәлелдеп келген. Адам өзін қоршаған ортаны, оның түрлі заңдылықтарын таза өз күйінде де, әртүрлі сезімдік күйде де қабылдайды. Көктем келді деген сөйлем мен Күлімдеп көктем келді деген сөйлемнің мағыналық жігін ажырату аса қиын емес. Алғашқысы – ақпараттық, соңғысы эмоционалдық мәнде айтылып тұр. Бұл сезімдік қабылдау философияда таным процесі деп аталады.

Шығарманы қабылдауда қарастырылатын аса маңызды мәселелердің бірі – шығарманың тіл ерекшелігіне көңіл бөлу. Егер оқушы көркем шығарманың тілі деп автордың тілі мен кейіпкердің тілін ұғатын болсақ, бұл – образ, ол мінездерді танытуда, шығарманың идеясын ашып түсінуде басты қызмет атқарады. Әрбір ақын, жазушының өзіне тән, даралық сипаты бар стиль, тіл өзгешеліктері болады. Бұл ерекшеліктер оның лексикасынан, қолданған троптары мен фигурасының түрлерінен көрініп тұрады [4].

Әдебиеттану ұғымдарымен практикалық түрде танысу да балалардың мәтінді қабылдауын жеңілдетеді. Атап айтсақ, мынадай жұмыс түрлеріне

- өлең туралы қарапайым түсінік: ұйқасқа құрылатыны, ақынның ойы мен көңіл-күйі;
- әңгіме туралы қарапайым түсінік: әңгіме авторы, кейіпкерлері, әңгіменің тақырыбы мен негізгі ойы;
- мәтін түрлері: сипаттау, әңгімелеу, пайымдау;
- шығарма кейіпкерлерін сипаттау.

Қорыта келгенде, бастауыш мектепте оқушыларды көркем шығармалар арқылы еңбекке тәрбиелеу маңызды да жауапты жұмыс болып саналады. «Адамды адам еткен – еңбек» деген тәмсілдің төркініне терең бойлаған жан еңбектің адам өмірі үшін маңызы қаншалықты екендігіне өзінше баға бере алады. Баланы ес біліп, айналасындағылармен адами қарым-қатынасқа түсе бастаған сәттен бастап еңбекке баулу – бәріміздің ортақ міндетіміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Байтанасова Қ., Айтуғанова С. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2008.

2. Мұқанов М.М. Бақылау және ойлау. – Алматы, 2018.

3. Мирсеитова С. Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамыту нысандары мен әдістері. – Алматы, 2011 жыл.

4. Ахметов К.К. Әдебиеттану әліппесі. Алматы, 2014.

Каипова А.Т.

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
Орал қ., Қазақстан*

БАСТАУЫШТА ӘРТҮРЛІ ЖАНРДАҒЫ ШЫҒАРМАЛАРДЫ МӘНЕРЛЕП ОҚУ

Бастауыш сыныптың «Әдебиеттік оқу» оқулығында балаларға лайықты балалар әдебиетінің небір көркем туындыларынан үзінділері: ертегілер мен аңыздар, әңгімелер, өлеңдер, мысал өлеңдер кездеседі. Халқымыз бар ақылын, тәрбиесін өз ұрпағына көркем сөз арқылы жеткізіп отырған.

Бастауыш сыныптардағы оқу бағдарламасында көркем туындылардың үзінділері көптеп қамтылған. Ол заңды да. Мектеп оқушыларын заман талабына сай жан-жақты тәрбиелеуде көркем сөздің атқарар рөлі зор. Көркем шығармадағы кейіпкерлердің іс-әрекеті, образдар, оқиғалар баланы сан қилы сезімге түсіріп ойландырады, қуандырады, жирентеді. Кейбір көркем сөз, сөз тіркестері тіл ұшына оралып, мақал-мәтелді жаттап алады. Бас аяғы жинақы, жеңіл де ойнақы шумақтарды сабақ үстінде-ақ жаттап алады. Сол арқылы эстетикалық ләззат алып, өз бетімен тағы да оқығысы келеді де, баланың кітап құмарлығы басталады. Сол үшін де жоғары оқу орнында балалар әдебиеті жан-жақты оқытылады.

«Әдебиеттік оқу» оқулықтарын талдау кезінде берілген тақырыптардың ішінде көркем шығарманың түрлері өте көп екенін көреміз. Мұның өзі бастауыш сыныптарда әдеби шығармалардың өзіндік әдістемелік ерекшелігі барлығын керсетеді. Бастауыш сыныптардың «Әдебиеттік оқу» оқулығында бір шумақтан 5-6 шумаққа дейінгі өлеңдері өте көп. Мұғалімдер бұл өлеңдерді талдай білетін болса ғана балалар алдында оқу және әңгімелеу қиындық келтірмейді.

Бастауыш сынып оқулығында берілген өлеңдердің басым көпшілігі - лирикалық өлеңдер. Лирикалық өлең автордың сан алуан көңіл-күйін, Отанға, елге, табиғатқа деген асқақ сезімін, қуанышын, сағынышын, сүйіспеншілігін білдіреді. Өлеңді талдау кезінде оқушыға оның тек мазмұн-мағынасын жеткізумен шектелсек көркем дүниенің көркемдігін, әсерлілігін жеткізе алмаған болар едік. Сондықтан мұғалім өлең мен кара сөздің ара жігін ашып, өлең сөздің ерекшелігін, құрылысын әдістемелік шеберлікпен, көрнекілік жолымен салыстыру арқылы түсіндіреді.

Өлең сөздің өзге әдебиет жанрларынан ерекшелігі оның әуезділігі мен үнділігінде, ырғағында, ұйқасып кететінінде. Өлең шумақтары қазақ өлеңдерінде екі тармақтан бастап он, он бес тармаққа дейін жетеді. Әсіресе, ауыз әдебиетіндегі шұбыртпалы ұйқаспен жырланатын батырлар жырларында, термелерде жиі ұшырасады. Қазақ өлеңдерінің құрылысы туралы ғылыми талдау жасап, зерттеумен айналысқан ғалымдарымыз Қ.Жұмалиевтің, З.Қабдоловтың, З.Ахметовтың еңбектеріне сүйене отырып талдау жасап үйренуіміз қажет. З.Қабдолов: «Өлең туралы ілімдегі шумақ жайлы ұғымдардың бәрі шартты: өлеңді терең тану үшін оның шумағын санаудың керегі жоқ, ырғағына қарау керек»- дей келіп «Қазақ өлеңі - силлабикалық, яки буынға негізделген өлең. Олай болса, буын мәселесі қазақ өлеңінің құрылысын байыптаудағы негізгі мәселе», - деді [1].

Өлең шумағы - бірнеше сөйлемдерден тұратын синтаксистік тіркес. Қара сөзде бір шумақ өлең мағынасын, бір абзацқа тіркескен сөйлем таптарымен салыстыруға болар еді. Өлеңнің бір шумағында айтылған ой, көңіл-күйі, ішкі сезім, т.б. екінші шумақта басқа қырына ауысады, түрленеді. Сондықтан бастауыш сынып оқулығына енген бірнеше өлеңдердің құрылысын талдап, үлгісін көрсетейік. Өлеңді балалар алдында оқу барысында, өлең оқудың үлгісін көрсететін адам кез келген өлең шумағын өзі талдау дәрежесінде болмаса өлеңнің жанрлық қасиетін ашып бере алмайды. Мысалы, «Күз келді» өлеңі:

Сарғайды тоғай,
Сап-сары маңай.
Соңғы әнін айтып,
Құс кетті қайтып.

Жапырақ ұшты,
Суық та түсті.
Сонда да бізге,
Қызық көп күзде.
(М.Әлімбаев. 1 сынып. Ана тілі)

Бұл екі шумақты өлең. Бірінші шумақта күздің көктемге бергісіз мүлгіген тып-тыныш көрінісі, қатар түзеп қиқулап бара жатқан құстар тізбегі елестейді. Көктемнен айырмашылығы айнала сап-сары, құстар келіп жатқан жоқ, қайтып бара жатыр.

Екінші шумақта өзгеріс көбейді: жапырақтарды жел жұлқылап ұшыра бастады, суық та қабаттасып табиғаттың тыныштығын бұзды. Ал адамдар табиғат өзгерісіне бейімделе бастады, күзде де талай тамаша, қызықтар бар.

Міне екі шумақтағы ұласа жалғасқан ойлардан осындай түсінік алдық. Бұл - шумақтардағы ойдың бір-бірінен айырмашылығы болатынын, бірақ сол күз туралы тақырып төңірегіндегі нәрселер туралы болып жататынын түсінеміз.

2.Тармақ. Өлең шумақтары тармақтардан тұрады. Бұл өлеңнің әрбір шумағы төрт тармақтан тұрады екен. Әрине, бастауыш сыныпбалаларына өлеңнің тармағы емес, өлең қатары деп сөйлейміз. Әдеби терминдер туралы қай сыныптарда толық мағлұмат берілетінін білуіміз керек. Бұл таңдауымыз бастауышсыныпмұғалімдері өздері міндетті түрде өлеңді талдау деңгейінде болуы керек деген сөз.

3. Тармақ бунақтардан тұрады.

Бунақтар - өлеңді оқу барысында дауыс құйылысы арқылы белгілі бір кідіріспен (паузамен) оқылатын жеке сөз, сөз тіркестері. Тармақтағы бунақ кідірісін дұрыс қойып оқығанда ғана мәнерлеп оқудың мағыналық, психологиялық кідірістері дұрыс жасалынып, оқу әсерлі де мәнерлі шығады.

Сарғайды (тоғай),
Сап-сары (маңай).
Соңғы әнін (айтып),
Құс кетті (қайтып).

Жапырақ (ұшты),
Суық та (түсті).
Сонда да (бізге),
Қызық көп (күзде).

Әр тармақ бунақтан тұрады екен. Бунақтар жеке сөзден де, сөз тіркесінен де жасалған.

Кідірістерге байланысты мынаны ескеріп отыру керек. Тармақ пен тармақ арасында да, сөз бен сөз тіркестері арасындағыдай кідіріс жасалынады. Ал шумақ аяқталып, екінші шумақты оқу арасында бұрынғыдан сәл ұзақтау кідіріс жасалады. Өйткені, күрделі бірнеше сөйлемнен тұратын ой аяқталды. Терең дем алып, тыныс алу үшін, екінші шумақты дұрыс әсерлі оқу үшін, бала назарын, әсерленуін кемітпеу үшін қажет. Оқу барысында балаларды көзбен басқарып, кім қалай тыңдап отырғанын, кімге қалай әсер етіп тұрғанын бақылау үшін де ұзақтау кідіріс жасалады. Бұндай кідірістерді: бунақ кідірісі, тармақ кідірісі, шумақ кідірісі деп те бөлуге болады [2].

4. Буын. Әрбір тармақтағы бунақ құрап тұрған сөздер мен сөз тіркестері буындардан құралатыны белгілі. Өлең сөздің өзіне тән ерекшелігі әрбір тармағындағы сөздердің буын

санының бірдей болуында. Сонымен қатар сол кездегі буындардың қазақ тілінде көбіне бірыңғай жуан буынды немесе біріңғай жіңішке буынды болып келіп үйлесім табатынында.

Сар-ғай-ды то-ғай, = 5
Сап-са-ры ма-ңай. = 5
Соң-ғы ә-нін ай-тып, = 6
Құс кет-ті қай-тып. = 5

Жа-пы-рақ ұш-ты, = 5
Су-ық та түс-ті. = 5
Сон-да да біз-ге, = 5
Қы-зық көп күз-де. = 5

Өлең тармақтары бес буыннан тұр. Соңғы әнін айтып - деген тармақ қана 6 буынды. Кейде өлең тармағында бір буын өлшемнен артық кездесетіні болады. Өлең шығарушы ақындар кейде фонетикалық-орфоэпиялық заңдылыққа сүйене отырып, дауыс ырғағына іштей үйлесім тауып жеткендіктен аңғармай да қалады. «Соңғы әнін айтып» - деген тармақ «соңғыәнінайтып» деп оқылады ғой.

Сөз тіркестері аралығында қатар келген екі дауысты дыбыстың алдыңғысы Элиза заңы бойынша оқылуда түсіп қалады. Мәнерлеп оқу барысында өлеңнің буын санына қайшы келмейді, оғаштық білдірмейді.

5. Ұйқас өлең тармағындағы соңғы бунағының буын санының бірдей болып үйлесім табуы, ол үйлесімнің буын саны да бірдей болып, бірыңғай жуан немесе бірыңғай жіңішке болып келуі. Міне, соңғы бунақтардың буын санының тұрақты болып келіп, қайталанып тұруы ұйқас тудырып, ұйқас өлеңінің ең қажетті өлшемімен бірге ырғақ тудырады. Өлең сөзді өзге көркем сөздерден ажырататын әсерлілігі осы ырғағына, әуезділігіне тікелей байланысты.

Енді осы «күз келді» деген екі шумақ өлең қалай ұйқасқан екен, талдап көрейік.

Сарғайды (тоғай)
Сап-сары (маңай),
Соңғы әнін (айтып),
Құс кетті (қайтып).

Алғашқы екі тармағы бір ұйқаспен айтылып тұр да, соңғы екі тармағы бір ұйқаспен ...айтып, ...қайтып, - болып ұйқасқан. То-ғай, ма-ңай буын саны да бірдей, буын түрі де(ашық,бітеу) бірдей. Бұндай ұйқастарды әдебиетте егіз ұйқас дейді. Ал «Ана тілі» оқулығына енген өлең ұйқастары әр түрлі.

Мұғалім өлеңді құрылысына қарай дұрыс талдап алып, енді оның естілу сазын, әуенін, құлыққа жағымды мәнерлілігімен, дауыс ырғағымен тыңдаушыға жеткізеді.

«Ана тілі» оқулықтарында тармақтары төрт буынды өлеңдерден бастап, әр тармағы 11-12 буыннан тұратын өлеңдер кездесе береді. Өлеңдегі шумақ саны мен шумақтағы тармақ саны да өзгеріп отырады. Сондықтан өлең оқу - өлең құрылысын жетік талдай білумен ғана тыңдаушысына жол табады.

Көркем шығармалар жанрының ішінде өзіндік ерекшелігі бар мысал өлеңдер кездеседі. Мысал өлеңдердің лирикалық өлеңдерден ең негізгі өзгешелігі-мысалда уақиға бар, уақиғаға қатысатын кейіпкерлер бар. Кейіпкер бар жерде уақиға тартысы, әр түрлі сауал, жауап, көңіл күй эмоциясының бәрі бар. Мысал өлеңде қимыл, қозғалыс болғандықтан кез келген лирикалық өлеңнен гөрі баланың қабылдауына қиындық келтірмейді. Мысал өлеңдерде аллегория (әсірілеу) бар. Негізгі кейіпкерлері-жан-жануарлар мен аң, құстар. Шығарманы алғаш таныстырып оқу кезінде мәнерлеп оқудың әдіс-тәсілдерінің бәрі, дауыс күші, әуені, сазы логикалық, психологиялық, кідіріс жасау

түгел қолданылады. Мұғалім мүмкіндігінше мысалдағы келемеж, келекені, күлкіні, өсиет-өнегені тек дауыс ырғағы арқылы ғана меңзейді. Сондықтан мысал өлеңдердің мазмұн-мағынасын, құрылысын, автордың айтқалы отырған ойының астарын түсініп талдап, даярланады. Кідіріс жасалатын жерлерді күні бұрын белгілеп алады [3].

Мысал өлеңдердегі сөздердің, сөйлемдердің басым көпшілігі өзінің тура мағынасын сақтамайды. Олай болса оқушыларға жеке сөздердің мағынасы емес, шығарманың жалпы мазмұн-мағынасын, әрбір кейіпкердің іс-әрекетінің, сөзінің дұрыс-бұрыстығын талдап түсіндіру керек.

Көркем шығарма жанрларының ішіндегі балалар әдебиетінде ертегінің рөлі ерекше. Есте жоқ көне заманнан бастап халықтың ауыз әдебиетінде ең көп дамыған көркем шығарма түрі-ертегі. Ертегіні оқу-баланы ғажайып қиялға бөлеп, шым-шытырқ оқиғаға араластырып жеті қат жер астына, ғарышқа самғатады. Ертегілердің түрлері мен тақырыбы өте көп. Бастауыш сынып оқулықтарындағы ертегілердің көбі бағдарлама ауқымына негізделген. Негізінен жан-жануарлар, аң-құстар, табиғат туралы, адамгершілік туралы ертегілер берілген. Ертегілердің көбі - аударма ертегілер.

Қандай ертегінің түрі болмасын оның ең басты кейіпкерлері-жағымды. Олардың мақсаты адамға жақсылық істеу, қол ұшын беру, жақсыны үйретіп, жаманнан жирендіру. Ертегінің тілі шұрайлы, уақиғасы қызық. Сондықтан шағын ертегіні бала әлі оқу мен жазуға төселмей тұрған алғашқы аптадан бастап-ақ мұғалімдер әсерлі оқып беріп, әңгімелеп беріп, ертегі кітапшаларды сатып алуға, үйде ата-анасының, аға-апаларының оқып беруіне сілтеме жасайды. Мектепке алғаш келген бала мектепке дейінгі мекемеде, үйде үлкен ата-әжесімен ертегі тындап, соған әсерленіп өссе, өз бетімен оқу дәрежесіне жеткен кезде мұғалім баланың қызығушылығын-әлсіретпей дамыта алар болса, нағыз кітапқұмар оқушы тәрбиеленер еді. Өкінішке орай, біз балаларымызды халқымыздың бай ауыз әдебиетін өз дәрежесіндегі оқу үлгісіне де үйрете алмай жүрміз.

Баланың кез келген көркем туындыны келістіре оқуы-үлкен өнер. Сол өнерге үйрететін үлгі көрсететін-мұғалім. Сондықтан мектеп мұғалімі шәкіртті оқуға үйртуді үнемі жүйелі жүргізіп, үлгісін көрсетіп отырады, бақылайды. Шәкірттернің мәнерлі оқуды игеруге бағытталған алғашқы бастамасынан бастап арнаулы есеп жүргізуі керек-ақ. Сол үшін шәкірттің сөз өнеріне үңіліп, бейнелі ойына түсінуге ұмтылатын, ләззат алатын алғашқы күрделі көркем шығармасы-ертегі.

Оқудың ортақ методикасы, ол қандай жанрдағы шығарма болса да оқушы алдында мәнерлеп оқып беру үшін алдын ала даярлық жасайды. Алада, мұғалім белгілі бір ертегіні балаларға оқып беру үшін тексті күні бұрын талдап, дауыс ырғағының әр түрлі қалпының жылысуын, жоғары не төмен түсуін, қай жерде қандай кідірістер жасау керегін белгілеп алады. Ертегі кейіпкерлерінің басым көпшілігі-аңдар мен құстар, жыртқыштар. Әрине, табиғаттағы жан-жануарлар сөйлемейді, бұны-бәрі біледі. Бірақ солардың тіршілігі, немен күн көретіні, кейбір жыртқыштардың мінезі, пайдасы мен зияны, олар туралы мағлұматтар белгілі. Сондықтан түлкінің дауысы, қасқырдың дауысы, арыстанның дауысымен оқу деген рецепті жоқ. Бірақ, әрқайсының бір-біріне ұқсамайтын жаратылысы сияқты, бір-біріне ұқсамайтын дауысы да болуы керек деп түсінгеніміз дұрыс.

Ертегі кейіпкерлері:

Қасқыр-жыртқыштардың ішіндегі ең бір қорқауы.

Арыстан-айбатты да күштісі. Ертегідегі «аңдар патшасы».

Түлкі-айлакер, қу. Өз пайдасы үшін бәрін де сатып кетеді, мұзға отырғызады.

Аю-ебедейсіз, жалқау, топас, қара күш иесі.

Қарсақ, қояндар-қорқақ, әлсіз, өз басын зорға қорғайды.

Қарға-мақтаншак, үй-үйлердің, қора-қопсының арасында талтандап жүргеніне мәз.

Торғай-әлсіз, әлжуаз. Қанаттының бәрінен қорынады, тағы басқа осы сияқты мінездеме беріп талдап алайық.

Үй жануарлары балаларға біршама таныс. Олардың барлығы да пайдалы. Адамға өте жақын дос. Сондықтан ертегілерде үй жануарлары қанша қиыншылыққа кездесе де аман

қалып отырады. Соның ішінде: қой-момын, салмақты, қысылғанда ақыл тауып құтылып кетеді. Ешкі-жеңілтек. Сондықтан көбірек қолға түсіп қалып отырады. Айласын асырып, ол да құтылып кетеді. Жылқы-төрт түліктің ішіндегі қарулысы, жүйрігі, тұяқтысы, жауына алдырмайды т.б.

Ертегі кейіпкерлерін дұрыс талдап, түсініп олардың дауысын аз да болса бір-біріне ұқсас етпей, сәл өзгертіп оқу қажет. Мысалы, аюдың сөзін жуан дауыспен созыңқырап, түлкінің ісі кулық, айлакерлік болғандықтан жіңішкеуе, тезірек оқып аярлығын үнмен жеткізсе, қасқырдың сөзі өктемдеу үнмен күштіліктің, зорлықшыл тәкаппарлықтың лебі өскендей әсермен оқылса қандай жақсы!?

Ертегілерді балаларға жоғарыдағыдай мәнерлеп оқудың барлық тәсілдерін пайдаланып, дауыс сазымен оқып беру үшін бір ертегіні алдын ала оқуға даярлаудың үлгісін талдап көрейік. Мысалы, бастауыш сыныптың бағдарламасындағы «Қарабатыр» ертегісі. Ең негізгісі балаларға эстетикалық тәрбие береді. Өлең мен қара сөз араласып отырады да, халық ауыз әдебиетіндегі сөз қолдану тәсілдері арқылы жат жерде тұтқын болып зарығып жүрген жас баланың әке-шешесіне, туған жерге, туған-туыс бауырларына деген сағынышы көркем де, айшықты өлең жолдарымен беріледі. Ертегінің негізгі айтпағы, балаларға ой салар тұсы-оның мақсатшылдығы, алған бетінен қайтпауы, жасымай, азып-тозбай, бір сәт те туған жерін, ат-анасын есінен шығармай құтылудың жолын іздестіруі - ақылдылығы, тапқырлығы.

Баланың көмек сұраған құстары: қарға, сауысқан, тырна, қаз, аққу, қарлығаш. Бұлар арқылы балаларға құстарды кеңірек таныстырып, соның ішіндегі адамға ең жақыны қарлығаш екенін көрсетіп отыр. Қарлығаш адамды пана тұтып, ұясын аула ішіне сарайға, дәлізге салатына да содан. Балаға қол ұшын беретін де қарлығаш.

Баланың ата-анаға, бауырға деген, ата-ананың балаға деген сағынышы мен сүйіспеншілігі тыңдаушыны бейжай қалдырмасы анық. Осы ертегіде халқымыздың сөз қолданысын, қайғысы мен мұңын да, қуаныш, сағынышын да жыр жолымен жеткізетін салтын түсінеміз. Мағынасы көмескіленіп, қолданудан шығып қалған атаулар да кездеседі. Мұғалім осының барлығын талдап алып, осы ертегі арқылы бала бойына қандай қасиет дарыта алатынын жете түсініп, соны іске асыру үшін творчестволықпен іске кіріскенде ғана ертегі оқу, тыңдау бала жанын баурайды [3].

Шағын ғана осы ертегі арқылы баланы ойландыратын жайлар көп. Мұғалім тексте мағынасына байланысты толық, айтылмаса да, айтылуға тиісті мағлұматтарды да түсіндіріп, толықтырып отыруға болады.

- Жазықсыз жас бала жат жерде неге мүсәпіршілікке ұшырады? Барымташылық деген не? Көршілес отырған халықтардың арасындағы дау-дамай барымташылықты ақылды ата-бабаларымыз қалай шешіп отырған екен?-деген терең мәселелерді көтеріп, түсіндіріп отырады. Осының бәрін шығарманы мәнерлеп оқып беру алдында мұғалім талдап жоспарлы түрде дайындалса, оқып шыққаннан кейін балалардың қалай әсер алғанын бақылап, бір-бірімен алған әсерлерін бөліссе, оған мұғалім бірер минут уақыт бөлсе тіпті жақсы.

Мұндағы айтпағымыз, әрбір мәнерлеп оқып беретін шығарманы мұғалім толық жан-жақты талдап алғаннан кейін, дайындықпен оқығанда ғана қай жерді қалай оқу керегін түсінеді. Мектепте қандай пән, қандай сабақ түрі болсын тіл дамыту, сөздік қорды байыту үнемі жүргізіліп отыратын жұмыс. Өкінішке орай, кейде басқа пән мұғалімдері тіл дамытуды қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдеріне тән мәселе деп қарап, оқушы тілін дамытуға онша көңіл бөлмейді. Оқушының ой - өрісін кеңейту, тілін дамыту, сөз байлығын молайту барлық пән мұғалімдерінің айрықша көңіл бөлетін мәселесі болу керек.

Әдебиеттер тізімі

1. Желдербаева С. Мәнерлеп оқу. Алматы, 2018.
2. Серғалиев М. Көркем әдебиет тілі. Астана, 2006.
3. Шындалиева М. Сөз өнерінің бастауы. Алматы, 2011.

Абтиева А.А.

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
Орал қ., Қазақстан*

БАСТАУЫШ СЫНЫП САБАҚТАРЫНДА АҚПАРАТТЫҚ - КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ПАЙДАЛАНУ ОҚУ САПАСЫН АРТТЫРУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Соңғы онжылдықтарда ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) біздің күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды және біздің оқу тәсіліміз бен оқу үдерісімізге үлкен әсер етті. Осыған байланысты бастауыш мектепте АКТ сабақтарында қолдану барған сайын танымал және өзекті болып келеді. Сондықтан мен «Бастауыш сынып сабақтарында ақпараттық-коммуникациялық технологияны пайдалану оқу сапасын арттыру құралы ретінде» деген тақырыпты таңдадым.

Сабақтарда АКТ енгізудің негізгі себептерінің бірі оқыту сапасын арттыру қажеттілігі болып табылады. АКТ қолдану оқушылардың пәнді оқуға деген ынтасын арттыруға, интерактивті оқу ортасын құруға, білім мен дағдыларды беру сапасын жақсартуға, сондай-ақ оқушыларға күрделі материалдармен жақсы күресуге көмектеседі. Әрине, АКТ-ны қолдану оқу мен жазу сияқты дәстүрлі оқыту әдістерін және тест пен емтихан сияқты классикалық бағалау әдістерін алмастырмауы керек. Алайда, акт бұл әдістерді толықтыра және күшейте алады, бұл оқушыларға көбірек білім мен дағдыларды алуға, материалды тереңірек түсінуге және күрделі тапсырмаларда тиімдірек жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Қазіргі адам соншалықты көп ақпаратпен қоршалған, ол жаңа ақпараттық технологиялардың көмегінсіз қоғамды дамыту үшін қайта өңдеуге және пайдалануға қабілетсіз. Жыл сайын компьютер біздің өмірімізге және онымен бірге ақпараттық технологияларға тұрақты түрде еніп келеді. "Ақпараттық – коммуникациялық технологиялар - бұл қоғам ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тарату үшін қолданатын әдістер, құрылғылар мен өндірістік процестердің жиынтығы" дегенге сүйене отырып, мұғалімнің практикалық қызметіндегі басты нәрсе - АКТ-ны оқу іс-әрекетінде қолданудың рөлін түсіну [1]. Қазақстан Республикасының білім берудің сәттілігі көбінесе адам факторына байланысты: мұғалім және оның кәсібилігі. Бұл оқытушы кадрлардың біліктілік деңгейі, олардың кәсіби қызметте заманауи технологияларды қолдануға дайындығы білім беруді қазіргі қоғамның қажеттіліктері деңгейіне шығарудың күрделі процесінде басты болады. Ақпараттық технологиялар оқушыға ғана емес, мұғалімге де дамуға бірегей мүмкіндік береді. Балалар мен жасөспірімдердің ақпараттық кеңістігін дамыту және кеңейту мұғалімді оқушылармен бірге бұрын зерттелмеген жаңа кеңістікті игеруге шақырады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды ерте зерделеуді енгізу бастауыш жалпы білім берудің жаңа мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына байланысты. Жаңа білімнің, ақпараттық сауаттылықтың, өз бетінше білім алу қабілетінің қажеттілігі-жаңа уақыттың талабы. Ақпараттық технологияларды меңгеру оқу және жазу қабілеті сияқты қасиеттермен қатар қойылады десекте болады. Қазір біздің тез өзгеретін әлемімізде, ақпаратқа толы әлемде баланы ақпаратпен жұмыс істеуге, оқуға үйрету маңызды.

Академик А.П. Семеновтың "адамды ақпараттық әлемде өмір сүруге үйрету - қазіргі мектептің маңызды міндеті" деген сөзі шешуші болды[2].

Қазіргі уақытта мұғалім кәсіби саладағы жылдам өзгерістерді қадағалап, зерттеп қана қоймай, сонымен қатар педагогикалық ойлаудың, әдеттегі мінез-құлық үлгілерінің, жеке қызмет стилінің өзгеруіне байланысты заманауи педагогикалық технологияларды игеруі керек. Сабақта тек компьютерлік технологияны пайдалану мұғалімнің кәсіби

шеберлігінің деңгейінің артуына және білім сапасының артуына автоматты түрде әкелмейтінін атап өткім келеді. Шешуші рөлді, ең алдымен, мұғалімнің тұлғасы және оның ынтасы атқарады. Сондықтан мектептерде мұғалімнің АКТ-ны қолдану саласында өз білімін үнемі қолданып, оны толықтырып отыруды қалайтындай жұмыс жағдайын жасау қажет. Сонымен бірге педагогикалық қызметке заманауи технологияларды енгізу жай ғана қажеттілік емес, бұл салада мұғалімнің үздіксіз білім алып, өзін-өзі тәрбиелеуі бар саналы процесс болуы керек.

Білім беруді жаңғыртудың бағыттары мектепте компьютерлік техника мен бағдарламалық қамтамасыз етудің болуымен емес, бастауыш сынып мұғалімдерінің қоғамның сұранысы мен мәселелеріне сай өзгерістерге дайындығымен айқындалуы тиіс[3].

АКТ қолданудың бір маңызды аспектісі-компьютерлер мен планшеттерді пайдалану. Бұл Интернетте қол жетімді әртүрлі оқу ресурстарымен жұмыс істеуге мүмкіндік береді, мысалы, бейне оқулықтар, презентациялар, электронды оқулықтар және т.б. сонымен қатар, есептеу бағдарламаларын, графиканы және презентацияның басқа түрлерін пайдалану оқушыларға материалдың нақты әлеммен қалай байланысты екенін көрсетуге көмектеседі.

Сабаққа презентация құру. Бастауыш мектептегі сабаққа оқу материалын дайындау мен ұсынудың ең сәтті түрлерінің бірі мультимедиялық презентациялар жасау деп атауға болады. Сонымен қатар, презентация мұғалімге белгілі бір сыныптың, тақырыптың, пәннің ерекшеліктеріне қарай оқу материалын өз бетінше құрастыруға мүмкіндік береді, бұл сабақты максималды тәрбиелік әсерге қол жеткізетіндей етіп құруға мүмкіндік береді.

Презентация мұғалімге мүмкіндік береді:

- материалды бейнелеу;
- жаңа материалды түсіндіру процесін белсендіру;
- анимация арқылы шығатын ақпараттың көлемі мен жылдамдығын реттеу;

Сабақтарда АКТ-ны қолдану әртүрлі тәсілдермен жүзеге асырылуы мүмкін. Ең көп таралған әдістердің бірі-интерактивті тақтаны пайдалану. Бұл мұғалімге материалды таныстыру үшін компьютерлік бағдарламалар мен интерактивті тапсырмаларды пайдалануға мүмкіндік береді, сонымен қатар оқушыларға нақты уақыттағы сабақтармен жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Білім беруде интерактивті технологияларды қолдану үйреншікті жағдайға айналып барады. Интерактивті тақта сияқты интерактивті құрал-жабдықтар оқушылардың білім алуға тұрақты мотивациясын тудырады және оқу мәселелерін шығармашылықпен шешуге көмектеседі, сол арқылы оқушылардың қиял-ғажайып ойлауын дамытады. Интерактивті тақтаның көмегімен презентацияларды көрсетуге, үлгілер жасауға, материалды меңгеру процесіне оқушыларды белсенді тартуға, сабақтың қарқыны мен ағымын жақсартуға болады[4]. Электрондық тақта балаларға тақтадағы қорқыныш пен ұялуды жеңуге көмектеседі, оларды оқу процесіне оңай тартады. Сынып ұжымы да бейжай қалмайды. Көрнекілігі күшті болғандықтан, интерактивті тақтаны пайдалану балалардың назарын оқу үрдісіне аударуға мүмкіндік береді, ынтасын арттырады. Компьютердегі барлық нәрсе интерактивті тақтада көрсетіледі. Онда объектілер мен жазуларды жылжытуға, мәтіндерге, суреттерге және диаграммаларға түсініктемелер қосуға, негізгі аймақтарды бөлектеуге және түстерді қосуға болады. Сондай-ақ, сабақтарда Интернетке кіруге болады, онда оқушылар жаңа ақпаратты өз бетінше ала алады. Интерактивті тақталарда жұмыс істеу кезінде оқушылардың зейіні жақсарады, Оқу материалы тез сіңеді, нәтижесінде оқушылардың әрқайсысының үлгерімі артады, бұл қазіргі білім деңгейін сапалы арттырады. Интерактивті тақтаны қолдана отырып, мұғалім кескіндеме мен графиканы көрсетіп, түсініктеме беріп қана қоймай, өз суретін де жасай алады.

Оқытушыларға арналған интерактивті тақталармен жұмыс істеудің артықшылықтары:

- Мұғалімдерге сынып орталығынан жаңа материалды түсіндіруге, үлкен аудиторияда жұмыс істеуге мүмкіндік береді;

- Кез-келген қосымшаның үстіне сурет салуға және жазуға мүмкіндік беру арқылы импровизация мен икемділікті ынталандырады;
- Көп уақыт пен күш жұмсамай және үйренген материалды тексеруді жеңілдетпей, сабақ кезінде жасалған кез келген жазбаларды қоса, суреттерді тақтаға сақтауға және басып шығаруға мүмкіндік береді;
- Мұғалімдерге материалдарды бір-бірімен бөлісуге және оларды қайта пайдалануға мүмкіндік береді;
- Оқытушыларды оқытудың жаңа тәсілдерін іздеуге шабыттандырады, кәсіби өсуді ынталандырады.

Оқушыларға арналған артықшылықтар:

- Сабақтарды қызықты етеді және мотивацияны дамытады;
- Ұжымдық жұмысқа қатысуға, жеке және әлеуметтік дағдыларды дамытуға көбірек мүмкіндіктер береді;
- Оқушылар материалды неғұрлым айқын, тиімді және динамикалық жеткізу нәтижесінде күрделі сұрақтарды оңай қабылдайды және игереді;
- Оқытудың әртүрлі стильдерін қолдануға мүмкіндік береді, оқытушылар белгілі бір қажеттіліктерге бейімделе отырып, барлық ресурстарға жүгіне алады;
- Оқушылар шығармашылықпен жұмыс істей бастайды және өзіне сенімді болады.

Интернет желісімен жұмыс сенімділікті дамытады, өзін үлкен нақты әлемнің бір бөлігі ретінде сезінуге мүмкіндік береді, қызығушылықты оятады, коммуникативті қасиеттерді дамытады, бәсекелестік элементін жасайды, сабақта әртараптандыруға мүмкіндік береді.

Интернет:

- Оқушылардың оқу іс-әрекетінің түрлерін кеңейтеді (интернеттен пән бойынша ақпаратты іздеу және өңдеу);
- Кәсіби шығармашылық қарым-қатынас пен жедел ақпарат алмасуға мүмкіндік береді;
- Кәсіби өсуге мүмкіндік береді;
- Дидактикалық материалды таңдау және пайдалану бойынша мұғалімге шығармашылық мүмкіндіктер ашады;
- Сабақта оқушылар үшін қызықты заманауи техникалық құралдарды пайдалануға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, тесттер құру және өткізу, білімді тексеру және үй тапсырмаларын орындау үшін онлайн ресурстарды пайдалануға болады. Бұл мұғалімнің жүктемесін азайтып қана қоймай, оқушылардың бағалау тиімділігін арттырады.

Бастауыш мектептегі сабақтарда АКТ-ны қолдану әртүрлі қабілеттері бар балаларға оқуды қол жетімді етуге мүмкіндік береді. Мысалы, көру қабілеті нашар балалар мәтіннің көлемін ұлғайтуға және контрастты жақсартуға мүмкіндік беретін компьютерлік бағдарламалар мен қосымшаларды қолдана алады, бұл оқуды жеңілдетеді. Ал есту қабілеті нашар балалар жабдықты дауыспен оқу немесе субтитрлі бейнелерді көру үшін пайдалана алады. «Қанша білсең, ізден тағы, тағы да, білікті адам жетер тілек, бағына» деген ғұлама Баласағұнның сөздері менің өмірлік қағидам. Ұлы педагог Ушинский: «Мұғалім білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, іздеуді тоқтатса, мұғалімдігі де жойылады» деген болатын[5]. Сондықтан әрбір мұғалім күнделікті сабағына өмір талабына сай дайындалып ақпараттық – коммуникациялық технологияларды кеңінен пайдалануы тиіс. Ол заман талабы.

Қорытындылай келе, бастауыш мектепте АКТ сабақтарында қолдану оқыту сапасын арттырудың тиімді құралы болып табылады. Сабақта АКТ қолдану интерактивті және тартымды оқу ортасын жасайды, оқушыларға материалды тиімді үйренуге және жақсы түсінуге көмектеседі. Заманауи компьютерлермен және бағдарламалық жасақтамамен жабдықталған білім беру мекемелері балаларға сапалы білім алуға және цифрлық дәуірдегі өмірлік сұраныстарға дайындалуға мүмкіндік береді. Мұның бәрі оқу

сапасын жақсартып қана қоймайды, сонымен қатар оқушылардың табысты оқуға деген ынтасын арттырады.

Әдебиеттер тізімі

1. Захарова Н. И. Оқу процесіне ақпараттық технологияларды енгізу. - "Бастауыш мектеп" журналы №1. – 2008.
2. Виноградова Л. П. Бастауыш мектепте ақпараттық технологияларды қолдану. Ғылыми-практикалық конференция материалдары. – 2000 ж.
3. Қисымова Ә.Қ, Нұрланов Е.Б 1.Педагогикалық технологиялар 1-2 бөлім Алматы 2007ж.
4. Тұрғынбаева Б.А Дамыта оқыту технологиялары Алматы. – 2000ж.
5. Педагогика. Таңдамалы шығармалар / К.Д.Ушинский. - 2-ші басылым, өшірілген. М. : «Юрайт» баспасы, 2017. – 284 б.

ӘОЖ 373.3

Сапарова А.Н.

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
Орал қ., Қазақстан*

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ЛИНГВОМӘДЕНИ БІЛІМ БЕРУ БАҒЫТЫ

Қазіргі таңда ұлт мәдениетін жаңғыртып, тарих қойнауынан тіл арқылы жеткен мәдениеттің мәйегін таразылау, салмақтысын, сапалысын сол ұлттың рухани арқауы ету өзекті мәселелердің бірі болып отырғаны сөзсіз. Ел егемендігінің оң өзгерістері қазақ қоғамында тың серпін туғызып, елдің рухани жадынан ұмыт бола жаздаған ата мұраға – төл тарихымыз бен мәдениетіміздің, әдебиетіміз бен өнеріміздің асыл қазыналарына қайта үңілуге мол мүмкіндіктер алып берді. Халқымыздың елдігін, ұлан-байтақ жеріміздің тұтастығын сипаттайтын аталы да кестелі сөздердің ұлт болмысына сай сыр-сипаты ашыла бастады.

Осымен байланысты ХХІ ғасыр тіл білімінде тілді тек қарым-қатынас құралы емес, сонымен қатар, ұлттың мәдени ақпараты жинақталған код ретінде қарастыратын бағыт қалыптасып, тіл білімі ғылымының дамуы антропоөзектік бағытта жүргізілген зерттеулермен толығуда. Осы жаңалықтардың барлығы тіл біліміндегі лингвомәдениеттану саласының ғылыми-теориялық жетістіктері негізінде жүзеге асып келеді. Онда қазақ халқының ұлттық болмысын, қарапайым сөйленіс ерекшеліктерін, тұрмыстық тілдік қарым-қатынастағы ұлттық нышандарын толық ескеру басшылыққа алынады.

Лингвомәдениеттану саласы әлемдік тіл білімінде ХХ ғасырдың басында қалыптасып, бірқатар тілші-ғалымдардың қызығушылығының арқасында жеке ғылым саласы ретінде өз мәртебесін алды.

Лингвомәдениеттану (лингвокультурология) латынның *Lingua* - тіл, *Gultura* - мәдениет, *Logos* - ілім деген терминдердің жинақталуынан туындап, лингвистика мен мәдениеттану пәндерінің торысуында пайда болып, халық мәдениетінің тілдегі әсерін, ерекшелігін, жаңаша көзқараспен салыстыра зерттейтін сала.

Қазіргі қазақ қоғамындағы ерекше маңызды сипатқа ие болған ұлттық мүдделі мақсаттың бірі халық рухын, оның өзегі – мәдениетті жаңғырту. Көрнекті мәдениеттанушы ғалымдардың пікірінше, «мәдениет-адамның ақыл-ойы мен еңбегі жемісінің тізбектері, дәлірек айтқанда, материалдық және рухани құндылықтар жүйесі» (Э.Тэйлор); «мәдениет - дүниенің бөлшектері болып саналатын рухани көріністерді бейнелейтін тіл, миф, өнер, дін және т.б. негізде құрылатын семиотикалық жүйе» (Ю.Лотман). Осымен байланысты мәдениеттің таңбалық негізі тіл арқылы көрініп, рәміздік жүйедегі ұлттың психологиялық түрімен, сакрализация тәсілімен сипатталады.

Бұл арада тіл тек коммуникативтік құрал емес, сонымен бірге, адам болмысының, оның мәдениетінің көрінісі. Өйткені мәдениеттің этнотаңбалық белгісі тілден тыс көріне алмайды.

Демек, тіл тек коммуникативтік құрал ғана емес, тілдік қарым-қатынас негізінде мәдениетті де анықтайтын кешенді ұғым ретінде мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасының өзекті арқауын құрайды. Соның ішінде, мәдениеттің коммуникативтік, мұрагерлік табиғатына сәйкес, оның ашық жүйе ретінде сақталуы, кейінгі ұрпаққа жетуі, жаңғыруы, танымы, оның игерілуі, жетілуі тіл арқылы іске асатыны қазіргі тіл білімінің антропоэзектік бағыттағы зерттеулерінде нақты дәйектелуде.

«Мәдениет» араб тіліндегі «мудун» сөзі біздің түсінігіміздегі «қала» мағынасын берсе, «медэни» - «қала тұрғыны» деген ұғымды меңзейді. Осыдан «мәдениет» деген сөз пайда болған. Мәдениет орта ғасырлық мұсылман мәдениетінің өркендеу кезеңінде қалыптасқан түсінікпен байланысты. М.Ж. Көпеев – «мәдениет» терминін ХІХ-ХХ ғ. ең алғашқы қолданған адам. *Кейбіреулер шаһарларда жиылып, егінмен ас қылады. Бұларды: «Мәдени халық – дейді, яғни Ғылымды жұрт» - дейді* [1].

«Мәдениет» терминінің орнына әдет-ғұрып нормаларының ережесі ретіндегі көрсеткіші болып табылатын басқа синонимдер де қолданылды. Мысалы: *Өлгеніңше өзіңді тәрбиелеп бағайын* (Қамбар батыр, 339). Тәрбие, әдет-ғұрып (Ш. Уәлиханов), дәстүр (Ы. Алтынсарин), хикмет, ғибадат, иман, ғылым сөздерін (А.Құнанбаев) пайдаланған.

Тілде әр халықтың тарихы, оның өмірі, тіршілігі, шаруашылығы мен мәдениеті жатыр. В.А. Звигенцев: «Язык, как мы знаем, существует главным образом в процессе мышления и в нашей речи как в выражении мысли, и кроме того, наша речь включает в себе также и выражение чувствований» – деп бекерге айтпаса керек еді [2].

«Тілді тарихи мұра ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші ол – адам. Адамның өмірі этномәдени тұрмысымен байланысты екендігі айтылды. Біздің ғасыр – өзінің артықшылығымен тарихи ғасыр. Барлық ойлар мен біздің жауаптарымыз, шығармашылығымыз тарихи негізден басталып, тарих табалдырығында пісіп-жетіледі» деген екен Белинский.

Бүгінгі таңда лингвистика ғылымының даму тенденциясын айқындайтын бірден-бір принциптердің бірі – тілді антропоэзектік бағытта таныту. Ендеше тілді этноспен, оның ой-санасымен, дүниетанымымен, парасатылығымен, ұлттық мәдениетімен байланыстыра зерттеу арқылы дүниенің тілдік бейнесін жасайды.

Антропоэзектік бағыттағы дүниенің тілдік бейнесі жөніндегі мәселе орыс тіл білімінде Б.А.Серебрянников, Е.С.Кубрякова, В.И.Постовалова, В.Н.Телия, А.А.Уфимцева, А.Вежбицкая, В.Г.Колшанский, Ю.Д.Караулов, В.Масловалардың және қазақ тіл білімінде Ә.Қайдар, М.Копыленко, Е.Жанпейісов, К.Хұсайын, Н.Уәли, Б.Қалиұлы, Ж.Манкеева, Г.Смағұлова, Ғ.Сағидолда, А.Ислам, Б.Тілеубердиев, Э.Оразалиева, Б.Ақбердиева, Г.Снасапова, Қ.Жаманбаева, Ә.Алмауытова, К.Күркебаев, А.Әмірбекова т.б. ғалымдардың зерттеу нысанына айналған.

Тіл арқылы этностың ұлттық рухани құндылықтары, дүниетанымы, ой жиегі анықталады. Ендеше этнос арқылы тіл құдіреттілігін, ал тілдің байлығын тек этнос арқылы ғана тани аламыз. «Сөзден әдемілеп әңгіме шығару өнері үй салу өнеріне ұқсайды», – деп әсерлі ой айтқан А.Байтұрсынұлы былай дейді: «Адамға дерексіз заттан гөрі деректі зат түсініктірек, жансыз заттың күйінен жанды заттың күйі танысырақ. Сондықтан адам сөйлегенде, сөзі толық түсінікті болу үшін, дерексіз заттарды деректі затша, пернесіз заттарды пернелі затша қалыптайды. Жансыз затты жанды заттай ғаламдайды». Бұл тұжырымдардың өзектілігі бүгінгі таңда жас ұрпаққа этномәдени тәрбие беру мәселесімен тікелей байланысты.

Этномәдени тәрбие беру мәселесі бастауыштың қазақ тілі сабағында лингвомәдени бірліктер ұғымын оқыту арқылы жүзеге асады. Бұл ұғымның табиғатын тілдік тұрғыдан талдайтын болсақ, лингвомәдени бірлік – лингвомәдениеттану деп аталатын тіл білімі

саласының негізгі ұғымдарының бірі. Лингвомәдениеттану бағытының басты қызметі – мәдени ақпаратты танытатын және сол мәдениетті қалыптастыратын адамзаттың тіліндегі мәдени мазмұнды бейнелейтін тілдік таңба табиғатын зерттеу болып табылады.

Негізгі зерттелу нысаны көп нысандар – бұл символдық, эталондық, стереотиптік, бейнелі – метафоралық мәнге ие болған бүтін мәдени мазмұнды бейнелей алатын заттық, тұрмыстық сипаты басым тіл бірліктері мен таңбалар, яғни лингвомәдени бірліктер.

Ғалым А.Әмірбекова «қазіргі қазақ тілінің жаңа бағыттары» атты монографиясында лингвомәдени бірліктердің дені ұлттық стереотиптермен, ұлттық эталондар мен ұлттық ырым-тыйымдар негізінде толығыны айта келіп, қазақтың ырым-тыйымдарының астарында сан түрлі тақырыпты қамтитын мәдени-этикалық тәрбиелеу таңбаларын көрсетеді:

Бірінші - гигиеналық әдептілікті сақтауға бейімдеу таңбалары

Екіншіден, ырым-тыйымдар арасында этикет таңбалары

Үшінші - келін әдебі таңбалары

Төртінші - бала қылығымен өлшенетін таңбалар

Бесінші - киімге қатысты этномаркерленген таңбалар.

Алтыншы – тағамға қатысты этномаркерленген таңбалар

Жетінші – үй тұрмысына қатысты этномаркерленген таңбалар

Сегізінші – төрт түлікке, жануарларға, құстарға байланысты этномаркерленген таңбалар [3].

Бұл бірліктерді Ж.А. Манкеева этномәдени бірліктер деп атайды, себебі ғалымның ойынша, этномәдени бірліктердің мәні үлкен. Ол былай дейді: «Осы тектес этномәдени атауларды талдау негізінде «мәдениет» ұғымының тілге қатысты мәнін былай түсіндіруге болады: кез келген ұлттық мәдениеттің негізі – ортақ тілде сөйлеп, ортақ мүдде мен қағидаларға сай өмір сүріп, әрекет ететін этноұжымда қалыптасқан шындық дүниенің тұтастығы, этностың материалдық және рухани кеңістігі [1].

Олай болса, «тіл – ұлттың тірегі, ұлт мәдениетінің негізі» деген қағидаларға сәйкес тіл мен мәдениет арасындағы байланыстың арқауы сан ғасыр өтсе де бар асылын өз бойында сақтап, еш шашаусыз жиып, болашаққа жеткізетін тілдің құдыреті – кумулятивтік қызметі негізінде шешіледі. Нақты түрдегі оның тілдік көріністері: материалдық мәдениет (тұрақ, киім, тамақ, тұрмыс бұйымдары, еңбек құралдары т.б.) және ұлттық тіл арқылы ұрпақтан ұрпаққа сақталып, жеткізілетін рухани мәдениет (салт-дәстүр, миф, өнер, дін, тәлім-тәрбие, көркем мәтін т.б.) және ұлттық психология, таным тұрғысынан жасалатын рәміздік жүйе, сакарилизация тәсілімен сақталған өнер, археология туындылары т.б. атаулары».

Қазақ тіліндегі лингвомәдени бірліктер мазмұны мынадай лексика-семантикалық топтарды қамтиды:

1. Ыдыс-аяқ атаулары.

2. Қазақтың ұлттық тағамдары.

3. Құрал-жабдық, бұйым атаулары. Олар төмендегідей топтарға жіктелінеді:

1) тұрғын үй және оның бөліктері;

2) үй іші тұрмысында қолданылатын заттар, үй аспаптары;

3) ыдыс-аяқ атаулары, киім-кешек атаулары, аяқ киім, бас киім атаулары, ат әбзелдері, тоқыма атаулары.

4. Киіз үй, оның жабдықтары атаулары.

5. Төрт түлік мал атаулары.

6. Киім атаулары.

7. Салт-дәстүрлер атаулары.

8. Ұлттық ойын атаулары.

9. Саятшылыққа қатысты лингвомәдени атаулар.

Ғылыми еңбектерде лингвомәдени бірліктер терминінің орнына этномәдени бірліктер деген терминді қолданылады. Этномәдени бірліктер белгілі бір ұлттың

болмысын, ерекшелігін, сол ұлттың өзіне тән ой-өрісі мен мінез-құлқын, дәстүр-салты мен әдет-ғұрпын, мәдени-материалдық тұрмысын, менталитеті мен басқа ұлттан ерекшелігін байқататын тіл бірліктерінің мағынасы арқылы, яғни сол атауға таңбаланған бейне мен ситуация мазмұны арқылы анықталады.

Тіл және ойлаудың өзара қатынасы қарастырылған кезде сөздер, олардың мағыналары адам тілінде бөлек түсінік, өзіндік танымдық әлем құрайды. Антропоэзектік бағытта адам кез-келген заттарды ойлау тұрғысынан қабылдауында объективті әлемді танытын оны өзінше өзгерте алатын белсенді субъектіге тән қасиеттері мен заттардың дерексізденіп, абстракциялануын сипаттай алатын мүмкіндіктер білдіреді.

Антропоэзектік ұстаным негізінде мақал-мәтелдер ауыспалы мағынада қалыптасып, тілдік қолданыста қарым-қатынас құралы ретінде жұмсалады. Этностың этникалық сипатының, мәдениетінің тілдегі көрінісі адамның сыртқы келбетін, мінез-құлқын, іс-әрекетін образды түрде танытатын және сипаттайтын мақал-мәтелдер құрамында көбірек байқалады.

Мақал-мәтелдер халықтың ғасырлар бойы көңілге түйіп, сұрыптап жеткізген образдар дүниесінің тілдік бірліктері деп қарайтын болсақ, әсіресе адамды сипаттауда, оның ішкі жан дүниесін танытатын, яғни мінез-құлқын бейнелейтін, іс-әрекет, қимылын суреттейтін мақал-мәтелдерді жиі ұшыратамыз. Қазіргі лингвистикада адамның сана болмысын, оның айналасын, рухани қарым-қатынасын антропоэзектік және тілдегі адамдық фактор ретінде зерттеу ең басты бағыттардың бірі болып отыр.

Тіл иесі халықтың әлеуметтік-экономикалық өмірінің, оның рухани дүниесі мен материалдық мәдениетінің әдет-ғұрып, салт-дәстүр т.б. түсініктерінің қозғаушы күші, тірегі, діңгегі адам болып табылады.

Сондықтан да болар кез келген халықтың фразеологизмдері, оның ішінде, мақал-мәтелдер адам ұғымымен байланысып жатады. Мұның бәрі, лингвомәдени бірліктер ретінде ғаламның тілдік бейнесін жасаудағы ой иесінің үлес салмағын танытады.

Қорыта келгенде, бастауыш сыныптан бастап ұлттық тәрбиелік білім беруде лингвомәдени бірліктерді жүйелі оқытуда мектептің оқу-тәрбие үдерісінде ендіріп, оқытуды қолға алу жақсы нәтижелерге жеткізері сөзсіз деп санаймыз.

Әдебиеттер тізімі

1. Манкеева Ж.А. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. Алматы: «Жібек жолы» баспасы, 2008. – 356 б.
2. Копыленко М.М. Основы этнолингвистики. – Алматы: Евразия, 1995.
3. Әмірбекова А.Б. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшелігі (М. Мақатаев поэзиясы бойынша). – Алматы, 2006. – 122 б.

ӘОЖ 373.3

Карткужакова М.У.

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
Орал қ., Қазақстан*

ГРАММАТИКАЛЫҚ ҰҒЫМДАРДЫ МЕҢГЕРУДЕГІ ЖАТТЫҒУЛАРДЫҢ РӨЛІ

Бастауыш білім берудің базалық пәнінің бірі – қазақ тілі. «Қазақ тілі» пәні – білім беру бағдарламасындағы жалпы білімнің негізін құрайтын аса маңызды пәндердің бірі болып табылады. «Қазақ тілі» пәнінің маңыздылығы оқушыларды қазақ тілінде оқуға, жазуға, тыңдауға және өз ойын еркін, дұрыс жеткізе білуге үйретуімен, мектепте оқытылатын басқа да пәндерді меңгерту құралы болуымен айқындалады [1]. Өйткені, оқушының тілдік дағдылардың барлық түрін жетік меңгеруі және кез келген басқа пәнді игеруі, негізінен, қазақ тілін білу деңгейіне байланысты.

«Қазақ тілі» пәнінің басты бағыты – тіл арқылы оқушының ақыл-ой қабілеті мен тілдік эстетикалық талғамының дамуына, тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына, коммуникативтік дағдыларының жетілуіне және шыңдалуына іргетас қалай отырып, өздігінен білім алуына мүдделілік туғызу. Оқушының мазмұндық топтастырулар жасау, дедукцияны қолдану, рефлексиялық қабілетін дамытуға, яғни оқушының ізденімдік-зертеушілік қабілетін қалыптастыру мен дамытуға соған лайықталған арнайы жаттығуларын алатын мәні зор.

«Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту методикасы» деген еңбекте: «Түрлі жаттығулар жүйесін үзбей жүргізу нәтижесінде оқушылардың қазақ тілінен алған білімі жетілдіріледі, өздігінен жұмыс істеудің тұрақты машықтары қалыптасады» деп көрсетіледі [2]. Ал орыс әдіскерлері бастауышта орыс тілін дамыта оқытуда оқушылардың жазба жұмысының алатын орны туралы былай дейді: «В процессе для формирования у учащихся навыков письма и чтения». Қырғыздың тілші-әдіскер ғылымдары Э.Арабаев, А.О. Османкулов, К. Сартбаев, Қ.Д. Добаев, С. Сакиеваның еңбектерінде тілді тиімді меңгертуге байланысты қолданылатын жаттығулар жақсы талданады.

Ғалым Н.Ж. Құрманова тілдік тапсырмалар туралы былай дейді: «Жаттығылар оқушының білім меңгеруі барысында маңызды орын алады, өйткені, жаттығулар қандай да бір қызметтің, іс-әрекеттің негізін қалайды. Осындай маңызды қызметі бар жаттығу оқушының теориялық» білім алуында тиімді нәтижелерге қол жеткізуі үшін, оларды тиімділікпен жасау, нәтижелі орындау шарттарын ғылыми негізде анықтау керек. Егер жасалған жаттығулар жүйесі тіл бірлігін дамыта оқыту барысында тиімді және оң нәтижелі болсын десек, онда жаттығулардың оқушының теориялық ойлауы мен тілін дамытуға үлесін қосуына саналы түрде бет бұруымыз керек [3].

Грамматиканы оқытуда жаттығу, тапсырма жұмысының мәні зор. Қазақ тілі сабағында грамматикалық ұғымдарды түсіндіру барысында жаттығу, тапсырма жұмыстары орындалады. Жаттығу нәтижесінде оқушылар алған теориялық білімдерін практикада тез де дәл қолдана алу дағдысына ие болады: біріншіден, оқушының білімін нақтылайды, әрі нығайтады. Екіншіден, өздігінен жұмыс істеуге жаттықтырады, ой қабілетін арттырады. Оқушылардың меңгерген білімдерін бекіту мақсатында жүргізілетін жаттығуларда мынадай талаптар қамтылуы тиіс [4]:

1. Белгілі бір жаттығуларды орындау үшін оқушылардың сол жаттығуларды орындай алатындай білімі болуы шарт.

2. Жаттығу оқушының тілге қызығуын, ынтасын арттыруы тиіс.

3. Жаттығу кездейсоқ болмай, белгілі бір жүйемен келуі, ұсынылуы керек.

4. Өз беттерінше жұмыс істеуге дағдыландыру.

5. Шығармашылықты талап ететін жаттығулар көбірек болуы керек.

Тапсырмалар арқылы оқылып жатқан материалмен жүргізілетін оқу әрекеті жүзеге асырылады. Берілген тапсырмаларды орындау негізінде оқушылардың оқыл-ой әрекеттері, ақыл-ой қызметінің белсенділігі қалыптасады, дамытылады.

Бастауыш сыныптарда тілдік ұғымдар біртіндеп күрделене түседі. Қазіргі бастауыш сыныпқа арналған «Қазақ тілі» оқулықтарында тілдік материалдар балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты тілдік фактілерді байқату, салыстыру, жаттығу және көрнекілік әдістері арқылы берілген. Бұл әдістер қазіргі дамыта оқыту талабына сай қолданылады. Бұл үшін сабақта мына мәселелерге баса назар аудартылады: бұл жаттығулар оқушылардың оқу-танымдық қызметін басқаруға мүмкіндік береді; оқушылардың өзін көрсетуіне, жолдасының пікірін ескеруіне, қарым-қатынас жасауына, стандартты емес жағдайда өз білімін қолдана білуіне ықпал етеді.

Деңгейлік тапсырмалар оқушылардың өз бетімен стандартты емес, шығармашылық тапсырмалардың қабілеттерін қалыптастыруды, жаңа амал-тәсілдерді практикалық бағыттағы тапсырмаларды орындауды көздейді.

Оқулықта берілген жаттығулар, тапсырмалар – бір мақсатқа бағытталған, өзара байланысты әрекеттердің тұтастығын көрсетеді. Ол әрекеттер тілдік және ой

операциясының күрделенуіне байланысты бірінен соң екіншісі орындалады. Қазақ тілін оқыту әдістемесінде жаттығулар жүйесін түріне, тәсіліне, типіне, мақсатына жіктей келе, Н.Ж. Құрманова жаттығуларды негізінен «тілдік» және «сөйлеу» жаттығулары деп топтастырады және жаттығулардың қазіргі кезде 30 шақты түрі бар дейді [3]. Мұғалімдер жаттығу дегенді тек дәптерге көшіретін жұмыс түрі деп санаудан аулақ болуы керек. Сондықтан жаттығу мен жатықтыру туралы әдістемелік әрекеттерді мұғалімдер өз тәжірибелерінде шеберлікпен тиімді қолдана алатын болуы керек.

Жаттығулар аналитикалық, синтетикалық және аналитикалық-синтетикалық түрлерге бөлінеді де, белгілі бір мақсатта орындалады. Жаттығу деңгейлерінің ішінде оқу-ізденіс логикасы грамматикалық-тілдік жаттығуларды орындау сәтінен басталады. Бұл деңгейде «Сөз» – ерекше танымдық ізденісті қажет ететін тілдік құбылыс ретінде оқушының алдына қойылады. Бұл жерде негізінен, сөздің атаушы немесе номинативтік табиғаты алға шығарылады. Әрбір атаушы сөздің лексикалық мағынасы болатыны белгілі, сол лексикалық мағынасы арқылы сөз бір-бірінен ерекшеленеді, жеке-жеке бірлік ретінде түсіндіріледі. Мұғалім оқушыларға мағыналары жақын келіп, синонимдік қатар құрайтын сөздердің өзінің ерекшеліктері мол болып келетініне және тек сол ерекшелігінің арқасында ғана сөздер дербес мағынаға ие болып жеке өмір сүретіне назар аудартуы керек.

Оқушыға ауызша сөйленген мәтіннен немесе жазбаша сөйлем немесе мәтіннен сөзді ажыратып тануды үйретуден бастаған мұғалім біртіндеп енді сол сөздің адамның тұтас ойын құраудағы қызметін, тұтастан-бөлшекке және бөлшектен тұтасқа қарай талдаулар жүргізе отырып танытады. Сөйтіп, оқушының өз ойын білдіруде санасыз түрде қолданылып жүрген сөздеріне енді саналықпен, біліммен қарайтын дағды қалыптастыру жолы басталады. Осы жолдың жалғасын енді мұғалім сөздердің сөз таптарына бөліну заңдылықтарына қарай шеберлікпен бұра алуы керек.

Дамыта оқыту жүйесіндегі қай деңгейдегі жаттығу болса да, оның орындалу логикасы мынадай қадамдардан тұрады:

- оқушы өзі танып-білуі тиіс болып отырған таным нысанын басқалардан айқын ажыратып алады;

- оқушы өзі танып-білуі тиіс таным объектісінің сыртқы белгілерімен саналы түрде танысады.

Жаттығу, тапсырмалар арқылы оқылып жатқан материалмен жүргізілетін оқу әрекеті жүзеге асырылады. Жаттығуларды орындау негізінде оқушылардың ақыл-ой әрекеттері қалыптасып, ақыл-ой қызметінің белсенділігі дамытылады. Жаттығулар оқушының білім меңгеруі үдерісінде маңызды орын алады, өйткені, жаттығулар қандай да бір қызметтің, іс-әрекеттің негізін қалайды. Осындай маңызды қызметі бар жаттығу оқушының теориялық білім алуында тиімді нәтижелерге қол жеткізуі үшін, оларды тиімділікпен жасау, нәтижелі орындау шарттарын ғылыми негізде анықтау керек.

Сонымен бірге, әсіресе, берілген бағдарламадағы тақырыптардың мазмұнының ашылу логикасына терең мән бере қарауы тиіс. Тақырыптардың мазмұны көп жағдайда, дәстүрлі оқытудағыдай параграфтың мазмұнында мәтін арқылы беріле салмайды.

Оқушы орындайтын грамматикалық-тілдік жаттығулардан кейбір үлгілер көрсетейік.

1-жаттығу. Төменде берілген сөздердің мағыналарын түсіндірме сөздікті қолдана отырып анықта, дәптеріңе жаз.

Үй, бала, ағаш, көше, білім, ұзын, үлкен, көк, жақсы, жүгір, отыр.

2-жаттығу. 1-жаттығуда берілген сөздерді мағыналарына тағы бір назар салып, олардың ішінде өзара ортақ белгілері бар сөздер бар не жоқ екендігін анықтаңдар. Егер бірнеше сөздің ортақ бір ұқсас мағынасы бар деп ойласаңдар, онда соларды топ-топқа бөліп дәптерге жазыңдар.

Үй, бала, ағаш, көше, білім, ұзын, үлкен, көк, жақсы, жүгір, отыр.

3-жаттығу. 1-жаттығудағы сөздердің біреуіне көптік, біріне септік, тағы біріне тәуелдік, басқасына жіктік жалғауларын жалғап, одан соң жалғауларға қарай отырып тағы да бір топтаңдар.

Үй, бала, ағаш, көше, білім, ұзын, үлкен, көк, жақсы, жүгір, отыр.

Осы жаттығулардан кейін мұғалім оқушыларға мынадай сұрақ қояды:

- *Балалар, назар аударыңдар. Неліктен барлық сөздерге бірдей барлық жалғаулар жалғанбайды? Бұл неге байланысты деп ойлайсыңдар?*

Әрине, оқушылардың жауабы біркелкі болмайды. Бірақ, ең негізгісі, мұғалім дамыта оқыту технологиясы сабағындағы яғни «Бағдарлау-мотивациялық кезеңді» дұрыс ұйымдастырып, оқушыларды бұрын мүлде естімеген құбылысты шешуге проблемалық ситуацияға алып келеді. Мұғалім оқушыларға алдында берілген сөздердің лексикалық мағыналары жағынан өзара еш жақындығы болмағанымен, жалғаулар жалғануы жағынан олар енді жекелеп емес, топтап бөліне бастағанына міндетті түрде назар аудартады.

4-жаттығу. Төмендегі сөздердің қосымшаларына сәйкес сұрақтар қойып, сол сұрақтарға жауап беретін мағыналарына қарай топтаңдар.

Ағаштың, көшенің, баланың, сырлы, бұтаның, жүз он екі, үш, қырық бес, қызыл, бүгін, ертең, барды, айтты.

Оқушылардың жауаптары негізінде мұғалім енді мынадай жаттығу орындатады.

5-жаттығу. Төмендегі сөздердің жеке-жеке емес, әр топтамасының қандай мағына беріп тұрғанын анықтап, дәптерлеріңе көшіріп жазыңдар.

1-топ. Барғым келеді, келсе екен.

2-топ. Үлкенің, кішінің, ағамның, мектептің.

3-топ. Дәрігермен, орманшысыз, баламын, ақынсың, оқушы.

4-топ. Көрді, келді, білді.

6-жаттығу. Берілген сөздердің қандай мағына білдіріп тұрғанын анықтаңдар.

1. Келеді, келді, келгісі келеді.

2. Жазып отыр, жазып жүр, жазған.

7-жаттығу. Төмендегі сөздерді оқып шығыңдар да, тапсырмаларды орындаңдар.

Адамзат, жел, қар, бидай, кітап..

Тапсырмалар:

1. Берілген сөздерге сұрақ қойыңдар да, оны дәптерге жазыңдар. Не себепті сондай сұрақ қойғандарыңды да жазбаша дәлелдендер.

2. Берілген сөздерге қатысы қандай іс-қимылды білдіретін сөздерді білесіңдер, соларды жанына жазыңдар.

3. Осы сөздерге қатысты қандай түр мен түстің, көлемнің, сапаның, сынның атауын білесіңдер, келесі топқа соны жазыңдар.

4. Осы сөздерге қатысты сан атауы бар ма соны анықтаңдар да, дәптерге жазыңдар.

8-жаттығу. Төмендегі сөздердің қандай сөздердің орнына қолданылып тұрғанына анықтап, тапсырмаларды орындаңдар.

Сонша, оның, анадай, мынаған, өзімнің, баршасына, сондай, сөйтіп.

Тапсырма.

1. Берілген әрбір сөзге сұрақ қойып, қай сөз табының сұрағы екенін анықтап дәптеріңе жаз.

2. Әр сөзге басыңқы сөз тауып, сөз тіркесін құрастыр.

3. Әр сөз тіркесін қосып сөйлем құрастыр.

Бұл жаттығу – есімдік сөз табының ерекше қызметін талдау барысында оқушының өзі түсінуіне бағыт беретін жаттығу. Тапсырмаларды орындау арқылы оқушы есімдіктің ережесін шығаруға талпынады. Түпкі мақсатымыз – оқушының есімдіктің ерекше функциясын өз бетімен ізденуі барысында түсіну болып табылады.

Осы, яғни «Операциялық-орындаушылық» кезеңінде орындалатын жаттығулар арқылы мұғалім зат есім, сын есім, етістік туралы жалпы теориялық мағлұмат алады.

Оқушылар сөздердің тапқа бөлуі – сөздердің лексикалық мағынадан енді грамматикалық мағынаға ауысып жатқан сәті екенін осылай түсінеді.

Грамматикалық-тілдік жаттығуларды орындау барысында 2-сынып оқушылары мынадай ізденімдік-зерттеу міндеттерін шешеді:

- сөз таптарына байланысты тілдік қозғалыстар мен өзгерістерді бақылайды;
- сөздердің тапқа бөліну қасиетін анықтау үшін тілдік бақылаулар жүргізеді;
- сөз таптарын құрайтын жекелеген сөздер мағынасының табиғатын тану мақсатында лексикалық талдау жасайды;

- сөз таптарына морфологиялық талдау жасайды.

Сөйлеу жаттығулары. Профессор М. Жүсіпов өзінің жаттығуларды жіктеуге арналған әдістемелік кітабында жаттығулардың «тілдік жаттығулар» және «сөйлеу жаттығулары» болып бөлінуі туралы үлкен пікірлер айтады.

Негізінде, сөйлеу жаттығулары деп атап отырған жаттығулар түрі қазақ тілін оқыту әдістемесінде «тіл дамыту» бағытындағы жаттығуларды қамтып жүр. Бастауыш сынып оқушыларының тілін дамыту мәселесі профессор С. Рахметованың, Т.Әбдікәрімованың зерттеулерінде, еңбектерінде кең қарастырылған. Ал орта буын сынып оқушыларының тілін дамыту мәселесін Н.Ж. Құрманова, Л. Жахина, Ж. Саламатова зерттеулерінде кездестірсек, жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған қазақ тілі морфологиясынан пысықтау жаттығуларын С. Хасанова еңбектерінен көруге болады. Сөйлеу жаттығуларын орындатуда С.Рахметова «салыстыру ұстанымын», «семантикалық-мағыналық ұстанымын» негізі ретінде ұсынады. Ол былай деп жазады: «Оқушыларға сөздердің мағыналарын ұғындыру, табиғатын тереңірек түсіндіру үшін сөздіктердің көмегімен салыстыру ұстанымын дағдыға айналдыруға болады /мысалы, «алыс», «қашық», «жақын» сөздерінің мағынасы/. Семантикалық-мағыналық ұстаным да оқушылардың сөздік қорын дамыту мақсатында бастауыш сыныптарда жиі қолданылып жүрген ұстанымдардың бірі. Бұл ұстанымның мәні – сөздерді өзара мағыналық қатынасына байланысты топтастыру. Мысалы, дене мүшелері: қол, аяқ, тізе, иық, құлак, көз, мұрын т.б. [2].

Бұл ұстаным, әсіресе, А.Байтұрсынов еңбектерінде тиімді қолданылған. Ж.Нұржанова қазақ тілін тиімді оқыту мәселесінде дамыта оқытудың тиімділігіне тоқталады. Бұл мәселенің алғашқы қадамдары Б. Кәтенбаева, М. Нұрғалиева зерттеуінде қарастырылғанын да айта кету керек. Бұл мәселенің тамыры Ә. Алдамұратовтың еңбегінде де жатқаны белгілі. Ал морфологиялық ұғымдарды балаларға меңгертуді ең алғаш А. Байтұрсынов қозғағанын баса айтқымыз келеді.

Жалпы, сөйлеу жаттығуларының маңызы туралы Н. Құрманова былай дейді: «Адамға берілген тылсым да терең, құдіреті күшті құралдардың бірі де, тіпті морфологияны дамыта оқытуда оқушылар орындайтын сөйлеу жаттығулары өте мол. Мысалы,

1-жаттығу. Кім шапшаң? Бірыңғай дауысты не дауыссыз дыбыстар әрбір мақал-мәтелдің бас әрпі. Ойланып көр де, орнына қой.

1. Т...-қ...ө...
2. А...с... – а..., к...с... – к...
3. А...с...а...ө...
4. Б...б...т...
5. Б...е...а...е...е...қ...
6. Ж...с...ж...с...

(Мұғалімге түсіндіру: С... – с...ө..., т...е...ө... – Сөз сүйектен өтеді, таяқ еттен өтеді)

2-жаттығу. Берілген сөздердің синонимдерін тауып, олардың мағынасын анықтаңдар.

3-жаттығу. Берілген сөздердің мағынасына қарама-қарсы мағынадағы сөздерді тауып, дәптеріңе жаз.

4-жаттығу. Өте тәртіпті және өте тәртіпсіз екі оқушы мінездемесін жазуға қажетті сын есімдер мен үстеуді молырақ іріктеп, Кесте сызып, соған толтырыңдар.

5-жаттығу. Берілген үзінді мәтіннен асты сызылған сөздерді басқа сөздермен ауыстырыңдар.

6-жаттығу. «Сәлеметсіз бе, сөз таптары елі!» тақырыбына сөз таптары туралы шығарма жазыңдар. Онда сөз таптары – сіздердің жақсы білетін таныс достарындай сипатталсын.

7-жаттығу. Берілген зат есім сөздердің белгілерін мүмкіндігінше толық етіп, сөз тіркесін құраңдар. Белгілердің бастылары мен қосалқыларын екі қатарға бөліп толтырыңдар.

8-жаттығу. Төмендегі сөздерді естігенде не оқығанда ойларыңа қандай сөздер келеді? Кім көп сөз жазса, сол ұтып шығады.

9-жаттығу. Бір оқушы сөз атайды, қалған оқушылар ол сөзбен сөз тіркесін жасайды. Көп балл жинаған оқушы ұтып шығады.

10-жаттығу. «Буриме» ойыны. Ұйқастың түрі беріліп, оқушыларға сол бойынша өлең құрастыру тапсырылады.

Рефлексиялық жаттығулар.

1-жаттығу. Төменде берілген сөйлемді қысқартып, басқа түрде құруға бола ма? Егер болатын болса, қалай құрар едіңдер?

Бала өз көзіне өзі сенбестен жаңағы нәрсеге қарай берді, қарай берді.

2-жаттығу. Берілген мәтінді оқып шығыңдар. Сөйлемдерде қай жерде шылау қажетті деп ойлайсаңдар, сол жерге қажетті шылау түрін қойып, дәптерге жазыңдар.

3-жаттығу. Берілген мәтінді түзетіндер: оны қысқартып, қайталаулар мен бірдей сөз тіркестері мен синонимдерді алып тастаңдар.

4-жаттығу. Берілген сөздер мен жай сөйлемдерді мағынасына қарай арасына шылау қосып құрастырыңдар.

5-жаттығу. Берілген сөйлемдегі сын есімдерді есімдік сөздермен алмастырыңдар. Қандай мағыналық өзгерістер байқағандарыңды дәптерге жазыңдар.

6-жаттығу. Берілген сөйлемдерді өзара мағыналық байланыстырып, тұтас бір мәтін құрыңдар

7-жаттығу. Алдымен тәртіппен сөз таптарын жазыңдар. Содан кейін берілген сөздерді солардың қатарына дұрыстықпен жазыңдар.

Жаттығулар – практикалық оқыту әдісі, ең жиі пайдаланады. Оқушылардың іскерлік қабілеті, дағдысы, жаттығу арқылы қалыптасады. Жаттығулардың түрлері: ауызша, жазбаша, сыныпта, үй жағдайында орындалатын жаттығулар. Жаттығудың тиімді әдістері – жаңа материалды саналықпен меңгеру, есте сақтау, алған білімге сүйеніп тапсырмалар мен жаттығуларды орындау тәсілдерін іздестіру.

Жаттығулар оқушылардың жасаған қателіктерін түзетуге мол мүмкіндік береді. Сөздік, көрнекілік және практикалық әдістер оқыту үдерісін ұйымдастыруда аса маңызды қызмет атқарады.

Әдебиеттер тізімі

1. *Қазақ тілі. Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында бастауыш мектепке (1-4 сыныптар) арналған оқу бағдарламасы. – Астана, 2017.*
2. *Рахметова С. Қазақ тілін оқыту методикасы. – Алматы, «Ана тілі» 1991. – 169 б.*
3. *Құрманова Н.Ж. Қазақ мектептеріндегі сөз тіркесі синтаксисін дамыта оқыту технологиясының ғылыми-әдістемелік негіздері: пед. ғыл. докт. ... автореф. – Алматы, 2004. – 24 б.*

Умарова Д.А.

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
Орал қ., Қазақстан*

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бастауыш сыныпта қазақ тілі сабақтарында барлық оқушыны білімге бірдей жетелеу үшін өз мүмкіндігіне сәйкес сабақты меңгерту, тілін, ой ұшқырлығын дамыту, өзіндік пікір айтуға жағдай жасау және осы пәнге қызығушылығын арттыратын әдістің бірі – дидактикалық ойындар.

Дидактикалық ойындар – оқушылардың білімін пысықтап, бекітудің, танымын кеңейтіп, шығармашылықпен жұмыстану мен тіл дамытудың бірден – бір жолы. Оқушылардың ойлау қабілетін дамытуда, шапшаңдығын, тез тапқыштығын қалыптастыруда және грамматикадан алған теориялық білімдерін есте берік сақтап, тәжірибеде қолдана алуда және ұйымшылдыққа, адамгершілікке тәрбиелеуде маңызы зор.

Ойын түрлерінің материалдық мазмұны сабақтың тақырыбына неғұрлым сәйкес алынса, оның тәрбиелік маңызы да арта түседі. Оны тиімді пайдалану сабақтың әсерлілік танымдылығын күшейтеді.

Сабақ барысында ойынның басты мақсаты – білім беруді ойынмен ұштастыру. Баланың ойынға белсенді түрде қатысуы оның ұжымдағы басқа да әрекеттерін айқындай түседі. Ойын арқылы оқушы өздігінен жұмыс істеуге үйренеді, ойлау қабілеті дамиды, сөздік қоры байиды. Қазақ тілі сабақтарында ойынның негізгі мақсаты – баланы қызықтыра отырып, грамматикалық, лексико-фонетикалық материалды берік меңгерту. Сондай-ақ, ойын үстінде балалардың ойлау қабілеті, назары, байқампаздық әрекеті, зейіні жетіледі.

Ойынның түрлері өте көп. Соның ішінде, бастауыш сыныптарда пайдаланатын сюжетті – рөлдік ойындар, дидактикалық ойындар, ұлттық ойындар, қимыл-қозғалыс ойындары, т.б. Мұндай ойындар оқушыны жан-жақты дамытып, білімді толық игеруіне көмектеседі.

Педагогикалық үрдісті жетілдіруде ойынның алар орнын қазақ ғалымы Н.Құлжанова зерттей келе, ойын бала үшін еліктеу, инстинкт, күнделікті негізгі іс-әрекет және оның жеке өмірі деп дәлелдеген. С.Рахметованың айтуы бойынша, ойында әдептілік, тәрбиелік мақсатта пайдалану – баланың болашақ өміріне түзу жол салу, үлкендерге еліктеуі және өмірдің талаптарына сай бейімделуі басты педагогикалық мақсаттар. Ойындар баланың қисынды ойлау қабілетін және қиялдау қабілеттерін дамытуға жетелейді. Ғалым: «Бала ойында шынығып, «жұмыс жасап», «өсіп» жетіледі. Оның ойлау қабілеті жетіліп, қарым-қатынас жасау мүмкіндігі артады», – деп атап көрсеткен [1].

Сол сияқты бала өміріндегі ойынның алатын маңызды орны туралы педагог Мағжан Жұмабаев та өз көзқарасын қалдырған. Ойын – бала үшін өмірлік тәжірибе. Ойын барысында бала өзін қоршаған орта туралы алған білімін пайдаланады. Ойын кезінде бала терең әсер алып, үлкен белсенділік көрсетіп, қисынды ойлау қабілеті күшейеді. Ойынды баланың тілін дамыту үшін де пайдалану керек деп баса айтқан.

«Ойын – баланың рухани дамуының негізі», – деп, Ж.Пиаже, К.Левин, Л.С.Выготский, Д.Б.Эльконин, К.Д.Ушинский, А.С.Макаренко, С.А.Шмаков өз еңбектерінде атап айтқан.

Адамзат тәжірибесінде ойын әрекеті мынандай қызметтерді атқарады:

1. Көңіл аулау (негізгі атқаратын міндеті – көңіл көтеру, жандандыру, қызығушылығын арттыру).
2. Коммуникативтік: сөйлеу тілін ұстарту.
3. Ойын терапиясы: өмірде кездесер түрлі қиындықты жеңу жолдарын

көрсетеді.

4. Диагностикалық: қалыпты тәртіптен ауытқуды табу, ойында өзін-өзі тануға көмектесу.

5. Әлеуметтік: адамдарды қарым – қатынас нормаларына бейімдеу.

Тілді оқытуда ойындардың өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл ойындар әртүрлі ситуациялар арқылы жүзеге асады. Ойын сабақтың әр бөлігінде, әр мақсатта жекеленіп, дараланып қолданылады. Жаңа тақырыпты түсіндіруге, өткенді қайталауға, пысықтау сабақтарында падаланылады. Оқушыларды өз бетінше шығармашылық ізденіспен жұмыс жүргізуге үйретуде, қазақша тілін дамытуда, мәселен, грамматикалық лото ойыны оқушыларды сөйлем мүшелерінің орналасу тәртібін, құрылысын меңгеруге дағдыландырады. Ал рөлдік ойындарды сабақта қолдану үшін мұғалім жете дайындық жасап, қажетті жабдықтармен қамтамасыз ету мүмкіндіктерін терең ойластыруы керек. Олар: а) қажетті лексика;

б) ойынның мақсаты мен шарты;

в) ойынға қажетті заттардың өзі немесе суреттері әзірленеді.

Рөлдік ойындар сабақтың қалыптасқан дәстүрін өзгертеді. Мұғалімнің де ұйымдастырушы ретіндегі орны анықталып, кәсіби беделі артады. Ситуациялық ойындарға әртүрлі тақырыптар алынады. Бұл ойынның басты мақсаты – оқушыларды әр түрлі ситуацияларда өздерінің білімдерін сынау, қисынды ойлау қабілетін дамыту, өз көзқарастарын білдіру, қиын сәттерден шығу мүмкіндіктерін байқатады, тіл байлығын дамытады.

Оқушылардың грамматикалық дағдысын қалыптастырып, қазақша тілін дамытуда халық ойыны санамақ, жаңылтпаш, мақалдарды ұтымды пайдалануға болады. Сол сияқты қазақтың ұлттық ойындары «Бәйге», «Қыз қуу», «Қоржын», «Ханталапай» ойындарын салт-дәстүр, ғұрыпқа байланыстырып, мағынасын, мазмұнын жете түсіндіріп, түрлендіріп қызықты өткізу мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Баланың ақыл-ойының дамуына, сөздік қорының баюына, қисынды ойлау қабілетінің дамуына қазақ халық педагогикасының қоржынында жұмбақ, жаңылтпаш, санамақтар бар. Осы барымызды баланың психологиясына, жас шамасына және жеке басының ерекшеліктерімен санаса отырып оқу үрдісінде ойындарды шебер пайдалану әрбір мұғалімнің үлесінде.

Ойын – бала әрекетінің негізгі бір түрі. Ойын арқылы адам баласының белгілі бір буыны қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психикалық ерекшеліктерін қалыптастырады. Бала ойынында да қоғамдық, ұжымдық сипат болады. Мәселен, кез-келген бала еш уақытта жалғыз ойнамайды, қатар-құрбыларымен бірлесіп ойнайды, ойын арқылы бір – бірімен өзара қарым-қатынас жасайды. Ал мұның өзі оның дамуы үшін ерекше маңызы бар фактор екендігі түсінікті. Ойын баланың түрлі қасиеттерін дамытатынын, мұнда да баланың қабілеті, белсенділігі бір сыдырғы байқалатынын А.С.Макаренко өте жақсы көрсетті. «Үлкендер өмірі үшін жұмыс, қызмет істеу қандай орын алатын болса, – деп жазды ол, балалар өмірінде ойын да сондай үлкен маңызды. Ойында бала қандай болса, өскеннен кейін жұмыста көбінесе сондай болады. Сондықтан келешекке адамды тәрбиелеу бәрінен бұрын ойын арқылы болады» [2].

Бастауыш сынып оқушылары ойындарының басты ерекшелігі – оның ұжымдық сипатта болатындығы. Әрине, жеті-сегіз жасар балалардың ойын ұжымы әлде де тұрақсыз болады, өйткені, бұлар ұжымдық өмір сүруге әлде де жөнді дағдыланбаған, мұндай ұжымның құрамы екі-үш баладан аспайды. Ал үшінші, төртінші сынып оқушыларының ойындарында ұжымдық сипат жақсы жетіледі. Мәселен, ойында топ-топ болып ойнау, ойын ережелерін сақтау, жолдастарының алдында жауапкершілігін сезіне бастау, өзін ұстай білу сияқты ұжымдық ойындардың негізгі белгілерін олар жақсы түсінеді. Мектептегі қоғамдық ұйымдардың жұмысы – бала ұжымын құрастыруға таптырмайтын құрал. Бұл ұйымдар балаларды ортақ мақсатқа, ұжым намысын қорғауға, оның табысына ортақтасуға тәрбиелейді.

Ойынның ұжымдық сипаты өз тарапынан жоғарыда аталған ұйымдардың нәтижелі болуына себін тигізеді. Ұжымдық ойындарда бала жолдастықтың мәні неде екенін түсіне бастайды. Өзінің басындағы мінез-құлықтың кейбір теріс бітістерінен ұялып, одан арылығы келеді. Бірақ бұған шамасы жете қоймайды. Осындай ойындарда баланың қабілеттері жақсы жетіле бастайды. Мәселен, бір бала өзінің ұйымдастырғыштығын байқатса, екінші бала табанды, жігерлі екендігін аңғартады. Ұжымдық ойындар баланың рухани, эстетикалық сезімдерінің қалыптасуына да әсер етеді. Сабақ үстіндегі ойын тәсілдерін пайдалануда мынадай негізгі бағыттар ұсталынады:

1. Дидактикалық мақсат – тапсырма оқушылар алдына ойын түрінде беріледі.
2. Оқу барысы ойын шартына бағынады.
3. Оқу материалы оның негізгі қажеттілігіне: сабақтағы іскерлік, ойдағы жарыс элементтеріне кіріп, дидактикалық жүктемені айналдырады.

Ең бірінші ойын түрлерін атқаратын қызметіне байланысты физикалық (қозғаушы), интеллектуалды (ойландыратын), еңбектендіруші, әлеуметтік және психологиялық деп бөлуіміз қажет. Педагогикалық үрдісте өзіндік қасиетімен ойындар келесі топтарға бөлініп ерекшеленеді:

- а) үйретуші, жаттықтырушы, бақылаушы, тіл дамытушы;
- б) танымдық, тәрбиелік, дамытушылық.
- в) шығармашылық, нәтижелі т.б.
- г) коммуникативтік, диагностикалық, психотехникалық анықтаушы.

Қазақ тілі сабағында қолданылған ойындарды қолдану оқушылардың білімдік, тәрбиелік, танымдық қабілеттерін жетілдіруге, олардың шығармашылық қабілетін, логикалық ойлауын қалыптастыруға, тілдік қарым-қатынасқа түсуіне негізделді. Осыған орай, жұмыста оқу жоспарына сәйкестендірілген дидактикалық ойындар қатысымдық тұрғыдан жаңа білімді меңгерту, өтілген материалды бекіту, оқушылардың тіл мәдениетін жетілдіру үшін қолданылды. Сондықтан тілдік материалды меңгертуде жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін сабақтың дидактикалық мақсатына қарай әр түрлі дидактикалық ойындар пайдаланылды. Ойынның мақсаты оқушылардың дидактикалық ойындары арқылы қол жеткізетін білімдік, тәрбиелік, танымдық қабілеттерінің нәтижелеріне тікелей байланысты. Ойын мақсаты қазақ тілі пәнінің мақсаты мен сабақтың дидактикалық мақсаттарының ескерілуімен ерекшеленеді.

Ойын ұзақтығы ойын мақсатына тікелей байланысты. Ойын ұзақтығын айқындау – мұғалімнің сабақты дұрыс ұйымдастыруына, уақытын нақты есептеуге көмектеседі. Сонымен қатар, мұғалім сабақ мақсатына сай дидактикалық ойындарды орынды қолдануына септігін тигізеді. Осыдан барып мұғалім дидактикалық ойындарды қолдану жолдары мен әдіс-тәсілдерін анықтап, игерілетін білім, білік көлемін болжайды [3].

Қазақ тілі сабағында қолданылатын дидактикалық ойындардың бірнеше түріне тоқталғымыз келеді. Мәселен,

«Кім жылдам» ойыны.

Көрнекілік: Дауысты және дауыссыз дыбыстар жазылған кесте қағаздар жерде жатады.

Ойынның қатысымдық қызметінің мақсаты – тілдің фонетика дыбыстарын ұғындыру, оқушылардың сөздік қорын молайту. Бұл ойындар дыбыстардың негізгі ерекшеліктерін тануға дағдыландырады. Ойындар сатылана күрделенеді. Ондағы тапсырмалар деңгейімен қиындатылады.

Ойынның мақсаты: Оқушыларды берілген әріпке сөз құрауға үйрету, фонетикалық дағдыларын жетілдіру.

Ойынның міндеті: Оқушылардың фонетикалық және лексикалық дағдыларын жетілдіру.

Ойынның ұзақтығы: 10-12 минут.

Ойынның мазмұны: Ойынға қатысушы екі ойыншы ортаға шығып, бір-біріне арқаларын тіреп тұрып шынтақтасады. Ойын жүргізуші белгі берген кезде екеуі бірдей

жердегі дыбыстардың таңбасы жазылған қағаздарды алып, тақтаға қайсысы бұрын сол дыбыстан басталған көп сөз жазса, сол ұтқан боп есептеледі. Екі топтан кезекпен-кезек оқушылар шығады, қай топ көп сөз жазса, сол топ жеңімпаз аталады.

«Сиқырлы таяқ» ойыны.

Көрнекілік: Антоним сөздердің ережелері жазылған плакат.

Ойнаушылар қол ұстасып дөңгелене шеңбердің бойына тұрады. Қолында таяғы бар ойын жүргізуші шеңбердің ортасына кіреді де қолындағы таяғын кез-келген оқушыға береді. Осылайша ойын жалғаса береді. Сөз құрай алмаған ойыншы ойыннан шығып қалады. Бұл ойын ұжымдық ойын болып есептеледі.

Ойынның мақсаты: Балаларды тапқырлыққа, жылдам ойлау қабілетіне баулу.

Ойынның міндеті: Оқушылардың фонетикалық дағдыларын дамыту.

Оқушылардың ойын ойнау арқылы мынадай нәтижелерге қол жеткізеді:

- қазақ тілінде кез-келген дыбыстан сөз басталмайтындығын білу;
- фонетика бөлімінде қалыптасқан білімдерін дамытты.

Ойын ойнау барысында бала өздігінен жұмыс істеуге, ойлауға, қорытынды жасауға, өз-өзіне баға беруге үйренеді. Ойын арқылы берілетін білім балалардың санасына жетіп, есінде ұзақ сақталады.

Сонымен, ойын – балалардың өзін-өзі оқытудағы таным жолы, өз мүмкіндігі, қабілеті, өзін-өзі тәрбиелеудің қажетті құралы. Ойын арқылы оқытудың әр деңгейлігіне және оқу үдерісінің негізгі міндеті жаңа материалды оқып-үйренудің барынша тиімді нәтижесіне қол жеткізуге болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Рахметова С. Қазақ тілін оқыту методикасы. – Алматы, 1991. – 169 б.
2. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы, 1992.
3. Диярова Қ. Қазақ тілі сабағында тапқырлық ойындарды қолдану жолдары. Қазақ тілі мен әдебиеті, 2002. – №5.

ӘОЖ 373.3

Есенова М.Е.

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
Орал қ., Қазақстан*

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ БІЛІМІН КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ

Егеменді елімізді өркениетті әлемге танытатын сонымен қатар дамыған елдердің қатарында терезесін тең ететін күш – білім және білімді ұрпақ. Яғни, келер ұрпақты білімді ету үшін білім сапасын арттыруымыз қажет. «Бағалау» термині «бір адам басқа адамның не айтып, не істегенін немесе өзін-өзі бақылау жағдайында өзінің дербестүсінігін мұқият бақылауы болып табылады. Өз кезегінде, білім беру сапасын жоғарылату оқушылар білімін бағалаудың нақты критерийлерін жасауды талап етеді. Бағалаудағы ерекше амал - критерий арқылы бағалау болып табылады.

Критерийлер – оқытудың міндеттерін жүзеге асыратын өлшемдер, атап айтқанда, оқушылар жұмыс барысында орындайтын іс-әрекеттер тізбесі. Критериалдық бағалау – бұл білімнің мақсаты мен мазмұнына сәйкес келетін, оқушылардың оқу-танымдық біліктілігін қалыптастыруға себепші болатын, айқын анықталған, ұжым мен шығарылған, білім процесінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі критериялар мен оқушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген процесс. Критериалды бағалаудың басты ерекшелігі: алдын ала ұсынылған бағалау шкаласының ұсынылуы, оның анық айқындылығы, бағаның әділ қойылуы, өзін бағалауға мүмкіндіктердің берілуі.

Критерий оқыған бағдарламаға сай алынады. Әрбір жетістік балмен және дескриптор арқылы белгіленеді [1].

Математика сабақтарында критериалды бағалауды қолдану, оқушылардың танымдық қабілеті мен ойлау деңгейін арттыруға көмектеседі. Оларды табысқа жетелейтін жол көрсетеді, өзін және өзгелерді бағалауды үйретеді, оқушыларды сыни ойлауға өз ойын айтуға өзінің білімін көрсетуге мүмкіндік береді. Мұғалімдер сапалы нәтижеге әкелетін критерийлер құрастыру арқылы оқушылардың білім алу барысындағы қателіктері мен олқылықтарын айқындауға, бағдарламаға сәйкес оқушының дайындық деңгейін анықтауға мүмкіндік алады. Оқушы білім алу барысында алған өз бағасының әділдігіне көз жеткізеді. Білімнің меңгерілуі туралы оқушы мен мұғалім мен ата-ана арасында кері байланыс орнайды. Критериалды бағалауда тек оқушының жұмысы бағаланды. Оқушы орындаған жұмысын алдын-ала белгілі үлгімен салыстырды. Оқушы өзінің жұмысын бағалауға мүмкіндік беретін нақты бағалау алгоритімін біледі. Жіберілген қателермен жұмыс істеп оқушы өзінің даму жетістігін бақылап отырады.

Критериалды бағалау екі түрлі бағалауды қамтиды: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау.

Қалыптастырушы бағалау:

- оқу үрдісі кезінде жүргізіледі (шағын өз беттік жұмыс, тест т.б.);
- оқушыларға өзінің жұмысын түзетуге, үлкен жетістіктерге жетуге көмектеседі;
- мұғалімге әр оқушының материалды меңгеруі туралы ақпарат жинайды, талдау жүргізіп алдағы жұмысты жоспарлайды, оқу үрдісін сапалы жүргізді.

Жинақтаушы бағалау:

- тақырыптық немесе бөлімінің оқытуды аяқтау кезінде жүргізілді (бақылау жұмыстары немесе зачеттар).
- оқушыларға оқылған тақырып бойынша жетістіктерін көрсетуге мүмкіндік береді.
- мұғалімге оқушылардың жетістігі туралы қорытынды баға қоюға мүмкіндік береді.

Қалыптастырушы бағалау кері байланыс қызметін атқарады. Оқушы өзінің жетістігі мен кемшілігі туралы ақпарат алады. Егер оқушы аралық жұмыстарды жеткілікті түрде жақсы орындамаса, оның қорытынды жұмысқа дейін уақыты бар. Сондықтан аралық жұмыстардағы бағасы қанағаттанарлықсыз болса, оны оқушы өзіндік тәжірибелерін жетілдіруге берілген ұсыныс ретінде қабылданды. Себебі тоқсандық бағаны жинақтаушы бағалау негізінде қою ұсынылады. Тоқсан ішінде жиынтық бағалау үшін үш-төрт қорытынды жұмыстар жүргізіледі, оның нәтижесімен тоқсандық баға шығарылады.

Математика пәні бойынша оқушылар жетістігін бағалау үшін төрт критерий алынды. Критерийлердің атауы мен олардың қысқаша мазмұнының сипаттамасын төмендегідей таблицада ұсынып отырмын.

Кесте 1 - Математика пәні бойынша критерийлердің мазмұны

	Критерийлер	Дескрипторлар
А	Білу және түсіну	Оқушы оқылған материалды білетін және түсінетінін көрсетеді, алған білімдерін стандартты және өзгертілген жағдайларда қолдана біледі
В	Қолдану	Оқушы қандайда бір есепті математикалық әдістерді қолданып зерттейді, заңдылықтарды анықтайды, математика тілінде олардың өзара байланысын сипаттайды

С	Сыни ойлау және зерттеу	Оқушы қандайда бір есепті шығару кезінде керекті формулалар, теоремаларды, ақпараттарды талдайды, синтездейді, қолдана алады
Д	Коммуникация және рефлексия	Оқушы сәйкесінші ғылыми терминологияны және шартты белгілеулерді қолданып, ақпарат бере алады

Жаңартылған мазмұндағы математикалық білім беру үрдісінде бастауыш мектеп оқушыларында анализ және синтез, салыстыру, классификация, нақтылау, абстрактілеу және жалпылау сияқты сыни-тұрғыдан ойлау әрекетінің тәсілдерін қалыптастыру көзделген [2]. Критериалды бағалауда міндетті түрде дескрипторлар құрылуы керек. Дескрипторлар оқушының жетістік деңгейінің дәл сипаттамасын және оларға берілетін ұпай санын көрсету керек. Қалыптастырушы бағалау үшін 4-сыныптың математика пәнінен «Көптаңбалы сандарды екі таңбалы сандарға бөлу» тақырыбы бойынша берілген өзбеттік жұмыстың бағалау критерилерін ұсынамын:

Тапсырма: Баған түрінде жазып шығар және тексер.

Бағалау критерийі	Білім алушы		
	Көптаңбалы сандарды қалдықпен бөледі	екітаңбалы	сандарға

1 1 6 8 9 : 19	9 2 2 4 : 12	1 5 5 2 4 : 15
1 5 3 4 7 0 : 43	3 6 2 6 2 : 25	6 8 5 4 6 : 27

Дескриптор *Білім алушы*

- бағандап бөлу алгоритмін көрсетеді;
- толымсыз бөліндіні анықтайды;
- бөліндінің мәнін табады;
- қалдықты анықтайды;
- бөлуді тексеру өрнегін құрастырады;
- қалдық пен бөлгішті салыстырады.

Оқушы осындай аралық жұмыстарды орындай отырып, өзінің жетістігін бағалайды, қорытынды бақылауға дайындалады. Қорытынды бақылауға берілетін тапсырмаларға осындай критерийлер ұсынылады, тек тапсырмаларды күрделендіріп алуға болады[4].

«Көбейту және бөлу» бөлімі бойынша жиынтық бағалау:

Критерийлер	Тапсырма мазмұны	Дескрипторлар	
А (Білу және түсіну) Бөліндінің мәнінде нөл болатын жағдайдағы бөлуді орындайды және тексереді	Баған түрінде жазып шығар және тексер. 404716:86	Бірінші толымсыз бөлінгіш пен бөліндінің мәніндегі бірінші цифрды анықтайды;	1
		Екінші толымсыз бөлінгіш пен бөліндінің мәніндегі екінші цифрды анықтайды;	1
		Үшінші толымсыз бөлінгіш пен бөліндінің мәніндегі екінші цифрды анықтайды;	1

		Төртінші толымсыз бөлінгішті анықтап, бөліндінің мәніндегі төртінші цифрды анықтайды ;	1
		Бірінші толымсыз көбейтіндіні анықтайды;	1
		Екінші толымсыз көбейтіндіні анықтайды;	1
		Толымсыз көбейтінділердің қосындысының мәнін табады;	1
В (Қолдану) Есептеу барысында қалдықпен бөлу формуласын қолданады	Белгісіз санды тап. Асқар бір санды 123-ке бөліп еді, бөліндінің мәнінде 391 саны шықты және 1 қалдық қалды. Бөлінгішті анықта.	Толымсыз бөлінгішті табады;	1
		Бөлінгішті анықтайды;	1
Барлығы			9

[5]

Критериалды бағалау – оқушы бойындағы үрейленуді басады және де оқушы бойында өзін өзі бағалау, өз іс-әрекетіне баға беру, жауапкершілік қабілетінің дамуына ықпал етеді. Мұндай бағалау кезінде оқушы өзін басқа оқушымен салыстырмай өзінің мүмкіндігін бағалап, жетістікке жету жолдарын іздейді және жетістікке жету жолын табуға әректенеді. Бағалау парағы арқылы ата-аналармен де байланыс орнатылады. Бұл жерде ата-ана да баласының жетістіктері және олқылықтарын көріп, оны жоюға жұмыс жүргізеді. Сонымен қатар бағалау критерилерімен де танысып, хабардар болады. Оқушыны сабаққа белсене қатыстыру үшін әр сабақ барысын мүмкіндігінше жеке формада, жаңа әдісте жүргізу шарт. Ол үшін мұғалім оқудың әдіс-тәсілдері, формалары талаптарға лайық болуын, ақпараттық технологияны өз іс-әрекетінде тиімді, сауатты ұйымдастырылуын қадағалап отыруы қажет. Тоқсан ішінде математика пәні бойынша жиынтық бағалау үшін екі-үш қорытынды жұмыстар жүргізіп, соның негізінде тоқсанды баға шығару ұсынылады [3].

Критериалды бағалау жүйесінің тиімділігі:

- заман талабына сай бәсекеге қабілетті, білімді, іскер, ойлау жүйесі дамыған, логикалық тұжырым жасауға бейім және еркін ойлай алатын жеке тұлғаны қалыптастырады;

- жеке жұмыстар жүргізу арқылы оқушының білім дәрежесі мен ой-өрісін әрі қарай дамытады;

- оқушылардың білім сапасын да арттырады;

- оқушының тұлғалық бағытын белсенді позициясына бағыттауға мүмкіндік бере алатын бірден-бір бағалау жолы;

- тұлғаны өзіндік жауапкершілікке, тұғырлы нәтижеге және бағытқа жеткізетін шығармашыл бағалау жүйесі

Білім берудің қазіргі заман талабы - шығармашылықпен жұмыс жасайтын және бәсекеге қабілетті де, құзіретті тұлға тәрбиелеу.

Дәстүрлі бағалауда оқушының жеке жетістігін белгілі нормамен немесе оқушылардың көбінің нәтижелерімен салыстыру болады да, оқушы көкейінде «Оған неге «5» , ал маған...» немесе «Сол баяғы «4» қой», «Не үшін?» деген сауалдар болады. Ал критериалды бағалау жүйесі бұрынғы бағалауға қарағанда қалыптастырушы және жиынтық бағалаумен ерекшеленеді. Қалыптастырушы бағалау оқытуды, әдістерді және

осы мүмкіндіктерді іске асыру түрлерін жақсарту мүмкіндіктерін анықтауға бағытталған болса, жиынтық бағалау мақсатты баға қою және сертификаттау немесе оқытудың алға жылжуын тіркеу үшін оқыту қорытындысын шығару үшін қажет.

Қорыта айтқанда А.Байтұрсынов ағамыз былай деген екен: «Мектептің жаны мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп те сондай болмақшы...» демек, білім сапасын көтерудің негізгі тетігі - ұстаз. Сол себептен де бағалаудың түрлерін тиімді пайдаланып, оқушыларды терең біліммен қаруландырып отырсақ, онда болашақта мемлекеттік тілдің мәртебесі жоғары деңгейге көтерілетініне және тәуелсіз еліміздің болашағы баянды болатынына сенімім мол.

Әдебиеттер тізімі

1. *Мұғалімге арналған Нұсқаулық (ІІІ негізгі деңгейге арналған).* – Астана, 2017. –71 б.
2. *Блум таксономиясын оқу үрдісінде пайдалану әдістемесі // Әдістемелік құрал. – Орал, 2013.*
3. *Көкіжанова Г.К. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау білім сапасын басқарудағы негізгі критерий. – Педагогика, 2009 ж.*
4. *Оразаева З.Н., Карманова К.М. Қалыптастырушы бағалаудың оқуға ықпалы // Педагогикалық альманах журналы. – Алматы, 2016. – №3. – 53-б.*
5. *«Математика» пәнінен жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстар 4-сынып Нұр-Сұлтан, 2019*

ӘӨЖ 373.3

Амангельді А.Е.

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
Орал қ., Қазақстан*

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ӨЛКЕТАНУ НЕГІЗІНДЕ ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА ТӘРБИЕЛЕУ

Қазақстанның тәуелсіздік алып, егеменді ел ретінде жаңа даму жолына түсуі қоғамның жалпыадамзаттық құндылыққа бағдарланған жаңа идеологиясын қалыптастыруды қажет етеді. Құндылықтар мәселесі қоғамның идеологиялық тұғырлары дискредитацияға ұшырап, мәдени дәстүрлері құнсызданған кезде, әрбір халық өзін мазалаған сансыз сұрақтың ең болмағанда бір бөлігіне жауап табу үшін өзінің өткен тарихы мен мәдениетіне бет бұрған кезде, тарихтың өтпелі, дағдарыстық кезеңдерінде өткір қойылып отырған.

Бұл мәселеге байланысты Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «... жаңа жағдайларға сай біздің бәрімізді алаңдататын мәселе – білімді, кәсіби даярлығы бар адамды тәрбиелеу ғана емес, қоғамдық өмірдің барлық саласында ұлттық және дүниежүзілік құндылықтарды қабылдауға қабілетті, рухани адамгершілік мүмкіндігі мол тұлғаны қалыптастыру болып табылады» [1] деп атап көрсетілген.

Әдеби шолуларға сүйенсек құндылықтар жіктелуі әртүрлі: философиялық тұрғыдан витальды (өмір, денсаулық, игілік, экология және т.б.); әлеуметтік (әлеуметтік статус, жағдай, байлық, Отан, отбасы, тәуелсіздік және т.б.); діни (Құдай, сенім ғұрып, шіркеу және т.б.); моральдық (қайырымдылық, достық, сүйіспеншілік, парыз, адалдық, әділеттік және т.б.) эстетикалық (сұлулық, идеал, үйлесімділік, және т.б.); саяси (заңдылық, мемлекеттік, ата заң, азаматтық еркіндіктер және т.б.) Осылайша құндылықтар жалпы динамикамен сипатталатын мәдени реттеушіліктің қозғалмалы саласын білдіреді[2].

Педагогикалық сөздікте: құндылық адамның ішкі құқы, ізгілігі, адамдармен қарым-қатынасы, іс-әрекет кезіндегі көрсететін қайырымдылығы тұрақтылығы, мейірімділік жүйесі тәрбие негізі – делінген [3].

Педагогикалық тұрғыдан патриоттық тәрбиенің негізі рухани-адамгершілік құндылық тәрбие арқылы жүзеге асады. Негізінен рухани - адамгершілік құндылықтар адам бойынан бастау алады. Себебі адам жаратылысы өмірге өзіне қарым-қатынасы, тұрмыс тіршілігі саналы іс-әрекеті мен сезімі арқылы өлшеніп сараланып отырады.

Бірақ осы құндылықтардың өмірдегі мәнін түсініп, талдап, саралап қабылдайтын бұл - адам санасы. Адам санасында бірінші құндылықты анықтау үшін белгілі бір себепке байланысты қажеттілік оянады, әрі қарай сол қажеттілікті қанағаттандыру жолында өз алдана мақсат қойып өзі үшін құндылық негізін анықтап алады. Негізгі рухани - адамгершілік құндылықтар бұл адам бойынан бастау алады десек те болады. Себебі рухани-адамгершілік құндылықтар адам жаратылысы, олардың өмірге қарым қатынасы, тұрмыс тіршілігі, саналы іс-әрекеті мен сезімі арқылы өлшеніп, сараланып отырады. Сондықтан ең жоғары құндылықтардың өзегі - бұл адами қасиеттер, өз халқын, Отанын қадірлеуі, он ұрпақтан ұрпаққа жеткізуі қоғам дамуында әрдайым дәлелденіп келген [4].

Жеке тұлғаны қалыптастыру барысында оның өзіне тән ерекшелігін ескере отырып, көзқарасындағы даралықты анықтап, өмірде болып жатқан өзгерістерге, қоғамның дамуына немқұрайды қарамайтын шын мәнінде өмірдегі өзін қоршаған адамдарға жанашырлықпен, сүйіспеншілікпен, жауапкершілікпен қарау сезімін бойына сіңіру үлкен абыройлы іс.

Бүгінгі таңда білім берудің сапасын көтеруде, жас ұрпақтың дүниеге дұрыс көзқарасын қалыптастыруда өлкетану маңызды, күшті құрал болып отыр. Өлкетану жұмыстары балалардың қоршаған дүние құбылыстары мен заттары туралы, олардың өзара байланысының заңдылықтары жайлы айқын түсініктерін қалыптастыруға көмектесіп, пәнге деген қызығушылықтарын арттырады. Өлкетану материалдары қоршаған ортаға тікелей бақылау жасауға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының жаңа экономикалық, әлеуметтік, саяси жағдайға көшуі еліміздегі түбегейлі өзгерістер педагогика ғылымының алдына шешімін күттіретін күрделі практикалық міндеттерді жүктеп отыр.

Өлкетану арқылы бастауыш сынып оқушыларының бойында патриоттық тәрбиені қалыптастыруға қажетті сапалар:

балалардың моральдық жігерлік сапасы;

өз өлкесі бойынша қарапайым түсініктерінің болуы;

жер-су аттарын білу;

Өлке тарихы туралы түсінігінің болуы

-біріншіден, патриоттық тәрбие берудің мазмұнына Орал аймағының тарихы, мәдениеті, ежелгі архитектурасы, ғылымы, білімі, батырларының ерлігі мен халқының бірлігі еңбегі арқау болады;

-екіншіден, бастауыш сынып оқушыларының үлгі боларлық ұлы композитор, күйші, жырау, (Құрманғзы, Дина, Мұхит т.б.) батыр Маншук ерліктері ұрпаққа үлгі тұтарлық мәңгі тарихы тек қана оралдықтар емес қазақ халқының мақтанышы боларлықтай;

-үшіншіден, аймақтың өлкетану құндылықтарын пайдалану сыныптан тыс уақытта Орал қаласы бойынша танымжорық, топсеруен, саяхат жұмыс түрлерін ұйымдастыруды көздейді;

-төртіншіден, патриотизмді қалыптастыру мақсатында Орал қаласының тарихы, табиғаты, халқының тұрмыс-тіршілігі, мәдениеті, өнері, ғылымы т.с.с бойынша әртүрлі дерек көздерін, мұрағат қорларын және өлкетану мұражай материалдарын қолданумен ерекшеленеді.

Аймақтың өлкетану құндылықтары арқылы бастауыш сынып оқушыларының патриоттық тәрбие берудің үлгісін эксперименттік жұмыс барысында іске асыра отырып, біз алдымызға мынандай міндеттер қойдық:

бастауыш сынып оқушыларының жалпыадамзаттық құндылықтар деңгейін айқындау, есепке алу және дамыту;

аймақтың өлкетану құндылықтары арқылы бастауыш сынып оқушыларына жалпыадамзаттық құндылықтар қалыптастыру мазмұнын, формалары мен әдістерін айқындау, олардың тиімділігін тексеру, практикалық ұсыныс жасау.

Үлгіні іске асыру факультативтік сабақтарға құрастырылған өлкетану пәнінде жүзеге асырылды. Оқу әрекетінде негізгі пән ретінде циклограммалық бағдарламаға енгізілген өлкетану пәні арқылы жүргізілді.

Балаларға арналған факультативтік жұмыс дегеніміз – бастауыш сынып оқушыларының бос уақыттарында жүргізілетін тәрбие жұмыстарының жүйесі. Бұл біртұтас педагогикалық процестің құрамдас бөлігі болып табылады. Оның негізгі мақсаты – балалардың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру, олардың сабақта алған білім, іскерлік, дағдыларын дамыту. Аудиториядан тыс тәрбие жұмыстарын ұйымдастырып өткізу жолдары, әдістемесі, түрлері мен формаларын Н.И.Болдырев, В.И.Фурсов және т.б. өз еңбектерінде атап көрсеткен. Егер тәрбие жұмысы оқу процесімен ұштастыру, бүкіл тәрбие жұмысының жүйесін дұрыс ұйымдастыруға көмектеседі[5].

Зерттеу жұмысымыздың тақырыбына сай «БҚО облысының білім беру ұйымдарындағы кешенді тәрбие бағдарламасы», «Атамекен» (П.Р.Құрсабаев) атты бағдарламаларды талдадық. Сондай-ақ, «Елім-ай» (М.Х.Балтабаев) және «Кәусар бұлақ» (З.Ахметова) бағдарламаларын да атап кетуге болады.

Бағдарламаларды талдауға байланысты рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру тереңдеп берілмейтініне көзіміз жетті.

Жеке тұлғаның қалыптасып дамуы үздіксіз сипатта болатыны бізге мәлім. Оның жүзеге асуы тек сабақ жүйесінде ғана емес, сабақтан тыс жүргізілетін әртүрлі тәрбиелік әрекеттермен ұштасады. Факультативтік ұйымдастырылатын тәрбие жұмыстары мынадай мүмкіндіктер береді:

Біріншіден, оқудан тыс әртарапты әрекет баланың сабақта мүмкін болмайтын жан-жақты дара қабілетін ашуға ықпал етеді.

Екіншіден, тәрбие жұмысы әр түрлі тәрбиенің түрімен айналысу баланың жеке әлеуметтік тәжірибесін жандандырып, жетілдіреді, оның адамзат құндылықтарына негізделген білімдерін байытып, қажетті практикалық іскерлігі мен дағдысын қалыптастырады.

Үшіншіден, тәрбие жұмысы бастауыш сынып оқушыларының әрекеттің әртүріне қатысты қызығушылығының дамуына, оған белсенді қатысуға деген құлшынысын тәрбиелеуге нәтижелі ықпал етеді. Егерде балада еңбекке деген тұрақты қызығушылық және белгілі бір практикалық дағды қалыптасқан болса, онда ол өз бетінше тапсырманы нәтижелі орындауды қамтамасыз ете алады. Бүгінде бала өзінің бос уақытын қандай іске арнауды білмей жатса, соның негізінде жастар арасында қылмыстың көбеюіне әкеледі. Сондықтан бұл өте өзекті мәселеге айналуға.

Бағдарлама мазмұны келесі компоненттерді қамтиды:

1. Образдық-эмоциональдық деңгейінде ізгіліктік рухани-адамгершілік құндылықтары жүйесі ашылады:

адам өмірі мен оның денсаулығы;

адамның еркіндігі, ар-ұжданы мен жетістігі;

адамның рухани байлығы, шығармашылыққа қабілеті;

жақын және туыс адамдары, олардың сүйіспеншілігі мен қамқорлығы;

құрбы-құрдастарымен достығы;

айналадағы адамдармен қайырымды қарым-қатынас;

Отан, туған жер, туған өлке, ондағы бір-бірлеріңді байланыстыратын тарихы, тілі мен салт-дәстүрі, халқы;

халықтар арасындағы бейбітшілік, адам құқығына деген құрмет, соғыс пен зорлық-зомбылықтардың болмауы;

- Оқушылардың жақсылық пен жамандық туралы түсініктерін дамыту.

- Оқушылардың жақсы, мейірімді, адал болуға үйренуі.

- Бастауыш сынып оқушыларының мәдениетті мінез-құлық дағдыларына үйренуі.
Бұл бағдарламаны бастауыш сынып оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру мақсатын жүзеге асыруда пайдалауға болады.

Кесте 3– «Орал – тарихи қала» факультатив сабағының бағдарламасы

Сабақтардың тақырыптары	Сағат саны
Кіріспе	1
Орал қаласының тарихы	2
Көрікті қала - Орал	2
Орал – руханият пен мәдениет орталығы	2
Орал –ерлік пен батырлықтың үлгісі	2
Оралдың құрметті азаматтарына тағзым	1

Факультатив сабақ курсы оқып-үйрену үшін бастауыш сынып оқушыларының арналған «Орал- тарихи қала» бағдарламасы дайындалды. Бұл бағдарламаның мақсаты өлкетану материалдары арқылы жас ұрпақтың туған өлкесіне сүйіспеншілігін арттыру, отансүйгіштік сезімдерін қалыптастыру болып табылады. Сондықтан факультативтік сабақ Орал қаласының тарихы, сәулеті, ғылымы, әдебиеті мен өнері, қалада Ұлы Отан соғысы жылдарында ерлік көрсеткен тарихи тұлғалар туралы мағлұмат берілді, сонымен бірге бақылау сұрақтары, тапсырмалар, фотосуреттер, шығармашылық жұмыстар ұйымдастырылды. Әрбір бөлім отансүйгіштікке баулитын нақыл сөздермен аталып, жас жеткеншектердің бойында өзінің туған жеріне, атамекеніне сүйіспеншілікті қалыптастыруды көздеді.

Сонымен бірге біз Орал қаласында бастауыш сынып оқушыларын жалпыадамзаттық құндылықтарға тәрбиелеуде өлкетану материалдарын пайдалану бойынша біршама іс-шараларды ұйымдастырып, олардың тиімділігін өз тәжірибемізде аңғардық. Зерттеу жұмысының барысында жасалған теориялық талдау, тәжірибе жұмысының нәтижесінде алынған мәліметтерді өңдеу, бізге төмендегідей қорытындыларды жасауға мүмкіндік берді:

оқушылардың өлкетанымдық мәдениет түсінігі педагогикалық тұрғыда нақтыланып, қарастырылып отырған мәселенің төңірегіндегі өлкетану жұмыстарында негізделеді, өйткені осы педагогикалық құралдар өлкетану жұмыстарында оқушылардың өлкетанымдық мәдениетін қалыптастырудың кешенді сипаты мен қолданбалы бағыты өлкетанымдық мәдениет көріністерінің (құндылықтар, мотивтер, білімдер, біліктер, қабілеттер) тұтастығына қол жеткізуге жол ашады;

өлкетану құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларын жалпыадамзаттық құндылықтарға қалыптастыруда эксперимент жұмыстарының өзіндік ерекшеліктері анықталды;

өлкетану жұмыстарындағы бастауыш сынып оқушыларын жалпыадамзаттық құндылықтарға жергілікті өлке құндылықтарын пайдалану оқушылардың өлкетанымдық білімдерін, өз өлкесін құрметтеу санасын, сезімін, өз өлкесін аялауды бірізділікпен қалыптастыру мүмкіндіктерін арттырады.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы // Егемен Қазақстан, шілде, 2007 жыл.

2. Байдалиев Д.Д. Болашақ мұғалімдерді педагогикалық өлкетану жұмысына кәсіби Алматы, 2009. – 23 б. - даярлау: автореф. ...пед. ғыл. канд. дисс.

3. Орынбеков С. Өлкелік принцип негізінде жануартанудан экологиялық білім беру әдістері: пед.ғылым. канд. дис... –Алматы, 1996. –186 б.

4. Текесбаева А.М. Өлкетану негізінде бастауыш сынып оқушыларының дүниетанымын қалыптастыру: автореф. ...пед. ғыл. канд. –Алматы, 2004. – 26 б.

5. Раймханова К.Н. Тарихи өлкетану. – Тараз, 2004. - Б – 14-17. 6. Аспандияров С.Д. Қазақстан тарихының очерктері (оқу құралы). Алматы: Санат, 1994. - Б – 12-15.

*Хасенова А.Т.
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті
Орал қ., Қазақстан*

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРУ

«Мұғалім әрдайым ізденісте болса ғана шәкірт жанына нұр құя алады» деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай мұғалімнің ізденісі жан – жақтылығы, ізденіс күзiреттiлiгi арқылы айқындалса, сол күзiреттiлiк оқушы шығармашылық арқылы көрiнедi. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабiлеттерiн дамыту жалпы бiлiм беру жүйесi үшiн өте маңызды болып саналады. Өзiндiк көркемдiк iс-әрекет дағдылары дамыған, шығармашылық қабiлеттерi байқалса, оны ары қарай болашақта да жалғастыруы қажет. Бастауыш мектеп жасындағы балаларды мектепте оқытудың сәтiлiгi шығармашылық қабiлеттердiң даму деңгейiне, коммуникативтiлiкке, өнер саласындағы танымдық қызығушылыққа, тәуелсiздiкке және басқа да маңызды факторларға байланысты.

Оқушылардың шығармашылық қабiлеттерiн дамыту мәселесiн қарастырмас бұрын «шығармашылық», «қабiлеттер» және «шығармашылық қабiлеттер» сияқты ұғымдарға тоқталу керек. Ғылыми әдебиеттердi талдай отырып, «шығармашылық» ұғымының бiрнеше анықтамаларын жаңа нәрсе жасауға бағытталған, өзiндiк ерекшелiгiмен және бiрегейлiгiмен ерекшеленетiн қызмет ретiнде ажыратуға болады.

Шығармашылықтың дамуына баға жетпес үлес қосқан отандық ғалымдардың iшiнде Л.С.Выготский, В.В.Давыдов, В.Н.Дружинин, Д.Б.Кабалевский, Н.С.Лейтес, Я.А.Пономарев, В.А.Сластенин, Н.В.Хазратова, Д.Б.Эльконин, Б.С.Юркевич және басқаларды айтуға болады [1]. Осы ғалымдардың әртүрлi көзқарастары мен тәсiлдерiн қарастыра отырып, «креативтiлiктiң» келесi анықтамасын адамның шығармашылық қабiлетi ретiнде ұстануға болады, ол мүлдем жаңа идеялар мен өнiмдердi қабылдауға және құруға дайын болуымен сипатталады, ол дәстүрлi жалпы қабылданған ойлау схемаларынан ерекшеленедi және дарындылық құрылымына тәуелсiз фактор ретiнде енедi, сонымен қатар мәселелердi шешу қабiлетi, жүйенiң өзгермейтiн параметрлерiнiң iшiнде пайда болады.

«Шығармашылық» ұғымын отандық педагогика тұрғысынан қарастырайық. Мысалы, В.А.Сластенина [2] айта кету керек, «шығармашылық» деп ол түпнұсқа және ерекше құндылықтарды құрудың, стандартты емес шешiмдер қабылдаудың терең қасиетiн көрсететiн қабiлеттi түсiнедi. Автор бұл тұжырымдамаға бiлiм берудiң заманауи тәсiлдерiне байланысты жүгiнедi, өйткенi қазiргi кездегi негiзгi талап – белгiлi бiр шектен шығуға, стандартты емес шешiмдер қабылдауға, жаңалықпен сипатталатын өнiмдер жасауға қабiлеттi шығармашылық тұлғаны дамыту.

Л.С.Выготскийдiң еңбектерiн зерттей отырып, [3] шығармашылықты материалдық әлемнiң өнiмi бола ма, әлде ақыл мен қиялдың жемiсi бола ма, жаңа нәрсе жасау қабiлетiн дамыту қажеттiлiгi ретiнде сипаттағанын атап өтуге болады. Осылайша, отандық психология саласындағы көптеген зерттеушiлер шығармашылық қиялдың дамуымен байланысы бар деген пiкiрге келдi. Л.С.Выготскийден басқа, мұндай зерттеушiлердiң қатарына В.В.Давыдов, Я.А.Пономарев, А.Г.Шмелев жатады. Бұл отандық психологтар мен мұғалiмдер шығармашылықты анықтау үшiн бiрнеше эмоционалды алғышарттарды анықтайды, мысалы, шиеленiскен зейiн, әсер ету, қабылдау. Интеллектуалды көрiнiстердiң қатарына интуиция, қиял, фантастика, бiлiмнiң кеңдiгi жатады.

Шығармашылықтың психикалық процесс ретiндегi ең тұтас және толық тұжырымдамасын психолог және педагог Я.А.Пономарев [4] ұсынды, ол шығармашылықтың психологиялық механизмінің құрылымдық-деңгейлiк моделiн жасады. Шығармашылық деп интеллектуалды белсендiлiкке, сезiмталдыққа, iздеу

мотивациясына дейін азаятын психологиялық қасиет ретінде түсіндірілді. Шығармашылық ойлаудың құндылығы, Я.А.Пономаревтің пікірінше, шығармашылық адам үшін жаңа, ерекше, бұрын белгісіз нәрсені білдіретін іс-әрекеттің нәтижесі маңызды. Белгілі бір схема бойынша жүзеге асырылатын және белгілі бір кезеңдерден өтетін интеллектуалды әрекет процесінде қалыптасады.

Әдебиеттерді зерттей отырып, көптеген психологтар шығармашылық қабілеттерді, ең алдымен, ойлау ерекшеліктерімен байланыстыратынын байқауға болады. Мысалы, әйгілі американдық психолог Дж.Гилфорд адам интеллектісін зерттеу мәселелерімен айналысқан шығармашылық тұлғаларға дивергентті ойлау деп аталатындығын анықтады. Егер адамда ойлаудың бұл түрі болса, онда кез-келген мәселені шешкен кезде ол барлық күш-жігерін жалғыз дұрыс шешім табуға шоғырландырмайтынын, бірақ мүмкіндігінше көп нұсқаларды қарастыру үшін барлық мүмкін бағыттар бойынша әртүрлі шешімдер іздей бастайтынын атап өтуге болады. Мұндай адамдар көптеген адамдар білетін және тек белгілі бір жолмен қолданатын элементтердің жаңа комбинацияларын құруға немесе бір қарағанда ортақ ештеңесі жоқ екі элемент арасында байланыс орнатуға бейім. Әр түрлі ойлау тәсілі келесі негізгі ерекшеліктермен сипатталатын шығармашылық ойлаудың негізінде жатыр:

- 1) жылдамдық – адамның идеялардың максималды санын айту қабілеті (бұл жағдайда олардың сапасы емес, саны маңызды).
- 2) икемділік – көптеген идеяларды ұсына білу.
- 3) өзіндік ерекшелік – жаңа стандартты емес идеяларды іске асыру қабілеті (бұл жауаптарда, жалпыға бірдей қабылданбаған шешімдерде көрінуі мүмкін).
- 4) толықтығы – өзінің «өнімін» барынша жетілдіру немесе оған толық көрініс беру қабілеті.

Шығармашылық қызмет – бұл қызмет субъектісінің өз жұмысына қатынасы (өз жұмысына қанағаттану, оны жүзеге асыруда тәуелсіздікке ұмтылу, оны шешу барысында оң мотивация) және шығармашылық мәселелерді шешу процесі (бұрын игерілген білімді, дағдыларды, іс-әрекет тәсілдерін жаңа жағдайға дербестік таныту, мәселені көру, белгілі объектінің жаңа функциясын көру). Шығармашылық қызмет – бұл адамның одан әрі дамуының, оның шығармашылық әлеуетін дамытудың нәтижесі және сонымен бірге маңызды шарты.

«Қабілеттер» термині психологияда ұзақ және кең қолданылғанына қарамастан, әдебиетте оның дәл анықтамаларының болуы өте мағыналы. «Қабілет» - ең көп таралған психологиялық ұғымдардың бірі. Отандық психологияда көптеген авторлар оған толық анықтамалар берген.

Қазіргі уақытта Б.М.Теплов бөліп көрсеткен келесі үш белгіге негізделген қабілеттер туралы осындай түсінік кең таралды:

- 1) қабілеттер, бұл бір адамды екіншісінен ажырататын жеке психологиялық ерекшеліктер;
- 2) қызметті немесе бірнеше қызметті орындаудың табыстылығына қатысы бар ерекшеліктер;
- 3) қабілеттер адамда қалыптасқан білімге, дағдыларға азайтылмайды, бірақ оларды игерудің жеңілдігі мен жылдамдығын анықтайды [5].

Бүгінгі таңда баланың шығармашылық қабілеттерін дамыту қазіргі білім берудің ерекше өзекті міндеті болып табылады. Шығармашылық қабілеттерінің дамуымен баланың көркемдік және эстетикалық дамуы жүреді. Бұл сенсорлық тәжірибені, тұлғаның эмоционалды саласын байытуға ықпал етеді, шындықтың моральдық жағын білуге әсер етеді, танымдық белсенділікті арттырады. Бұл процестің құрамдас бөлігі көркемдік білім беру болып табылады – өнертану білімін, дағдыларын игеру, көркем шығармашылыққа қабілеттерін дамыту процесі. Бастауыш мектеп жасындағы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытудың әсіресе қолайлы әдісі – бейнелеу қызметі арқылы дамыту.

Әдетте, бейнелеу өнері кескіндеме, мүсін, көркем фотографияның негіздерін қамтиды. Бейнелеу өнерінің басты ерекшеліктерінің бірі – өмірдің алуан түрлілігі мен

күрделілігін, оның динамизмін кез-келген оқиғаны немесе сәтті бейнелеу арқылы жеткізу қабілеті. «Бейнелеу өнері – бұл әртүрлі бейнелеу құралдары арқылы, әртүрлі дәрежедегі конвенциялармен көрнекі түрде қабылданатын шындықты жеткізу, көбейту және қайта құру өнері». Сәндік-қолданбалы өнер – бұл белгілі бір көркемдік қасиеттерге ие әр түрлі тұрмыстық заттарды жасау өнері.

Бастауыш мектеп жасындағы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған көптеген бейнелеу әрекеттері бар, олар сурет салу, модельдеу, қолдану, дизайн, графика, аралас әрекеттер, дәстүрлі емес әдістер. Бейнелеу өнерінің түпкілікті нәтижесі, оның белгілі бір өрнек түрінде ұсынылған, сындарлы сипаттамалары бар өнімі болады. Балалардың бейнелеу іс-әрекетіндегі шығармашылық қабілеттері баланың оған қосылу дәрежесіне, техникалық тапсырмаларды орындау кезінде баланың жеке белсенділігінің көрінуіне байланысты – түс, пішін, композиция таңдау.

Кескіндеме – бұл «жазықтықта, шын мәнінде бар немесе ойдан шығарылған заттарды олардың пішіндерін сызықтармен және осы пішіндерді қандай да бір түсті затпен азды-көпті күшті жабу арқылы жарықтандырудың әртүрлі дәрежесімен бейнелеу өнері» болып табылады [6].

Модельдеу – бұл пластикалық материалды (пластилин, саз және т. б.) қолмен және көмекші құралдармен-стектермен және т.б. пішіндеуге мүмкіндік беретін әрекет.

Апликация – бұл «кез-келген материалдың түрлі-түсті бөліктерін (мата, қағаз, жүн, сабан және т.б.) матаға немесе қағазға жапсыру, тігу арқылы көркем бейнелер жасау; осылайша жасалған сурет, өрнек». Бұл әрекет белгілі бір фондық материалға әртүрлі пішіндерді кесуге, қабаттастыруға және бекітуге негізделген. Апликация объективті болуы мүмкін; сюжеттік, сәндік. Апликациямен жұмыс кезінде мектеп жасына дейінгі балалар әртүрлі материалдармен, кесу техникасымен, бөлшектерді бекітумен, әртүрлі коллаждар, сюжеттік қосымшалар жасаумен таныстырылады.

Дизайн – бұл белгілі бір, алдын-ала ойластырылған өнімді алуға бағытталған балалардың практикалық қызметі. Мектепке дейінгі жастағы құрылыс ойынмен тығыз байланысты және балалардың мүдделеріне сәйкес келетін әрекет болып табылады. Балаларға арналған дизайн өнімдері, әдетте, ойында практикалық бағытта қолдануға арналған.

Қорытындыласақ, бейнелеу қызметі бастауыш мектеп жасындағы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға кең мүмкіндіктер береді. Бұл көркемдік бағыттағы сабақтардың ерекшелігі шығармашылық белсенділікті, ойдың, қиялдың, тәуелсіздіктің, бастаманың тұрақты жұмысын, сондай-ақ бейнелеу іс-әрекетінің сабақтарында айқын эстетикалық бағытты қажет ететіндігімен түсіндіріледі.

Әдебиеттер тізімі

1. *Выготский Л.С. Воображение и творчество в детском возрасте: психологические очерки / Л.С. Выготский. – 3-е изд. – Москва. – 2011. – 520 с.*

2. *Психология одаренности детей и подростков / Под ред. Н.С. Лейтеса. – Москва : Издательский центр «Академия», 1996. – 416 с.*

3. *Выготский Л.С. Педагогическая психология / Л.С. Выготский. – Москва : Педагогика, 1991. – 480 с.*

4. *Полищук Г.А. Некоторые аспекты развития творчества младших школьников в социокультурной среде современной школы / Г.А. Полищук // Журнал «Армия и общество». – 2013. – № 3. – С. 56-58.*

5. *Богоявленская Д.Б. Проблемы творчества и одаренности: Логика и история // Основные современные концепции творчества и одаренности / Д.Б. Богоявленская. – Москва: Молодая гвардия, 2015. – 290 с.*

6. *Беляев А.А. Эстетика: Словарь / А.А. Беляев. – Москва : Политиздат, 2014. – 447с.*

БАСТАУЫШ СЫНЫП ПӘНДЕРІН ӨТКІЗУДЕ МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ САБАҚТАР ӨТКІЗУДІҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

Бүгінгі таңда ақпарат қоғам дамуының стратегиялық ресурсына айналғанда және білім салыстырмалы, сенімсіз пәнге айналғанда ол тез ескіреді және ақпараттық қоғамда үнемі жаңаруды талап етеді, осыдан қазіргі білім үздіксіз процесс екені белгілі болады. Білім беру мекемелері мәдениет пен білімнің тасымалдаушысы ретінде де шетте қала алмайды. Бұл информатика сабақтарын оқу жоспарына қосу туралы ғана емес, сонымен қатар оқытудың тиімділігін арттыру үшін мұғалімнің мультимедиялық технологияларды қолдануы туралы.

А. В. Федоров «мультимедиялық құралдар – бұл пайдаланушыға әр түрлі орталарды: графика, гипермәтін, дыбыс, анимация, бейнені қолдана отырып, компьютермен байланысуға мүмкіндік беретін аппараттық және бағдарламалық құралдар жиынтығы» [1]. Олар білім алуды, жинақтауды, сақтауды және көбейтуді қамтамасыз ететін танымдық процестердің дамуына ықпал етеді, сонымен қатар медиа сауаттылық негіздерімен танысуға ықпал етеді.

Ұсынылған материалдың көрнекілігі оқушының қабылдауының негізгі арналары қатысатындығына байланысты оны игеру деңгейін арттырады. Қабылдау түріне байланысты А.В. Федоров оқыту процесінде қолданылатын мультимедиялық құралдардың жіктелуін келтіреді. Ол оларды аудиовизуалды, визуалды, дыбыстық деп бөледі [1].

Аудиовизуалды оқыту құралдарына оқушының көру және есту әсеріне және қабылдауына арналған техникалық ресурстар мен медиа мәтіндер кіреді. Мысалы:

1) бастауыш сынып оқушыларының алған білімдерін талдау және синтездеу, себеп-салдарлық байланыстарды орнату бойынша әмбебап оқу іс-әрекеттерін дамытуға бағытталған оқу бейнероликтері, фильмдері, мультфильмдері, бейнефрагменттері мен хабарлары. Аудиовизуалды оқыту әдісінің бұл техникалық құралдары экспрессивтілікпен ерекшеленетінін, сабақ барысында аз уақытты қажет ететінін, бірақ сонымен бірге ақпараттың үлкен көлемін жеткізетінін атап өткен жөн;

2) интерактивті презентациялар мен слайд-шоулар алынған білімді жүйелеуге қызмет етеді, материалды ұсынатын мұғалім немесе оқушы үшін негіз және көмекші ретінде пайдаланылады.

Мультимедиа - бұл заманауи техникалық және бағдарламалық жасақтаманы қолдана отырып, интерактивті бағдарламалық жасақтамамен басқарылатын визуалды және аудио эффектілердің өзара әрекеттесуі, олар мәтінді, дыбысты, графиканы, фотосуретті, бейнені бір сандық көріністе біріктіреді.

Әдетте мультимедиялық технологияларды электронды ақпарат құралдары және оларды өңдеудің техникалық құралдары түсінеді. Бұл не? Компьютер және компьютерлік бағдарламалар, баспа принтері, қағаз тасығыштардан материалдарды көшіруге арналған сканер, мультимедиялық проектор және т.б. Көбінесе мультимедиялық технологиялар туралы айтатын болсақ, олар орта мектеп оқушыларымен жұмыс істеуді білдіреді және аз дәрежеде бастауыш мектепте мультимедиялық технологияларды қолдану туралы айтылады. Бірақ жұмыс тәжірибесі көрсеткендей, бастауыш мектепте мультимедиялық технологияларды қолдану оқытудың тиімділігін арттыруға ғана емес, сонымен қатар мұғалімнің уақыты мен күшін ұтымды және үнемді пайдалануға мүмкіндік береді. Мультимедиялық технологияларны қолданатын сабақтар әсіресе бастауыш мектепте өзекті. 1-4 сынып оқушыларының визуалды-бейнелі ойлауы бар, сондықтан оларды

мүмкіндігінше сапалы иллюстрациялық материалды қолдана отырып, жаңа нәрсені қабылдау процесіне тек көру ғана емес, есту, эмоциялар, қиял да тарта отырып, олардың оқуын құру өте маңызды. Мультимедиялық технологиялар ақпараттың осындай көрінісін қамтамасыз етеді, онда адам оны бірнеше сезім мүшелерімен қатар қабылдайды, әдеттегі оқыту сияқты дәйекті емес. Оқушыға көру және есту арқылы аралас әсер ету және оны белсенді әрекеттерге тарту кезінде оқу материалын игеру үлесі 75% құрауы мүмкін. Бұл жерде, айтпақшы, компьютерлік слайдтардың, анимациялардың жарықтығы мен көңілділігі қажет.

Бастауыш мектепте әр түрлі сабақтарда мультимедиялық технологияларны қолдану түсіндірмелі-суреттелген оқыту әдісінен баланың оқу іс-әрекетінің белсенді субъектісіне айналатын белсенділікке ауысуға мүмкіндік береді. Бұл оқушылардың білімді саналы түрде игеруіне ықпал етеді. Заманауи компьютерлік технологиялар білім беру процесін дамытуға үлкен мүмкіндіктер береді. К.Д. Ушинский: «балалардың табиғаты көрнекілікті қажет етеді», - деп атап өтті. [2]. Соңғы жылдары технологиялық прогресс бізге тікелей әсер етті. Кеше фантастикалық болып көрінген нәрсе біздің өмірімізге енді. Балалар қоғамның ең қызықты бөлігі ретінде барлық жаңалықтарды «жұтып қояды». Олар ұялы телефондарды, компьютерлерді, әртүрлі DVD ойнатқыштарды және т.б. сенімді пайдаланады және олар біз сабақ үшін дайындаған суреттерге, схемаларға, диафильмдерге қызығушылық танытпады. Нәтижесінде оқушылардың сабақтағы танымдық белсенділігі, өз бетінше ойлауға және жұмыс істеуге деген ұмтылысы төмендейді және жай ғана білім алады. Сондықтан біз, мұғалімдер үнемі сабақ жүргізудің тиімді жолдарын іздеуіміз керек. Қазіргі мұғалімге оның жұмысына мультимедиялық технологиялар қайда көмектесе алады?

Сабаққа иллюстрациялық материалды таңдау (сканерлеу, интернет, принтер, презентация).

1. Бастауыш сынып сабақтарына қосымша танымдық материалдарды таңдау, мерекелер мен сыныптан тыс іс-шаралардың сценарийлерімен танысу.

2. Тәжірибе алмасу, мерзімді басылымдармен, басқа мұғалімдердің жұмысымен танысу.

3. Сабақтың тиімділігін арттыру үшін Rowepoint бағдарламасында презентациялар жасау.

PowerPoint презентациялары әдеттегі CD презентацияларында бар барлық дерлік мүмкіндіктерге ие:

- бірыңғай дизайн тұжырымдамасы мен стилі мен навигациялық мәзірді әзірлеу;
- шексіз интерактивтілік;
- кез-келген форматтағы фотосуреттер мен слайдтарды орналастыру;
- әртүрлі мәтіндік материалдарды орналастыру;
- бейне фрагменттерді немесе анимациялық бейнелерді кірістіру;
- дыбыстық эффектілерді, музыкалық сүйемелдеуді және дикторлық мәтін.

Осылайша, мультимедиялық технологиялар мұғалімге оның жұмысында айтарлықтай көмектеседі. Бұл қосымша мәтіндік және иллюстрациялық материалдарды таңдау, жеке тапсырмалар мен қосымша танымдық мәтіндері бар карталар жасау. Мұның бәрі уақыт шығындары төмен болған кезде балаларды оқытуда жоғары нәтиже алуға мүмкіндік береді.

Бастауыш мектептегі сабақтарға (әсіресе жаратылыстану сабақтарына) оқу материалын дайындау мен ұсынудың ең сәтті түрлерінің бірі - мультимедиялық презентациялар жасау деп атауға болады.

Бастауыш сыныптарда мультимедиялық презентацияларды қолданудың қандай артықшылықтары бар?

Оқу материалын неғұрлым қолжетімді және түсінікті етіп ұсынуға мүмкіндік береді.

Дамытушылық оқытуды, проблемалық-диалогтық тәсілді іске асыруға ықпал етеді, сабақта зерттеу қызметін ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Оқытуда сараланған тәсілді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Сабақтың эмоционалдылығын арттыру, оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру, жаңа білім алу қажеттілігін тәрбиелеу;

Сабақта белсенді шығармашылық атмосфера құру;

Іс-әрекет формаларын өзгерту, бастауыш сынып оқушыларының психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін ескеру;

Оқушылардың танымдық ойлауын ынталандыру;

Оқытудың көрнекі әдістерін қолдану, оқудағы ойын сәттерін пайдалану.

Рефлексивтілік-бұл өз тәжірибеңіз бен әрекеттеріңізді зерттеу және түсіну қабілеті. Ол әр адамның өзінің сенімдерін, құндылықтары мен болжамдарын және олардың қабылдауы мен әрекеттерге қалай әсерететінін сыни тұрғыдан талдауды қамтиды. Рефлексиялық мәдениет, керісінше, рефлексивтілік тәжірибесінің таландыратын және қолдайтын қауымдастыққан немесе топқа жатады. Бұл сыни ойлау мен интроспекцияны бағалайтын және жеке өсу мен дамуға ықпал ететін мәдениет.

Жоғары сынып оқушылары өздерінің жеке басын зерттеп, болашағына қатысты маңызды шешімдер қабылдауы- дамудың маңызды кезеңі. Осы кезеңде рефлексиялық мәдениеттің дамуына сыни ойлау мен интроспекцияның таландыратын тәрбиешілер мен ата-аналарық палетеалады.

Рефлексиялық мәдениеттің дамуына ықпал етудің бірәдісі-рефлексиялық тәжірибені қолдану. Рефлексиялық тәжірибесіздің ойларыңызды, сезімдеріңізді және әрекеттеріңізді анықтау және зерттеу үшін өзін-өзі талдауға қатысу процесі. Мұны жаз баша түрде, топтық пікірталастарда немесе жеке рефлексияда жасауға болады. Рефлексия жас өспірімдерге өздерін және тәжірибелерін тереңіректүсінуге және олардың болашағы туралы саналы шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

Рефлексиялық мәдениетті дамытудың тағы бір тәсілі-диалог пен пікір таласты дамыту. Оқушылар әртүрлі көзқарастарды зерттеу және олардың болжамдарын жоққа шығару үшін құрдастарымен және оқытушылармен пікір таластарға қатысаалады. Бұл оларға сыни тұрғыдан ойлаудағыларын дамытуға және әртүрлі көз қарастарды бағалауды үйренуге көмектеседі.

Сонымен қатар, тәрбиешілер рефлексиялық мәдениеттің дамуына ықпал ету үшін нақты мысалдарды қолданылады. Оқушыларға өзін-өзі көрсетумен және сыни тұрғыдан ойлау мен айналысқан адамдардың нақты мысалдарын ұсына отырып, ұстаздар бұл тәжірибелердің құндылығын көрсетуі қажет. Бұл оқушыларды осы тәжірибелер мен айналысуға және рефлексиялық мәдениетті дамытуға ынталандыруы мүмкін.

Сондай-ақ ұстаздар мен ата-аналардың оларға эксперименттік білім алуға мүмкіндік беруімаңызды. Эксперименттік оқыту тәжірибе арқылы оқытуды қамтиды және олиндивидке өздерін және тәжірибелерін тереңірек түсінуге көмектеседі. Мысалы, тәрбиешілер студенттерге қоғамдық жұмыстарға қатысуға, ғылым адамадан өтуге немесе сырттай жұмыс істеуге мүмкіндік бере алады. Мұндай тәжірибе студенттерге дағдылар дыдамытуға, олардың қызығушылықтарын зерттеуге, өздерін және құндылықтарын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Жоғары сыны оқушыларында рефлексивті мәдениетті дамытудың көптеге нартық шылықтары болуы мүмкін. Бұл студенттерге өзін-өзі тану сезімін дамытуға, салмақты шешімдер қабылдауға, тұрақтылықты арттыруға, сондай-ақ эмпатия мен түсінушілікті дамытуға көмектеседі. Рефлексиялық мәдениетті дамытатын студенттер жасөспірім кезіндегі қиындықтарды жеңуге және олардың болашағына қатысты негізделген шешімдер қабылдауға жақсы дайындалған.

Г.П. Щедровицкийдің классикалық жүйесі «Sit 1- «рефлексивті шешім» Sit 2», яғни субъект белгілі бір жағдаятқа тап болғанда өзінің өткен тәжірибесіне үңіле отырып, жаңа байланыстарды қалыптастырып, рефлексия өткізеді. Нәтижесінде бұл субъект үшін рефлексиялық әрекет негізінде толықтай трансформацияға ұшыраған жаңа ситуация орын алады. Г.П. Щедровицкийдің «рефлексивті шешімі» теориясында әрекет етуші индивидтің «орнын» немесе позициясын ауыстыруы болып табылады.

Кез келген жүйелі, басқарылатын үдеріс шешім қабылдаумен байланысты. Ал шешім қабылдау бұл субъектінің жағдайға байланысты әрекет түрін таңдауы. В.Я. Дубровский іс- әрекеттің әрбір бірлігі рефлексивті бөлімнен тұрады, біз оны шешім қабылдау процесі деп қабылдаймыз деген пікір қалдырады. Шешімді анықтау барысында жағдаймен оның шешімі емес, олар туралы коммуникация барысында қалыптасқан субъекттің пікірі басымдылыққа ие.

В.Я. Дубровскийдің айтуынша, индивидтің басты ерекшелігі оның шешім қабылдау барысында анализ, бағалау сынды рефлексивті элементтерге ие екендігі [5]

Өзін- өзі анықтау механизімі қайта ойлаумен, субъектінің бұрыннан қалыптасқан жетістікке жету жолдарына деген тұлғалық қарым- қатынасының өзгеруімен байланысты. Нәтижесінде субъектінің жеке тәжірибесі конфликтті шешуге жеткілікті немесе жеткіліксіз болуы мүмкін. Тәжірибе жеткіліксіз болған жағдайда мәселені шешуге бағытталған жаңа әдістерді іздеу процесі орын алады.

Жоғары сынып оқушыларында рефлексиялық мәдениеттің дамуы олардың жеке өзін-өзі анықтауы үшін көптеген артықшылықтарға ие:

-Өзін-өзі танусезімін дамыту: рефлексивті мәдениет студенттерге өздерінің күшті және әлсіз жақтарын, құндылықтары мен сенімдерін тереңірек түсінуге көмектеседі. Бұл олардың болашағы туралы саналы шешім қабылдауға және өзін-өзі бағалаудың күшті сезімін дамытуға мүмкіндік береді.

- Негізделген шешімдер қабылдау: өзін-өзі талдау және сыни ойлау арқылы студенттер өздерінің болашағы туралы саналы шешімдер қабылдау үшін қажетті дағдыларды дамытаалады. Олар өздерінің мүдделері мен мақсаттарына нықтайды және олардың құндылықтары мен ұмтылыстарына сәйкес шешімдер қабылдайалады.

- Төзімділікті арттыру: рефлексивті мәдениет студенттерді өздерінің жетістіктері мен сәтсіздіктерін зерттеуге және үйренуге ынталандыру арқылы төзімділікті дамытуға көмектеседі. Бұл оларға өсуойлауын дамытуға және проблемаларды өсу мен даму мүмкіндігіретінде қарастыруға жәрдемдеседі.

О.К. Тихомированың және оның мектебінде жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде ойлау әрекетінің коэффициентін көтеру белгілі бір мотивация мен мақсаттар, сонымен қатар эмоционалды ойлау әрекетін бақылау және түзеу арқылы жүзеге асатындығы дәлелденген.

Тұлғалық өзгерістер аясында рефлексияның рөлін айқындауда көптеген зерттеушілер оның функциялары ретінде өзіндік реттеу, өзіндік тану және өзін-өзі анықтау деп көрсетеді. Аталған «өзіндік» педагогикалық әрекетпен тығыз байланысты. Осы бағыттағы зерттеулер соңғы онжылдықта өзекті болып отыр.

Рефлексия тек бағалау және жағдайға байланысты идеалды әрекетті таңдау ретінде ғана емес, өзін-өзі ұстау модельін қалыптастыру және өмір сүру әдістерінің модельдерін қалыптастыру бағыты ретінде кең танылды. Тұлғаның дамуға, ойлау процестерін дамытуға, оқу әрекетінің өнімділін арттыру педагогиканың міндеті.

Өзіндік сана-сезім өзіндік таным, өзін-өзі бағалау, өз-өзіне деген қарым-қатынас бола отырып тұлғаның әлеуметтік ортада қалыптасып, дамуымен байланысты. В.В. Столыпин 1983 жылғы «Рефлексия және шығармашылық» мәселесі бойынша дөңгелек үстелдегі баяндамасында рефлексияның тұлғаның өзіндік сана-сезімімен өзара тығыз байланыстылығын атап өтті. Атап айтқанда өкіну, мейірімсіздену, өзін-өзі алдау, дискредитация және т.б. Яғни осылайша субъект өзге адамға көрсеткен қарым-қатынасы арқылы өзіндік таңдауын жасайды.

Рефлексияның өзіндік сана-сезімді қалыптастырудағы рөлін анықтай отырып, өзін-өзі бағалауда тұлғаның рефлексивті қабілетінің даму деңгейімен байланысты екендігін айта аламыз. В.И. Слободчиковтың пікірінше өзін-өзі бағалау-өзіндік сана-сезімнің компоненті болып табылады және оған тұлғаның өзі туралы бағасы, осы бағаға қатысты құндылықтар шкаласы кіреді. Өзін-өзі бағалаудың адекватты дәрежесі тұлғаның рефлексивтілік қабілетінің дамуын көрсетеді [7].

Эмпатия мен түсіністікке ықпал ету: диалог пен рефлексияға қатысу жасөспірімдерге басқа адамдардың эмпатиясы мен түсінігін дамытуға көмектеседі. Бұл оларға әртүрлі көзқарастарды бағалауға және болашақта табысқа жету үшін қажетті тұлғааралық дағдыларды дамытуға көмектеседі.

Рефлексиялық мәдениетті дамыту өсіп келе жатырған тұлғаның жеке өзін-өзі анықтауының маңызды аспектісі болып табылады. Ол өзін және басқаларды тереңірек түсіну үшін интроспекцияға, сыни ойлауға және басқа адамдармен диалогқа қатысуды қамтиды. Тәрбиешілер мен ата-аналар рефлексиялық мәдениетті дамытуда маңызды рөл атқара алады, бұл рефлексия мен диалогқа мүмкіндік береді. Сайып келгенде, рефлексивті мәдениетті дамыту студенттерге өз болашағы туралы негізделген шешімдер қабылдауға және өмірде табысқа жету үшін қажетті дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді. Педагогтың жұмысы барысында оқу әрекетінде табиғи жағдайды және рефлексияның дамуын ескеру қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. Буякас Т.М. Проблема и психотехника самоопределения личности. Т. М. Буякас // Проблемы психологии. - 2012. - № 2. - С. 28-40.
2. Вдовина С.А Психолого-педагогическое содействие в профессионально-личностном самоопределении старшеклассников/ С. А. Вдовина, Е. А. Вдовина // тұжырымдама. - 2014. - № 6. – С. 679-681 .
3. Дубровина И. В Психическое здоровье детей и подростков/ И. В. Дубровина. - М.: Педагогика, 1987. - 184 б.

4. Игнатович В.К. Проектная компетентность старших подростков как условие их личностного самоопределения / В.К.Игнатович, В.В.Якимова // Концепт. - 2015. - № 1. - Б. 3-5.

5. Щедровицкий Г.П. Коммуникация, деятельность, рефлексия // Исследование речемыслительной деятельности – Алма-Ата: Казахстан. пед. ин-т, 1974. – С. 12-28.

6. Казанская В. Г. Подросток. Трудности взросления / В. Г. Казанская. - Санкт-Петербург.: Питер, 2018. - 282 Б.

7. Слободчиков В.И. Развитие субъективной реальности в онтогенезе / В.И. Слободчиков // Автореф. дис...д-ра психол. наук-М., 1994.

8. Боркин Л.Я., Литвинчук С.Н. Қазақстанның батысындағы герпетологиялық зерттеулер: Р.С. Паллас және қазіргі заман // Батыс Қазақстан табиғаты және Петр Саймон Паллас (далалық зерттеулер 2012). Санкт-Петербург: Еуропалық үй баспасы, 2015, 53–79 беттер.

УДК 911.3

Оңдасынов Т.Т.

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан Университеті,
Орал қ., Қазақстан*

ҒЫЛЫМИ ТЕХНИКА – ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ПРОГРЕСТІҢ ФИЗИКАМЕН БАЙЛАНЫСЫ

Білім мен ғылымның жедел дамуы жаңа технология жасақтауға, тауар өндірісінің артуына және еліміздің экономикасының дамуына өз үлесін қосары сөзсіз. Қазіргі таңда адамзаттың дамуындағы экономикалық, әлеуметтік және саяси мәселелерді шешуде білім сапасының жоғары болуының маңыздылығы аңғарылады. Сонымен қатар қазіргі заманғы өндірісте ғылыми-техникалық прогрестің негізгі бағыттарының дамуы және еліміздің жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайларға сай болуы оқушылардың физиканы оқу процесі кезіндегі политехникалық білімдерін одан әрі жетілдіруді талап етеді.

Жалпы білім беретін мектептерде политехнизм принципі кеңірек қолданылуы тиіс. Сонымен қатар оқытудың эффективтілігін арттыру, жастардың өздігінен еңбек етуге даярлығын, жаңа қоғамды құрушы білімді және саналы ұрпақты тәрбиелеу заманымыздың талабына айналды.

Қазіргі заманғы өндірістің және өндірістік қатынастардың дамуы жалпы білім беретін политехникалық мектептерден оқушылардың мамандық таңдауға және еңбекке даярлығын жетілдіру жолдарын, әдіс-тәсілдерін жаңартуды қажет етеді [4].

«Қазақстан – 2030» стратегиясы бойынша білім жүйесінің алға қойған мақсаты – елімізде ұлттық білім берудің моделін құру және бүкіләлемдік білім стандартына сай болу. Осы мақсатқа жету мүмкіндігі Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен бағдарламалардан туындайды. Бұл бағдарламалар құрамына орта білім беру жүйесін ақпараттандыру, жаңа дәуір оқулықтарын жасау және оны оқу процесіне енгізу және т.б. кіреді.

Тәуелсіз мемлекеттер қатарындағы аз ғана уақытына қарамастан Қазақстан экономикада үлкен қадам жасады, дүниежүзілік өркениетке көшті және жаңа технологияны пайдаланады. Қазіргі кезде Қазақстан дүниежүзілік қоғамдастықта нарықтық экономикалы ел болып танылды.

Политехнизм теориясының дамуына А.Г.Калашников, Н.К.Крупская, М.И.Калинин, А.В.Луначарский тәрізді қайраткерлер зор үлес қосты. Политехникалық білім берудің теориялық және практикалық проблемаларын шешуде П.Р.Атутов, С.Я.Батышев, В.Г.Зубов, С.Г.Шаповаленко, Д.А.Эпштейн сынды ғалым-педагогтардың еңбектері ерекше атап көрсетіледі. Олар политехникалық білімнің функционалдық табиғатын және

оның ғылыми-техникалық прогресс жағдайындағы мазмұнын анықтаудың мүмкін болатын жолдарын көрсеткен. Жалпы білім беретін орта мектептердегі басты проблема – политехнизм проблемасы. Осы проблеманы шешуге Л.И.Резников, А.В.Усова, А.И.Бугаев, А.Т.Глазунов, Б.М.Мирзахмедов сияқты физик-әдіскерлер өздерінің зерттеулерін арнаған [5].

Политехнизм принципінің дамуының үш түрлі концепциясы көрсетіледі. Бірінші концепция бойынша политехникалық білім функционалдық сипатқа ие болады. Бұл олардың өздерінің табиғаты жағынан нақты ғылымдардан, соның ішінде физика ғылымынан айырмашылығы жоқ екендігін білдіреді. Олар тек функционалдық бағыты жағынан ерекшеленеді.

Екінші концепция бойынша политехникалық білім дегеніміз оқушының политехникалық іс-әрекеті болып табылады.

Үшінші концепция өндірістің ғылыми негізін зерттеуде жалпы техникалық білімге сүйенеді. Оқушылардың өндіріс жөніндегі ғылыми білімдерін қалыптастыру үшін В.С.Леднев атап көрсеткендей, қазіргі заманғы технология мен техниканың жалпы негіздері бойынша арнайы курстар оқыту қажет. Бұл арнайы курстарға машина мен механизмдердің тетіктері жөніндегі мағлұмат, энергетика негіздері мен технологиялық процестер жайындағы білімдері жатады. С.А.Шапоринскийдің айтуынша, политехникалық білім дегеніміз өндірістік-техникалық нысанның нақты ғылыми негізі болатын ғылыми біліктілік [10].

Бүгінгі таңда орта мектептердің міндеті оқушыларды еңбекке, болашақ мамандық таңдай білуге даярлау, жалпы және политехникалық білімдерінің жоғары болуын қамтамасыз ету болып табылады. Бұдан ең басты мәселе заманымызға сай білімді, еңбекке бейім жас ұрпақ тәрбиелеу екендігі аңғарылады. Осы бағытта жұмыс жасап жатқан мектептердегі бағдарлама Қазақстан Республикасының Үкіметімен бекітілген.

Техника – технологиялық принцип дидактикалық принциптің ғылымилық, көрнектілік, теорияның тәжірибемен байланыстылығы сияқты принциптерімен тығыз байланысты. Политехникалық принципті орындаудың басты шарты оқытуды еңбекпен және өндіріспен байланысты жүргізу болып табылады.

Политехникалық білім оқушының тек кәсіби біліктілігін дамытып, қоймай, сонымен қатар олардың жеке қасиеттерінің дамуына, диалектикалық-материалистік дүниетанымының қалыптасуына, еңбекке деген шығармашылық қатынасын дамытуына әсерін тигізеді. А.И.Бугаев атап көрсеткендей физиканы оқытуда политехникалық білім жалпы оқу процесінің мақсаттарының бірі ретінде және білім сапасын көтерудегі маңызды фактор ретінде қарастырылады. А.И.Бугаев оқытудағы политехникалық принцип дидактикалық принциппен тікелей байланысты екенін көрсетті. Политехникалық принцип оқытуда дидактикалық принципті толықтырып отырады. Осыдан біз политехникалық принцип пен дидактикалық принциптің арасындағы диалектикалық байланысты байқаймыз. Дидактикалық принцип барлық оқу пәндеріне және бүкіл оқыту процесіне қатысты болады, ал политехникалық принцип көбінесе нақты – математикалық ғылымдарда қолданылады [8].

П.Р.Атутовтың айтуы бойынша политехникалық білім деп табиғат заңдылықтары мен өндірістік қатынастар жөніндегі түсінігі мол, терең білімді, еңбекке бейімді жеке тұлғаның жанжақты және үйлесімді дамуына әсер ететін ғылыми білімді айтады [6].

Қазіргі заманғы технологияны игеруде мектепте алған білімдері, соның ішінде физикадан алған білімдері маңызды. Өйткені физиканы оқыту процесінде оның өндіріспен байланысты жүргізілуіне көңіл бөлінеді және приборлармен тәжірибелер көптеп жүргізіледі. Мектепте оқытылатын пәндердің ішінде оқушыларға политехникалық білім беруде физиканың алатын орны ерекше. Өйткені, ол қазіргі заманғы техниканың ғылыми негізін жетік түсінуге мүмкіндік береді. Сондықтан орта мектепте оқушыларға физиканы оқыту процесінде политехникалық білім беру проблемасы басты мәселе болып саналады. Оқытудағы политехникалық бағытты дамытуға қойылатын дидактикалық талаптар қазіргі

заманғы қоғамымызға сай жеке тұлға қалыптастыруға бағытталған болуы тиіс. Оқушылардың политехникалық даярлықтарын арттыру тек толық оқыту процесі құрылған кезде мүмкін болады. Бұл мақсатқа мектеп тек өндірістің талаптарын ескерсе және оны өзінің күнделікті жұмысында неғұрлым көбірек қолданса ғана жете алады [9].

А.Т.Глазуновтың ойынша, мектепте физиканы оқыту процесі кезінде политехникалық білімді үш дәрежеде беруге болады. Оның біріншісі техникалық объектінің физикалық негіздерін анықтаумен сипатталады. Екінші дәрежеде берілген объектінің техникалық жұмыс принципі анықталады. Таңдалған техникалық принципті орындайтын нақты техникалық құрылғылар үшінші дәреженің негізін құрайды.

Физиканы оқытудың екінші сатысында (жоғары сыныптарда) көбінесе екінші және үшінші дәрежеде, соның ішінде факультативтік, үйірмелік және сыныптан тыс шараларда оқыту мүмкіндігі туындайды. Міне, осыдан оқушылардың жас ерекшеліктері мен жеке қасиеттерінің ескерілетіндігі байқалады [19].

Қазіргі мектептегі физика курсы политехникалық мағынада екені сөзсіз. Алайда, физиканың бұндай ерекшелігімен политехникалық білім берудің негізгі міндеттері шешілмейді. Ол үшін политехникалық білім беруді жүйелендіру, оқу материалын үнемі жаңартып отыру және арнайы әдістеме жасақтау қажет. Физика көптеген техника салаларының теориялық негізі болып табылады. Сондықтан физика мектептегі оқу пәні ретінде политехникалық білім берудің бірден-бір көзі болып табылады. Жеке өндіріс салаларының технологиялары мен техникасы жөніндегі мәселелер мектепте оқытылатын физика курсына физикалық құбылыстар мен заңдылықтардың іс жүзінде қолдануын түсіндіретін материалдар жинағы ретінде қарастырылуы тиіс. Енді мектептегі физика курсына оқытылуға тиіс өндірістің негізгі салалары жөнінде мәліметтерді қысқаша қарастырып өтейік. Мәселен, сәйкес келетін тарау бойынша көптеген өндіріс салаларының негізі болатын энергетика жөнінде мәліметтерді енгізуге болады. Бұл мәліметтер бойынша оқушылар физиканы оқу барысында энергияның сақталу және айналу заңдарын біле отырып механикалық, жылулық, электрлік және ядролық энергетиканың ғылыми негіздерімен танысады. Сол сияқты қазіргі кезде өндірістің негізгі салаларының бірі машина құрылысы болып табылады. Бұл салада оқушылар машина құрылысы жөнінде неғұрлым көбірек мағлұмат алуы тиіс [18].

Мектепте жоғары сыныптарда бейімдеп оқыту енгізіледі. Бейімдеп оқыту дегеніміз жалпы оқу процесіндегі өзгерістер негізінде оқушылардың жеке қасиеттерін, мүмкіншіліктерін ескеретін және жоғары сынып оқушыларына мамандық таңдаудағы мүмкіндіктерін ескеретін оқыту құралы.

Жоғары сыныптарға профильдік оқытуды енгізу оқушылардың сапалы білім мен өмірлік тәжірибе жинақтауына, болашақ мамандық таңдауына әсерін тигізеді. Жеке пәндерді тереңдетіп оқыту жүйесі алі де болса тиісті дәрежеде дами қойған жоқ, осыған орай жоғарғы сыныптарға енгізілген бейімдеп оқыту осы мәселелерді шешуде өз үлесін қосты. Жалпы білім беретін орта мектептердің жоғарғы сатысында оқитын оқушыларға осы бейімдеп оқытуды енгізу мұғалімге жаңа талаптар қояды. Ол жоғары дәрежелі маман болуы қажет.

Политехникалық білім берудің міндеттерін шешетін негізгі бағыттар политехникалық оқытуды ұйымдастыру, оның мазмұнын, әдіс-тәсілдерін және сапасын жақсарту, тәжірибе жүзінде тексерілген бірыңғай оқыту жүйесін құруда болып отыр. Осы мақсатта оқытудың барлық сатысында оқушыларды өндірістік еңбекке бейімдеу жолында әр түрлі әдіс-тәсілдерді, оқыту құралдарын неғұрлым кең түрде қолдану ұсынылады. Жастардың психологиялық және практикалық тұрғыдан өндірістік еңбекке дайындықтарын шындау мақсатында заман талабына сай бағытталған және жүйелендірілген политехникалық білім беру жүйесін радикалды түрде қажет [22].

Қазіргі заманғы ғылыми-техникалық прогрестің дамуына сай политехникалық білім берудің маңызын анықтау үшін ең алдымен қазіргі кездегі ғылым мен өндірістің даму тенденциясын ескеру қажет. Бұл физиканың жалпы курсына оқылатын, яғни

құрылғылардың физикалық негізін, ғылыми-техникалық прогрестің басты бағыттарын, энергетика, транспорт және т.б. салалардың болашақтағы дамуы жайында алынған политехникалық білім жүйесіне қатысты.

Сонымен физика курсында политехникалық білім берудің мақсаты мен маңызын айта келе физикалық теориялардың политехникалық білім мазмұнын құрайтындығына көз жеткіземіз. Техника –технологиялық білім беруді жүзеге асырудың мынадай кезеңдерін атап көрсетуге болады:

- а) ғылыми-техникалық прогрестің басты бағыттары;
- б) өндіріс пен техника салалары;
- в) физиканың болашақтағы даму аумағы;
- г) нақты техникалық нысандардың физикалық іс-әрекет негізі.

Ғылыми-техникалық прогрестің физикамен байланысты негізгі бағыттарын керекті ақпараттық материалдарды іріктеу арқылы жүзеге асырған дұрыс. Мысал ретінде физика курсындағы ғылыми-техникалық прогрестің негізгі бағыттары көрсетілген 1.1 – кестені ұсынуға болады

Кесте .1.1

Ғылыми-техникалық прогрестің физикамен байланысты негізгі бағыттары

Ғылыми-техникалық прогрестің басты бағыттары	Нақты техникалық объектілерінің физикалық іс-әрекет негізі	Өндіріс пен техника салалары	Физиканың болашақтағы даму салалары
Энергетика	Газ заңдары. Жылулық құбылыстар. Термодинамика, Ом, Ампер, электромагниттік индукция, электролиз заңдары. Айнымалы ток. Генератордағы өшпейтін электромагниттік тербелістер.	Жылулық энергетика. Электрофикация. Электрлік энергетика.	Жылулық физика. Магнетизм. Кванттық электродинамика.
Электронды-есептеуіштік техника	Термоэлектрондық эмиссия құбылысы. Жартылай өткізгіштік приборлар. Фотоэлектрлік құбылысы.	Электроника. Кибернетика. Микроэлектроника	Физикалық информатика. Электр тізбектер теориясы. Электротехника.
Экология	Транспорт. Жылу энергетикасы. Электрофикация. Биоэнергетика. Электрлік металлургия.	Молекулалық физика. Термодинамика негіздері. Электр және магнетизм.	Термодинамика заңындағы молекулалардың әсерлесу күші. Электр машиналары. Электр магниттік тербелістер мен толқындар

1.1 – кестеде көрсетілген ғылыми-техникалық прогрестің төрт негізгі бағыттарын мысалға келтіре отырып (автоматизация, энергетика, электрондық-есептеуіштік техника экология), мектептегі физика курсы бойынша оқушылардың политехникалық білім беру жүйесінің қалай жүзеге асатындығын көреміз. Осы ғылыми-техникалық прогрестің негізгі бағыттарын жетік меңгеру үшін физиканы оқыту курсының құрамына техниканың алуан түрлі салаларының физикалық негіздерін және нақты техникалық нысандарда қолданылатын физикалық заңдар туралы түсінік беру енді.

Әдебиеттер тізімі

1. Абылкасымова А.Е., Уиуров Е.А., Омаров Р.С. *Актуальные вопросы совершенствования политехнических знаний и умений в средней школе. Ростов-на-Дону, 1974. – 45с.*
2. Алексеева М.Н. *Физика – юным: Теплота. Электричество. – М.: Просвещение, 1980. – 160с.*
3. Анциферов Л.И. *Физический практикум; Факультативный курс. – М.: Просвещение, 1972. – 120с.*
4. Анциферов А.И. *Электродинамика и квантовая физика. – М.: Мнемозина, 2002. – 382с.*
5. Аскарлова Ж. *Формирование основ профориентационных знаний и умений у школьников. Алматы, 1992.*
6. Атутов П.Р. *Политехнический принцип в обучении школьников. – М.: Педагогика, 1976. – 192с.*
7. Атутов П.Р. *Политехническое образование школьников: Сближение общеобразовательной и профессиональной школы. – М.: Педагогика, 1986. – 176с.*
8. Атутов П.Р. *Политехническое образование школьников в современных условиях. – М.: Знание, 1985. – 80с.*
9. Бабкин Н.И. *О политехническом образовании учащихся // Советская педагогика. 1985. №4 – С. 37-41.*
10. Байжасарова Г.С. *Система задач физико-технического содержания как средство усиления политехнической направленности школьного курса физики. Алматы, 1994.*
11. Балаш В.А. *Задачи по физике и методы их решения: Пособие для учителя. – М.: Просвещение, 1983. – 432с.*
12. Барашков Н.Н. *Полимерные композиты: получение, свойства, применение. – М.: Наука, 1984. – 128с.*
13. Бейсенбаева А.А. *Значение межпредметных связей в учебно - воспитательной работе школы (из опыта средних классов школ Казахстана): Дис. ...канд.пед.наук. – Алматы, 1970. – 219с.*
14. Белесов Б.К. *Пути и способы применения технических средств обучения в осуществлении принципа политехнизма. Алматы, 1978.*
15. Бугаев А.И. *Методика преподавания физики в средней школе. – М.: Просвещение, 1981. – 80с.*

Сдикова Г.Ж., Сахиева А.К.
Западно-Казахстанский университет имени М.Утемисова,
г. Уральск, Казахстан

ОСОБЕННОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ СТРАТЕГИИ СКАФФОЛДИНГ В КОНТЕКСТЕ ЯЗЫКОВОГО ИНТЕГРИРОВАННОГО ОБУЧЕНИЯ ПО ХИМИИ

Современное казахстанское школьное образование ориентировано на интересы личности, которое характеризуется развитием готовности учащихся к осознанному выбору, к принятию самостоятельных решений и к ответственному участию в жизни общества. В этих условиях становится актуальным создание инновационной модели школьного образования, сочетающей лучшие традиции казахстанской и мировой образовательных систем, которая позволит воспитать высокообразованную личность с активной жизненной позицией, способную конкурировать на международном уровне. Образование в Республике Казахстан находится на новом этапе своего развития, реформы связаны с актуализацией образовательной системы, речь идет о том, что современные дети усваивают знания гораздо быстрее и роль учителя, как источника знаний, уже отходит на второй план. Учитель теперь является проводником и помощником в мире постоянно обновляющейся информации. Процесс реформирования школьного образования не мог не коснуться преподавания химии. Главная задача химии, как школьного предмета – ознакомление учеников с главными свойствами окружающих нас веществ, донести суть химических реакций, главных химических процессов, происходящих в природе, организме человека и т.д. В связи с этим, необходимо использовать мультимодальный инструмент для развития и понимания обучающимися научного содержания, в частности в контексте CLIL. Использование скаффолдинга, как современной образовательной технологии, включает в себя различные виды учебной деятельности, которые должны реализовываться при помощи педагогической поддержки или использования вспомогательных конструкций.

Впервые скаффолдинг как метафора были использованы в контексте обучения и развития учащегося в исследовательской работе американских психологов Джерома Брунера, Дэвида Вуда и Гейл Росса. Анализируя взаимодействие взрослого и ребенка на конкретных занятиях по решению проблем (блочная реконструкция), авторы приходят к выводу, что существует "своего рода процесс построения «каркаса», который позволяет ученику или новичку решить проблему, выполнить задание или достичь цели, которая была бы за пределами его самостоятельных усилий" [1]. Этот процесс построения «каркасов» дает право воспитателю играть роль "активатора" навыков ребенка, для поддержки его в успешном выполнении заданий. Оказываемая таким образом поддержка может потребовать, чтобы учитель разбил задание на более мелкие части, перенаправил фокус внимания ученика или продемонстрировал, выполнив определенную процедуру. Д. Вуд выделяет шесть особенностей, характеризующих поддержку, оказываемую преподавателем, который, соблюдая баланс между демонстрационными и реконструктивными процедурами, предоставляет учащемуся как мотивационную, так и когнитивную поддержку, необходимую для достижения нового понимания:

- 1) привлечение интереса учащегося;
- 2) уменьшение степеней свободы за счет упрощения задач и удержания их в приемлемых для учащегося пределах;
- 3) поддержание направления, удерживая внимание ученика на цели;
- 4) выделение критических особенностей, направляя внимание ученика на то, что имеет отношение к делу;
- 5) контроль фрустрации, чтобы мотивировать ученика выполнить задание;

б) демонстрация или моделирование решения задачи.

В своих работах Л. Выготский (1978) определяет зону ближайшего развития как один из основных постулатов своей теории, как "расстояние между фактическим уровнем развития, определяемым путем самостоятельного решения проблем, и уровнем потенциального развития, определяемым путем решения проблем под руководством взрослых или в сотрудничестве с более способными сверстниками"[2]. Сcaffolding стратегии лежат в основе всего преподавания предметно-языкового интегрированного обучения (CLIL), и поддержка, оказываемая преподавателями при попытке активизировать знания учащихся, связанные с содержанием и иностранным языком, должна быть соответствующим образом подобрана и спланирована. Учитывая, что стратегии построения «каркасов», применяемые в контекстах CLIL, имеют определенную специфику руководитель Национальным центром исследований и разработок по улучшению образования в средних школах А. Уолки рассматривает scaffolding как одновременно структуру и процесс, объединяющий несколько уровней педагогической поддержки, от планирования учебных программ на макроуровне до создания временных «каркасов» на микроуровне и случайной вариативности поддержки, реагирующей на взаимодействие по мере его развертывания. Автор утверждает, что дополнительная когнитивная нагрузка, связанная с изучением контента на иностранном языке на занятиях CLIL, придает «каркасам» особое значение в условиях CLIL [3].

Существует два вида scaffolding стратегий направленных на развитие навыков учащихся: стратегии направленные на развитие понимания (опорные знания, языковые поддержки, вспомогательные материалы) и стратегии, развивающие мыслительные навыки высокого порядка (дискуссии, познавательные задания).


В рамках CLIL существуют стратегии, ориентированные на развитие навыков понимания учебного материала. В работах [4] отмечено, что преподаватели естественных предметов, как правило, мало уделяют внимания стратегиям понимания (всего 28%). Первоначальной особенностью данной поддержки является опора или актуализация базовых знаний, или данная концепция известна как «подключение к предшествующему знанию». Данная идея произошла из представления что обучаемые на втором языке (L2) ученики - это не "пустые сосуды", они приносят с собой «набор предварительных знаний и навыков, приобретенных на их родном языке». Формирование связи между известным и неизвестным знанием имеет решающее значение, поскольку предварительные знания являются одним из наиболее важных факторов в обучении учащихся [5]. Примеры данных стратегий включают оценку того, что учащиеся уже знают, обращение к предыдущим урокам или использование соответствующих примеров из реального мира. Автором [6] отмечено, что родной язык (L1) может быть основой построения понимания в контекстах CLIL.

Вторая особенность стратегий СНП- это роль вспомогательных материалов. Вспомогательные материалы включают наглядные пособия, графические органайзеры, использование языка тела и другие предметы, помогающие учащимся вникнуть в содержания материала [7]. В работах [8] Б. Боше и М. Хеннинг описывают, как учитель истории в 11-12 классах использовал вспомогательные материалы для построения scaffolding, придавая текстам контекст с помощью наглядных пособий, звуков и других способов организации информации. Аналогичным образом авторы работ [9] в 2018 году исследовали вспомогательные материалы при обучении CLIL и обнаружили, что преподавание химии через наглядные пособия, графические органайзеры и видеоклипы помогают учащимся лучше понимать абстрактные концепции учебного материала.

Третья особенность заключается в поддержке развития академического языка обучаемых при применении предметной терминологии. Исследователи обнаружили, что преподавание лексики может быть имплицитным в контекстах CLIL, поскольку учителя CLIL часто не владеют иностранным языком на высоком уровне. Однако исследование применения языковых поддержек в Норвегии, проведенное среди учащихся 9 классов на

уроке математики и химии, преподаваемых на английском языке показала значимость стратегий направленных на улучшение языковых компетенций детей [10]. К примеру при изучении темы «Промышленное производство этилового спирта» в 11 классе предлагается сравнить два метода используя языковые поддержки.

Ethanol is made by one of two methods, hydration and fermentation.



Use the table to compare two methods of making ethanol

Hydration method need non-renewable source		whereas	In Fermentation the sugar is renewable source of ethanol
Property or feature of an item (clause)		whereas	Property or feature of an opposite item (clause)



Рисунок 1 - Использование стратегии поддержек на тему: «Промышленное производство этилового спирта»

Данные стратегии поддержек в виде рисунков и фразовых поддержек на уроках химии позволяют учащимся самостоятельно оперировать терминологией, грамотно выстроить рассуждения что будет способствовать более структурированному пониманию учебного материала[10].

Четвертая особенность стратегий скаффолдинг проявляется при внедрении на уроках заданий требующих сложных мыслительных операций. Таким примером могут быть стратегии в качестве вспомогательного инструмента, дающие возможность ученикам вступать в дискуссии по обсуждению тех или иных химических процессов и явлений на иностранном языке.

Пятая особенность - ориентация на метапознание, или «умение учиться». Одним из наиболее эффективных способов формирования самостоятельности, учащихся является моделирование этапов решения проблем через предоставленные инструкции или вопросы. Это может варьироваться от моделирования и предоставления этапов испособов решения проблем (например, процедуры выполнения химического эксперимента, которые создают учащиеся), к обсуждению полученных данных и оценке результатов. Результаты исследований показывают, что стратегии на развитие метапознания являются эффективными инструментами для реализации обучения химии на уроках в контексте CLIL.

Например, при изучении в 11 классе темы «Энтальпия химической реакции» предлагается изучить реакцию замещения между сульфатом никеля(II) и цинком, для этого учащимся необходимо разработать ход эксперимента по измерению энтальпии реакции, провести вычисления по предложенным данным, сравнить и оценить виды лабораторного оборудования.



initial temperature of NiSO₄ solution = 19.5 final temperature of NiSO₄ solution = 23.5
 specific heat capacity = 4.18 JK⁻¹

Describe how you would use this apparatus to carry out an experiment to obtain data to calculate the enthalpy change of this reaction.

Use these results to calculate: the energy released in this reaction and then the enthalpy change of this reaction.

What advantages are there of using the apparatus shown above to carry out this reaction, rather than a glass beaker. Give reasons for your answer.

Рисунок 2- Фрагмент задания на тему: «Энтальпия химической реакции»

Выполнение данного задания включает в себя необходимые уравнения, рисунки и данные оперируя которыми учащиеся сами моделируют процесс, выявляют возможность протекания, оценивают насколько оборудование было надежным и эффективным.

CLIL подход в образовании позволяет определить некоторые важные аспекты, которые учителя должны принимать во внимание, такие как необходимые ресурсы, цели, содержание, язык, культура или различные проблемы, с которыми сталкиваются учащиеся при изучении химии на английском языке. Усилия по стимулированию развития интереса ученика к учебе предпринимаются различными способами. Одним из таких эффективных способов в контексте CLIL является применение учителями стратегий скаффолдинг. Стратегии скаффолдинг для развития понимания учебного материала позволяют выстроить учебный процесс в доступной и интересной форме, улучшить языковые компетенции через систему фразовых поддержек. Стратегии скаффолдинг применяемые для развития навыков решения проблем акцентируют внимание на способах активизации навыков критического мышления и анализа. Суть данных стратегий заключается в применении блок схем, диаграмм, инструкций и вопросов к проблемно-поисковым заданиям которые будут направлять к открытию новых научных знаний. Стратегии скаффолдинг могут стать тем педагогическим инструментом, который позволит повысить мотивацию и качество

знаний, раскрыть самостоятельность учащихся, совершенствовать умений рассуждать и анализировать.

Пайдаланылган әдебиеттер

1.Чернявская О.М., Колесникова А.М.,Колесников Б.С. Применение технологии педагогической поддержки «скаффолдинг» в процессе обучения школьников // Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Педагогические науки». 2022. -№4(76). - С.216-227.

2.Выготский Л.С. Мышление и речь. Изд. 5, испр. - М.: Лабиринт, 1999. - 352 с.

3.WalquiA. Scaffolding instruction for English language learners: a conceptual framework. *International journal of bilingual education and bilingualism*. -2006. - №2.- P.159-180.

4.Pawan F. Content-area teachers and scaffolded instruction for English language learners. *Teaching and teacher education*. -2008.- №6.- P. 1450-1462. doi:10.1016/j.tate.2008.02.003.

5.GallagherF., Gerry C.T(w)o and fro: using the L1 as a language teaching tool in the CLIL classroom. *The Language Learning Journal*.- 2017. - №4. - P. 485-498. doi:10.1080/09571736.2014.947382

6.CumminsJ. BICS and CALP: empirical support, theoretical status, and policy implications of a controversial distinction.*New York: Routledge*. - 2013.- p. 10-23.

7.Boche B., HunningM. Multimodal scaffolding in the secondary English classroom curriculum.*Journal of Adolescent and Adult Literacy*. -2015. - №7. - P.579-590.

8.Mahan K.R, Lisbeth M.,BrevikM. Characterizing CLIL teaching: new insights from a lower secondary classroom. *International Journal of Bilingual Education and Bilingualism*. - 2018.doi:10.1080/13670050.

9.Meyer O., Do C., SchuckK., TingT. A pluriliteracies approach to content and language integrated learning - mapping learner progressions in knowledge construction and meaning-making // *Language, Culture and Curriculum* - 2015. – V.28 №1. – p.41-57. doi:10.1080/07908318.2014.1000924.

10.Образовательная программа АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы» - NIS-Program/Grade 11(от 16 августа 2017 года, протокол №41).

ӘӨК 2(297.1)

Ережепова Р.Г.

*М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан Университеті,
Орал қ., Қазақстан*

НАҚЫШБАНДИЯ ТАРИҚАТЫНЫҢ ТАРАЛУЫ ЖӘНЕ МАҢҒЫСТАУ ТҮБЕГІНДЕГІ ЕРЖАН ХАЗІРЕТТІҢ ДІНИ-РУХАНИ ҚЫЗМЕТІ

Сопылық ілім VIII-IX ғасырларда пайда болып, Орта Азияға X-XII ғасырларда еніп, тұрақтанды. Сопылық ілімнің кең қанат жайып, Қазақстан жеріне тарауының бір мысалы – Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің тұрғызылуы және оған Орта Азия халықтарының ағылып келіп, тәу етуі. Ысқақ баба және Баба Түкті Шашты Әзиз жергілікті қазақтар арасында исламды таратушылар болды.

Орталық Азиядағы сопылықтың таралуы оның пайда болуы мен таралуының алғашқы кезеңінде орталықтанудың түрлі деңгейімен барлық сопылық ордендерді біріктіретін ортақ атау Хважаган, парсы тіліне аударғанда хваджа-«әмірші», өзінің рухани бастамасын өзінің негізін салушы - Абд әл Халик Гиджуванимен байланысты.

Қожа Әбдухалик Гиджувани атақты Юсуф Хамадани шейхтың төрт мүридтерінің бірі болды. Хамаданидің оқушыларының ішінде сондай-ақ, Ахмет Яссауи де болды.

XII ғасырдан бастап ислам әлемінің әр түкпірінде пайда болған елуден астам сопылық тариқаттардың төртеуі – йассауия, накшбандия, кубравия – дәл Орталық Азияда

пайда болды. Осы сопылық мектептер, ағымдар мен тариқаттардың ішінде нақшбандийлік тариқаты ерекше орын алады.

Тариқат дегеніміз не? Тариқаттың терең тарихы бар. Бұл құбылыс исламның шариғат сияқты көріністерімен тығыз байланысты. Шариғат іргетастың бір түрі болса, Тариқат адамның жан дүниесін тазартуды көздейтін шариғаттың бір тармағы.

Егер «тариқат» сөзін аударатын болсақ, «жол» сөзі шығады. Тариқат – Исламның негізі, ол жол, Алланы тануға ұмтылудың ерекше жолы. Тариқат – адамның өмір жолы ғана емес, ол адамның Алла Тағаламен жақындасуының шариғат жолы. Бұл жол оңай емес, өйткені ол жүректі тазартуды, лайықсыз ойлардан арылуды, жаман істерден бас тартуды қажет етеді. Былайша айтқанда, тариқат адамды Алла Тағалаға жетелемейтін кез келген әрекетті, тіпті ойды басып тастауды білдіреді[1]. Алайда әр уақытта «тариқат» ұғымы әртүрлі түсіндірілді. IX-X ғасырларда тариқат арнайы әдістердің, моральдық-этикалық ережелердің белгілі бір жиынтығын білдіретін практикалық мәнге ие болды. Арнайы жаттығулардың көмегімен сопы құдайдың мәнін – хақиқатты түсінді.

Хақиқат дамуының келесі кезеңі арнайы мектептердің пайда болуымен байланысты. «Мүрид» (оқушы) және «муршид» (ұстаз) сияқты ұғымдар өзекті бола түсті. «Жол» деп аталатын тариқат күрделен түсіп, ғұрыптар көбейе бастады. Оқушылар алғашқы сынақтан өтіп, олардың өмір сүру дағдысы қатал тәртіппен жүрді. Бұл кезеңнің уақыты біздің заманымыздың XI-XIII ғасырларына сай келеді.

XIII ғасырдың аяғында басталатын келесі кезең «оқушы-мұғалім» қарым-қатынасының өзгеруі: алғашқы бауырластықтар пайда болады. Тариқат эзотерикалық сипатқа ие болып, бауырластықтардың қолданатын әдет-ғұрыптық іліміне айналды.

XV ғасырға дейін-ақ, тарихта бауырластықтардың даму тарихымен байланысты. Кейінгі ғасырларда «оқушы-мұғалім» қарым-қатынасы «әулие-тыңдаушы» қарым-қатынасына айналып, айқын иерархиялық құрылым сақталады.

Ал, сондай тариқаттардың бірі - Нақшбандия түсінігіне келетін болсақ, Нақшбандия – сүнниттік ағымдағы 12 сопылық бауырластардың бірі. Нақшбандия ұстаздары сүнниттік исламның бірінші халифасы Әбу Бәкір мен сүнниттік исламның төртінші халифасы Әли арқылы Ислам пайғамбары Мұхаммедке дейін тарайды. Бұл орден өз атауы оның негізін қалаушы, өз заманындағы Орта Азиялық сопылықтың ең ірі өкілі Бахауддин Мұхаммед Нақшбандидің (1318–1389) атымен байланысты.

Нақшбандия тариқатындағы ұстаздар тізбегі Әбу Бәкірге дейін барады. Бұл тариқат өз атауын рухани білім берудің ескі дәстүрлерін жаңғыртқан Мұхаммед Бахауддин шах Нақшбанд Бұхари (1318-1389) атынан XIV ғасырдың аяғында алды.

Сопылық бауырластық Нақшбандия атауы оның қолөнерінің атынан шыққан. XV ғасырдан бастап Нақшбанди тариқаты бірте-бірте Орталық Азияда, Үндістанда, Түркияда және Иранда әрекет еткен ең кең тараған рухани бауырластыққа айналды. Оның ізбасарлары Жәми, Тәуекел хан, Әлішер Науаи, Шиғабутдин Маржани сияқты елеулі тұлғалар болды.

XII ғасырдың аяғында, ал одан кейінгі ғасырларда мектептер (машраб) немесе сопылық бағыттар (тариқат) пайда болды: кадирия, ясавия, кубравия, нақшбандия, шәзилия, чиштиа, т.б.

Тариқаттардың көпшілігі негізін қалаушылардың атымен аталады. Әрбір сопылық тариқаттың Мұхаммед пайғамбарға (с.ғ.с.) және оның сахабаларына дейін созылатын рухани тәлімгерлер тізбегі (силсила) бар. Тасаууфты бұрынғы ұстаздан рұқсат (ижаз) алған адам ғана үйрете алады. Бала тәрбиелеуге рұқсат беру жүйесінің құрылуы кездейсоқ емес. Ислам ғұламасы Әс-Суюти жоғарыда аталған жүйенің дінді надан ұстаздардан қорғау мақсатында ұйымдастырылғанын айтады[2].

Түрлі тариқаттардың пайда болуы Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) тәрбие әдістерімен байланысты. Мысалы, Әбу Бәкір пайғамбардан тыныш (хафи) зікір алған, сондықтан нақшбанди тариқасында зікір үнсіз, жүрекпен зікір жасалады. Али ибн Әбу Талиб пайғамбардан қатты (жәһри) зікір алған, сондықтан шәзилия тариқасында және

кейбір басқа тариқаттарда зікір дауыстап айтылады. Бұл зікірлерді орындау ережелері ұрпақтан-ұрпаққа, жүректен жүрекке жалғасып отырды[3].

Нақшбанд – Бахауддин хазіреттің лақап аты. Нақш сөзі ою (безендіру) дегенді білдіреді. Нақшбанд – жүректі Алланың атымен безендіруші. Бахауддин Нақшбанд аскетизмге, дүние істерінен бас тартуға қарсы шықты, еңбек пен білімге шақырды. Өзі де тамаша тоқымашы, металл оюшы болған, еңбектің жемісін көруді өз үлгісімен көрсетті. Бірде одан: «Тариқатыңның мәні неде?» деп сұрады. Ол: «Тариқатымыздың мәні – «халвет дар анджуман», яғни сырттан адамдармен бірге болу, іштей Алламен бірге болу», – деп жауап берді[4].

Орталық Азиядан шыққан нақшбандия тариқаты бүкіл ислам әлемінде, әсіресе Осман мемлекеті тұсында кең тарады. Ислам ғылымдарының әртүрлі салаларындағы ханафи ғалымдарының көпшілігі нақшбандия тариқатын ұстанушылар болды.

Нақшбандияда оның екі тұлғасы – әл-Гиджувани мен Нақшбанд зікір салудың тыныш түрін енгізді. Осылайша, Гиджувани тыныштықты орнықтыра отырып, Құдайға құлшылықта болудың жаңа тәжірибесін енгізді. Ал, Нақшбанд Гиджуванидің рухымен қарым-қатынаста болу арқылы осы тәжірибені жаңғыртты.

Ал, дүниеге көзқарасы жағынан қарайтын болсақ, нақшбандияның айрықша ерекшеліктерінің бірі – бұл тариқат мұсылман дінбасылары үлкен ықпалға ие болған Орта Азиядағы түркі тілдес халықтар арасында таралған еді. Сондай-ақ, Яссауи дәстүрінде мұрагерлік ұстаным-генетикалық туыстық басты орын алып, түрлі ақсүйектік деп аталатын, Мұхаммед пайғамбардың тұқымдары саналатын әмірлер, ишандар, шейхтер пайда болған еді. Ал, нақшбандия аталған дәстүрді мойындамады және ұстанбады. Сонымен бірге, екі сопылық дәстүрдің арасындағы қарама-қайшылықтардың бірі – мұсылманшылықта музыка мен бидің, барлық дүниеден бас тартып жер астына кету, қырық күндік жыраққа кету сияқты қолданыстағы тәжірибелер даулы мәселеге айналған еді [5].

Алайда, ХҮІ ғасырға қарай Яссауишылдық Нақшбандия тариқатына жол бере бастады. Оған объективті себеп болған Орталық Азиядағы Бұқара мен Самарқанд сол дәуірдің білім беру орталықтарына айналуында еді.

XIX ғасырдың соңы-XX ғасырдың ортасында өмір сүрген Ержан Төлегенұлы да осы аталған тариқатының ұстанушысы болды. Ұлан-ғайыр Қазақстанда қоғамдық, әлеуметтік өмірдің, мәдениет пен әдебиеттің қай саласы болмасын туған халқының өркен жаюы жолындағы еңбегі мадақталу орнына, керісінше, тоталитарлық жүйе кезінде өзіне жала болып, жазықсыз кеткен азаматтар аз болған жоқ. Солардың бірі – өзінің көзі тірісінде-ақ халық құрметіне бөленіп, ерекше беделге, құрметке ие болған, бар ғұмырын ұрпаққа білім беруге, оларды имандылыққа, тазалыққа, ынтымақты, түзу жолда болуға тәрбиелеуге арнаған, ислам дінінің ғұламасы – хазірет атанған, діни жоғары білімді Ержан Төлегенұлы еді.

Маңғыстау өңіріндегі ислам ілімін терең меңгерген және оны бала оқытуға, халықты тәрбиелеуге үздіксіз қайратын жұмсаған рухани абыздардың бірі, аса көрнекті дінбасы Ермұхаммед Төлегенұлы, халыққа есімі танымал – Бектеміс Ержан хазірет Маңғыстау облысының Керел жерінде дүниеге келген.

Кейбір деректерде Ержан Төлегенұлын Маңғыстаудың үш түбегінің бірі Бозашының Сорқұдық деген жерінде орта дәулетті отбасында дүниеге келген деп жазады. Әкесі Төлеген діндар, еңбекқор әрі өзгелерге қамқор адал адам болыпты. Балаларын оқуға беруге аса құштар ол үш баласын да ауыл молдасына оқуға берген. Ержанды бала шағында Мырзайыр деген жерде Әбді ахуннан бір жыл оқытып, хат танытты. Одан кейін Тұщықұдықтағы Айдар ишанның мешітіне Ермұхамбет пен Нұрмұхамбетті оқуға береді. Оның ілімін аяқтаған соң, Ержан Қызылсудағы Тұрмағанбеттің медресесінде оқиды.

Ержан хазірет дегенде көз алдымызға үстіне пайғамбардан қалған сүннет шапаны мен баына ақ сәлдесін киген, жүзінен иман нұры төгілеген әулие ақсақал елестейді. Оның дініне беріктігі, адалдығы сол, ол ешқашан басынан ақ сәлдесін шешпей өтті. Алла жолындағы адалдығын бір сәтке кірлетпеген абыз бабамыз бірде тіпті, тағдыры таразыға түскелі тұрған сот отырысында басынан сәлдесін шешуден бас тартып, өз құқығын қорғап

қалған екен. Тепсінген тергеушілерге: «Сіздер – большевик партиясына мүшесіздер, қалталарыңызда партиялық билеттеріңіз бар. Бастарыңызға қиын іс түсіп, тығырыққа тірелген кезде партбилеттеріңізді суырып беруге уәде бермеген шығарсыздар. Мен Ислам дінін ұстанатын жанмын, басымдағы сәлде – діндарлығымның көрінісі. Мен де бұл сәлдені ұлы Жаратушыға және ұстаздарыма уәде беріп, басыма ораған болатынмын, басыма қиындық үйірілгенде шешемін деген жоқпын. Сол себепті сәлдені басымнан ала алмаймын» деп жауап бергендігі – мызғымас иманы мен кәміл адам дәрежесіне, яғни әулиелік мәртебесіне жеткендігінің белгісі емес пе?![6].

Ержан хазірет сопылықта нақышбандия тариқатын ұстанатын еді. Оның силсиласы осыны айғақтайды. Ол да Ахмет Яссауиды пір тұтқан. Оған оның «Иманшарт» кітабындағы сөздері дәлел болмақ: «Кімнің құлысың?. Жауап: Алла Тағаланың құлымын»[7].

Бастапқы білімді Тастемір Айдар ишанның медресесінен алады. Тұщықұдық жерінде алғаш рет шатырхат алып келген Айдар ишан өз медресесінде оқыған алғыр шәкірті Ержан хазіретті туған баласынан артық жақсы көрген дейді. Ол бір топ үздік шәкірттерін өзі оқыған Бұхарадағы Көкілташ медресесіне жібереді. Ержан хазірет медресені 1924 жылы ұстаздық мамандығы бойынша үздік бітіреді. Осы жылдан бастап, оның туған өлкедегі ағартушылық қызмет басталады.

Алған білімінің деңгейі бойынша имам атанған Ержанды жергілікті халық «қазірет» деп атаған[8].

1926 жылдан Сорқұдық жерінде бала оқытқан. Тоталитарлық дүрбелең жылдары діни мектепте бала оқытқаны үшін деген айып тағылып, Ержан Төлегенұлы 1932-1941жылдары арасында төрт рет жауапқа тартылған. Бұл туралы ҚР ҰҚК мұрағатынан табылған.

Ержан Төлегенұлының бірінші ерекшелігі – дін мен дін өкілдерін қудалаған кеңестік кезеңнің өзінде дәстүрлі діннің алтын шынжырын үзбей тәуелсіз ұрпаққа жалғастырып кетуші дәнекер. Екінші ерекшелігі – соңында хатталған мұра қалған тұлға. Ол халыққа тәрбиені, өнегені тек сөзбен емес, өзінің жүріс-тұрысымен, болмысымен көрсетіп кетті. Тіпті өзін төрт рет соттаған өкімет туралы бір ауыз сөз теріс әңгіме айтпай, «өкіметтің заңына бағыну – уәжіп» деп халыққа насихатын айта жүріп, рухани тәрбиесін беріп кеткен діндар,- деп тоқталды М.Себасов хазірет туралы[9].

Ержан Төлегенұлы – өсиет пен қасиеттің, имандылық пен қарапайымдылықтың көрінісі болған тұлға. Ол – Маңғыстау өңірін мекендеген Адай руынан шыққан, діни жоғары білім алған. Ислам дініне өте терең сенімде болған Ержан хазірет мұсылман әдебіне сай қасиетті Құран ережелерін мүлтіксіз орындап, адамдар арасындағы руханиятсыздықты жоюға тырысты.

Соңғы жылдары Ержан хазіреттің ұлттық құндылықтарды сақтау, мәдениетіміздің, ұлттық дүниетанымыз бен мінез-құлқымыз, тіршілік етуіміздің түп-тамыры қайда екенін, кімді үлгі тұтуымызды қажет екенін анық көрсетіп берген екі қолжазбасының «Иманшарт», «Өсиетнама» еңбектерінің табылуы, шағатай тілінен қазақ тіліне аударылуы мұсылман қазақ халқына ғана емес, мұсылман жұртшылығына дінімізді қайта танылуына септігін тигізді. Ержан хазіреттің бұл еңбектері – тазалық жолының, ата-бабамыздан келе жатқан тасаввуф жолының таза қалпын сақтауымен, бізге дейін сол қалпында жетуімен құнды болып отыр. Ол кісінің соңында қалған біршама кітаптарына қарай отырып, ол кісі өз замандастарына қазақтың дәстүрлі діни аясында насихат жүргізгенін, діни білімнің алғашқы сатыларын үйреткенін көруге болады.

Ержан хазірет сияқты тұлғалардың діни-рухани, ағартушылық өмірі мен қызметі туралы қазіргі жас буынға таныстыру, насихаттау, дәріптеу мақсатында 2018 жылы қараша айында Астанадағы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті және Маңғыстау облысы әкімдігі мен Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының ұйымдастыруымен көрнекті дінтанушы, қоғам және руханият қайраткері Ержан (Ермұхаммед) хазірет Төлегенұлының мұраларын зерделеуге арналған «Дін тұғыры және

ілім қайнары» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция өтті. Конференция барысында Ержан хазіреттің қолжазбалары таныстырылып, оқырмандарға, студенттер мен жас ғалымдарға ұсынылды.

Әдебиеттер тізімі

1. *Исламский, мусульманский сайт islam-today.ru –Ислам сегодня*[электронный ресурс].<https://islam today.ru/veroucenie/nacinausim/tarikat/> *Что такое тарикат? Духовность: истоки и традиции тасаввуфа // Вера . – 2001. – № 5. – С.4.*
2. *Духовное Управление Мусульман Республики Татарстан сайты.* [электронный ресурс]//*Нақибандия тариқаты: секта емес, Құран мен Пайғамбардың сүннеттерін қатаң ұстану. Нияз хазрат Сабиров. Имам-хатыйб Апанаевской мечети, кандидат исторических наук, член Совета улемов ДУМ РТ.*
3. *Березиков Е. Е. Святые ислама. – Казань: Татар. кн. изд-во, 1996. – С.125.*
4. *Избаиров А.К. История суфизма в Казахстане. Kazislam.kz. 29.11.2018*
Бауыржан Қажы Әбдірашұлы, Қазақстан Мұсылмандары Діни Басқармасының Төраға Орынбасары, Наиб Мұфти. «Ізгілердің Ізбасары» мақаласынан.
5. *Өсиетнама(Ұрпаққа аманат)-Алматы, «Нұрлы әлем», 2018ж. -бб.*
6. *Ш.Әленұлы., Ә.Спанов. Ержан қазірет. Жаңаөзен. 1998ж. 7-ші б.*
6. *Егемен Қазақстан газеті [электронды ресурс]//<https://egemen.kz/article/167394-itandylyq-turaly-irgeli-enhbek-dgaryq-kordi/>Имандылық туралы іргелі еңбек жарық көрді.*

УДК 378.141

Ескайыров Э.Д.

Западно-Казахстанский университет имени Махамбет Утемисова

г. Уральск Казахстан

ИССЛЕДОВАНИЕ МЕТОДИКИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ КОМПЬЮТЕРНЫХ ПРОГРАММ В КУРСЕ ГЕОМЕТРИИ

История использования компьютерных программ в процессе обучения можно разделить на 4 этапа. 1-этап 1950-1970 года первые попытки внедрения компьютерных программ в процесс обучения. 2-этап 197-1980 года внедрение компьютеров в процесс обучения и развитие новых форм обучения. 3-этап 1980-1990 года возрастание возможностей обучения. 4-этап 2000 года развитие компьютерных программ обучения и доступ к мировому интернету.

В статье рассматривается использование различных компьютерных программ на уроке геометрии и описываются особенности тех или иных компьютерных программ.

Информатизация сегодняшнего мира оказывает влияние на все сферы жизни, в том числе и на образование. Происходящее в настоящее время изменение программы обучения, направленное на цифровизацию образования, при котором в школах оборудуют электронные доски, интерактивные доски и проекторы для улучшения качества образования.

Важнейшим фактом компьютеризации образования является использование компьютера, а также использование компьютерных программ позволяет сделать процесс обучения более эффективным, если их применять как инструмент познания, а не передачу знаний.


Обучение геометрии было и остается трудным делом. Сегодня важным инструментом обучения учеников геометрии и других предметов стал компьютер. И было создано множество компьютерных программ для обучения учеников.

Использование компьютерных программ в курсе геометрии дает возможность учителю для более наглядного объяснения темы и для более наглядного примера. Прежде чем использовать ту или иную программу нужно оценить ее плюсы работы с ней. По методическому оснащению программы можно квалифицировать на:

- для обучения нового материала
- тренировочные: предназначены для отработки тех или иных умений и навыков;
- демонстрационные: предназначены для наглядного представления учебного материала;
- информационно-справочные: предназначены для получения учащимися важной информации;
- досуговые: предназначены для внеклассного занятия с целью формирования внимания, памяти и т.д [1].

Объясним тему теореме синусов с использованием компьютерных программ

Теорема гласит: Стороны треугольника пропорциональны синусам противолежащих углов. С помощью компьютерной программы построим разносторонний треугольник ABC. Приведем высоту CD.



Имеем:

$$CD = AC \cdot \sin \angle A = CB \cdot \sin \angle B$$

Следует:

$$\frac{a}{\sin A} = \frac{b}{\sin B}$$


Оба эти свойства дают признак

$$\frac{a}{\sin A} = \frac{b}{\sin B} = \frac{c}{\sin C}$$

Которые означают, что стороны треугольника пропорциональны синусам противолежащих углов [2].

Также используя теорему синусов, докажем еще одно важное свойство биссектрисы треугольника с помощью компьютерной программы.

Изменим изначальный чертеж и сделаем из высоты CD биссектрису BD. Теорема гласит: Биссектриса угла треугольника делит сторону, противолежащую этому углу на части пропорциональные сторонам треугольника, прилежащим к этому углу.



Доказательство: Пусть ABC-данный треугольник BD биссектриса. Докажем, что выполняется равенство

$$\frac{AD}{CD} = \frac{AB}{BC}$$

По теореме синусов, примененной к треугольнику ABD имеет место равенство

$$\frac{AD}{\sin \angle ABD} = \frac{AB}{\sin \angle ADB}$$

По теореме синусов, примененной к треугольнику CBD имеет равенство

$$\frac{CD}{\sin \angle CBD} = \frac{CB}{\sin \angle CDB}$$

Учитывая, что $\sin \angle ABD = \sin \angle ADB$ и $\sin \angle CBD = \sin \angle CDB$ из этих равенств получаем равенство

$$\frac{AD}{CD} = \frac{AD}{CD}$$

Теорема синусов позволяет

По известным углам и одной стороне треугольника найти две другие его стороны;

По известным двум другим сторонам треугольника и углу, противолежащему одной из этих сторон, найти другие углы этого треугольника;


Действительно, если в треугольнике ABC известна сторона AB, равна c и углы A, B и C, то стороны AC и BC выражаются формулами: [3]:

$$AC = c \frac{\sin B}{\sin C}, \quad BC = c \frac{\sin A}{\sin C}$$

Рассмотрим пример: Найдем расстояние от данного пункта А до недоступного пункта С если $AB=150\text{м}$, $\angle A = 60^\circ$, $\angle B = 70^\circ$. Воспользуемся таблицей приближенных значений тригонометрических функций.

Решение: Построим треугольник ABC с помощью компьютерной программы.

Найдем чему равен угол C. Сумма углов треугольника равна 180° . $180^\circ - (60^\circ + 70^\circ) = 50^\circ$ - равен угол C. По теореме синусов [4].



$$AC = AB \frac{\sin B}{\sin C} = 150 \cdot \frac{0,94}{0,77} \approx 183 \text{ (м)}$$

Рассмотрим компьютерную программу The geometer's Sketchpad которую можно и использовать на уроках геометрии и которую я использовал при наглядном объяснении темы теоремы синусов. The geometer's Sketchpad – это компьютерная система моделирования, исследования и анализа широкого круга математических задач, поэтому она может применяться при изучении не только геометрии, но и алгебры, математического анализа. The geometer's Sketchpad- дает возможность создавать чертежи и презентации. Это сокращает время, которое раньше тратилось на создание построение чертежа на доске. The geometer's Sketchpad обладает широкими возможностями видоизменять размеры фигуры, их взаимное расположение, и т. д. Это способствует развитию их геометрической интуиции. Главным достоинством The geometer's Sketchpad является возможность видоизменять объекты, что в результате сводится к компьютерному эксперименту. Компьютерная программа The geometer's Sketchpad повышает наглядность обучения, позволяет применить на уроке проблемно-поисковые методы [5].

Из всего вышеперечисленного могу делать вывод что необходимо исследовать различные компьютерные программы для более наглядного обучения на уроках геометрии.

Список литературы

1. https://studbooks.net/1935074/pedagogika/istoriya_vnedreniya_kompyuternyh_tehnologiy_obuchenie_ispolzovanie_tehnologii_flash_razrabotke_uchebnyh
2. Саранцев, Г.И. Методика обучения математике в средней школе [Текст]: Учеб. пособие для студентов мат. спец. пед. вузов и ун-тов / Г.И. Саранцев.- М.: Просвещение, 2000.
3. Смирнов В.А., Туяков Е.А Геометрия. Учебник для 9 кл. общеобразоват. шк.- Алматы: мектеп, 2019. – 176с.
4. Краснова, Г.А. Технологии создания электронных обучающих средств [Текст] / Г.А. Краснова, М.И. Соловов, М.И. Беляев. – М., МГИУ, 2001. – 224 с.
<https://infourok.ru/vozmozhnosti-kompyuternyh-programm-po-geometrii-4584809.html>

Нагашибаева Б.А.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті

Орал қ., Қазақстан

ӘДЕБИЕТТІ ОҚИТУ БАРЫСЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫ ОТАНСҮЙГІШТІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ ЖОЛДАРЫ

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңының 4-тарауының «Білім беру мазмұны», 16-бабында, 1-тармағы: «Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары баланың жеке қабілеттерін оқу ісіндегі оң талпынысы мен алғырлығын, негізгі мектептің білім беру бағдарламаларын кеңінен меңгерту үшін оқудың, жазудың, есептеудің, тілдік қатынастың, шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсетудің, мінез-құлық мәдениетінің берік дағдыларын дамытуға бағытталған» - деп көрсетілген [1]. Әдебиеттік оқу пәні материалдарын сұрыптауда монографиялық ұстаным басшылыққа алынады. Бұл ұстанымның талабы бойынша Ы.Алтынсариннің, А.Құнанбаевтың, Ш.Құдайбердиевтің, С.Көбеевтің, С.Торайғыровтың, С.Дөнентаевтың, А.Байтұрсыновтың, М.Дулатовтың, М.Жұмабаевтың, Ж.Аймауытовтың, С.Сейфуллиннің, І.Жансүгіровтің, Б.Майлиннің, М.Әуезовтің т.б. классик ақын-жазушылардың балаларға арналған шығармалары әр сыныпта қайталанып отырады. Оқушылар жас ерекшеліктеріне қарай олардың әр түрлі жанра, әр түрлі тақырыпта жазған шығармаларын оқуға мүмкіндік алады. Бастауыш сыныптың «Әдебиеттік оқу» пәні бағдарламасы көркем әдеби шығармаларды қамтыған. Әдеби шығарма, түрлі бейнелер, олардың іс-әрекеті арқылы өмірді түсінуге көмектеседі. Жазушының идеясы, көңіл-күйі шығарманың мазмұны арқылы оқушыға беріледі, сөйтіп оларда алуан түрлі сезім, ой туғызады, дүниеге көзқарасын қалыптастырады. Көркем шығарманың мұндай ерекшеліктері бастауыш сыныптарда олардың өзіндік әдістемесін қажет етеді. Бүгінгі жас ұрпаққа жан-жақты білім беру, тәрбиелеу – әрбір ұстаздың басты міндеті.

Бастауыш сынып оқушыларының бойында өз еліне, халқына, мәдениеті мен Отан тарихына деген мақтаныш сезімі мектепке келген күннен оянуы қажет. Қазіргі қоғамның әлеуметтік-экономикалық және саяси өміріндегі жаһандану, интернет желілеріндегі кейбір келеңсіз жарнамалар, түрлі мәселелер жастардың отансүйгіштік деңгейінің төмендеуіне, аға буынға, Отанымыздың тарихына, табиғатқа, Отан тағдырына, мемлекеттік рәміздерге деген немқұрайлылық және ішкі құрметтеу, дәріптеу сезімінің болмауына әкеліп соғып отырғандығын көруге болады.

Жастардың мінез-құлқындағы жоғарыда аталған ауытқуларға сүйене отырып, қоғам дамуының қазіргі кезеңінде мектеп оқушыларын бұл тақырыптарды тереңдетіп зерттеп арнайы оқыту үлкен маңызға ие. Әдебиеттік оқу әдістемесінің қамтитын аймағы мектептегі әдебиеттік оқу пәні сабақтары мен әдебиеттік оқуға байланысты сыныптан тыс, мектептен тыс жұмыстар және базистік оқу жоспарының инвариантты бөлігінен берілетін таңдау курстарында жүргізілетін әдебиеттік оқу сабақтарында мұғалім мен оқушының оқу-тәрбие ісінде өзара қарым-қатынасы болып табылады. Сөз өнерін, көркем әдебиеттің өзін әдебиет тарихы мен әдебиеттану ғылымында белгілі дәрежеде оқып үйрену негізінде оқушыларға әдеби білім, адамгершілік, ізгілік, имандылық, тәрбие беру мен білім-білік дағдыларын қалыптастыру заңдылықтарын ашу – оның қарастыратын басты мәселесі.

Әдебиеттік оқу пәні жеке тұлғаның, адамның рухани әлемін, оның адамгершілігін, ойлауын, көңіл-күй сезімін, тілін, шығармашылық әрекет бастауларын қалыптастыруда ерекше орын алады.

Әдебиеттік оқу сабақтары оқу мәдениетінің негізін қалап, адамгершілік этикалық құндылықтарды қалыптастырады. Әдебиеттік оқу сабағында балаларды таныстыратын көркем әдебиет бастауыш сынып оқушылардың бойында патриоттық сезімнің қалыптасуына ықпал етеді. Әдебиеттік оқу сабақтарында балалар отансүйгіштікке тәрбиеленуге көмектесетін көркем әдебиетпен танысады. Бұл фольклорлық шығармалар

да, әңгімелер де, өлеңдер де, романдар да, да болуы мүмкін. Мысалы, фольклор әртүрлі халықтардың мәдениетінде қалыптасқан адамгершілік қағидалары мен ұғымдары туралы білімнің қайнар көзі болып табылады. Көркем шығармашылықтың бейнелі және символдық сипаты көзге көрінбейтін және сонымен бірге тиімді тәрбиелік ықпал ету мүмкіндігі жоғары. Бұл тұрғыда орыс ғалымы М. Горький былай деп жазды: «Фольклорды жинаңыз, одан сабақ алыңыз, өңдеңіз. Біз өткенді жақсы білген сайын, біз жасап жатқан бүгінгі күннің зор мәнін тереңірек және қуанышпен түсінетін боламыз. Халық ауыз әдебиетінің отансүйгіштік негіздерін қалыптастыруға тәрбиелік ықпалы күшті, өйткені онда Отан деген не, оның тарихы туралы түсініктер бар, халықтың отансүйгіштік тәрбие негіздері анық және жеңіл түрде айтылады. қазақ табиғатының ерекшеліктері көрсетіледі. Мақал-мәтелдерді оқу барысында балалар қазақ тілінің ерекшеліктерімен танысып, мінез-құлық нормаларын меңгереді.

Д.Х.Кушмурзина, К.Б.Шинбулатова былай деп жазды: «Отансүйгіштік – бұл Отанға деген сүйіспеншілікті, Отан игілігі үшін белсенді еңбек етуді, халықтың еңбек дәстүрлерін ұстануды және көбейтуді, тарихи ескерткіштер мен салт-дәстүрлерді құрметтеуді қамтитын адамгершілік сезімдер мен мінез-құлық қасиеттерінің өзара байланысты жиынтығы[2]. Бірқатар зерттеу еңбектерінде отандық ғалымдар: Ш.Уәлиханов, А.Құнанбаев, М. Жұмабаев Ж. Аймауытов, Ш.Құдайбердіұлы, М. Дулатов туған елге, туған жерге деген сүйіспеншілік, Отанның ар-намысы мен қадір-қасиетін нығайтуға ұмтылу, оны қорғауға әзірлік пен қабілеттілік, жауынгерлік ерлік, батылдық пен жанқиярлық, халықтардың туысқандығы мен достығы, нәсілдік және ұлттық араздыққа төзбеушілік, басқа елдер мен халықтардың әдет-ғұрыптары мен мәдениеті, олармен ынтымақтастыққа ұмтылу» [3-8]. Отансүйгіштік тәрбие мынадай қасиеттерді қамтиды: - отбасына және шағын Отанға деген сүйіспеншілік; - өзінің шағын Отанының тұрғындарына, еліне, оның халқына құрмет ана тілі, халық тарихы мен мәдениеті; - Отанға оның азаматы ретіндегі сезімнің көрінісі; - өз елінің жетістіктеріне мақтаныш сезімін көрсету; – өз елінің рәміздеріне деген мақтаныш пен құрмет сезімінің көрінісі; өз елінің халқына; - өз елінің тарихына, мәдениетіне құрметпен қарау туған жерінің, халқының мұрасы; - өз болашағына деген мақтаныш пен жауапкершілік сезімінің көрінісі Отанның игілігі үшін, оның гүлденуі үшін еңбек етуге ұмтылуынан көрінетін ел; - мейірімділіктің, гуманизмнің, жалпыадамзаттық құндылықтардың көрінісі- деп тұжырымдаған отансүйгіштік анықтамасын негізге аламыз. Біздің Отанымыз – Қазақстан Республикасы. Ол жер көлемі жағынан дүниежүзінде тоғызыншы, мұхитпен шектеспейтін елдердің арасында бірінші орын алады. Қазақстан жері батысындағы Каспий маңы ойпатынан шығысындағы Алтай тауларына дейін, солтүстігі Батыс Сібірг, оңтүстігі Тянь-Шань тауларына дейін созылып жатыр. Жерінің кеңдігі соншалық оңтүстігі мен солтүстігінің табиғаты да бір-біріне ұқсамайды. Оңтүстігінде жемістер гүлдеп жатқанда, солтүстігінде әлі қар жатады.

Қазақстанның табиғаты өте әдемі. Жері пайдалы қазбаларға бай.

Қазақстан – тәуелсіз мемлекет. Тәуелсіздігін 1991 жылы алды. 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының тәуелсіздік мерекесі тойланады. Қазақстанның өз рәміздері бар. Қазақстан – көп ұлтты мемлекет. Мұнда 130-дан астам ұлт өкілдері тұрады. Олар тату-тәтті ғұмыр кешуде. Мемлекеттік тілі – қазақ тілі.

Кесте 1 - Біз отанымызды мақтан етеміз.

Сұрақтар	Жауаптар
Қазақстанның жер көлемі бойынша нешінші орында ?	
1991 жылы қандай оқиға болды?	

3-тапсырма.Өлеңнен аллитерацияны тауып астын сыз.

Дос болам десең,
 Досыңды сыйла, қымбаттым!
 Досыңа сонда,
 Досыммен ғана қымбатпын.
 Дос болам десең,
 Мендегі доспен достасқын,
 Сендегі доспен дос болып сонда тұрмақпын(1)
 Кесте 2 Тапсырманы бағалау шәкілі.

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді. Шығарманың мазмұнына қатысты нақтылау сұрақтарын қояды, және жауап береді	1	Мәтіннің мазмұнына қатысты сұрақтарға жауап береді	1
		Бірінші сұраққа	1
		Екінші сұраққа	
		Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақ құрастырады және жауабын жазады	2
Иллюстрациялардың, суреттердің негізінде әңгімелейді.	2	Тақырыпқа сәйкес мәтін құрап жазады	2
		Мәтіннің құрылымдық бөліктерін сақтайды.	1
		Тірек сөздерді орынды қолданады.	1
		Ойын жүйелі, әсерлі, еркін жеткізеді	1
Өлеңнен аллитерацияны тауып астын сызады	3	Өлеңнен аллитерацияны тауып астын сызады	1
Барлығы			10

«Құндылықтар» ортақ тақырыбы бойынша

Сыныбы 4 «а»

Орындау уақыты 20 минут

Оқушының аты-жөні _____

Оқу мақсаттары:

4.2.3.1 шығарманың тақырыбы және негізгі ойды анықтау, автордың ойын мәтін деректерінен келтіре отырып дәлелдеу;

4.2.6.1 кейіпкердің, кейіпкерлердің іс-әрекеті, мінезқұлқының өзгеру себептерін мәтіннен тауып, салыстырып бағалау;

4.3.2.1 бейтаныс сөздер кездесетін шағын мәтіндегі негізгі ойды түсіну.

1 тапсырма.

Мәтінді түсініп оқы. Тапсырмаларды орында

Бозторғай өзінің туысы қараторғаймен көрші тұрады. Ол ертелі –кеш ән салып, көңілін көтеретін еді. Қараторғайдың да шықылдап бірсыдырғы ыңылдайтын «әндері» болатын. Бозторғайдың әнінен кейін, қараторғайдың шикылы аяқ асты болып, ескерусіз

қалды. Өзін әншілердің санатына қосып жүрген қараторғайды күншілдік жеңді. Бозторғай әндете бастаса, қабағын түйіп, ашуын шақырып:

-Сен –ақ шиқылдаудан жалықпайды екенсің? Не дауыс, не әуен жоқ, сенің әніңді кім тыңдасын, -деп жақтырмайтын.

Енді бозторғай жазық далаға кетіп әндететінді шығарды. Оның әнін жалпақ дала мен ондағы тіршілік тыңдады. Кең аспанда салған ән бұрынғыдан да әуенді естілетін.

-Тым биік көтерілмесейші. Мерт боларсың, -деп аяған болады қараторғай.

«Жақыннан тістескенше, алыстан кісінескен артық» деген емес пе, алыстан әуендірек естіледі, -деді бозторғай.

1) Мәтінге тақырып қой. _____

2) Мәтіннің негізгі ойына сәйкес мақал-мәтелді анықта.

- A) Күншілдің күні қараң
- B) Әркімнің өзі шығар биігі бар
- C) Адамның ұяты бетінде, адамгершілігі ниетінде
- D) Айтысып сөзге келгенше, ақылменен жөнге кел

3) Мәтін арқылы автордың не айтқысы келді деп ойлайсың? Мәтіннен дәлелдер келтір.

4) Мәтін кейіпкерлеріне мінездеме беріп, сипатта

1) _____

2) _____

2-тапсырма

Оқылымға берілген мәтінді үш бөлікке бөліп, әр бөліктің басталар жерін V таңбасымен белгіле. Әр бөлікке ат қой

Кесте 3 – Мәтінді талдау

Мәтіннің бөліктері	Тақырып
Кіріспе	
Негізгі бөлім	
Қорытынды	

Кесте 4 – Оқушылардың әдебиет пәнінен оқу үлгірімі

Пән	Орындаған	Макс балл	ЖБ балдарының пайыздық мазмұны			Сапа %	Үлгерім %	
			төмен	орта				жоғары
				0-39%	40-64%			
Әдебиеттік оқу			Оқушылар саны-20					
ЖББ №1	20	10		3	11	6	85%	100%
ЖББ №2	19	10		3	12	4	80%	95%
ТББ	19	18		3	8	8	80%	95%

Кесте 5 – Оқу мақсаттарының игерілу нәтижелері

	Меңгерген мақсаттар	Қиындық тудырған мақсаттар
ЖББ №1	4.1.4.2 Сөйлеу барысында иллюстрациялар/көрнекіліктер/фото/суреттер қолдану, презентация/видеоролик жасау	4.1.1.1.Шығарманың мазмұнын толық түсіну, кейбір тұстарын нақтылау, оқиғаның себеп-салдарын анықтау үшін сұрақтар қою және жауап беру
ЖББ №2	4.2.3.1 Шығарманың тақырыбы және негізгі ойды анықтау, автордың ойын мәтін деректерінен келтіре отырып дәлелдеу	4.3.1.1 Оқылған шығармадағы оқиға жүйесін анықтап, оны бөліктерге бөлу, әр бөлікке ат қойып, жоспар құру
ТЖБ	4.1.3.1 Шығарманың тақырыбы және қорытынды бөлімі негізінде сюжеттің дамуын болжау, оның себебін түсіндіру; 4.2.3.1 Шығарманың тақырыбы және негізгі ойды анықтау, автордың ойын мәтін деректерінен келтіре отырып дәлелдеу; 4.2.6.1 Кейіпкердің/кейіпкерлердің іс-әрекеті, мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен тауып, салыстырып бағалау; 4.2.2.1 Шығарманы қайта құруға, интерпретациялауға және бағалауға негізделген сұрақтар қою және жауап беру.	4.3.2.1 Таныс мәтінге жаңа кейіпкерлер қосу, жаңа сюжеттер енгізу/өлең (төрт жолды) жазу.

1 ЖББ және ТЖБ нәтижелерін талдау білім алушылардың мынадай білім деңгейін көрсетті:

Жоғары (В) 85-100% (6 оқушы)

Орта (С):65%-84% (8 оқушы)

Орта (С): 40%-64%(4 оқушы)

Төмен (Н): 0-39%

Тапсырмаларды орындау барысында білім алушыларға туындаған қиындықтар тізбесі:

Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруде/ мәтіннің мазмұнына қатысты нақтылау сұрақтарын құрастыруда қателіктер жібереді;

Суреттер мен тірек сөздердің негізінде берілген тақырып бойынша мәтін құрап айтуда қиналады;

Оқиғаның бірізділігін сақтай отырып, тыңдалған мәтінмен жүйелі байланыстыруда қиналады.

Тапсырмаларды орындау барысында білім алушыларға аталған қиындықтардың себептері:

Мәтінді толық, түсініп оқымау, алаңғасарлық таныту, мәтінді дұрыс талдамау себептерінен туындап отыр. Бастауыш сынып оқушыларын отансүйгіштікке тәрбиелеуде әдебиет пәнінің алатын орны мен маңызының жоғары екендігі жүргізілген зерттеулерден көрінді. Зерттеу барысында оқушылар әдебиеттік оқу сабағында және әдебиет пәнінен сыныптан тыс факультативтік сабақтарда отансүйгіштікке тәрбиелеу барысында өз көзқарастарының өзгеріп оң нәтижеге қол жеткізгендігін көруге болады. Еліміздің ертеңі жас ұрпақтың өз еліне деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастырудағы әдебиет пәнінің

роліне тоқтала келе, әдебиет пәні арқылы халқымыздың бай мұрасын бала бойына сіңіруге қол жеткізу мүмкіндігі зор дегім келеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы, Алматы, - Изд. Дом «Дастан», 2007-322 б.
2. Д.Х. Кушмурзина, К.Б. Шинбулатова әдебиеттік оқу әдістемесі. – Қостанай: Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің баспасы, 2018. – 152 б.
3. Уәлиханов Ш. Таңдамалы, 2-басылым. – Алматы: Жазушы, 1985. – 348б. 35
- Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. – Алматы, «Ғылым», 2005. – 215б.
4. Құнанбаев А. Шығармалардың толық жинағы. Т II – Алматы, Ғылым, 1997. – 180б.
5. Жұмабаев М. Педагогика. Алматы: Рауан, 2002 – 211б.
6. Аймауытов Ж. Тәрбиеге жетекші. Орынбор, 2004 – 218б.
7. Құдайбердиев Ш. Шығармалары. -Алматы: Жазушы, 1998. – 350б. 104
8. Дулатов М. Шығармалары. Алматы: Жазушы, 2001. – 383б.

ӘӨЖ 373.3

Уразова А.Т.

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
Орал қ., Қазақстан*

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТІЛДІК ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Жалпы, оқушының қатысымдық дағдысы өзара әрекет пен қарым-қатынас тәсілдерінен тұратын білім мен тәжірибе жиынтығын құрайды. Функционалдық сауаттылығы дұрыс қалыптасқан оқушы оқу әрекетіне белсенді түрде қатысатын, өз ойын шығармашылықпен жеткізе алатын, шынайы қарым-қатынас жасауда тілдік құралдарды тиімді қолданатын болады. Сол себепті оқу үрдісінде әртүрлі дыбыстық және техникалық құралдар мен әдістерді тиімді қолдану арқылы оқушының ойы мен тілін, яғни тілдік функционалдық сауаттылығын дамыту өзекті мәселеге айналып отыр. Жаңа оқыту әдістерін пайдалана отырып, оқу құралдары арқылы тыңдаған мәтіннен қажетті ақпаратты түсінуге, есте сақтау қабілетін жетілдіруге, мәтіннің құрылымы мен түрлерін ажыратуға, тыңдаған мәтінін ауызша айтуға, жазуға мүмкіндік алады. Оқытудың жаңа әдіс тәсілдері оқушылардың тілдік функционалдық сауаттылығын дамытуда көмекші құралдардың бірден-бірі болмақ. Мұғалімнің сөзі, аудиомәтін мен бейнебаян мәтінінің оқушыға түсінікті, логикалық тұрғыдан жүйелі, ақпаратты болуы мәтіннің негізгі ойын түсінуге лексикалық сөздік қорының толығып еркін қарым-қатынасқа түсуіне септігін тигізеді. Функционалдық сауаттылық – белгілі бір мәдени ортада тұлғаның өмірін жүзеге асыру үшін минималды қажетті деп есептелетін, қоғамдық қатынастар жүйесінде тұлғаның қалыпты қызметін қамтамасыз ететін білім, білік және дағдының белгілі бір деңгейі.

Білім бұл жағдайда белгілі бір сауаттылықты қамтамасыз ететін қызмет саласы, құралы ретінде қарастырылады.

Бұл жағдайда мұғалімнің басты мұраты – оқушылардың сапалы білім алуын ескере отырып оқушылардың жеке қажеттіліктерін, ерекшеліктерін, шығармашылық сұраныстарын, шығармашылық тұлғаның қалыптасуын қамтамасыз ету.

Функционалдық сауаттылық деңгейін арттыру тұрғысынан зерттеу қызметін ұйымдастыру келешегі зор деп санаймыз. Ол аудиторияның сыни ойлауын, зерттеушілік қабілеттерін тиімді дамытуға, оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен шығармашылық белсенділігін белсендіруге мүмкіндік береді. Ғылыми-зерттеу әрекеті

оқытудың әрбір кезеңінде табиғи қызығушылықты оятады және оны сұрақтарға жауап іздеу үшін арнайы ұйымдастырылған іздеу жолына бағыттайды, осылайша өз бетінше ойлауға және қызықтыратын материалға тереңірек енуге дағдыландырады.

Қазақ тілі сабағында бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын арттыруда орыс тілі мен әдебиеті сабақтарында сөйлеуді дамыту сабақтарының немесе сөйлеу шығармашылығының жекелеген элементтерінің маңызы зор. Эссе жазуды үйрену дегеніміз – ойлауға, көруге, көргенін талдауға, өз көзқарасын білдіруге үйрету. Оқушылардың сөйлеу тілін дамыту үшін баланың бейнелі ойлауын дамытатын эссе-миниатюра, эссе-миниатюралардың маңызы зор. Мысалы, сын есімнің атын оқытуда қыс мезгілі туралы шағын эссе жазуға болады. Қыстың әртүрлі бейнелерін жасау керек: сиқыршы қыстайды, суретші қыстайды, үй иесі қыстайды, зұлым бақсы қыстайды, алаяқ қыстайды. Балалар ҚЫС сөзіне әртүрлі эпитеттерді таңдайды: ертегі, сиқырлы, ғажайып, ғажайып, шексіз, қатыгез, күңгірт,

Мақал-мәтелге арналған миниатюралық эсселер қызықты. Оның үстіне мақал-мәтелдерді әртүрлі тақырыпта немесе бір тақырыпта қолдануға болады. Мысалы, тақырып – ізгілік, мейірімділік, адамдарға деген мейірімділік. Жұмыстың бұл түрі бүгінгі күні және көп жылдар бұрын өзекті болып табылатын маңызды моральдық мәселелер туралы ойлануға мүмкіндік береді.

Экспозициялық миниатюра жазу жұмысы қызықты, дамып келе жатқан және шығармашылық болуы мүмкін. Мәтіндердің тақырыбын жазуды да ескеру маңызды. Олар қызықты, танымдық, ойландыратын және танымдық болуы керек. Мәтіндік материал ретінде мен әртүрлі географиялық атаулардың шығу тарихын қолданамын, қызықты деректер, өлкетану материалдары, фразеологиялық тіркестердің шығу тарихы.

Сөзге деген қызығушылықты арттыру, оның жан-жақтылығын, өзіндік ерекшелігін көрсету үшін балаларға өлең шығаруды, әңгіме жазуды ұсынуға болады. Акростика жасау сияқты жұмыс түріне балалардың қызығушылығын тудырады. Бұл жай ғана көңілді әрекет емес, сонымен қатар көркем бейнелеу тәсілдерінің бірі.

Қазіргі қазақ тілі мен әдебиеті сабақтары көбінесе ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданумен қатар жүреді. Олар оқушының әлеуетін дамытуға мол мүмкіндіктер береді. Презентациялар жасау, қосымша әдебиеттер мен ақпаратты интернеттен іздеу оқушылардың практикалық дағдыларын жетілдіруге ықпал етіп қана қоймай, оқу процесін дараландыруға, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыруға, танымдық белсенділігін белсендіруге және шығармашылық қабілетін дамытуға, деңгейін арттыруға мүмкіндік береді. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда ақпараттық-коммуникациялық технологиялар презентациялар жасау үшін білім беру жобаларын жүзеге асыруда барынша тиімді және белсенді қолданылады. Белгілі бір жазушының өмірбаяны мен өмірін зерделеу барысында қызықты да нәтижелі сабақ жолжазба бола алады. Компьютерлік презентация көрнекі құрал болып табылады және дайындалған оқушылар әр слайдты алдын ала дауыстап айтады. Ақын немесе жазушының өмірі мен шығармашылығына қатысты жерлерді осылайша саралау арқылы өмірбаянын жан-жақты зерттеп қана қоймай, көптеген шығармаларын жақсырақ түсінуге болады. Бүгінгі сабақты оқытудың негізгі қағидаларының бірі болып табылатын сараланған әдісті қолданбай өту мүмкін емес. Сараланған әдіс сынып-сабақ барысында оқушылардың шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл жағдайда сабақта жаңа әдіс тәсілдерді жүйені пайдалану жұптық жұмыс, топтық жұмыс, өзара тексеру, тестілеу, лингвистикалық сайыстар, дидактикалық ойындар сияқты жұмыс түрлері арқылы оқушылардың алған білімдерін тиянақтап, практикада қолдануға болады. Бұл оқушылардың жақсы үлгеріміне қол жеткізуге және функционалдық сауаттылығын дамытуға мүмкіндік береді.

Жаңа материалды түсіндіру әрқашан ойлаудың сөздік және бейнелі формаларын теңестіруге мүмкіндік беретін визуализациямен қамтамасыз етілсе тиімдірек болады. Оқушыларға әдетте зерттелетін материалдың моделі, оның құрылымының кескіні,

бөліктердің өзара байланысы, негізгі нәрсені бөліп көрсететін тірек-сызбалар ұсынылады. Бұл дағдының, білімнің, дағдының беріктігін қамтамасыз ететін оқыту құралдарының бірі.

Материалды графикалық түрде ұйымдастырудың бір жолы – кластерлер. Олар белгілі бір мәселеге бағытталған кезде пайда болатын ойлау процестерін елестетуге көмектеседі. Кластер – ойлаудың сызықты емес формасының көрінісі. Кластер құру принципі қарапайым: парақтың ортасына тақырыптың мәнін көрсететін түйінді сөз немесе ұғым жазылады, ал оның айналасында тақырыпты ашатын сөздер, сөз тіркестері немесе сөйлемдер орналасады. Жазу барысында сөздер негізгі сөзге түзу сызықпен жалғанады. Кластерлік жұмыс бірдей қызықты және нәтижелі. Бұл жұмыс түрлерін сабақтың кез келген кезеңінде және үй тапсырмасы ретінде пайдалануға болады.

Баланың шығармашылық мүмкіндіктерін ашу үшін үй тапсырмасының дәстүрлі емес түрлерінің маңызы зор. Үй тапсырмасы, бір жағынан, сабақ барысында алған білім, білік, дағдыларын бекітуге арналған, ал екінші жағынан, баланың дербестігін көрсетуге, стандартты емес сұрақтың немесе тапсырманың шешімін табуға мүмкіндік береді. Қазақ тілінен берілетін тапсырмалардың түрі:

- тілдаму үшін функционалдық сауаттылық;
- шығармашылық жұмыстар (өлеңдерге арналған презентациялар);
- мәтінді лингвистикалық зерттеу;
- зерттелетін жұмыстарға иллюстрациялар дайындау;

1. Жеке эпизодтарды қою;
2. әртүрлі жанрдағы дербес әдеби шығармалар жасау;
3. аяқталмаған жұмыстарды жалғастыру;
4. кластерлерді құру, син-Queens;
5. құрастыру сөздіктер (сөздікмифологиялық
6. Мифологиялық жануарлар сөздігі, лақап есімдер сөздігі) және сөздік диктанттары;
7. контурларды, тірек сызбалар мен кестелерді жасау;
8. белгілі бір кейіпкердің атынан шығармашылық қайталау.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту және қалыптастыру туралы айта отырып, баланың іс-әрекетінің әртүрлі формалары мен түрлерін атап өтеміз: оқу, шығармашылық, коммуникативті, әлеуметтік. Бұл ретте осы іс-шаралардың нәтижелерін есепке алу және бекіту тәсілдерінің бірі – мектеп оқушысының портфолиосы. Мұнда оқу үлгерімінің нәтижелері ескеріліп, даму динамикасы, шығармашылық жұмыстар, мадақтаулар, марапаттаулар, т.б.

Осы мақсаттар мен міндеттерді ескере отырып, бүгінгі таңда мұғалімнің оқу-тәрбие үрдісіндегі орны мен рөлі өзгеруде. Мұғалім тек бақылау қызметін атқарып, пән мұғалімі қызметін атқарып қана қоймай, сонымен қатар сабақтағы оқу-тәрбие үрдісінің ұйымдастырушысы, басқарушысы болуы керек деп есептейміз. Бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесін арнайы қарастырып жүрген ғалымдар С.Рахметова сөз тіркесі, сөйлем құрау, байланыстырып сөйлеу – оның негізі екендігіне мән берсе [1], Ә.Е.Жұмабаева бастауыш сыныптарда қазақ тілі синтаксисін дамыта оқытудың әдістемесін ұсына отырып, функционалдық сауаттылық негізінде оқытудың маңызды екеніне назар аудартады. Автор қатысымдық құзырет тұрғысынан: «Осы сатыда қалыптасуы тиіс құзыреттің келесі бірі – функционалдық тілдік сауаттылық деп белгілеген. Бұнда оқушының сөйлесім әрекетінің барлық түрлерін (тыңдалым, оқылым, сөйлесім, жазылым, тілдесім) өзара бірлікте меңгерту басшылыққа алынған. Сөйлеу ортасына, сөйлеу мақсаты мен тақырыбына сәйкес диалог, монолог құрай алу, түрлі жағдаяттарда әңгімелесу, пікірлесу, өз ойын түсінікті жеткізу (кіммен? қайда? қашан? не туралы?), сауаттылық біліктіліктерін қалыптастыру оқушының өмірлік дағдысына берік негіз қалайтыны сөзсіз», - [2, б. 27] деп тұжырымдайды және лингвистикалық және әдістемелік әдебиеттерге жасалған талдау функционалдық тілдік сауаттылық тұрғыда оқыту мәселесінің бастауыш оқыту әдістемеші ғалымдарының зерттеулерінде толық шешімін таппағандығын көрсетеді. М.М.Дүйсенова: «Бастауыш сыныпта сөз тіркестерін

оқыту – тілдік қарым-қатынасты жүзеге асырудың түп негізі. Сөз тіркестерін сөйлеу барысында дұрыс меңгеріп, орынды қолдана білу – түсінісудің басты құралы. Сондықтан грамматика тілдегі барлық материалдардың өзегі», - деп сипаттайды [3, б. 23].

Біздің жағдайымызда стандартта көрсетілген оқушы біліміне қойылатын талаптарды төмендегідей жүйелеп көрсетуге болады.

- Тыңдалым, айтылым бойынша: әңгімелесе алу, мазмұнын түсіну, ойын жеткізе алуы, пікірталасқа қатысу, синоним, антоним, омоним, тура, ауыспалы мағыналы сөздерді қолдана алуы, баяндау тәсілдерін қолдануы, өз ойы, эмоциясымен бөлісуі, өз көзқарасын дәлелдеу, диалогқа қатысу дағдыларын игереді;

- Оқылым бойынша: халық ауыз әдебиеті, балалар әдебиеті туындыларын оқып, кейіпкерлердің мінез-құлықтарын талдайды, баға береді; мәтіндерді ажырата алады, көркем шығармалардың негізгі идеяларын, композициясын айқындайды, көркем туынды жанрын айқындап, көркемдеуіш құралдарын айқындайды; мәтін түрлерін (сипаттау, әңгімелеу, пайымдау) айқындайды; әңгімелерді/өлеңдерді мәнерлеп, жатқа оқиды; көркем әдебиет туындыларындағы адамзаттың ортақ құндылықтарын айқындайды;

-Жазылым бойынша: әртүрлі типте, жанр мен стильде өз мәтіндерін құрастырып жазады; грамматикалық, пунктуациялық, орфографиялық нормаларға сай жазады; жеткізудің түрлі тәсілдерін қолдана отырып, мәтіндер жазады; жазудың гигиеналық және каллиграфиялық дағдыларын сақтайды; Қазақстан халқының мәдениетіне, салт-дәстүріне байланысты тақырыптарға өз көзқарасын білдіріп, шағын мәтіндер құрастырады [3, б. 1]. 2-4 сыныптарға арналған «Қазақ тілі» пәнінің оқу бағдарламасының тілдік функционалдық сауаттылығын қалыптастыру жайлы «Оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту» бөлімінде: «Тілдік дағды қалыптастыру үшін сөйлеу әрекетінің түрлері (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) меңгерілуі тиіс. Осы мақсатқа жету үшін ынталандырушы және қолдаушы ортаны құра отырып, қажетті тілдік дағдыларды дамыту керек. Мұндай ортада оқушылар сөйлеу әрекетінің түрлі формаларын қолдана отырып, өз пікірін еркін білдіре алады. Оқыту үдерісінде оқушылардың сыныптастарымен, мұғалімдермен және көпшілікпен ауызша және жазбаша қарым-қатынаста тілді сауатты пайдалануын мадақтап отыру қажет», – деп көрсетілген. Бастауыш сынып оқулығында қазақ тілінен берілетін білім мазмұны төмендегіше сипат алған: «Қазақ тілін оқытуда сөйлеу аспектісіне ерекше мән беріліп, тіл және сөйлеу бірліктері (сөз, сөйлем, мәтін) кез келген грамматикалық категория (сөз құрамы, сөз таптары, сөйлем мүшелері) оқушылардың сөйлеу әрекеттерін дамытуға бағытталып сұрыпталады. Тілдік материалдар бұрынғыдай грамматиканы қатаң түрде меңгерту үшін емес, баланы оқу-жазуға үйрету мен тәрбиелеуге, оның тұлға ретінде өзін-өзі ашуына, жалпы дамуының қалыптасуына және өз ойларын еркін жеткізулеріне мүмкіндік жасау мақсатында ұсынылады» [4, б. 3]. Жоғарыда көрсетілгендей, бастауыш сынып оқушыларының тілдік функционалдық сауаттылық дағдысын дамыту нәтижелері келесідей: сауатты сөйлей білуі, тілдік құралдарды дұрыс қолдана білуі (лексикалық, грамматикалық нормаларды меңгеру) сөйлеушіні тыңдап, сұрақтарына нақты жауап бере білуі, сөздік қорын қолданып, бейнелеуіш, көркемдеуіш сөздерді орнымен қолдана білу, ойды жалғастырып, сыни көзқарас таныта білу, дау-дамайларды шеше білуге талпыну, басқалармен тіл табыса білу т.б. Бастауыш сынып оқушыларының тілдік функционалдық сауаттылығын дамыту тілдің салаларынан тілдік білімді меңгеруімен, тіл мәдениетінің нормаларын меңгеруімен, оқуға, тыңдауға, жазу, сөйлеу тәрізді сөйлеу әрекетінің ерекшеліктерін сапалы игеруімен байланысты. Осымен орай тілдік функционалдық сауаттылықты дамыту кешенді оқыту жүйесіне сәйкес жүргізіледі. Қазақ тілі сабағындағы басты ұстанатын бағыт – тілдік функционалдық сауаттылық ұстанымның жүзеге асуы. «Қатысымдық (коммуникативтік) тұрғыдан оқыту ұстанымы білім мазмұнындағы басшылыққа алынатын барлық ұстанымдардың негізіне салынады. Себебі тілді меңгертуде грамматикалық білімді ғана игеріп қана, оны тәжірибелік іс-әрекетте қолдана алмаудан арылуға бірден бір мүмкіндік беретін жүйе тілді оқушының сөйлеу, тіл мәдениетімен бірлікте қарастыру болып табылады» [5, б. 12].

Бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесіне оқушылардың тілін дамытуға байланысты белгілі зерттеушілердің бірі С.Рахметова: «Грамматикалық мағынаны ұғыну үшін бала жан-жақты, кең ойлай алатындай болу керек. Сондықтан грамматикалық мағынаны сауатты ұғыну барысында олар шындықтағы заттар мен құбылыстардың арасындағы қатынастарды түсінеді, ойлауға үйренеді. Міне, осыдан тіл мен ойлаудың тығыз байланысы келіп шығады. Сөйтіп, тілді ұғыну – ана тілінің фонологиялық, грамматикалық және лексикалық фактілермен оқушылардың тіл байлығын арттыру. Мұғалім бұл міндетті әдістемелік құралдарды дұрыс іріктей алғанда ғана ойдағыдай іске асыра алады» [6, б. 4], – деп тұжырымдайды. Яғни автор айтқандай, оқушының тілдік функционалдық сауаттылығын дамытуда маман әдістемелік құралды іріктеудің маңыздылығына басты назар аударуы керек. Әдістемелік құралдардың ішіндегі маңызды бөлігі – жаттығу тапсырмаларының іріктелуі. Бұл ретте тілдік сататтылық мазмұнын құрайтын сөйлеу әрекетінің түрлері – айтылым, жазылым, оқылым, тыңдалымға қатысты тапсырмалар жүйесі басшылыққа алынады. «Қазақ тілі» пәнінен тыңдалым мен айтылым әрекеттерін дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері: түсіну, сұрақтарға жауап бере білу; негізгі ойға назар аудару; тірек сөздерді анықтау; сұрақтар қою; жоспар құру; мазмұндау; өз пікірін айту; топ алдында сөйлеу; пікірталас ұйымдастыру; диалог құрастыру.

«Қазақ тілі» пәнінен оқылым әрекетін дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері: оқу түрлерін және стратегияларды («топтау», «түртіп алу» (Insert), «ойлану», «жұпта талқылау», «болжау», «салыстыру» (Венн диаграммасы), «Жигсо», семантикалық карта) қолдану– ақпаратты табу үшін оқу, қызығып оқу және өз көзқарасын айту үшін оқу; интернет ресурстарымен жұмыс (таныстырылымдар, жобалар дайындау); әдебиетпен жұмыс (сұхбатқа сұрақ дайындау). «Қазақ тілі» пәнінен жазылым әрекетін дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері: оқушыларға таныс әңгіме, ертегі, өлеңдердің ішінен біреуін жаздыру; сөздердің емлесін меңгеруге арналған тапсырмалар; тілдік тақырыптар аясында шығармашылық тапсырмалар (ребус, пиктограмма, сөзжұмбақ, сәйкестендіру және толықтыру тест тапсырмалары және т.с.с.) құрастырып жазу; тыңдалған, оқылған мәтіннен, фильмінен алған әсерін жазу; қиын сөздерден сөздік құрастырып жазу; сыныптың қабырға газетіне шағын хабарлама/мақала жазу; мәтіндегі оқиғаны өз көзқарасымен өзгертіп, аяқтап жазу; ақпаратты суреттер мен диаграмма арқылы беру; сұхбатқа жазбаша сұрақтар дайындау [7]. Функционалдық сауаттылық дағды – оқушылардың тілдік әрекетке қатысуы, өз мінез-құлқын дұрыс құру, қарым-қатынасты міндеттеріне сай басқару қабілеттілігі. Қатысымдық дағдылар – өзге адамдармен ұзақ уақыттық және тиімді өзара әрекет ұйымдастыру біліктілігі. Тілдік функционалдық сауаттылық дағдыларды 3 топқа бөлуге болады: – тілдік сауаттылық өзара әрекет ретінде (сұхбаттасушының көзқарасын назарға алуға бағытталған тілдік әрекет); – тілдік сауаттылық кооперация ретінде (ең басты құраушысы – ортақ мақсатқа қол жеткізу үшін күш-жігерді реттей алу біліктілігі); – тілдік сауаттылық ақпаратты тарату және рефлексияны дамыту құралы ретіндегі тілдік сөйлеу әрекеті [5]. Қарым-қатынастағы тілдік дағды адам өмірінде үлкен рөл атқарады. Оны жақсы меңгерген адамдар жұмыста да, жеке өмірінде де үлкен жетістіктерге жетеді. Тілдік сауаттылықты орнату үшін төмендегілер аса маңызды: – адамда қатысымдық құзыреттілікті қамтамасыз ететін қабілеттер жиынтығының болуы; – қарым-қатынас жағдаятына әлеуметтік-психологиялық талдау жасау білігі, мұнда адам жүргізілетін әңгімеге дайындалады, оны қалай қабылдайтыны жөнінде өзін-өзі бағалайды және тиісінше, олардың әсеріне қарай жасайтын әрекетін жобалайды; – қарым-қатынас үдерісін бағдарламалау, мұнда адам өзіне қажетті әңгімені өзгелердің тұлғалық бітімдеріне тіл тигізбейтіндей етіп, барынша мұқият ойын жеткізуге бағдарланады; – тілдік қарым-қатынасты басқару, мұнда телебағдарлама жүргізушілерінің диалогті жүргізу шеберлігін атауға болады. Оқушының тілдік сауаттылық дағдыларын дамытуда когнитивтік әдістерді, атап айтқанда, эмпатия, ассоциациялар, синектика, ментальді карта әдістерінің оқушының оқу үдерісіндегі жағдаяттық әрекеттерде заттың, құбылыстың бір бөлшегіне «айналуына», тілді игерудегі

психологиялық кедергілерді болдырмауға, оқу материалын сапалы меңгеруге ықпалын тигізеді. Өорытындылай келе, оқушылардың тілдік функционалдық сауаттылығын дамытуда бастауыш мектепте қазақ тілінен берілетін білім мазмұнында тілдік бірліктердің қатысымдық қызметіне, оны игерудің амал-тәсілдеріне, тілдік дағдыларды дамытудың физиологиялық негіздері мен ұстанымдарына мән берудің маңызды рөл атқаратындығы анықталды.

Әдебиеттер тізімі

1.Рахметова С. Бастауыш мектеп оқушыларының тілін дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері (ауызша, жазбаша тіл дамыту): пед. ғыл. док. ... дисс. – Алматы, 1994. – 291б.

2. Жұмабаева Ә.Е. Бастауыш мектепте қазақ тілі синтаксисін дамыта оқыту. – Алматы: РАДиАЛ, 2008. – 250 б.

3. Дүйсенова М.М. Сөз тіркестерін оқытуда қатысымдық құзыреттіліктерді қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері (бастауыш сынып материалдары бойынша): филос. док. PhD ... дис. – Түркістан: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық университеті, 2016. – 157 б.

4.Жұмабаева Ә. Қазақ тілі: оқыту әдістемесі. Жалпы білім беретін мектептің 3-сынып мұғалімдеріне арналған «Байқау нұсқасы. – Алматы: Атамұра, 2017. – Бөлім 2. - 120 б. 33 Бастауыш мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру әдістемесі: әдістемелік құрал. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. - 43 б.

5.Бастауыш мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру әдістемесі: әдістемелік құрал. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. - 43 б

6.Рахметова С. Қазақ тілін оқыту методикасы. – Алматы: Ана тілі, 1991. - 184 б

7.Леонтьев А.А. Психология общения. - М.: Изд. Смысл, 1997. – 365 с.

ӘӨЖ 373.3

Ерекешова Г.А.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті

Орал қ., Қазақстан

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН ДАМУ

Адамның шығармашылық іс-әрекетінің бүкіл тіршілік көзі ретінде адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі екендігі, әр жаңа ұрпақ өзіне дейінгі ұрпақтың қол жеткен жетістіктерін меңгеріп қана қоймай, өз іс-әрекетінде сол жетістіктерді жаңа жағдайға бейімдей, жетілдіре отырып, барлық салада таңғажайып табыстарға қол жеткізудегі орны философия, психология, педагогика ғылымдарында қарастырылған: Шығыс ойшылдары әл-Фараби, Ж.Баласағұн және қазақ ойшылы А.Құнанбаев, философтар Ғ.Есім, Д.Кішібеков, Ә.Нысанбаев, М.Орынбеков еңбектерінен кең орын алған. Сонымен бірге шетел философтары Платон, Гегель, И.Фихте, Декарт, Д.Дьюи, И.Кант, Г.Лейбниц, Б.С.Гершунский және т.б. еңбектерінде жан-жақты талданған.

Педагогика және әдістеме саласы бойынша оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мәселелерін Ж.А.Қараев, С.Қ.Қалиев, Ш.Т.Таубаева, К.Ж.Қожахметова, К.Оразыханова, Б.А.Тұрғынбаева, М.М.Жанпейісова, Ә.С.Әмірова, К.М.Нағымжанова, Д.Н.Исабаева және т.б. зерттеген.

Мектеп оқушыларының оқу іс-әрекеті мен оқудан тыс уақытындағы іс-әрекетінде шығармашылық қабілетін дамыту өскелең буынға тәлім-тәрбие берудегі күрделі психологиялық әрекет болып табылады. Шығармашылық қабілеттің дамуы оқушылардың интеллектісін дамытумен байланысты екендігін негізге ала отырып, оқу үдерісін тиімді ұйымдастырудың, іс-әрекет субъектісінің шығармашылық сапалық ерекшеліктерінің, сабақ кезінде және сабақтан тыс кездерінде диагностикалық және шығармашылық тапсырмаларды ұтымды қолданудың мәні зор.

Көтеріліп отырған мәселенің өзектілігі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында, ҚР стратегиялық дамуының «Қазақстан - 2030» бағдарламасында, ҚР білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында, ҚР «Білім» бағдарламасында мемлекеттік саясаттың басты принциптері ретінде жеке адамның шығармашылық әлеуетін дамыту, білім берудің дамытушы сипатын арттыру мәселелерінде басты міндеттер қатарында қойылған.

Қазіргі кезде мектептердегі білімдер жүйесінен дағдарыс кезеңдерін көруге болады. Мұның мәні – оқыту әдіс-тәсілдерінің жеткіліксіздігі немесе мектеп өмірін басқаша ұйымдастыру емес. Бүгінгі күннің негізгі талабы – білімді адамды әлемнің бүтіндей бейнесін қабылдай алатын, шығармашылық таныммен тікелей қатынас жасай алатын, жаңаша ойлай алатын шығармашыл адамға айналдыру.

Мектеп оқушыларында әлемнің көп бейнелі жақтарын шығармашылық таным негізінде қабылдай алу қабілетін дамыту қажет. Осының негізінде интеллектуалды, креативті (шығармашылық қабілетті) ұрпақты тәрбиелеп оқыту педагогикалық психологияның маңызды мәселелерінің бірі деп білеміз. Биология пәні тұрғысынан шығармашылық іс-әрекетті зерттеу, соның бір тарауы шығармашылық қабілет мәселесі - аса маңызды сұрақтардың бірі.

Әрбір жеке адамның шығармашылық қабілетінің дамуының жоғары жетістігі тек сол адамның ғана жеке басының даму көрсеткішіне ғана емес, бұл қоғам дамуына да, өркендеуіне де едәуір әсер етеді. Мектеп кезеңі – тұлғаның шығармашылық әлеуетінің дамуына ең қолайлы жас кезеңі. Бұл жас кезеңіне мыналар тән:

- барлық үдерістердің өту белсенділігі;
- рефлексия мен сынның аз көрінуі, баланың жаңа әлеуметтік топтарға енуі, мотивация мен өзін-өзі танудың дамуы;
- ересек адамның бағалауының қажеттілігі;
- қиял еркіндігі, сезімталдық;
- жаңа әсер алуға ұмтылу.

Мектеп оқушыларының шығармашылық қабілетінің дамуы оқу барысын дұрыс ұйымдастырумен байланысты. Мектеп мұғалімдері көп жағдайда оқушылардың пәнге байланысты жаңа материалды дұрыс меңгеріп, сабақ үлгерімінің жақсы көрсеткіштеріне қанағаттанып қояды да, олардың дәстүрлі емес шешім қабылдауына, шығармашылық белсенділігіне жағдай жасай бермейді.

Оқушылардың қызығушылықтары заттық әлеммен байланысты. Оларға тән жағдай - үлкендерге бағдарлану, яғни оларға еліктеу, үлкендерді үлгі тұту ерекшеліктері педагог үшін күшті дамыту құралы болып табылады. Соның негізінде балалардың шығармашылық және интеллектуалды даму деңгейлері жоғарылап қана қоймайды, әрі олардың мінез-құлқындағы жағымды өзгерістер де жүзеге асырылады.

Әлемдік психологиялық – педагогикалық әдебиеттерде адамның ойлауын дамытатын мәселелерді А.Н.Монтъев, С.П.Рубинштейн, М.В.Занков т.б. атақты ғалымдар теориялық тұрғыдан қарастырған [1,15].

Ойлау дегеніміз – ақиқат дүниені өзара барлық байланыс қатынастарымен сәулелендіретін, миымызда жалпылай және жанама түрде сөз арқылы бейнеленетін процесс [2,182].

Балалардың ойлауын дамыту туралы М.Жұмабаевтың сөзімен алсақ: «Ойлау жанның өте бір қиын, терең ісі.Жас балаға ойлау тым ауыр, сондықтан басқыштап іс істеу

керек. Оқулықтағы берілген тапсырмалар, суреттер баланың жанына дұрыс әсер ететіндей, оқушының оқуға, білімге деген ынта – ықыласы, құштарлығы болуы керек».

Оқу материалын балалардың ойлау қабілеті жетерліктей жас ерекшеліктерін ескере ұйымдастырса ғана, оның ойлау қабілетінің дамуына мүмкіндік туады. Сондықтан да мұғалім балаларды үнемі ойланып оқуға бағыттауы тиіс, бұған оқу үрдісін жүйелі ұйымдастыру, сабақта бала логикасын дұрыс дамыта алатын мүмкіндіктерді мол пайдалану арқылы жетуге болады.

Дұрыс ойлаудың формалары мен заңдары туралы ғылым логика деп, ал ой қорытындыларының объектив пікірлерге негізделетін процесі логикалық ойлау деп аталады.

Логикалық ойлаудың ерекшелігі – қорытындылардың қисындылығында, олардың шындыққа сай келуінде. Логикаға түскен құбылыс түсіндіріледі, себептері мен салдарлары қатесіз анықталады. Ұғымдар арасындағы байланыстар мен қатынастар логикалық ойлау жолымен ашылады. Бұл байланыстар мен қатынастардың дұрыстығын теріске шығаруға болмайтыны пікірлерде көрсетіледі.

Шығармашылық жаттығулар ұсынылғанда, оқушының алдында мақсатқа өзіне мәлім әрекет тәсілімен жете алмайтын проблемалық жағдаят пайда болып, ол оқушының интеллектуалдық қиналуын туғызуы мүмкін. Осының барысында оқушы жаңа әрекет тәсілін іздестіру бағытындағы шығармашылық сипаттағы іс - әрекеттер орындауға талпынады. Осы тұрғыдан алғанда биология пәнін оқытуда, біздің пікірімізше, шығармашылық жаттығулар деп атаған орынды сияқты. [3, 8].

Шығармашылық жаттығу – бұл нақты мәні берілмеген, тапсырманы шартты заңдылықтар арқылы орындау.

Шығармашылық тапсырмалар оқушылардың жаңа бір нәрсені ашуы, яғни оқушы өзін белгілі бір жаңалықтардың авторы ретінде сезінеді. Бұл оған белгілі бір пән төңірегіндегі қызығушылығын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Яғни, оқушыны өзіне тарта, баули түседі.

Оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытуға бағытталған стандартты емес тапсырмаларды шығармашылық жаттығулар деп атаймыз. Сондықтан шығармашылық жаттығуды ұдайы жүргізе отырып біз оқушылардың тек пәнге деген қызығушылығын ғана емес, логикалық ойлауын да дамыта аламыз.

Мектеп тәжірибесінде шығармашылық жаттығулар үздіксіз орындалмай жатқандығы белгілі. Кейбір мұғалімдер шығармашылық жаттығу міндетті деңгейге жатпайтындықтан оны орындамайды, орындағанымен сабақ соңында асығыс шешуін оқушыларға жалпылама айтқыза салады, яғни талдау жүргізілмейді. Балаларда ой операиялары толық жүргізілмегендіктен логикалық ойлаудың даму деңгейі төмен болады. Ал оқушылардың логикалық ойлауын дамытудың бір жолы — шығармашылық тапсырманы жүйелі орындату.

Сыныптағы оқушылардың білім деңгейі бірдей емес. Олардың ішінде пәнді сүйіп оқитын, оған деген ынтасы зор оқушылар да бар. Оларды жеңіл, бірыңғай тапсырмалар орындау жалықтырады. Сондықтан мұғалім оқушыларға міндетті емес тапсырмаларды үнемі орындатып отыруы тиіс.

Оқушылардың логикалық ойлауын дамыту үшін:
тапсырманы талдай білу іскерліктерін қалыптастыру;
сызба графикалық модель бойынша тапсырма объектілерінің арасындағы байланыстарды түсіндіру;

жаттығудағы нақты заттарды оның моделімен ауыстыру;

Пәнге деген қызығушылығын, сүйіспеншілігін арттыру;

Сыныпқа дұрыс психологиялық жағдай орнатуға мүмкіндік туғызу.

Оқу процесіндегі осындай іс-әрекеттердің арқасында қоғам талап етіп отырған шығармашылық қабілеті жоғары, өз ойын жүйелі де ашық айта алатын, қоғамға еркін сіңетін, өндіріске белсене араласатын азамат қалыптасады.

«Шығармашылық» сөзінің төркіні этимологиясы «шығару», «ойлап табу» дегенге келіп саяды. Демек жаңа нәрсе ойлап табу, сол арқылы жетістікке қол жеткізу деп түсіну керек. Философиялық сөздікте «шығармашылық қайталанбайтын тарихи-қоғамдық мәні бар, жоғары сападағы жаңалық ашатын іс-әрекет», — деп түсіндіріледі.

Шығармашылық — өте күрделі психологиялық процесс. Ол іс-әрекеттің түрі болғандықтан тек адамға ғана тән. Ұзақ жылдар бойы шығармашылық барлық адамның қолынан келе бермейді деп қарастырылып келсе, қазіргі ғылым жетістіктері қабілеттің мұндай дәрежесіне белгілі бір шарттар орындалған жағдайда кез келген баланы көтеруге болатындығы жайлы көп айтуда.

Мектеп оқушыларының қабілеттері екі түрлі әрекетте дамиды. Біріншіден, кез келген бала оқу әрекетінде адамзат баласының осы кезге дейінгі жинақталған тәжірибесін меңгерсе екіншіден, кез келген оқушы шығармашылық әрекеттер орындау арқылы өзінің ішкі мүмкіндіктерін дамытады. Оқу әрекетінен шығармашылық әрекеттің айырмашылығы—ол баланың өзін-өзі қалып тастыруына өз идеясын жүзеге асыруына бағытталған жаңа әдіс-тәсілдерді іздейді. Проблеманы өзінше, жаңаша шешуге талпыныс жасайды. Біздің ойымызша, бүгінгі бастауыш сынып оқушыларының кез келгені шығармашылық тапсырмалар шешуді табыспен меңгере алады. Тек ол жұмысқа дұрыс басшылық, шебер ұйымдастырушылық қажет[4, 3]

Осыған орай, ғалымдар жүргізілген тәжірибе барысында, барлық пәндердегі білім мазмұнында оқушының шығармашылық қабілеттерінің дамуы басты нысана болып алынуымен байланысты, оқулықтарда берілген тапсырмалардан басқа өздігінен бақылау жүргізу, қарапайым тәжірибе, эксперимент қою, мәтінмен, сызбамен, суретпен, диаграммамен жұмыс істеу, жекеден жалпыны шығару, жалпыны жекедей қолдану т.б. сияқты оқушыны іскерлікке, дербестіккебаулитын, ойына түрткі болып, шығармашылыққа жетелейтін, өздігінен ізденіске салатын, айналадағы дүниемен қарым-қатынысқа түсіретін, «жаңалық ашып», оның нәтижесінің «қызығына» бөлейтін әдіс-тәсілдер мен мазмұндық ойындар, қызықты тапсырмалар тұрақты жүргізіліп отырылуы біз көтеріп отырған мәселені нәтижелі ететіні нақтыланды.

Ғылыми зерттеулерге шолу жасай келе, оқушылардың шығармашылық қабілетін арттырып, ынталандыру үшін биология сабақтарын мынадай жолдармен өткізуге болады:

1. Сабақта кең көлемде көрнекі құралдарды пайдалану;
2. Сабақты түрлендіріп өткізу;
3. Сабақта оқушылар өздері жасаған суреттер, схемаларды пайдалану;
4. Техникалық құралдарды тиімді қолдану;
5. Сабаққа қатысты бейнетаспаларды, фильмдерді көрсету.

О.Бальзактың “ұдай еңбек ету- өнердің де, өмірдің де заңы” дегеніндей, оқушылардың шығармашылық қабілеті мен белсенділігін артыруда мұғалімге үнемі ізденуге, тұрақты еңбек етуді міндеттейді.

Шығармашылық тапсырмалар мына төмендегі талапқа сай болуы керек:

- 1) Бір мағыналы және тым қарапайым жауабы немесе шешімі болмайды;
- 2) Оқушыларға тәжірибелік тұрғыдан пайдалы болып табылады;
- 3) Оқушылардың өмірімен байланыста болады;
- 4) Оқушылардың қызығушылығын тудырады;

Сонымен, **бастауыш сынып оқушы тұлғасының шығармашылығы** – рухани құндылықтарды жасаушы және жеке тұлғаның шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі дамыту шарты бола отырып, рефлексия мен субъективтік өзін-өзі бағалау негізінде жаңа нәтижелерге жетуде шығармашылыққа қабілеттілігінен көрінетін сапалық қасиеті.

Мектеп оқушыларының шығармашылық қызығушылығын қалыптастыру өте маңызды, күрделі және көп салалы мәселе болып есептеледі. Шығармашылық дегеніміз – бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен саналы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі

керек. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеу адамның рухани күшін нығайтып, өзін-өзі тануына көмектеседі.

Шығармашылық іс-әрекет – мәселелі қою, ойды тұжырымдап айту, идеяның пайда болуы, оны шешу, оның логикалық дамуы, аталған мәселені шешуде тиімді әдістерді қолдану, негіздеу, оны тәжірибе жүзінде дәлелдеу барысында нәтиженің нақты көрінуі.

Оқушының шығармашылық деңгейі – оның мәселені қою мен оны шешудің жолдарын табуынан көрінеді. Мұнда жаңа білімді меңгеру процесі шығармашылық ойдың қалыптасуымен және дамуымен бірге жүреді. Демек, шығармашылық ойдың нәтижесі - тек қана белгілі ұғымдарды қайталап, жаңғыртумен ғана емес, сонымен қатар жаңа білімді жасау, тапсырманы орындауда жаңа жолдарды ашу.

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастырудың теориялық негіздерін анықтай отырып, біз төмендегідей қорытынды жасадық:

Шығармашылық іс-әрекет деп біз оның нәтижесінде жаңа нәрсе жасалатын іс-әрекетті түсінеміз.

Педагогтардың практикалық тәжірибесін, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және шығармашылық іс-әрекетін белсендіру үшін биология пәні оқыту әдістерінің мүмкіндіктерінің зор екендігін көрсетеді.

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін биология сабақтарында дамыту, сабақ барысында оқушылардың белсенділігін арттырып, олардың бойында сыртқы тіршілік ортасына деген құндылық көзқарастарының артуына, пәнге деген қызығушылығын тудыруға мүмкіндік берді.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы, Алматы, - Изд. Дом «Дастан», 2007-322 б.

2. Божович Л. И. *Личность и ее формирование в детском возрасте.* – М., 1988.

3. Грановская Р. М. *Конфликт и творчество в зеркале психологии.* – М.: Генезис, 2002. – 573 с.

4. Ермолаева-Томина Л. Б. *Исследование факторов, детерминирующих индивидуальные различия в проявлении творческой активности // Психология творчества.* – М., 1990. С. 117-130.

УДК 911.3

Мақсотов Д.Ж.

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан Университеті,
Орал қ. Қазақстан*

БҰРЫНҒЫ ЖАЛПАҚТАЛ АУДАНЫ АУЫЛДАРЫНЫҢ ОНОМАСТИКАСЫ

Жалпақтал – 1928-1997 жылдары аудан орталығы. Аудан орталығы – Казталов ауылынан шығысқа қарай 60 км. жерде, Қараөзеннің сол жағалауындағы бетеге, боз, ақселеу және әртүрлі астық тұқымдас шөптесін өсімдіктер өсетін шалғынды, қоңыр топырақты дала белдемінде орналасқан. Тұрғыны 5,2 мың адам. Жалпақтал ауданы – 1928-1930 және 1935-1997 жылдары болған Қазақ КСР-нің (1936 ж. дейін – Қазақ АКСР, 1991 ж. бастап – Қазақстан Республикасы) Орал округі мен Батыс Қазақстан облысының (1962-1992 жж. – Орал) әкімшілік бөлінісі. Орталығы – Жалпақтал ауылы (1936 жылға дейін - Сламихино, 1936-1993 жылдары - Фурманово) [1]. Аудан қазіргі таңда Казталов ауданы құрамындағы ең үлкен елді мекен. Аймақтың топонимикалық жүйесін зерттеу кезінде аудан құрамындағы бұрынғы Жалпақтал ауданы құрамындағы ауылдардың атаулары бір-біріне ұқсас екенін байқаймыз. Мысалы Қарасу, Қараөзен, Ақкөл, Қаракөл, Ақсуат, Сарықұдық сияқты өзен-көл мен тұр-түске қатысты атаулар және Жалпақтал, Көктерек, Талдыапан, Талдықұдық, Қарақоға, т.б. ағашпен байланысты ойконимдер. Кез келген аймақтың топонимикалық жүйесі секілді Казталов ауданы ауылдарының атаулары бір-бірімен тығыз байланысты. Бұл атаулар жергілікті халықтың шаруашылығы, табиғатпен байланысы, әдет-ғұрпы мен салт-санасына қатысты туындайтыны анық. Атаулардың біріне-бірі өте жақын екенін терең зерттемей-ақ байқауға болады. Дегенмен кей жағдайда атаудың шығу тарихы мүлде бөлек болады. Сол себепті бұрынғы Жалпақтал ауданы құрамында болған Ақпәтер, Қараөзен және Көктерек ауылдары тарихына үңіліп көрейік.

Ақпәтер ауылы (1993 ж. дейін – Порт-Артур) Батыс Қазақстан облысының орталығы Орал қаласының батыс өңірінде 300 шақырым, аудан орталығы Казталов ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 39 км. қашықтықта, Қараөзеннің сол жағалауында орналасқан [2]. Кеңестік дәурге дейін бұл жерде, яғни Қараөзен деп аталатын өзеннің жағалауында үш үй жанұясы қоныстанған. Олар мал өсіріп, балық аулап, бақша салып күн көрген. Сол кездерде бұл шағын ауылдың үстімен оңтүстік өңірден, яғни Гурьев, Индер, Тайпақ, Жаңақала, ал оңтүстік батыс өңірден Орда, Жәнібек тағыда басқа аймақтардан мал, мал өнімдерін, қой, түйе жүні мен ірі қара терілерін тасыған, сондай-ақ ет, сүт өнімдерін, осы жерден өндірілген тұз өнімдерін апарып сату үшін Текелі қаласына, Александров-Гай темір жол станциясына ат, түйе жеккен керуендердің жүретін жолы болған. Олардың жолда тоқтап, дем алатын, көліктерін тынықтыратын ыңғайлы жер деп көбіне Қараөзеннің бойындағы, анадайдан көрініп тұратын екі-үш ақ үйге тоқтайтын болыпты. Олар өздерінің дем алатын орындарына, көліктеріне алған жем, шөптеріне ақшалай, не басқалай керек жарақтарымен, тамақпен есеп айырысып отырған. Осы жағдайларды көріп, естіп жүрген адамдар ауылға көше бастаған, әсіресе Бекетай, Нарын құмдарынан көбірек келіп қоныстанған [3. 91б.]. Олар кең етіп тұрғын үй мен мал қораларын салып, мал азығын мол етіп дайындайтын. Бұл табыс көзі болғандықтан осы жердің тұрғындары сауда саттықпен жүріп жатырған адамдарды көбірек қабылдау үшін жан-жақты дайындалып отыратын болған. Өзеннің жағасына орналасқан жанұялар үйлерін де, мал қораларын да жақсы етіп сылап, ақтап, таза ұстайды екен. Осыған байланысты болса керек жүрушілер «Ақ үйге, Ақ пәтерге барып тоқтаймыз»- деп, бір бірімен хабарласқанда да, ауылдарына келіп әңгіме

жасағанда да біздер Ақпәтерде қондық, Ақпәтерде түстендік деп әңгіме жасайтын болса керек, жолаушылардың аузындағы осы сөз біртіндеп жердің атауына айналып кетеді. Уақыт өте ауыл үстінен жүруші керуендер көбейіп, Ақпәтерге тоқтап тынығушыларда арта түседі. Әр керуеннің басшылары шаршап келе жатқан қосшыларына айқайлап, «шыдаңдар, Ақпәтерге жетіп делбені бір тартармыз»- деп, тоқтайтын жердің межесін білдіреді екен. Осы тоқтайтын жердің айқындаушысы болған «біртартар» сөзі алма кезек айтылып жүріп, ауылдың атауының Біртартар болып аталып кетуінің себепші болады. Сол кездерде бұл жер адам сүйсінерліктей көкорай шалғын, өзеннің жағалауынан бастап белуардан келетін бидайық, еркек шөптері өсетін мал шаруашылығы үшін тиімді алқаптың бірі болып ауызға ілінген еді. XX ғасырдың жиырмасыншы жылдарының аяғына қарай бұл жерде 25-ке тарта жанұя қоныстанып, үлкен елді мекенге айналады. Кеңестік дәуірдің 28-30 шы жылдарынан бастап колхоздар мен советтік шаруашылықтар құрыла бастайды [4. 1-13б.].

География тарихынан кейбір аймақ немесе өсімдіктер мен жануарлар атауларының қойылуы кезіндегі түсінбестіктерге, қателіктерге куәміз. Бұл түсінбестіктер нысан атауы ретінде тарихта қалды. Солтүстік Америка құрлығындағы Юкатан түбегі мен Аустралия материгінде өмір сүретін Кенгурудың аты жергілікті халықтың отаршыларды түсінбеуі кесірінен туындаған. Көп алысқа бармай-ақ Ақпәтер ауылы атауының қалай Порт-Артурға өзгергеніне тоқталайық.

XX ғ. 20-30 жылдары елді-мекендердің, жердің атауларын картаға жазу жұмыстары жүргізіле бастайды. Сол ретпен Біртартар ауылына келген топографтар ауылдың үстінен айналып жүріп, фотоға түсіріп, елді мекеннің атауын картаға түсіру үшін жұмыстанып жүрген екі орыс жігіті келіп, көшеде жиналып тұрған ауыл жігіттерінен ауылдың атауын сұрапты. Ауыл тұрғындары «қош келдіңіздер, біздің ауылдың атауы «Біртартар» болып аталады»- деп жауап береді. Бірақ сұрап тұрған орыс жігіт бұл сөзді жаза алмай бірнеше рет қайталап сұрай бергесін қасындағы екінші орыс жігіті «сен несіне қиналасың «Порт-Артур» деп жаза салайық» - депті. Бұл ұсынысқа екінші жігітте, ауыл азаматтары да, түсінбей қалса керек, ешкім қарсылық жасамағасын, картаға «Порт-Артур» - деген атау жазылып кете барады. Бұл атау елге ешқандай қатынасы жоқ Красный Партизан, Порт-Артур деген қос атауды, шаруашылық 60 жыл бойы арқалап, кеңестік дәуірдің жаршысы болғандай өмір сүрді.

Елімізге келе жатырған тәуелсіздік елдің өн бойындағы бұлқынысына әсер етсе керек, ұжым мүшелері, жалпы ауылдың тұрғындары ауылдың атауын өзгерту жөнінде өздерінің жалпы жиналыстарында «Порт-Артур» атауын «Ақпәтер» деген тарихи атауға ауыстыру туралы аудандық, облыстық атқару комитеттеріне жиналыс қаулысын жіберіп, тұрғындар ұсынбасын түсіреді. Осыған сәйкес ауылдың атауы туралы аудандық, облыстық газеттерде және Республикалық «Мәдениет және тұрмыс» журналында мәнді мағаналы материалдар жарияланып толық түсінік беріледі [5]. Бұл мәселе аудандық, облыстық атқару комитеттерінің отырыстарында қаралып, Порт-Артур атауын осы жердің Ақпәтер деген тарихи атауына ауыстыру жөніндегі шешімінің негізінде 1991 жылдың шілде айында Қазақстан Республикасы өкіметінің жарлығымен Батыс Қазақстан облысы, Жалпақтал ауданына қарасты Порт-Артур деген атауын қалдырып орнына Ақпәтер ауылы болып аталынсын деген қарары жарияланды. Бұл тарихи өлке, бұл Қараөзен жағалауында Ақ үй, Біртартар, Порт Артур, Ақпәтер атауын иеленген, елді мекен атауының тарихы, оның мекендеген жер қыртысының қойнауыда бай өлке.

Батыс Қазақстанның оңтүстігінде жарыса аққан қос өзеннің бірі – Сарыөзен деп аталады. Өзеннің сол жағалауында жасыл желек жамылған Көктерек атты ауыл бар. Бір ғажабы сонау XIX ғ. басында Көктерек атанған ауыл аты кешегі Кеңес дәуірінде де өзгермей сол күйінде қала беріпті. Ауылдың Көктерек аталу себебі жайлы құйма құлақты қариялар тереңнен сыр шертеді. Сарыөзеннің осы бір малға жайлы жерасты суы тұщы жағасына XIX ғ. алғашқы жартысында Ресей отаршылары «Абинский» атты бекініс салыпты. Кейін әскери шен ығыстырылғанда бұл жер бос қалады. Міне, осы бос жерге

1878 жылдың көктемінде патшаның рұқсатымен Нарынның Бекетай құмында жер тапшылығын көріп жүрген Қызылқұрт руының Ерші тармағының 43 үйі көшіп келеді. Ішінде күй атасы Құрманғазының шаңырағы болған екен. Көкжиекке дейін көсілген жасыл даланы кесіп өтіп, ағып жатқан өзеннен екі шақырым жердегі терең иірімде тұрған көзге зорға ілігер жалғыз терекке қарап, ел өз мекенін Көктерек деп атапты. Тұқымы жоғарыдан ағып келген болар, шындығында да, осы жалғыз терек бұл өңірде сирек кездесетін кәдімгі көк терек ағашы екен. Қарапайым ғана көгала жапырақты көк теректің ағашы өңірде жалғыз болғандықтан ерекшеленіп, алыстан көзге түсіп, беделі өсіп, есімі елдің құтты қонысына, жайлы мекеніне деген жүрекжарды сезімдері мен ықыласты көңілдеріне біте қайнасып, қашан кірігіп кеткенін ешкім дөп басып айта алмас. Сәнді болды ма, мәнді болды ма – ел терегін төбесіне көтеріп, ол туралы аңыз да, ақиқат та айтып, «киелі» деп табынып, бұтағына ақтық байлаған. Ғылыми кітаптарда да көк терек жүз жылдан астам өмір сүреді делініпті. Сол су жиегіндегі алып терек 1951 жылға дейін ауыл атырабында дара өзі өсіп тұрып, тіршілігін тоқсаныншы жылы тоқтатыпты. Бүгінде құлаған теректің орнынан алынған 2-3 бұтағы жергілікті тарихи-өлкетану музейінде ең құнды жәдігер, тарихи зат есебінде сақталып, тарихы көпшілікке кеңінен таралуда [6].

Қараөзен ауылы – аудан орталығы Казталов ауылынан шығысқа қарай 60 км. жерде, Қараөзеннің сол жағалауындағы бетеге, боз, т.б. шөптесін өсімдіктер өскен шалғынды қоңыр, сортаңдау қоңыр топырақты құрғақ дала белдемінде орналасқан [7].

Қараөзен қой совхозы, Қазақ КСР Министрлер кеңесінің 1966 жылғы 11 ақпан күнгі №118 қаулысына сәйкес Батыс Қазақстан облысы, Тайпақ ауданы, Базартөбе және Фурманов ауданы Қараөзен қой совхоздарын құруға қатысты шыққан қаулысына сәйкес ұйымдастырылды [8]. Базартөбе совхозы – Тайпақ ауданындағы Орал, Өлеңті, Есенсай совхоздарының ізімен, Қараөзен совхозы – Фурманов ауданындағы Ақкөл, Жұлдыз совхоздарының ізімен өмірге келді. Бұл жерден көрсетілген аймақтарда орналасқан мал фермалары мен малшы-шопан қыстақтары, егін және трактор бригадаларының бағыныстылықтары өзгертіліп, жаңа шаруашылыққа берілгендігін көруге болады [9. 19 б.]. Совхоз құрыла салысымен тұрғындар еңбекке құлшына кірісіп, ауыл жағдайының жақсаруына үлкен үлестерін қосты. Тұрғын халық үйлерінің маңына тал-теректер мен бау-бақша, көкөніс дақылдарын егіп, жеміс ағаштарын отырғыза бастады. Ауыл маңындағы Үлкен өзеннің ауыл болашағына әсері өте зор екені сезілді. Бұл өзен бастауын Ресей жерінен алып, сағасы Жаңақала ауданының Нарын құмы болып табылады. Өзен ұзындығы 650 км шамасында, жеріміз арқылы ағып өтетін ұзындығы 232 км. Осы трансшекаралық өзен Сарыөзенмен қосыла ағып, ежелгі Тигр мен Евфрат бойындағы өркениеттер дамығанындай, Казталов ауданы тарихының үлкен бөліктері сол төңіректе шоғырлануына себеп болды және бойында орналасқан елді мекендер атауын қалыптастырды.

Негізінен Қараөзен атауы ауыл маңындағы өзенге қатысты пайда болған деген ақпаратқа келісуге болады. Қараөзен – үлкен өзен. Ономастика ғылымының теориялық негіздерін ашуғазор үлес қосқан, Батыс Қазақстан облысының жер-су атауларын жүйелеуде баға жетпес еңбек қалдырған Ержанова Ұлдай Рысқалиевнаның еңбектерінен Қараөзен ауылы атауының шығу тарихына қатысты мәліметтерді көре аламыз. Ұ.Р.Ержанова еңбегінде Қараөзен атауын оғыз-қыпшақ қабатына жатқызады. Бұл атаудың құрамындағы қара сөзі судың түсіне байланысты берілмеген. Қара сөзі көп мөлшерді білдіруі де мүмкін. Түркітанушы-топонимистер бұл атау төңірегінде бір ортақ түйінге келіп отыр. «Қара» сөзін байырғы түркі тілдес халықтар «жер» мағынасында түсінген. Демек, Қараөзен жер мен өзен сөздерінің қосылуынан пайда болған [10. 38 б.].

Географиялық атаулар белгілі-бір физикалық-географиялық жағдайда адамның күнделікті өмірі, тұрмысы, мәдениеті мен тарихына байланысты қалыптасып және дамып отырады. Адамның дәстүрлі шаруашылық әрекетінің қалыптасып, дамуына сол кезеңдегі физикалық-географиялық, тарихи, әлеуметтік жағдайлар себепші болады. Көптеген ауыл

атауларының нақты шығу тегі белгісіз күйінде қалып отыр. Мәліметтердің басым көпшілігі халық аузында қалған, аңыз болып айтылып жүр. Ауднның елді мекендерінің ономастикалық жүйесі қағаз бетіне аз түсірілген, яғни әлі де зерттеуді қажет етеді. Бұл мәліметтер міндетті түрде нақты деректермен (тарихи-археологиялық, географиялық, лингвистикалық) расталған жағдайда құндылығы арта түседі. Дегенмен, аңыз түбі ақиқат деген бабалар сөзін де естен шығармаған жөн.

Әдебиеттер тізімі

1. Фонд-850. 10-тізімдеме. 62-іс. 14-бума, <http://www.muragat-bko.gov.kz/>
Фонд-693. 1-тізімдеме. 1731-іс. 255-бума, <http://www.muragat-bko.gov.kz/>
2. Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейінің бөлімі Ақпәтер тарихи-өлкетану музейі.
3. Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейінің бөлімі Көктерек тарихи-өлкетану музейінің меңгерушісі Сейткереев Жайсаң Төлегенұлы.
www.kk.wikipedia.orgсайты.
4. Фонд-2. 2-тізімдеме. 434-іс. 8-парақ. <http://www.muragat-bko.gov.kz/>
5. М.М.Қарабалин. Мерейлі шақтағы белесті жыл. Соқпақ журналы –2021–№3–(92)ж.–19 б.
6. Ұ.Р.Ержанова. Ономастика ғылымының теориялық негіздері.–2018 ж.– 38 б.

УДК 378

Шағиева Б.С.

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ., Қазақстан

ОРАЛ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ ЖӘНЕ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ (1932-1945 Ж.Ж.)

Шындығында, барлық ағарту салаларымен бірге жоғары мектеп қоғамның әлеуметтік-экономикалық және мәдени прогресіне айтарлықтай үлес қосады. Ол маңызды әлеуметтік міндетті орындап, жастарға іргелі ғылыми білім мен кәсіби мамандық береді, дүниеге көзқарастарын қалыптастырады, елдің экономикасы мен мәдениетінің дамуына шешуші ықпал ете алатын жоғары білікті мамандар дайындайтын база болып табылып, жаңа интеллектуалдық әлеуетін толықтырады.

Атап өтуіміз керек, Қазақстанда тарихи аз уақыт ішінде жоғары білім беру жүйесінің жақсы тәжірибесі қалыптасты. Мұны бітіруші жүздеген мың жастар өндірісте, ауыл шаруашылығында, мәдениет және медицина мекемелерінде, ғылыми-зерттеу зертханаларында еңбек етіп, бұл үрдіс одан әрі жалғасуда.

Олай болса бүгінгі ақиқатты ашып айтатын уақыт жағдайында 1932-1945 жылдардағы Орал қаласының алғашқы жоғары мектебінің құрылуы мен дамуы кезеңдеріндегі қиындықтар, жетістіктер мен кемшіліктерді салыстыра отырып, даму жолын зерделеу маңызды.

Орал педагогикалық институтының құрылуы өткен ғасырдың ең ауыр отызыншы жылдарына түсті. Содан кейін, бір жағынан, индустрияландырудың іргетасы қаланды, ал екінші жағынан, тоталитарлық үкіметтің азық-түлік ресурстарын күштеп тартып алуы Қазақстанды қоғамдық дамуда ондаған жылдарға артқа тастаған теңдессіз ашаршылыққа және барлық қазақ отбасына дерлік ұмытылмас қайғылы оқиғаларды әкелді. Осындай қиын жағдайда Ұлы далада жоғары білімді ұлттық кадрлардың шығуына негіз қаланды.

Қазақстанның 10 жылдығы атындағы Ағарту институты 1930 жылы Орал қаласына Орынбор халық ағарту институтының негізінде көшірілген және қыздар гимназиясының орнында орналасып, орта білімді мұғалімдер даярлаған.

Қазақстанда орталау мектептердің қауырт өсуі – жоғары білімді мұғалімдерді тез арада даярлауды талап етті. 20-30 жылдардың басында Қазақ Автономиялы Советтік Социалистік Республикасы Үкіметі таяу мезгілде елді тез сауаттандыру ісіне кірісті. Отанымызға сауатты, толық білімді педагог кадрлар керек еді.

Алматыда бой көтерген Қазақстандағы бірден-бір пединститут елдің барлық мектептерін ағарту қызметкерлерімен қамтамасыз етуге мүмкіндігі жоқ еді.

Ресей Советтік Федеративтік Социалистік Республикасы Халық Ағарту комиссариаты 1932 жылы 25 наурыздағы қаулысымен телеграфтың хабарын жариялады. Мұнда өміршең мәселелерді тез шешу үшін Оралда педагогикалық жоғары оқу орны және күндізгі жұмысшы факультеті ашылатындығы хабарланды [1, 9 б].

Ресей Советтік Федеративтік Социалистік Республикасы Халық Ағарту коллегиясы институтының құрамын белгілеу және контингентін анықтауға біраз шаралар бітірді. Осы шаралар негізінде Қазақстан Өлкелік Комитеті 1932 жылдың 9 шілдесінде Оралды 1 қазаннан бастап Халық Ағарту Институты негізінде Қазақстанда екінші жоғары оқу орны бой көтергенін, оның жұмысшы факультеті жедел жұмыс істейтінін атап көрсетті. Институт директоры болып Ш.Бекжанов, оқу ісін ұйымдастыру жөніндегі көмекшісіне С.А.Бибиков тағайындалды [2, 7 б].

Институтқа Ағарту институтының ғимараты, жатақханалар және қосымша оқу орындары тиесілі болды. Оларға педагогикалық институттың: математика, биология, қазақ тілі мен әдебиеті, 3 бөлімі орналасты [3, 152 б]. Жаңа оқу жылына 83 студент қазақ жастарынан қабылданды. Бұлар Орал Халық ағарту институтының III даярлық курсының және жоғары оқу орындарының даярлау курстарын бітірген ұлт ұландары болатын.

1932 жылы 6 қараша күні Ресей Советтік Федеративтік Социалистік Республикасы Халық Ағарту Комиссариаты коллегиясы Қазақ Автономиялы Советтік Социалистік Республикасы Орталық атқару комитетіне хат жолдап, ағарту комиссариатының бұрынғы орынбасары, марқұм академик М.Н.Покровский есімін Орал пединститутына беруді сұраған еді.

Ресей Советтік Федеративтік Социалистік Республикасы Ағарту комиссариатының Ұлттық Комитетінің Қаулысы бойынша 1933 жылдың 1 қаңтарынан пединститутта украин тілі мен әдебиеті бөлімі ашылды. Өкінішке орай, бұл бөлімде украин тіліндегі оқулықтар тапшы болатын.

1933 жылы 23 қаңтарда Батыс Қазақстан облыстық комсомол комитеті педагогикалық жоғарғы оқу орнының жабдықталуы деген қаулысында украин бөлімінің қиындығын атап көрсетті.

Институт дирекциясы Харьков ағарту институтынан осы бөлім студенттерін оқулық, бағдарлама, оқу жоспарларымен қамтамасыз етуді өтінді, кейін осы қиындықтарды ескере отырып, Украин тілі мен әдебиет бөлімінің уақытша оқу жоспары бекітілді [2, 8 б].

Қалған үш бөлімнің жабдықтары талапқа сай еді. Сол кезде партия және кеңес органдары нұсқауымен Ағарту институты 7,5 мың томнан артық оқулық, көркем әдебиет, сирек ғылыми кітаптарды, физика, биология оқу кабинеттері жабдықтарын түгел қалдырған болатын. Әсіресе, ғалым-саяхатшылар Г.С.Карелин мен Н.А.Северцевтердің құс тұлыбы коллекциялары болашақ биолог-географтарға өлшеусіз еңбек етті.

Ғылыми база жоқ еді. 11 оқытушының бір де біреуінің ғылыми атағы не дәрежесі жоқ болатын. Ол кезде кафедралар болмайтын, олардың орнына бүкіл пән оқытушылары қатысатын мерзімді өтпелі комиссиялар жұмыс істейтін. Әрине, осы шоғыр ұстаз-оқытушылардың жоғары мектептерде жұмыс істеу тәжірибесі саяз, әдіскерлігі әлсіз болатын. Кей-кейде баға қою мөлшеріне таласып, шырық бұзатын кездері де болған. Әрине, институт алғашқы қадамын бастаған кезде құрылымы, мазмұны жағынан қатардағы орта оқу орындарына ұқсайтын. Дәстүрлі, қалыптасқан ғылымға негізделген оқу жоспары мен бағдарламалары жоқ еді. Мысалы, Ресей Советтік Федеративтік Социалистік Республикасы Халық Ағарту Комиссариатынан өте қиындықпен алынған 3

мың сомға 30 орындық ағаш және слесарьлық шеберханасы ашылса, ол оқу жылы аяғында жабылып қалды, өйткені «Өндіріс негіздері» деген курс оқу жоспарынан шығарылып тасталды.

Орал педагогикалық институтының қазіргі ғимараты классикалық үлгілерге сай 1933 жылы салынған [4, 291 б].

Жағдай бірте-бірте жақсара бастады. 1933 жылы Бүкілодақтық Коммунистік (б) Партиясы Орталық Комитеті жолдамасымен институтымызға директор болып Халық Ағарту Комиссариатының жауапты қызметкері, Н.К.Крупская атындағы академияның аспиранты И.К.Лукьянец бекітілді. Оқытушы-ғалымдар қатарына жаңадан келген доцент В.С.Бойко, М.С.Лапатухин, К.Ф.Васильев, Ж.К.Құлымбетов, Ф.А.Юсупов, И.Н.Әзербайбаев, С.А.Аяпбергенов, Н.Блауберг, И.Р.Васильев, Н.В.Волков, В.Е.Зайцев, Қ.Жұмалиев, Г.И.Куликов, К.И.Семенова, В.И.Шмелев т.б. оқытушылар, ғылыми қызметкерлер оқу және оқыту сапасын жақсартты. Жоғары мектеп ғылымы, мектеп әдістемесін арттыруға К.А.Утегина, А.К.Темірбеков, Г.С.Якимовичтер жете кірісті. Батыс өлкесінде махамбеттану ғылымын алғаш бастап, Орда, Жәнібек, Жаңақала, Қазталовка, Жалпақтал мекендеріне ғылыми экспедиция ұйымдастырған. «Қазақ әдебиеті теориясы» монографиясын осы институттан бастаған, бірінші филология ғылымдары кандидаты, тұңғыш филология ғылымдарының докторы, профессор Қ.Жұмалиев есімі бүкіл қазақтарға аян еді [5, 8 б].

Байтақ республикамыздың Батыс өлкесіндегі аудандарда бастауыш, орта мектептерде пән мұғалімдерінің жетіспеуі екі жылдық мұғалімдер институтын ашуға мәжбүр етті. 1935 жылдың қыркүйегінде институт факультеттеріне 143 студент қабылданды [2, 9б].

1934 жылы жеке-жеке кафедралар бөліне бастады. Олар әлеуметтік-экономикалық пәндер кафедрасы (оны обком бөлімі меңгерушісі Кауфман), педагогика (кафедра меңгерушісі марксистер педагогы қоғамының төрағасы И.В.Алиев), тіл мен әдебиет (профессор міндетін атқарушы В.С.Бойко), биология (кафедра меңгерушісі Ф.А.Юсупов), ал 1935 жылы ашылған физика және математика (В.И.Шмелев) кафедралары болатын [6, 4 б].

1936 жылы 23 маусымда Бүкілодақтық Коммунистік Партиясы (большевиктер) Орталық комитеті мен кеңестер одағы Халық Комиссарлары Кеңесі «Жоғары оқу орындары және оларды басқару» атты қаулысы оқу және тәрбие жұмысын түбегейлі өзгертудің тиісін жоспарына айналды [1, 11 б]. Осы қаулыға сәйкес, 1936 жылғы талапкерлер ішінде тұңғыш рет бүкіл түлектер институтқа орта біліммен түсті. Мұнымен қоса, институтты толықтырудың негізгі базасына айналған педагогика-жұмысшы факультетінің жұмысы жанданды. Педологиямен күресуге байланысты елеулі жұмыстар жасалынды. Осы тақырыпта И.К.Лукьянец, И.В.Алиев, А.К.Темірбеков және басқа оқытушылар облыс және қала мұғалімдері мен пионер вожатыйлары баяндамалар жасады.

1937 жылы А.С.Пушкиннің қайтыс болғанына 100 жыл толуына байланысты институтқа ұлы ақынның аты берілді [7, 214].

1938 жылы Қазақ тілі кафедрасы бөлек отау тікті. Тұңғыш кафедра меңгерушісі Меңтай Қошқаров Ұлы Отан соғысында мерт болған. Орыс және қазақ тілі кафедралары әріптес ретінде ұстаздық, ғылыми жұмыстарын қарқынмен жүргізді. 1938 жылы К.А.Утегина кандидаттық диссертациясын қорғаған соң, осы кафедрада аспирантура ашқан. Бірінші тілші-зерттеушілер болып М.Қошқаров, Р.Үмбетов, Г.Әбуханов және кейінірек Х.Абдолкәрімов қабылданды. Аспирантура жұмысы жоғары білікті ғылыми жетекшілердің жетіспеуінен және аспиранттарды әлсіз дайындауымен едәуір дәрежеде қиындады. Осыған байланысты бастапқыда ол тек жалпы тілтану және марксизм-ленинизм негіздерінде жүрді. Кейін бұл кафедраны 1941 жылы диссертация қорғаған тамаша педагог Н.Г.Евстратов 1938-1954жылдары басқарды. [2, 10 б].

Институт контингентінің өсуі жаңа оқытушы кадрларының келуіне қолайлы жағдай жасады. 1939 жылы физика кафедрасы ашылды. Меңгерушісі Г.С.Якимович болды. Бұл бөлімшеге Дмитриев, Э.К.Галлер, А.А.Никулин, Локтев, Рябоконе, Юровтар

тартылды. Осы кафедраға математика кафедрасының меңгерушісі В.И.Шмелев қосылды. Екі кафедра ғылыми тақырыбы: «Кейбір тұрақты шаманы ультра дыбыс арқылы анықтау» мәселелерімен айналысқан.

Институттың ірі көрсеткіштерінің бірі – 1938 жылы география факультетінің өз алдына отау тігуі, оған 32 студент қабылданды. Оның құрамына 60 адамы бар мұғалімдер институтының жаратылыстану-география бөлімшесі кірді. Бұл ірі, іргелі факультетке жаңа, талантты ғалым-оқытушылар шақырылды. 1939 жылы жеке-дара физиология кафедрасы, сосын ботаника, химия, зоология бөлімшелері өсіп шықты. Осы кафедра бөлімшелері ішінен бір жыл ішінде геология кафедрасы жасақталды. Әсіресе, география және геология кабинетін аз мерзімде керемет жасандырған М.Н.Коринова еңбегі сүйсінуге тұрарлық еді.

В.В.Ивановтың жетекшілік етуімен аз мерзім ішінде күтімсіз қалған бульварды студенттер күшімен жинап, әдемі ботаникалық алаң жасады. Мұнда өсімдіктер коллекциясы жинақталып, екі оранжерея және бір метеостанция жұмыс істей бастады [2, 11 б].

1938 жылы осы қаулыға сәйкес А.А.Королевскийдің басшылығымен институтта тарих факультеті ашылды. Жедел дайындықтың қажеттілігі студенттерді қабылдаудан көрініс тапты. Құрамында Д.О.Медведев, А.А.Королевский бар, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы тарихы және жалпы тарих кафедрасы болып екі жеке кафедраға бөлінді. Білікті оқытушылар мен оқу бағдарламалары, әдебиеттердің тапшылығына, ең бастысы алғашқы оқуға түскендердің сапасының төмендігіне қарамастан, факультет ұжымы қысқа уақытта ұйымдастыру ісіндегі кемшіліктерді жеңе білді. 1938 жылдың қараша айында жүздеген оқу карталары, диапозитивтер, проекциялық шам, 333 том монографиялық, оқу кітаптарымен қамтылған тарих кабинеті өз жұмысын бастады [1, 80 б].

Үлгерімі төмен студенттермен коллоквиумдар, жеке, топтық кеңестер жүргізілді. Тарих факультетіне қабылданған студенттер 95% оқу үлгерімін көрсетті. Білім алу жолында Иргалиев, Бартыков, Ищанов, Мұқанов, Елизаров, Тутукова, Ускова, Искакова, Кочемасов және Баяндиев сынды студенттер алғы шептен көрінді.

Факультетте Ф.О.Кузьмин, В.И.Ивакин, В.И.Соколовтардың, әсіресе, тарихтану бойынша арнайы курсы коммунистік профессор И.П.Козловскийдің келуімен тарихи ғылыми үйірменің жұмысы жанданды.

Кафедралар институтта да, одан тысқары жерлерде де үлкен жұмыстар атқарды. А.А.Королевский кешкі коммунистік университетте дәріс оқыды. Ф.О.Кузьмин құрылыс бөлімшесінде саяси жетекші болып жұмыс істеді. В.И.Соколов жалпы институттық «Кадрлар үшін» атты қабырға газетін редакциялады, кейін комсомол ұйымының секретары болып сайланды. Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Халық Коммисарлары Кеңесінің мектеп оқушыларыны міндетті түрде шет тілін оқып-үйренуі жөніндегі қаулысын жүзеге асыру мақсатында, сондай-ақ 5-7 – сыныптарға беретін неміс тілінің мұғалімдерінің жетіспеуіне байланысты 1939 жылы институтта неміс тілінің мұғалімдерін даярлайтын бөлім ашылды. Кейіннен осы бөлімнің негізінде кеңестік партия және шаруашылық белсенділері үшін өндірістен қол үзбей, білікті аудармашы мамандығын беретін 2 жылдық неміс тілінің курсы ашылды. Бұл істің тек халықшаруашылығы жағынан ғана емес, сондай-ақ қорғаныс жағынан да маңызы зор болды. Орал педагогикалық институты жөнінде келісімге отырды [6, 46].

1938 жылы педагогикалық институтта әскери-денешынықтыру кафедрасы ашылды. Онда әскери істер пәнінен: В.В.Волков, П.К.Ермоленко, Я.С.Краснов, денешынықтыру пәнінен: Н.И.Рогачев, Е.Г.Зайцев, А.А.Чечин, А.И.Карпова секілді оқытушылар сабақ берді. Кафедра басшысы болып азамат соғысынан бері коммунист, капитан П.И.Гусак тағайындалды. Оның келуімен жұмыс стилі өзгерді, әскери жинақылық сезілді, әскери істер бойынша жүргізілетін сабақтарға талап күшейді, әскери-патриоттық жұмыстар кең ауқымда жүргізілді. П.И.Гусактың басшылығымен студенттердің атқыштар батальоны құрылды. Кейіннен бұл батальон құрамында 122 адамы бар екі команда және екі минометшілер мен радистердің арнайы тобы болып қайта құрылды. Институттың

оқытушылары мен қызметкерлерінің екі тобында «Ворошилов атқыштары» белгісінің нормаларын тапсыру үшін дайындық дәрістерін жүргізді. Сонымен бірге облыстық, қалалық партия комитетінің штаттан тыс лекторы ретінде үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді, институттың партбюросының мүшесі болып сайланды [1, 16 б].

1939 жылы құрамында 21 адамы бар алғашқы парашютистер тобы бітіріп шықты. Олардың қатарында студент Л.Беда бар. Мұғалімдер институты мен Орал аэроклубын аяқтаған соң, ол Оренбург әскери авиаучилищесіне түседі. Ұлы Отан соғысы жылдарында жаумен шайқаста көрсеткен ерлігі үшін Л.И.Беда екі мәрте Совет Одағының Батыры атағын алды [1, 14 б].

Ұжым үшін оқу-материалдық базасының құрылуы, тұрғын үй және тұрмыстық жағдайының жасалуы профессор-оқытушылар құрамының ғылыми жұмыстармен айналысуына да жаңа перспективалар ашты. К.А.Утехина, В.В.Иванов, Н.Г.Евстратов, Б.П.Аксовтардың және басқа да оқытушылардың алғашқы кандидаттық диссертацияларының сәтті қорғалуы, ғылыми іссапарлар, шығармашылық демалыстар, Мәскеу, Ленинград, Саратов қалаларының алдыңғы қатарлы ғалымдарымен кездесулер, олардың қазақстандық жас ғалымдарға тілектестік көмектері мен ғылыми жетекшілігі институт басшылығының қолдауы нәтижесінде жүзеге асты. Докторлық және он шақты кандидаттық диссертацияға дайындық жұмыстары табысты жүргізілді, он екі оқытушы кандидаттық минимум тапсыруға дайындалды. Кандидаттық минимумды тапсыруға дайындалу үшін институтта философия, неміс тілінен семинарлар құрылып, қарқынды жұмыс істеді.

1939 жылы мамырда профессор-оқытушылар құрамының бірінші ғылыми конференциясы өткізілді. Онда он баяндама тыңдалып, талқыланды. Соның ішінде И.К.Лукьянецтің «Бүкілодақтық Коммунистік (большевиктер) Партиясы ХҮІІІ съезінің шешімі және жоғарғы мектептің міндеттері» және В.В.Ивановтың «Батыс Қазақстандағы негрлік дақыл» және т.б. баяндамалары ерекше аталып өткен. Ал бір жылдан кейін екінші ғылыми конференцияда тек пленарлық емес, сондай-ақ он жеті баяндама мен хабарландырулар тыңдалған секциялық мәжілістер де болды. Соның ішінде В.В.Ивановтың «Институттағы ботаникалық питомниктің кейбір нәтижелері туралы» хабарламасының студенттермен жүргізілетін оқу-әдістемелік жұмыстарды жақсартуда тек ғылыми жағынан ғана емес, сонымен қатар тәжірибелік маңызы да зор болды [2, 11 б].

Студенттердің ғылыми жұмыстарының формасы мен стилі өзгере бастады. Олар алғаш рет кішкене үйірмелерден кең ауқымды аудиторияларға айнала бастады. Бірінші ғылыми конференцияда «Игорь полкі туралы жыр – тарихи ескерткіш» тарих факультетінің студенті Соколовский, «Е.Пугачев көтерілісіне қазақ халқының қатысуы» студент А.Елагиннің баяндамалары тыңдалды. География факультетінің студенті К.Рахматуллиннің «Батыс Қазақстан облысының табиғи ерекшеліктері» атты баяндамасы республикалық ғылыми конференцияға ұсынылып, жоғары баға алды.

Оқу-әдістемелік, тәрбиелік және ғылыми-ізденушілік жұмыстарындағы табыстар жас педагогикалық жоғары оқу орнының өсуіндегі кедергілерді жойып, 1936 жылы институттың алғашқы 29 түлегін дайындауға мүмкіндік берді.

А.Т.Тайманов кейін Қазақ Советтік Социалистік Республикасы Ғылым академиясының академигі болды. 1938 жылдың қзінде Жүніс Өтемісов елдегі ауыл мұғалімдерінің үздіктерінің бірі ретінде жоғарғы Отан наградасы – Ленин орденінің иегері болды, С.А.Ақмурзин – қазақ орта мектебінің директоры қызметін атқарды, кейін институт және кафедраны басқарды. Ф.Х.Халилов директордың көмекшісі болып жұмыс жасады. С.Сағидуллин оқуды аяқтағаннан кейін, институтта және халыққа білім беру органдарында оқытушылық қызмет атқарды. Кейіннен соғысқа дейінгі түлектердің бірі - белгілі қазақ ақыны және сазгер, Қазақ Советтік Социалистік Республикасы мәдениет министрлігін басқарушы Қайырғали Байғалиев болды. «Жоғарғы мектептің еңбек сіңірген қызметкері», институттың проректоры, кафедра меңгерушісі Г.А.Абуханов және басқа да жүздеген түлектер өз өмірлерін орта және жоғарғы мектептегі қызметке арнады [6, 4 б].

Институт ұжымының табыстары, тәжірибелері мен перспективалары жоғары оқу орнын басқарудағы сирек кездесетін қасиеті И.К.Лукьянецтің 1939 жылы Қазақ мемлекеттік университеті директоры, кейін Жоғары Кеңесінің Президиумының төрағасы орынбасары қызметіне көтерілуіне септігін тигізді. «Еңбек Қызыл Ту» екі орденінің, «I дәрежелі Отан соғысы» орденінің кавалері И.К.Лукьянец «Кеңестер Одағы Жоғарғы мектебінің үздігі», «Қазақ Советтік Социалистік Республикасы ғылымының еңбек сіңірген қызметкері» Құрмет атағына ие болып, Жоғарғы Кеңес, Орал облыстық еңбекші депутаттар Кеңесінің және басқа да ұйымдардың Құрмет грамоталарымен марапатталған[6, 5 б].

Жоғарғы мектептің ардагері өзінің ғылыми жұмысында «Қазақстанда жоғарғы мектепті құру және дамыту» мәселесіне арналған. Қазақ Советтік Социалистік Республикасы Ағарту министрлігінің 1939 жылы 1 қазандағы бұйрығымен И.К.Лукьянец Орал педагогикалық институтының директорының міндетін атқарушы А.А.Королевскийге берді, кейін марксизм-ленинизм кафедрасының меңгерушісі И.Н.Сазонов директор болып бекітілді.

Ұлы Отан соғысы қарсаңында тарих, филология, география, физика-математика, жаратылыстану факультеттерінде студенттер саны 12 есеге артты 83-тен 954-ке дейін. 18 кафедрада оқытушылар саны 8 есеге артты 11-ден 83-ке дейін. Оның ішінде 1 профессор, 6 ғылым кандидаттары, доценттер және 7 кандидаттық диссертациясын аяқтаушылар. Институтта сырттай білім, екі жылдық шет тілдер курсы петрабфактың кешкі және күндізгі бөлімі табысты жұмыс істеді. Кітапханасында 80 мыңнан аса том есептелді және Қазақстандағы ірі кітапханалардың бірі болды. Оқу залы, кинотеатр, радиожелісі, асхана, екі жатақхана, оқытушыларға арналған сегіз үй, балабақша, амбулатория, кір жуатын орын, шаштараз, 2 оранжерея, оқу-тәжірибелік жұмыс істеді [8, 5 б].

Отанымыздың еркіндігі, халқымыздың бас бостандығы үшін көптеген институт оқытушылары өзгелермен қатар, жеңіс жолында бастарын құрбандыққа тікті. Партбюро хатшысы П.Л.Хлебников, Белоруссияны жаудан босату кезінде институттың алғашқы аспиранттарының бірі Д.Аделов ерлікпен көз жұмды. Сондай-ақ, Д.И.Киреев, В.И.Соколов, М.Н.Аунапу, А.А.Джадралиев, В.Н.Кочанов, Г.И.Ромов, А.Медетов, Ж.Утемисов, М.Кашкаров, т.б. қаза тапты [9, 21-22 б].

Институт ұжымы қалада ең бірінші болып қорғаныс қорын құрды. 1941 жылы 28 маусымда студенттер мен оқытушылар аэродром салуға қатысып, 986 сом ақша тапқан, қолдан 300 сом жинап, 7500 сомды облигациямен тапсырған.

1942 жылы 30 сәуірде қорғаныс қорына пайдаланылмаған күндердің ақшасы салынды. Институт ауыл шаруашылығы жұмысына қатысып, институт қорына 5000 сом еңбек күн ақшасын салған.

Студенттердің ақылы концерттерінен соғыс самолеттерін жасауға 1400 сом берілген. Үлкен ұжым «Қазақстан комсомолы» танк колоннасын салуға 24414 сом қаржы жіберген. Институт соғыс зайымына жазылуға белсене кірісті. 1942 жылы мемлекетке 88460 сом берді, ал 1943 жылы займға жазылу мұғалімдер жалақы қорының 150 пайызын құрады. 1942 жылы студенттер мен оқытушылар 19300 сомға, ал 1943 жылы институттың 83,5 пайызы оны алуға қатысуына алып келді. Институт ұжымы Қызыл Армияға жылы киім жинау ісінен де сырт қалмады, бірінші күні өзінде 60 жылы киім, 230 сом ақша жиналса 1941-1942 оқу жылының аяғында қала комиссиясына 239 жылы киім, 3000 сом ақша берілді. Біздің оралдықтар Оңтүстік-Батыс майданның құрамалары мен бөлімдерінде шайқасты. Бұлармен тығыз байланыс орната отырып, облыс еңбекшілері 4186 сыйлық жіберген, соның ішінде институт қызметкерлерінің үлесі 59000 сом.

Репрессия уақыты Орал педагогикалық институты үшін өте ауыр кезең болды. Неміс тілінің оқытушылары А.М.Блауберг, Ф.А.Лихтнер, И.И.Вернер, С.А.Ашенбреннерлердің, зертханашы А.Н.Штаммның айтуынша бұл өте ауыр жылдар еді. Зоология кафедрасының меңгерушісі А.Н.Штамм ағылшындармен болғаны үшін 1942

жылы КАРЛАГ және Актюблагқа жіберілді. Тек 1958 жылы оның кінәсіз екендігі айқындалды.

Студенттердің құрамы тез арада өзгерді. Егер олар 1939 жылы 414 студент болса, оның 260 – ерлер, 154- әйелдер. 1942 жыл 257 студенттің 254 әйелдер болды, ал 23 ерлер болды. Институтта қазақ қыздары үшін 1943 жылы дайындық курсы ашылды. Бұл курста 27 адам шұғылданды. Жұмыстың күрделенуіне байланысты, 1941 жылдың аяғында 4 курс студенттері оқуды алдын ала тапсырды, сонымен бірге мұғалімдер қысқартылып, студенттердің оқуы қиынға соқты [9 7-8 б].

Қиыншылықтар аз болған жоқ, үлгерім пайызы соғысқа дейінгі 1940 жылмен салыстырғанда төмен болды. Осыған қарамастан, бірінші әскери сессия барысында тарих факультетінің студенттері Институт басшылары тағдырларына ерекше алаңдағанмен, уақытынан ерте бітіруші түлектерге оқытушылар мен студенттердің жүктемесі ерекше әсер етті ме, мемлекеттік емтиханды жақсы тапсырып, республика бойынша 1942 жылы қаңтарда 38 жас оқытушы-маман даярлайды деген көрсеткішке жетті. Үздік диплом В.А.Мягкий, К.Василевская, А.Н.Кольченко, А.Ф.Беркесова, А.И.Клевцовка, Е.Л.Спарбер, З.М.Попова, В.Коваленкоға берілді[11, 12 б].

Партбюро мен жергілікті комитеттің біріккен комиссиясы 1942-1943 оқу жылы Орал пединститутының емтихандық сессиясының қорытындыларын Полтава құрылыс институтымен салыстыра отырып, екі мәрте біздің институттың үлгерім көрсеткіші жоғары екенін атап көрсеткен.

Әскери кафедра мен дене тәрбиесі кафедрасының ролі едәуір артты, атуға үйрету, әуе шабуылына қарсы дайындық, топографияны оқу және медициналық көмек көрсету сабақтарының көлемі 200 сағатқа дейін арттырылды. Оқытушылар Н.В.Волков, В.Г.Зайцев, А.А.Чечин, А.И.Карпова, сонымен қатар профессор С.Д.Сидорьяк секілді ұстаздар бұл бағытта ауқымды жұмыстар атқарды. Сол себепті де әскери дайындық емтиханын 170 студенттің 50-і «үздік», ал 65-і «жақсы» деген бағаға тапсыруы кездейсоқтық емес еді. Майдан жылдарында студенттердің академиялық үлгерімсіздігі мүлде болған жоқ, керісінше Горбунов, оқытушы М.И.Козловская әуе қорғанысының 25 инструкторын оқытып шықты. Қорғаныс үйірмелерінен өткен 310 әскери мамандарды дайындау міндетін алған институт 1941 жылдың аяғына таман 343 адамды дайындап үлгерді [12, 20 б].

Педагогика кафедрасының меңгерушісі, профессор Д.Элькиннің басшылығымен 1942 жылы «Ұлы Отан соғыс жағдайындағы мектеп» мәселесі бойынша ғылыми сессия өткізілді. Бұл сессия жұмысына мұғалімдер, комсомол және пионер қызметкерлері қатынасып, соғыс жағдайындағы мектептегі оқу-тәрбие мен пионерлік жұмыс жүргізу әдістемесінің ерекшеліктері тұрғысында құнды кеңестер алды. «Орыс мемлекетінің пайда болуы» Ю.И.Кораблев, «Крылов және 1812 жылғы отан соғысы», «Отан және Тургенов» Н.Г.Евстратов және майданнан жақында ғана оралған, соғыс жарақатынан әлі толықтай жазылмаған Ханғали Сүйіншәлиевтің «Жамбылдың соғыс кезіндегі шығармашылығы» атты баяндамалары ғылыми конференцияға қатысушылардың үлкен қызығушылығын тудырды[9, 30 б].

Әрине, Орал педагогикалық институтының, жалпылай айтқанда, жоғары мектептің жұмысындағы жетістіктер мемлекеттің үздіксіз қамқорлығынсыз мүмкін емес еді. Үкімет соғыс жылдары оқыту үдерісін үзбей жүргізу мен студенттердің шәкіртақы қоры үшін қомақты қаржы бөліп, жоғары оқу орнына үлкен көмек көрсетті. Профессор-оқытушылар құрамы мен студенттер де өз кезегінде бұл қамқорлыққа қажырлы еңбегі мен қарымды үлгерімдерімен жауап берді. Соның арқасында да контингенттің соғысқа дейінгі деңгейін сақтап қалып, жыл сайынғы мамандар даярлап шығарудың қарқынын азайтпауға қол жетті. Жалпылай алғанда, институт соғыс жылдары 298 білікті мұғалім дайындап шығарып, сонымен қатар майданға неміс фашистерінің басқыншылығын тойтарып, Отанды жаудан аман алып қалуға зор үлес қосқан өжет жауынгерлер берді.

Профессорлар-оқытушылар құрамы мен студенттер, барлық институт қызметкерлері соғыс жылдары бір ғана мақсатқа ұмтылып, соған қызмет етті. Ол мақсат – соғыс пен тылға жан-жақты көмек көрсетіп, Жеңіс сәтінің келер шағын тездету еді.

Әдебиеттер тізімі

1. Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің қалыптасу және өркендеу тарихы. Орал. 2002 ж. 228-бет.
2. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті: тарих және жаңашылдық. БҚМУ – 75 жыл. – Орал: БАҚ және баспа орталығы, 2007. – 224 б., суреттер 12б.
3. ГАЗКО, Фонд № 580, Опись № 1, Дело № 2, 158 стр.
4. Гурьева Г. *Время и люди.* – Уральск: РИЦ ЗКГУ им. М.Утемисова, 2013. – 400 с.
5. Жұмалиев Қ.Ж. *Әдебиет теориясы.* – Алматы, - 1960. – 247 б.
6. «Махамбет Өтемісов» университетіне- 90 жыл.// Үш қоңыр. – 2022. – 2 желтоқсан. – 10 б.
7. Гурьева Г. *Летит столетье над Уралом...* –Уральск, 2015. – 398 с.
8. Буркитов, О. *Старейший вуз Казахстана сертифицирован: ЗКГУ им. М.Утемисова. // Приуралье.* – 2005. – 1 февраль.
9. Гурьева Г. *От института к университету: К девяностолетию ЗКУ им. М. Утемисова.* – Уральск: РИЦ ЗКУ им.М.Утемисова, 2022. -220 с.
10. Абузаров Р.А., Утегенова К.Т. *Этот день мы приближали как могли.* – Уральск, - 2002. -104 с.
11. ГАЗКО, Фонд № 580, Опись № 1, Дело № 186, 12 с.
12. Войлоков А. *От становления физической культуры к мастерству и профессии.* – Уральск, 2002.

УДК 911.3

Абуова Б.Б.

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
Орал қ., Қазақстан*

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ГЕОГРАФИЯНЫ ОҚИТУДАҒЫ ӘДІСТЕР МЕН ТӘСІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУ

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесінде сапалы жаңа өзгерістер орын алуда. Жалпы білім беретін мектептерде жаңартылған оқу бағдарламасын кеңінен енгізу жалпы білім беру институтын қайта құру жолындағы алғашқы қадам болып табылады. Білім беру бағдарламасын жаңарту - бұл уақыт талабына сай қажеттілік. Оқу бағдарламасының жаңартылған мазмұны оқушыларға да, мұғалімдерге де өз білімдері мен дағдыларын дамытуға және жетілдіруге мүмкіндік береді [1].

Географияны оқытудың жалпы әдістемесі жалпы географияны оқыту процесін зерттейді, оқу процесінің заңдылықтарын белгілейді, мақсаттары мен міндеттерін анықтайды, мазмұнын әзірлейді, оқыту формаларын, әдістерін, құралдарын анықтайды. Географияны оқытудың жеке әдістері жалпы оқыту әдістемесінің заңдылықтары мен тұжырымдарына негізделген мектеп географиясының жеке курстарын оқытудың ерекшеліктерін және әдістеменің жеке мәселелерін зерттейді (Дағдылар мен қабілеттерді дамыту әдістемесі және т.б.). Қазіргі уақытта технология ойға келмейтін жылдамдықпен дамып келе жатқандықтан, адам кез-келген жағдайға бейімделе білуі керек. Жаңа технологияларды үнемі жетік меңгеруіміз керек, өйткені білім әр 4-5 жыл сайын жаңарып отырады, сондықтан ұстаздар да, оқушылар да өзін-өзі дамыту қажет. Осыған сәйкес, оқушылардың өмірде пайдалы болуы екіталай көлемді ақпаратпен толтырудың орнына, оған нақты өмірде көмектесетін дағдылар мен қабілеттерді дамыту қажет. Интеллектуалды, көптілді, өмір бойы оқуға дайын, тез өзгеретін ұрпақ әлемінің жағдайына бейімделе алатын ұрпақты тәрбиелеу - қазіргі білім беру жүйесінің міндеті. Осыған байланысты білім беру жүйесі тек білімге және ақпаратты есте сақтауға бағытталмауы керек. Тиісінше, мұғалімнің қызметі де кейбір өзгерістерге бейім болуы тиіс. Осы мақсатқа жету үшін қазақстандық мектептерде барлық жерде жаңартылған оқу бағдарламасы енгізілуде. География бойынша оқу бағдарламасының жаңартылған мазмұны мен құрылымы пәннің ерекшеліктеріне байланысты. Егер бұрын география жаңа жерлерді, елдерді, оларды зерттеуді сипаттайтын ғылым болса, қазір ғылымның қызметі адамның қоршаған ортаға, экожүйенің тұтастығына, адамның табиғатқа зиянды әсерін болдырмауға әсерін анықтауға, пайдалы қазбаларды сақтау жолдарын іздеуге, табиғатта болатын себеп-салдарлық байланыстарды анықтауға, әлемде болып жатқан саяси, демографиялық, экономикалық процестерді зерттеуге бағытталған [2].

Сонымен, география бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі неде? Біріншіден, бұл география пәнінің мазмұнын өзгерту. Мысалы, егер 7-сыныпқа арналған дәстүрлі географиялық білім беру бағдарламасы 6-сынып бөлімдерін және материктер мен мұхиттардың географиясын қамтыса, қазіргі таңда ол келесі бөлімдерден тұрады:

- Географиялық зерттеу әдістері;
- Картография және географиялық білім базасы;
- физикалық география;
- әлеуметтік география;
- экономикалық география;
- Елтану және саяси географияның негіздері.

Екіншіден, бұл бөлімдерге сәйкес келетін бағалау мақсаттары. Әрбір мақсат белгілі бір дағдыларды дамытуға бағытталған. Дағдылар Блум таксономиясы (1 сурет) бойынша жіктеледі, яғни:



1-сурет. Блум таксономиясы [3, 336б.]

Мысалы, географиялық білімнің әртүрлі көздерімен жұмыс істеу; саяхатшылар мен зерттеушілердің география ғылымын дамытуға қосқан үлесін сипаттау, бағалау және т.б. бағалау мақсаттарына жету оқушылардың әртүрлі практикалық дағдыларын дамытады, алған білімдерін өмірде пайдалану жолдарын көрсетеді. Сонымен қатар, ұсынылған бағалау мақсаттары мен дағдылары оқушылардың жасына сәйкес келеді. Үшіншіден, оқу бағдарламасының спиральдылығы. Егер бұрын әр сыныпта (6-дан 11-сыныпқа дейін) географияның белгілі бір саласы зерттелген болса (6-сынып - физикалық география; 7-сынып - материктер мен мұхиттардың географиясы; 8-сынып - Қазақстанның физикалық географиясы; 9-сынып - Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы; 10-сынып - әлемнің экономикалық және әлеуметтік географиясы; 11-сынып - әлем елдерінің аймақтық шолуы), қазір жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша географияның сыныптан сыныпқа негізгі бөлімдері қайталанатын, бағалау мақсаттары күрделене түседі, ал сабақтың мазмұны кеңейеді. Осылайша, бағдарламаның спиральдылығы сыныпқа бұрын алған білімдерін пайдалануға мүмкіндік береді, бұл оқу материалын жақсы түсінуге ықпал етеді. Білім беру стандартының талаптарына сәйкес қазіргі мектептегі білім беру процесі оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын қолдана отырып құрылуы керек. Айта кету керек, оқу процесіне инновациялық көзқарас оқушылардың шығармашылық және сыни ойлауды, оқу-зерттеу қызметінің тәжірибесі мен құралдарын, рөлдік және имитациялық модельдеуді мақсатты қалыптастыру негізінде жаңа тәжірибені игеру мүмкіндіктерін дамытумен ерекшеленеді. Дәстүрлі оқытуда берілген үлгілерді игеруге, нақты белгіленген стандарттарға қол жеткізуге басымдық беріледі. Осылайша, географияны оқытудың инновациялық тәсілімен ғана мұғалім пәндік білімді игеруге ғана емес, сонымен қатар білім алушылардың ақпараттық географиялық ұтқырлығын қалыптастыруға қол жеткізе алады [4].

Бүгінгі таңда география сабақтарында белсенді қолданылатын *жаңартылған оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларына* мыналар жатады:

Ойын әдісі

Карталарды қолдану

Бейнелі карта әдісі

Постер қорғау (топтық, жұптық т.б)

Картосхема түсіру

Инфографикамен жұмыс

Learning-App

Триз технологиясы (салыстыру, сәйкестендіру т.б)

Стратегиялық талдау әдістері (SWOT, PEST, GAP, Форсайт, т.б)

Осының ішінде, қашықтықтан білім беру жүйесінде кеңінен қолданылған және жаңартылған білім берудің ерекше моделі ретінде Learning-App қосымшасын айта аламыз. *Learningapps.org* - бұл интерактивті модульдер арқылы оқыту процесін немесе өзін-өзі оқытуды қолдауға арналған ақысыз қызмет. Пайдаланушылар қол жетімді модульдерді қолдана алады, оларды өзгерте алады және ұсынылған конструктор мен шаблондарды қолдана отырып жаңа модульдер жасай алады. Интерактивті тапсырмалар пәндік санаттар бойынша құрастырылған. Сайттың орыс, ағылшын, неміс, француз, испан, итальян және басқа тілдердегі нұсқалары мен тапсырмалары (модульдері) бар. Learning Apps қызметі қолданбаларды құруға мүмкіндік береді, тақырыпты бір блокқа біріктіретін барлық жаттығуларды жинайды, бұл ұстаз үшін де, оқушы үшін де өте ыңғайлы. Мұғалімдер материалды бекіту, үй тапсырмасы, қосымша сабақтар, бақылау үшін бұл қосымшаны кеңінен қолданады. Жаттығуды онлайн режимінде орындау арқылы оқушы бірден өз білімін тексеріп, бағасын ала алады. Бұл қосымшамен тапсырмалар орындаудың әдістемелік мақсаты әртүрлі:

- оқыту;
- ақпараттық-іздістіру;
- демонстрациялық;
- бақылау;
- оқу-ойын және т. б.

Тапсырмаларды орындау кезінде мұғалімнің топ статистикасында жаттығудың дұрыстығы және шешілген тапсырмалар саны көрсетіледі. Жаңартылған білім берудің осы Learning-App әдісін қолдана отырып, география пәнін оқытуға деген ынтаны арттыруға мүмкіндік бар, оқушының қателік жасаудан қорқуын тежеуге және сабақ тақырыбын әр түрлі форматта өткізу арқылы қызығушылықты жоғарылатуға болады[5, 183б.].

Географияны оқыту процесінде оқушылардың ойлауын дамытудың ең құнды әдістерінің бірі-ТРИЗ технологиясының элементтерін қолдану. ТРИЗ -өнертапқыштық мәселелерді шешудің әмбебап технологиясы. Оның негізі проблемалық-іздеу әдісі болып табылады. ТРИЗ негізінде жатқан проблемалық-іздеу әдісі осы технологияны дамытушылық оқытумен біріктіреді, өйткені онда белсенді тәсіл, теориялық жалпылау, диалог және проблемалық міндеттерді қалыптастыру мүмкіндігі байқалады. Географияны зерттеу барысында ТРИЗ әдістерін қолдану жаңартылған жағдайда білім берудің тиімділігін арттыруға көмектеседі. ТРИЗ әдістері оқушыларды болжауға, қарапайым нәрселердегі қайшылықтарды табуға, өз ойларын білдіру қабілетін дамытуға, оңтайлы шешімдерді табуға үйретеді[6, 3б.].

Осындай әдіс-тәсілдердің барына қарамастан, мектеп география мұғалімінің кәсіби қызметінің қажетті шарты білім алушылардың өзекті және жаңартылатын ақпаратты игеру тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін оқытудың жаңа әдістері мен технологияларын үздіксіз іздеу мен әрбір әдістің нәтижелерін салыстыра отырып талдау болып табылады. Осыған байланысты мұғалім білім беру трендтеріне жүгінуі керек және оларды білім беру процесіне біріктіру арқылы олардың тиімділігі мен оқыту жүйесіне енгізудің орындылығын анықтау қажет.

Қазіргі уақытта географияны оқытуда мазмұнды, әдістемелік, кадрлық және мотивациялық мәселелер ерекше рөл ойнайды.

1. Мазмұнды сипаттағы мәселелер

- Географияны зерттеуде кешенді тәсілдің жеткіліксіз іске асырылуы, нәтижесінде география ғылымының екі саласы – физикалық және әлеуметтік-экономикалық география арасында алшақтық байқалады;

- жастарды патриоттық тәрбиелеу құралы ретінде географияға жеткіліксіз көңіл бөлу;

- «туған өлкенің географиясы» курсы 8-9 сынып бағдарламаларынан шығару және жеткіліксіз, экскурсиялар, экспедициялар, жаратылыстану тәжірибелері және т.б. нәтижесінде білім берудің өлкетану компонентіне назар аударудың төмендеуі, бұл білім

алушылардың туған өлкенің географиясы саласындағы құзыреттілік деңгейін айтарлықтай төмендетті;

- жалпы орта білім берудің білім беру бағдарламасында географияның жалпылама курсының болмауы, бұл теориялық білімнің әлеуетінің төмендеуіне және түлектердің аумақты зерттеудің практикалық дағдыларының болмауына әкеледі.

2. Әдістемелік мәселелер

- Білім алушылардың жеке тәжірибесін толық ескермейтін және олардың құндылық-мағыналық бағдарларын қозғамайтын дәстүрлі оқыту тәсілінің басым болуы, қазіргі заманғы технологияларды жеткіліксіз пайдалану;

- әмбебап оқу іс-әрекеттеріне бағдарлануды ескере отырып, танымдық, жобалық-зерттеу, ойын, коммуникативтік қызметке негізделген технологияларды мектеп тәжірибесінде жеткіліксіз пайдалану.

3. Мотивациялық сипаттағы мәселелер

- Географиялық білім берудің күнделікті өмір үшін маңыздылығын жете бағаламау;

- практикалық сабақтардың жеткіліксіз көлеміне байланысты, оның ішінде сабақтан тыс іс-шаралар (экскурсиялар, жорықтар, далалық және практикалық зерттеулер, экспедициялар және т.б.) шеңберінде білім алушылардың географияны оқуға деген ынтасын төмендету;

- жоғары білім беру ұйымдарына, оның ішінде бейіндік географиямен оқуға түсу үшін түсу сынақтарының тізбесінде пәннің болмауына байланысты мемлекеттік қорытынды аттестаттаудан өту кезінде емтихан нысанында таңдау бойынша емтихан ретінде географияның талап етілмеуі.

Қорытындылай келе, жоғарыдағы аталған мәселелерді шешу жолдары:

- «Қазақстан географиясы» курсының («туған өлкенің географиясы» модулінің) мазмұнын өзектендіру арқылы патриотизм, азаматтық борыш сезімін, ұлттық және мемлекеттік ерекшеліктерді терең түсінуге тәрбиелеу;

- сабақтан тыс жұмыстардың мүмкіндіктерін пайдалану (мектептегі туристік жорықтар);

- «Графикалық органайзер» әдісін қолдана отырып, Қазақстандық географиялық диктанттарды өткізуге жәрдемдесу және оларға қатысу;

- оқушыларды географияны оқытудағы оқу іс-әрекетінің маңызды түрі практикалық тапсырмалар болып табылады, сондықтан арнайы құзыреттілікке бағытталған тапсырмалар арқылы негізгі құзыреттіліктерді қалыптастырған жөн.

Әдебиеттер тізімі

1. *Об утверждении Государственной программы развития образования и науки Республики Казахстан на 2020- 2025 годы. Постановление Правительства РК от 27.12. 2019 г. № 988.*

2. *Светлов, А.А. Проблемы и перспективы развития системы образования: российский и зарубежный опыт / А. А. Светлов. - Текст: непосредственный // Образование и воспитание. - 2020. - № 1 (27). - С. 1-4.*

Anderson J. W., Krathwhol D. R., Airasia P. W. A Taxonomy for learning, teaching and assessing: a revision of Bloom's taxonomy of education. New York: Person Education, 2003. 336 p

3. *Қанатова, Ж.К. Қазақстандық мектептердегі география бойынша оқу бағдарламасының жаңартылған мазмұнының ерекшеліктері / Ж.К. Қанатова. - Мәтін: тікелей // Жас ғалым. - 2018. - № 20 (206). - 385-388 бб.*

4. *Забродина, Е.В. Применение сервиса LearningApps.org при обучении бакалавров педагогического образования / Е.В. Забродина. - Текст: непосредственный // Молодой ученый. - 2018. - № 18 (204). - С. 182-186.*

5. *Везеничева Анастасия Андреевна, Суханова Юлия Андреевна, Использование триз технологиина уроке географии, 2021.*

**БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДА ПАЛЛАС ТАРБАҚАСЫНЫҢ,
PELOBATES VESPERTINUS (PALLAS, 1771) ТАРАЛУЫН ЗЕРТТЕУ**

Паллас тарбақасы *Pelobates vespertinus* (Pallas, 1771) - тарбақа тұқымдасының құйрықсыз қосмекенділерінің бір түрі. Түрдің ауқымы Батыс, Орталық және Шығыс Еуропаның, Оралдың, Батыс Сібірдің және Батыс Қазақстанның (Еуропалық фауналық кешен) едәуір бөлігін қамтиды. Бұрын ол генетикалық жағынан ерекшеленетін қарапайым тарбақаның *Pelobates fuscus* шығыс түрі ретінде қарастырылды. Бұл түрді сипаттаған Петр Симон Палластың есімімен аталады [1].


Еділдің шығысында Паллас тарбақасы ареалының оңтүстік шекарасы негізінен шөл аймағының шетімен сәйкес келеді, бірақ үлкен және Кіші Өзен, Көшім және т.б. өзендерінің аңғарлары оларға енеді, ал Оралдың кең алқабы теңізге де жетуге мүмкіндік береді [2, 3, 4]. Оңтүстік-шығыста ол Ырғыз және Торғай өзендерінің төменгі ағысында белгілі, бірақ одан әрі ыстық, құрғақ, тұзды көлдер бар жақта кездеспейді. Торғай депрессиясында негізінен тұщы су қоймаларының немесе тұздалған көлдердің ірі тұщыланған тоғандарының жағасында белгіленген [5]. Одан әрі солтүстікке қарай - Тобыл аңғары бойымен Обаған құйылысынан – Паллас тарбақасы Тура өзенінің төменгі ағысына дейін енеді [6, 7]. Батыс Сібірдегі оның диапазонының солтүстік шекарасы Ресейдің Еуропалық бөлігіндегідей ендікте орналасқан.

Ол қоңыржай ендіктердің негізгі "қолайсыздығына" - қысқы аязды температураға төзбейді, бұл бақа түрлерінің көп бөлігін суда қыстауға мәжбүр ететін сөзсіз кемшілік. Тарбақа ауа температурасы -40°C дейін төмендеген кезде де топырақ қатпайтын тереңдікке көміледі, тек 20-30 см қар жамылғысы болса. Бірақ Есіл өзені бассейнінде тарбақа кездеспейді, өйткені Оралдан шығысқа қарай $50-52^{\circ}\text{C.E.}$ топырақтағы температура біртіндеп төмендейді, ал теріс мәндер Тобылдың жоғарғы аңғарында, тіпті 160 см тереңдікте де тіркеледі. Тарбақа ареалының шығыс шекарасының орналасуы оның нөлдік изотермамен байланысында [8].

Тарбақа өзендердің жайылмаларында, батпақтардың жанында тұрады, көбінесе арықтарда, шұңқырларда және т.б. жерлерде; суда ол тек жұптасу кезеңінде болады, ал қалған уақытын құрлықта өткізеді. Еуропада ол судан алыс жерде жиі кездеседі, бірақ Қазақстанда бұл байқалмайды: құрлықта болған кезде, әдетте, ол судан бірнеше ондаған метрден алыс кетпейді. Мүмкін, бұл Қазақстанның тарбақа таралған аудандарының ауасының үлкен құрғақтығына байланысты болуы мүмкін - олардың барлығы дала, жартылай шөл және шөл аймақтарында таралған. Құрлықтағы баспана ретінде, негізінен кеміргіштердің шұңқырларын, шөптер мен бұталардың тығыз қопаларын, әртүрлі шұңқырларды, құдықтарды, ағаш тамырлары арасындағы кеңістікті, кейде ғимараттардың қирандыларын таңдайды.

Батыс Қазақстан облысында кездесетін Паллас тарбақасын зерттеу география мен биологияның қиылысындағы пәнаралық зерттеу болып табылады, биогеографиялық зерттеулерге жатады. Жұмыстың өзектілігі Батыс Қазақстан облысындағы *Pelobates vespertinus* (Pallas, 1771) Паллас тарбақасының таралу аймағы мен географиялық өзгергіштігі туралы онда алынған деректердің маңызды іргелі және қолданбалы мәнімен айқындалатын болады. Олардың қазіргі ауқымына, сондай-ақ осы жануарлардың морфологиялық және генетикалық көрсеткіштерін өзгертетін табиғи және антропогендік жағдайларға байланысты кез-келген мәселелерді шешу тек теориялық ғана емес, сонымен қатар практикалық зоогеография үшін де үлкен маңызға ие.

Герпетологиялық тұрғыдан Батыс Қазақстан облысы жеткілікті зерттелмеген. Герпетофаунаның жалпы зерттеулері бүкіл аймақта жүргізілген жоқ. Батыс Қазақстан облысында Паллас тарбақасының таралуының кадастрлық карталары жоқ. 2004-2022 жылдары далалық зерттеулер нәтижесінде Батыс Қазақстан облысы аумағында Паллас тарбақасының 19 мекен ортасы табылды. 2004-2010 жылдар арасында 11 мекен ортасы табылса, 2019-2022 жылдардағы зерттеу нәтижесінде 7 мекен ортасы белгіленді.



1 сурет - Батыс Қазақстан облысында Паллас тарбақасының, *Pelobates vespertinus* (Pallas, 1771) таралу картасы (көк нүктелер – 2004-2010 жылдарда, жасыл нүктелер – 2010-2022 жылдар)

Паллас тарбақасының қазіргі таңдағы Батыс Қазақстан облысында таралу аймағы.

Ф.Г. Бидашко және Е.Н. Гниденко зерттеулері бойынша 2004 ж. Сырым ауданы, Жымпиты ауылынан ($50^{\circ}15'58.8''N$, $52^{\circ}35'58.0''E$) кездескенін жазып кетті.

Боркин Л.Я., Литвинчук С.Н. және т.б. зерттеулері бойынша Батыс Қазақстан облысында Паллас тарбақасының мекен орталары табылды: Бөкей Орда ауданы, Жуальной ауылы маңы, 2010 ж. ($48^{\circ}57'N$, $49^{\circ}20'E$); Ақжайық ауданы, Бағырлай өзені, Атырау-Орал тас жолының 270 км, 2010 ж., ($49^{\circ}23.935'N$, $51^{\circ}41.520'E$); Жаңақала ауданы, Жаңа Казанка-Чапаев тас жолы, жол жиегіндегі дренаждық арық, 2010 ж. ($48^{\circ}57.080'N$, $49^{\circ}19.158'E$); Бәйтерек ауданы, Богатск кенті, жол жанындағы екі тоған, 2012 ж. ($50^{\circ}39.980'N$, $51^{\circ}06.241'E$); Казталов ауданы, Бестентек қыстауы, жол жанындағы шалшық, 2012 ж. ($49^{\circ}54'N$, $50^{\circ}07'E$); Казталов ауданы, Ащысай шатқалы, қамыс бар су айдыны 2012 ж. ($49^{\circ}32.500'N$, $48^{\circ}07.859'E$); Жәнібек ауданы, Жәнібектен 35 км жердегі Жыра кенті, қалың қамыс бар су айдындары, 2012 ж. ($49^{\circ}40.678'N$, $47^{\circ}06.269'E$); Бөкей Орда ауданы, Бейсен ауылы, жолдың жанындағы шалшық, 2012 ж. ($48^{\circ}58.155'N$, $47^{\circ}30.044'E$); Бөкей Орда ауданы, Жуальной ауылы маңы, жолдың жанындағы шалшық, 2012 ж. ($48^{\circ}57.140'N$, $49^{\circ}20.127'E$); Жаңғала ауданы, Жаңғала ауылы, жол жанындағы шалшық, 2012 ж. ($49^{\circ}12.219' N$, $50^{\circ}16.544' E$) [9].

2019 ж. г.ғ.к., профессор Ахмеденов Қ.М. Бакиев А.Г.-мен далалық экспедицияларда келесі жерлерде Паллас тарбақасын тапты: Шыңғырлау ауданы, Лубенка ауылы ($50^{\circ}26'22.8''N$, $54^{\circ}07'29.3''E$); Шыңғырлау ауданы, Шыңғырлау ауылы ($51^{\circ}05'55.6''N$, $54^{\circ}06'07.6''E$); Шыңғырлау ауданы, Ардақ ауылынан оңтүс-тік-шығысқа қарай 38 км ($50^{\circ}36'53.3''N$, $53^{\circ}58'56.3''E$); Шыңғырлау ауданы, Ардақ ауылынан оңтүстікке қарай 96 км ($50^{\circ}05'00.5''N$, $54^{\circ}06'00.5''E$); Теректі ауданы, Федоровка ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 32 км ($50^{\circ}59'28.4'' N$, $51^{\circ}43'44.5''E$).

2020 ж. г.ғ.қ., профессор Ахмеденов Қ.М. экспедицияда Теректі ауданы, Дәдем-Ағаш бұлағында (50°53'21.5"N, 52°22'59.7"E) Паллас тарбақасының мекен ортасын тапты.

3 маусым-5 маусым 2022 ж. г.ғ.қ., профессор Ахмеденов Қ.М. жетекшілігімен экспедиция ұйымдастырылып, нәтижесінде Батыс Қазақстан облысы, Бәйтерек ауданы, Белес ауылы, Деркул өзенінен (51°16'42.2"N, 51°02'18.9"E) Паллас тарбақасының жаңа мекен ету ортасын анықтап оны кадастрлық картаға түсірдім.

Мақаланы құрастыруға әдеби ақпарат, герпетологиялық жинақтар материалдары, г.ғ.қ., профессор Ахмеденов Қ.М.-ның деректері және жеке бақылаулар негіз болды. Материалдар 2004 жылдан 2022 жылға дейінгі Каспий маңы жазығы, Орал-Ембі және Торғай үстірттері экспедицияларының нәтижелері бойынша жинақталған. Паллас тарбақасының Батыс Қазақстанда таралу картасы Google Mars бағдарламасында жасалды. Соңғы кездескен мекен ету ортасы координатасы спутниктік навигатордың (GPS) көмегімен анықталды.



3 сурет - Батыс Қазақстан облысы, Бәйтерек ауданы, Деркул өзені (04.06.2022 ж.) А.Қ. Аульбектің суреті



4 сурет - Батыс Қазақстан облысы, Бәйтерек ауданы, Деркул өзені (04.06.2022 ж.) А.Қ. Аульбектің суреті

Суретке кадастр: **1** - Бәйтерек ауданы, Деркул өзені, Белес ауылы (51°16'42.2" N, 51°02'18.9" E), 2022 ж.; **2** - Шыңғырлау ауданы, Шыңғырлау ауылы (51°05'55.6"N, 54°06'07.6"E), 2019 ж.; **3** - Теректі ауданы, Федоровка ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 32 км (50°59'28.4" N, 51°43'44.5"E), 2019 ж.; **4** - Теректі ауданы, Дәдем-Ағаш бұлағында (50°53'21.5"N, 52°22'59.7"E), 2020 ж.; **5** - Бәйтерек ауданы, Богатск кенті, жол жанындағы екі тоған. (50°39.980'N, 51°06.241'E), 2012 ж.; **6** - Шыңғырлау ауданы, Ардақ ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 38 км (50°36'53.3"N, 53°58'56.3"E), 2019 ж.; **7** - Шыңғырлау ауданы, Лубенка ауылы (50°26'22.8"N, 54°07'29.3"E), 2019 ж.; **8** - Сырым ауданы, Жымпиты ауылы (50°15'58.8"N, 52°35'58.0"E), 2004 ж.; **9** - Шыңғырлау ауданы, Шыңғырлау ауылы (51°05'55.6"N, 54°06'07.6"E), 2019 ж.; **10** - Казталов ауданы, Бестентек қыстауы, жол жанындағы шалшық (49°54'N, 50°07'E), 2012 ж.; **11** - Жәнібек ауданы, Жәнібектен 35 км жердегі Жыра кенті, қалың қамыс бар су айдындары, (49°40.678'N, 47°06.269'E), 2012 ж.; **12** - Казталов ауданы, Ащысай шатқалы, қамыс бар су айдыны, (49°32.500'N, 48°07.859'E), 2012 ж.; **13** – Ақжайық ауданы, Бағырлай өзені, Атырау-Орал тас жолының 270 км, (49°23.935'N, 51°41.520'E), 2010 ж.; **14** – Жаңғала ауданы, Жаңғала ауылы, жол жанындағы шалшық, (49°12.219'N, 50°16.544' E), 2012 ж.; **15** – Бөкей Орда ауданы, Бейсен ауылы, жолдың жанындағы шалшық, (48°58.155'N, 47°30.044'E), 2012 ж.; **16** – Бөкей Орда ауданы, Жуалыой ауылы маңы, жолдың жанындағы шалшық, (48°57.140'N, 49°20.127'E), 2012 ж.; **17** – Жаңғала ауданы, Жаңа Казанка-Чапаев тас жолы, жол жиегіндегі дренаждық арық, (48°57.080'N, 49°19.158'E), 2010 ж.; **18** - Бөкей Орда ауданы, Жуалыой ауылы маңы, (48°57'N, 49°20'E), 2010 ж.

Батыс Қазақстан облысында Паллас тарбақасының таралу аймағы біркелкі десе болады. Келесі жолы экспедицияны Бөрлі, Қаратөбе, Таскала аудандарында өткізу керек деп ойлаймын.

Әдебиеттер тізімі

1. Берман Д., А. А. (2020). *Игра в карты, или Почему чесночница Палласа не идёт на восток. Природа*, 131—158.
2. Дебело П.В., Чибилев А.А. *Орал-Каспий аймағының қосмекенділер мен бауырымен жорғалаушылар. Серия: Жайық-Каспий аймағының табиғи әртүрлілігі. Т. III. Екатеринбург: Ресей ғылым академиясының Орал филиалы, 2013. 400 б.*
3. Зарудный Н. А. *Материалы для фауны амфибий и рептилий Оренбургского края // Bull. Société Impériale des Naturalistes de Moscou. Nov. Série. 1896; 9(3): 361–370.*
4. Искакова К. *Қазақстанның қосмекенділері. Алма-Ата, 1959.*
5. Динесман Л. Г. *Амфибии и рептилии юго-востока Тургайской столовой страны и Северного Приаралья // Тр. Ин-та географии АН СССР. 1953; 54: 383–422.*
6. Рузский М. Д. *Зоодинамика Барабинской степи // Вопросы зоологии (Труды Томского госуниверситета). 1946; 97: 17–68.*
7. Блинова Т. К. *Земноводные северной лесостепи Зауралья. В кн. Вид и его продуктивность в ареале. Ч. 5. Вопросы герпетологии. Свердловск, 1984; 5–6.*
8. Kowalewski L. *Observations on the phenology and ecology of amphibia in the region of Czestochowa // Acta Zool. Cracov. 1974; 19(18): 391–458.*

БҰЛАҢҚҰЙРЫҚ БАТБАТТЫҢ (*PHRYNOCEPHALUS GUTTATUS* GMELIN, 1789) БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДА ТАРАЛУ АУМАҒЫ

Бұлаңқұйрық батбат (*Phrynocephalus guttatus* Gmelin, 1789) – агама тұқымдасына жататын кесірткенің бір түрі. Дене ұзындығы 6 см-ге дейін, құйрығы 8,2 см-ге дейін жететін кішкентай кесіртке. Дене салмағы небәрі 5-6 грамм. Басы дөңгелек пішінді, тұмсығы көлбеу. Бастың жоғарғы бөлігі қабыршақтармен жабылған. Есту тесіктері терімен жабылған. Дөңгелек мұрын тесіктері жоғарыдан қарағанда да көрінеді. Қабыршақтары барлық жерде дерлік тегіс. Мойынның жоғарғы бөлігінде көлденең тері қатпары жоқ. Дененің үстіңгі жағы құмды немесе құмды-қоңыр түсті. Мұндай фон сұр нүктелер мен дақтардың жинақталуына байланысты қалыптасады. Мойыны ақ түсті, қоңыр реңктері бар. Ерін қалқандары ашық сары. Құйрығы қара, көк реңктері бар. Құйрығының түбінің түсі бозарған [1].

Бұлаңқұйрық батбатты алғаш рет Иван Иванович Лепехин өзінің "Күндізгі саяхат жазбаларында" *Lacerta* тұқымдасының өкілі ретінде сипаттаған. Алайда, Лепехин бұл кесірткеге биномдық атау берген жоқ. Сол себепті, Иоганн Фридрих Гмелин түрдің сипаттамасының авторы болып саналады, ол оған латынша *Lacerta guttata* атауын ұсынды. 1802 жылы Франсуа-Мари Доден түрді *Agama* тұқымдасына жатқызды. Ақырында, 1827 жылы Иоганн Якоб Кауп түрді *Phrynocephalus* тұқымына орналастырды. Бұл тұқымның түрі-*Lacerta Caudivolvula*, оны Петр Симон Паллас сипаттаған және қазіргі уақытта *Phrynocephalus guttatus* атауымен аталады [2].

Бұлаңқұйрық батбат негізінен шөл және шөлейт аумақтарда таралған. Ол Ресейдің оңтүстік бөлігінде, Батыс және Орталық Қазақстанда, Өзбекстанда (Қарақалпақстан, Белтау, Үстірт) және Солтүстік Түрікменстанда (Қапланқыр, Қазақлышор, Ұзыншор) кездеседі[4].

Түрдің таралу аймағы Еділ-Дон өзені аралығы мен Батыс Кавказдан Қазақстан мен Өзбекстанның солтүстігі арқылы Қытайдың солтүстік-батыс аймақтарына дейінгі (Орта Азия фауналық кешені) кең аумақты қамтиды [3,4].

Жайықтың батысында XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында зоологтар, соның ішінде облыстың осы бөлігін біраз жылдар зерттеген Н.А Зарудный бұлаңқұйрық батбатты өз экспедицияларында кездестірмеді. Алайда 1972-1974 жж Чибилен 1995 жылғы зерттеулерінде бұлаңқұйрық батбатты М.Хобда өзенінің жағасындағы құмдардан, кейіннен Покровка ауылындағы Елек өзенінің оң жағалауынан, Ақбұлақ ауданы, Қайрат ауылы маңында және Орынбор облысы, Елек ауданының басқа да құмды массивтерінен кездестірген. 1955 жылы Ю.Л.Дубровский зерттеулерінде Ақтөбе облысы, Мортук ауданы, Рыбаковка ауылы маңындағы Уртабуртя өзенінің жоғарғы ағысынан табылған [5].

Кейінірек Дубровский (1967) бұлайқұйрық батбатты Аққұм құмды массивінде, Соркөл (Қалдығайты өзенінің жоғарғы ағысы) көлі маңындағы құмдарда, Сұлукөл көліндегі Шағыл құмында, Шұбар-Ағаш өзенінің алабындағы. Қобда өзені бойында байқаған. Түр Елек өзенінің аңғарында да қоныстанған деп саналады. Бірақ 1991 жылы Буранный және Линевка елді мекендерінің маңындағы құмдардан табылмаған (Давыгора, 1992;1995) [6,7].

А.В. Давыгора атап өткендей, 1880-ші жылдардан кейін бұлаңқұйрық батбат белгіленген нүктелерден табылды (Н.А. Зарудныйдың зерттеу уақыты), онда шамамен 70 жыл ішінде ол тек 200 км-ден астам жолды жүріп өтіп қана қоймай, сонымен бірге Елек өзеніне дейінгі үлкен жолды кесіп өткен, ал осы өзен аңғарынан төмен (мұнда үлкен құмды массивтер де бар) ол қандай да бір себептермен әлдеқайда аз қашықтыққа

жылжыды. Осыған байланысты, бұлаңқұйрық батбат бұрын Ойыл өзенінің аңғарының солтүстігінде өмір сүрген деген болжам сенімдірек болар еді. Бірақ құмды массивтердің кішірек болуына және бұлаңқұйрық батбаттың санының әлдеқайда аз болуына байланысты зоологтар оларды байқамады. 1970-1990 жылдардағы Климаттық аридиация және күшті жайылымдық дигрессия бұлаңқұйрықтың санының өсуіне және ауқымының біршама кеңеюіне ықпал еткені сөзсіз. Ю. А. Дубровский (1967) Ырғыз өзеннің төменгі ағысындағы Ырғыз кентінен солтүстікке қарай 70 км жерде және Ақтөбе облысындағы Мамыр ауылынан (Брушко, Кубыкин, 1988) бұлаңқұйрықты тапқанын есептемесек, шекараларда айтарлықтай өзгерістер анықталған жоқ [3].

Оңтүстік шекара Төменгі Еділ өзенінен Каспий теңізінің жағалауы бойымен Ембі өзенінің төменгі аймағына дейін байқалады. Әрі қарай, шекарасы біршама белгісіз. Эйхвальдтың айтуынша, Каспийдің шығыс жағалауында Балқан шығанағына дейін (Никольский, 1905) созылады [1].

1793 жылы мамырда Паллас Батыс Қазақстанға экспедиция жүргізді. Бұл аймақта шамамен 10 күн болған кезде ол аймақтың герпетофаунасы туралы жаңа мәліметтер ала алды, бауырымен жорғалаушылардың 7 түрін атап өтті. Олардың бірі ғылым үшін жаңа түр ретінде сипатталған [10].

Паллас өз еңбегінде: «Қамыс және бұта өсетін құмды төбелерде сүйкімді кішкентай кесірткелер кездеседі. Егер олар қорқатын болса, құйрығын артқы жағына бұрады...» (Pallas, 1799: 111–112; Паллас, 2008: 60–61). Бұл мәліметте көрсетілген кесіртке бұлаңқұйрық батбат болуы мүмкін деген деректер бар [10].

1795 жылы Фридрих Мейердің 32 беттен тұратын «Синописис рептилий» атты кітабы жарық көрді. Бұл еңбекте бұлаңқұйрық батбат атауы кездеседі. Ф. Мейер (Мейер, 1795: 28–29) кесірткелерді Lacerta тұқымынан Жаңа Ameiva тұқымына көшіріп, бауырымен жорғалаушыларды зерттеуде өз есімін тарихта қалдырды [8,9].

1797-1801 жылдары Кенигсбергте (қазіргі Калининград, Ресей) неміс тілінде Иоганн Георгидің "Ресей империясының физикалық-географиялық және табиғи-тарихи сипаттамасы" атты 12 томдық кітабы шықты. И. Г. Георгийдің қорытындысында "Lacerta guttata" (S. 1876) Орал өзенінің даласынан табылды. Иоганн Георги өз еңбегінде: «Бұлаңқұйрық батбат, *phrynocephalus guttatus* (J. F. Gmelin, 1789); Agamidae тұқымдасы. Неміс атауы - "Getröpfelte Eidere", яғни дақты кесіртке. Ұзындығы үш дюймден асады, яғни 7.6 см-ден асады; іші сұр, ақ дақты» деген мәлімет берді [6].

Қазақстанның герпетофаунасына қатысты "Zoographia Rosso-Asiatica" (Pallas) үшінші томында, 1814) келесі таксонды табуға болады: "Бұлаңқұйрық батбат құмда, шөлді және тұзды жерлерде көбірек мекен етеді. Ол Ертістің құмында және тіпті бүкіл Ұлы Татарияда жиі кездеседі" = бұлаңқұйрық батбат, *Phrynocephalus guttatus guttatus* (J. F. Gmelin, 1789); Agamidae тұқымдасы.

П.С.Палластың деректеріне сүйенсек, бұлаңқұйрық батбат қалмақтарда "адам кесірткесі" деген атпен белгілі ("Kuhn-Gürbel seu Lacerta humana") және құрметке ие [3].

Бұлаңқұйрық батбаттың қазіргі таңда Батыс Қазақстан облысында таралу аумағы. Боркин Л.Я. 01.06.2010 жылғы өз зерттеулерінен Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе ауданы, Егіндікөл және Сегізсай ауылының арасы, Аққұм құмынан (50°09.479' N 54°09.316' E) және Батыс Қазақстан облысы, Сырым ауданы Бұлдырты ауылынан 20 км солтүстік бағытта орналасқан құмынан (50°26' N 52°38' E) бұлаңқұйрық батбаттың мекен ортасы табылды.

Боркин Л.Я. 24.05-25.05.2012 жылғы экспедициясы нәтижесінде Батыс Қазақстан облысы, Бөкейорда ауданындағы фермадан (47°56.033' N 47°52.018' E) және Батыс Қазақстан облысы, Бөкейорда ауданы, Хан Ордасы ауылынан (48°46.665' N 47°25.316' E) мекен ету орталары анықталды.

17.06-19.06.2022 жылы Батыс Қазақстан облысы, Шыңғырлау ауданына г.ғ.к Ахмеденов К.М. жетекшілігімен далалық экспедиция жұмыстары жүргізілді. Шыңғырлау

ауданы, Сегізсай елді мекенінен (51°08.47' N ; 54°07.22' E) координаталарынан бұлаңқұйрық батбат табылып, зерттеу оң нәтижелерін көрсетті.

19.06.2022 күнгі зерттеу нәтижесінде Батыс Қазақстан облысы, Шыңғырлау ауданы, Бигулы құмы маңынан (50°09.404' N ; 053°25.736' E) координатасы бойынша бұлаңқұйрық батбаттың мекен ортасы анықталды.



1 сурет - *Phrynoscephalus guttatus*, БҚО Шыңғырлау ауданы, Сегізсай елді мекені (17.06.2022ж). К.М.Ахмеденовтің суреттері.



2 сурет - Биотоп, БҚО, Шыңғырлау ауданы, Сегізсай елді мекені (17.06.2022ж). А.А.Галимжанованың суреттері

Бұлаңқұйрық батбатты үй жағдайында зерттеу. Бұлаңқұйрық батбатты үйде ұстау үшін терең террариум қолайлы, оны кәдімгі 40 литрлік аквариумнан жасауға болады. түбіне 10-15 сантиметрлік таза құм қабаты құйылады; құмның түбін ылғалдандыру қажет. Баспана ретінде ағаштардың бұтақтарын орналастыра аламыз. Сонымен қатар, террариумда су ішетін ыдысты да орнату керек.

Ауа температурасын 28-32°C, түнде одан 3-5°C төмен ұстау керек. Террариумның бұрыштарының бірінде шамды іліп қою керек, ол топырақты 35°C дейін қыздырады. салыстырмалы ылғалдылық 30-дан 60% - ға дейін. Бұлаңқұйрық батбатты кез-келген тірі тағаммен тамақтандыруға болады: құмырсқа, тарақан, қоңыз, құрт, т.б. Жемге тривитамин мен кальций глицерофосфатын қосқан жөн. Егер кем дегенде бір жұп болса және жақсы тамақтандырылса, кесірткелердің көбеюін күтуге болады. Оны ынталандыру үшін бұлаңқұйрық батбатқа "қыстау" ұйымдастырылады (температураны 8-12°C дейін төмендету).

Биологиялық ерекшеліктеріне байланысты бұлаңқұйрық батбат мүлдем қорғансыз тіршілік иелері. Олар құмның жоғарғы қабатында демалғанда, оларды мал, көлік, сондай-ақ адамдар басып кету қатері бар. Үнемі қарапайым қағиданы ұстанайық: табиғаттағы ештеңені өзгертпеу, соның ішінде осы бірегей жануарлардың санын қысқартпау. Бұл оларды қорғау жолындағы біздің үлесіміз болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Уикипедия - ашық энциклопедиясы [электронды ресурс]. - <https://wikipedia.org>
2. Дебело П.В., Чибилев А.А. Амфибии рептилии Урало-Каспийского региона// Екатеринбург. РИО УрО РАН- 2013- Т-III-173-180 б.
3. Атлас пресмыкающихся Северной Евразии (таксономическое разнообразие, географическое распространение и природоохранный статус) / Ананьева Н.Б., Орлов Н.Л., Халиков Р.Г. [и др.] – СПб: Зоологический институт РАН, 2004. – 232 б.
4. Брушко З.К. Ящерицы пустынь Казахстана / Брушко З.К. – Алматы: «Конжык», 1995. – 231 б.

5. Структура общих форм поведения у трёх видов дневных ящериц / Вдовин А.С., Жуков А.С., Иванова-Дятлова А.Ю. [и др.] // Вопросы герпетологии. Материалы Четвёртого съезда Герпетологического общества им. А.М. Никольского – СПб: Русская коллекция, 2011. 50- 55 б.

6. Москаленко В.Н. Структура социальных взаимодействий и территориальные отношения круглоголовки-вертихвостки *Phrynoscephalus guttatus*. Курсовая работа. / Москаленко В.Н. – М.: МГУ им. М. В. Ломоносова, 2009 – 37 б.

7. Брушко З.К. Эколого-фаунистический обзор ящериц, населяющих пустыни Казахстана // *Selevinia*, 1993. № 1. 19-36 б.

8. Брушко З.К. Ящерицы пустынь Казахстана. Алматы: Конжык, 1995. 231 б

9. Дубровский Ю.А. Новые находки рептилий в степях Казахстана И Бюл.МОИП. 1967. Вып. 1.- 36-37 б.

10. Дуйсебаева Т.Н. Новые находки амфибий и рептилий в Приаралье и сопредельных районах Казахстана. Змеи (*Reptilia: Squamata: Serpentes*) И *Selevinia*, 2005. - 49-56 б.

11. Быков А.В. Фауна и распределение амфибий и рептилий в окрестностях Джаныбекского стационара // Вопросы герпетологии (Сб. статей). Л., 1981. – 26 б.

12. Зарудный Н. Материалы для фауны амфибий и рептилий Оренбургского края // *Bul. Soc. Imper. Des Naturalistes de Moscou*, 1895. (Nov. Seric, 1896. T. 5, №3. – Б. 361-370)

13. Сидоров С. Амфибии и рептилии Арала // Бюл. МОИП. Отд. биолог., 1925. Т. XXXIII, вып. 1-2. – 188-200 б.

14. Завьялов Е.В., Табачишин В.Г. Распространение популяции круглоголовки – вертихвостки (*Sauria, Agamidae, Phrynoscephalus guttatus*) на севере Нижнего Поволжья // Современная герпетология: СБ. науч. тр. Саратов: Изд-во СарГУ, 2000а. Вып. 1. 40-47 б.

15. Дунаев Е.А, Жбанова Ю.М. О динамике населения ящериц Астраханских пустынь // Проблемы сохранения аридных регионов России. Волгоград, 1998. 125-127 б.

16. Епланова Г.В., Бакиев А.Г. К истории исследования ящериц Самарской области// Самарский край в истории России; Матер, науч. конф. Самара, 2001. 273-274 б.


ӘОЖ 597.851(574.1)

Қоңырова А.А.


М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ., Қазақстан

КӨЛ БАҚАСЫНЫҢ (*RANA RIDIBUNDA PALLAS, 1771*) БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДА ТАРАЛУЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ТАРАЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Көл бақасы (*Rana ridibunda Pallas, 1771*) - таксономия немесе биологиялық систематика бойынша қосмекенділер класына, құйрықсыз қосмекенділер отрядына, нағыз бақалар тұқымдасына жатады[1]. Көл бақаның (*Pelophylax ridibundus*) дене ұзындығы 9 см-ден 17 см, дене салмағы 700 гр-ға дейін жетеді. Тұмсығы орташа сүйір келген. Егер төменгі аяқтар дененің бойлық осіне перпендикуляр орналасса, тобық буындары қабаттасады. Ішкі өкше артқы аяқтың 1-ші саусағынан 1,36 – 4,72 есе қысқа орналасқан. Дене түсі сұр түстен жасыл түске дейінгі әр түрлі түстерде бола алады. Арқасында ұзын жасыл жолақ сонымен қатар үлкен қара дақтар орналасқан. Бірақ көл бақаның (*Rana ridibunda Pallas, 1771*) дене пішініне байланысты жолақ пен дақтар әр түрлі орналасады. Жеңіл дорсомедиялық жиілік диапазоны бар.Аналығы аталығынан әр уақытта ірі. Аталықтарының езуінде ірі дыбыс күшейткіштері орналасқан [2].



Сурет 1 - Көл бақаның (*Rana ridibunda* Pallas, 1771) артқы жолағының орналасу фенотиптері




Сурет 2 - Көл бақаның (*Rana ridibunda* Pallas, 1771) арқа дақтарының фенотиптері

Көл бақаларының Батыс Қазақстанда қоныстануы туралы алғашқы деректерді 1768-1775 жылдары жүргізілген “Орынбор академиялық экспедицияның” жетекшісі Петр Симон Палластың еңбегінде кездестіреміз. П.С.Паллас Батыс Қазақстан облысында 1769ж. және 1773ж. экспедициялық жұмыстар жүргізді. 1769 жылы П.С.Паллас өз еңбегінде: «Жайық қалашығы мен қалашық маңында толықтай көл бақалар тіршілік етеді. Араларында Еділ өзенінде кездесетін түрлері бар...»[3]. П.С.Палластың зерттеу нәтижесінде Гурьев аумағында көл бақасы табылды, кейіннен ол *Rana ridibunda* (Pallas, 1771) ретінде сипатталған. Осы анықтамалар XVIII-XIX ғ. ғылыми еңбектерде жиі қолданылған.

Н.А.Зарудный (1985) өз зерттеу еңбегінде «Орал, Іле, Ойыл өзендерінде, Сұлукөл, Шошқалы көлдерінде «толықтай» тіршілік еткен» деген дерек қалдырған. Көл бақаларының біркелкі толықтай тіршілік етуі XXғ. дейін сақталды.

Қазақстанда көл бақасының таралуы туралы алғашқы мәліметтер XIX ғасырдың ортасы мен XX ғасырдың басында коллекциялық жинақтарда тіркелді. Ғылым Академиясының зоологиялық институтында Орал қаласынан (Keyserling жинағы 1842 ж.) және Гурьев (Lehmann жинағы 1844 ж.) өзен сағасынан табылған осы түрдің үлгілері сақталған. Сонымен қатар Ембі, Жаман – Дария өзені, Қаратау жотасы және Жетісу губерниясы аймақтарынан табылған түрлері де сақталған. М.Ломоносов атын ММУ зоологиялық мұражайында Гурьев қаласының маңында Жайық өзенінің оң жағында табылған көл бақаларының үлгілері бар.

Картада көрсетілген деректерге сүйенсек XX ғасырдың бірінші жартысында (*Rana ridibunda* Pallas, 1771) Батыс Қазақстанда бұрынғыдан едәуір кең таралғанын көруге болады. 1989-1993 жылдардағы мәліметтер бойынша, (*Rana ridibunda* Pallas, 1771) мекен ортасы болып Жайық өзенінің орта және төменгі ағысы және 80 - ші жылдары пайда болған осы өзеннің кең атырауы болып табылады (3 сурет). XX ғасырдың 2-ші жартысы мен XXI ғасырдың алғашқы жартысында көл бақаның таралуы туралы деректерді К. И. Исаковтың (1959ж) жұмысынан кейін, К.П. Параскив пен П. М. Бутовскийдің «О фауне земноводных и пресмыкающихся Западного Казахстана» (1960 ж) еңбегінде ғана кездестіреміз.




Сурет 3 - XX ғасырдың ортасына қарай Батыс Қазақстанда көл бақаның (*Rana ridibunda Pallas, 1771*) таралуы [4]. БҚО-Батыс Қазақстан облысы. 1-Орал қ. ($51^{\circ}10'N$, $51^{\circ}20'E$)., 2- Мантық су қойм. ($51^{\circ}39'N$, $52^{\circ}11'E$), 3- Ащысай өз. ($51^{\circ}10'N$, $53^{\circ}45'E$)., 4- Сұлукөл және Шошқалы к. ($51^{\circ}00'N$, $54^{\circ}00'E$)

К.Искакова «Земноводные Казахстана» атты кандидаттық еңбегінде де көл бақалар (*Rana ridibunda Pallas, 1771*) туралы: «Орал қаласының аумағында кең тараған. Гурьев қаласы (Атырау қ.) мен Орал өзенінің (Жайық өзені) жайылмаларында тіршілік етеді. Сонымен қатар Ақтөбе қаласы мен Қандыағаш станциясының маңынан да мекен орталарын кездестіруге болады. Арал теңізінің жағалауында да тіршілік етеді. Сырдария өзінің жайылмаларында және салаларында (Арыс, Келес) кең тараған. Сонымен қатар Қызылорда облысы Қазалы елді мекенінен де көл бақалар табылды. Шыршық, Өгем, Піскем, Ақсақ-ата өзенінің жайылмаларында мекен етеді. Балқаш көлінің батыс жайылмасында толықтай тіршілік етеді»[5]

Көл бақасының зона бойынша нақты таралуы: 11 (100% - дан 11) ландшафты аудандарында, дала зонасында 56 (69-дан 81,2%), шөлейт 17 (32-ден 53,1%) және шөл зонасында 10 (43-тен 23,3%). Орманды-дала және дала зонасында өзен аңғарларында ағынды су қоймаларында тіршілік етеді. Көл бақасы жоғары деңгейлі синантропты қабілетімен ерекшеленеді және де соның арқасында қалалық жерлерде, Самара, Орынбор, Ор, Орал т.б сияқты бірнеше әкімшілік маңызы бар ірі қалалардың маңында тіршілік етеді.

Жартылай шөл зонасындағы көл бақасының тұрақты мекен ортасы Еділ, Орал(Жайық), Ембі өзендерінің транзиттік жайылмалары болып табылады. Еділ-Орал өзендерінің аңғарлары да, Үлкен Шаған, Кіші Шаған, Көшуім су қоймалары мен сулы батпақтар көл-бақасының тіршілік мекені болып табылады. Орал – Ембі өзен аңғарларында, Қалдығайты, Ойыл-Темір, Ырғыз және Торғай өзен аңғарларында да тіршілік етеді. Осы өзен суларының минералдану дәрежесі жоғары деңгейде болуы көл бақасының тіршілік ету және көбеюі үшін негізгі басты факторлардың бірі болып табылады. Шөл зонасында негізгі тіршілік мекені Еділ өзенінің жайылмасы, Орал өзенінің (Жайық) төменгі ағысы болып табылады. Аздаған бөлігі Арал, Сырдария өзендерінің сағасында мекендейді[6].


Көл бақаның (*Rana ridibunda Pallas, 1771*) ХХІ ғасырда Батыс Қазақстан облысында таралу ерекшеліктері. Соңғы ғылыми зерттеу еңбектегі мәлеметті негізге ала отырып, 2005-2021 жылдардағы далалық және жеке далалық зерттеулердегі деректер нәтижесінде Батыс Қазақстан облысы шеңберінде көл бақаның 74 мекен ортасы анықталды. Көл бақаның 2005 жылға дейінгі далалық зерттеулерде 42 мекен ортасы, 2006-2020 жылдар аралығында 25 және соңғы 2021 жылғы зерттеу нәтижесінде 7 жаңа мекен ортасы белгіленді. Көл бақалардың басым бөлігі Жайық өзенінің жайылмасында тіршілік етеді[7].



Сурет 4 - Көл бақаның (*Rana ridibunda Pallas, 1771*) Батыс Қазақстан облысында 2005-2021ж. аралығында таралу аумағы[8].

Көл бақаның қазіргі таңда Батыс Қазақстан облысында таралу аумағы туралы мәліметтер Бидашко Ф.Г және Гниденко Е.Н, Боркин Л.Я жетекшілігімен жүргізілген экспедициялық жұмыстары шеңберінде қайта өңделіп, жинақталуда. 3 маусым-5 маусым 2022 жылғы г.ғ.қ., профессор Ахмеденов К.М жетекшілігімен ұйымдастырылған экспедиция нәтижесінде Батыс Қазақстан облысы Бәйтерек ауданы Белес ауылы Деркул өзенінен (51°16.42.1' N 51°02.03.4' E) көл бақаның жаңа мекен ортасын таптық. 4 маусым 2022 жылғы экспедиция нәтижесі оң нәтижесін көрсетті. Көл бақаның бірнеше мекен орталары табылды: Батыс Қазақстан облысы Байтерек ауданы Дарьинск ауылы (51°20.46.6' N 51°46.25.8' E), Батыс Қазақстан облысы Байтерек ауданы Рубежка өзені (51°25.13.1' N 51°56.50.8' E), Батыс Қазақстан облысы Байтерек ауданы Быковка өзені (51°26.31.4' N 52°03.07.1' E), Батыс Қазақстан облысы Байтерек ауданы Ембулатовка өзені (51°27.46.3' N 52°08.48.6' E).

17-26 маусым 2022 жыл Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы және Тасқала аудандарына г.ғ.қ., профессор Ахмеденов К.М жетекшілігімен жасалған экспедиция нәтижесінде көл бақаның мекен орталары табылды: Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы Алатау қонысы Шідерті өзені (50°36.22.6' N 53°00.34.5' E), Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы Шиелі өзені (50°10.36.3' N 53°25.39.9' E), Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы Деркул өзені (51°06.50.3' N 50°17.45.4' E), Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы Чиж-1өзені (51°56.40.4' N 49°57.10.9' E), Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы Ақтау бұлағы (51°00.44.1' N 50°10.48.6' E). Далалық экспедициялық жұмыстар барысында алынған мәліметтер негізінде көл бақаның (*Rana ridibunda Pallas, 1771*) Батыс Қазақстан облысында аудандар бойынша таралу ерекшелігі мен мекен ортасы бойынша диаграмма жасалды. Сараптамалық жұмыс нәтижесінде көл бақаның (*Rana ridibunda Pallas, 1771*) мекендеу ортасы ең көп кездескен аудан - Бәйтерек ауданы болды (12 мекен орны). Ал ең төменгі көрсеткіштер Қаратөбе ауданы, Казталов ауданы және Жаңақала ауданына тән. Ал Бөкей Орда ауданы бойынша мүлдем мекен ортасы табылмады. Аудандағы көл бақаның тіршілік етпеуінің басты себебі климаттық факторларға және табиғат жағдайына тікелей байланысты.



Сурет 5 - Көл бақаның (*Rana ridibunda Pallas, 1771*) Батыс Қазақстан облысында аудандар бойынша мекен ортасының таралу көрсеткіші.

Далалық экспедициялық жұмыстар нәтижесінде алынған соңғы мәліметтерге сүйене отырып көл бақаның соңғы онжылдықтағы облыстың солтүстік және солтүстік-батыс бөлігіндегі аудандарда әлі де тіршілік ететіне көз жеткіздік. Сонымен қатар облыстың оңтүстік, оңтүстік-шығыс бөлігінде де мекен орталары белгіленді.

Әдебиеттер тізімі

1. Уикипедия - ашық энциклопедиясы [электронды ресурс].- <https://wikipedia.org> (пайдалану уақыты: 11.03.2023).
2. Кузьмин С.Л. Земноводные бывшего СССР. Москва: Товарищество научных изданий КМК. Москва- 2012.-211-235б.
3. Паллас П.С. Путешествие по разным провинциям Российской Империи.- СПб.- 1973.-658 б.
4. Дүйсебаева Т.Н., Березовиков Н.Н., Брушко З.К., Кубыкин Р.А., Хромов В.А. Озерная лягушка (*Rana ridibunda (Pallas, 1771)* в Казахстане: изменение ареала в XX столетии и современное распространение вида // Современная герпетология.- 2005.- Том 3/4.-32-34 б.
5. Исакова.К «Земноводные Казахстана». Автореферат. Алма-Ата,1962. 7-9 бет.
6. Дебело П.В., Чибилев А.А. Амфибии рептилии Урало-Каспийского региона. - Екатеринбург. РИО УрО РАН- 2013- Т-III-132-140 б.
7. Каптёнкина А.Г., Дүйсебаева Т.Н., Ахмеденов К.М., Хромов В.А., Крайнюк В.Н., Саржанов Ф., СтариковС.В., Тарасовская Н.Е., Тимошенко А.Ю., Титов С.В. Ареал озёрных лягушек (комплекс *Pelophylax ridibundus*, *Amphibia*, *Ranidae*) в Казахстане: прогрессивное расселение или циклические колебания? // Труды Зоологического института РАН.- 2022.- № 3.- Б. 216 б.
8. Каптёнкина А.Г., Дүйсебаева Т.Н., Ахмеденов К.М., Хромов В.А., Крайнюк В.Н., Саржанов Ф., СтариковС.В., Тарасовская Н.Е., Тимошенко А.Ю., Титов С.В. Ареал озёрных лягушек (комплекс *Pelophylax ridibundus*, *Amphibia*, *Ranidae*) в Казахстане: прогрессивное расселение или циклические колебания? // Труды Зоологического института РАН.- 2022.- № 3.- Б. 217 б.

*Акатьев Н.В., Амангельдиева Э.С., Напылов М.В.,
Сагиндикова С.С., Хамидолла И.А.
Западно-Казахстанский университет им. М.Утемисова,
г.Уральск, Казахстан*

КОРРЕЛЯЦИЯ СКОРОСТИ КОРРОЗИИ СТАЛИ И УСТОЙЧИВОСТИ КОМПЛЕКСОВ ДВУХВАЛЕНТНЫХ МЕТАЛЛОВ В СИСТЕМАХ С НЕКОТОРЫМИ МНОГООСНОВНЫМИ КИСЛОТАМИ

Карбоновые кислоты в нейтральной и кислой среде образуют с катионами металлов очень неустойчивые сольваты. Однако в щелочных средах образующиеся карбоксилат-анионы $R-COO^-$ легко координируются с катионами металлов. В воде устойчивость таких комплексов обычно невелика.

Винная (3,4-диоксиянтарная) кислота $H_4C_4H_2O_6$ (H_2Tar) в процессах комплексообразования выполняет функцию полидентатного лиганда ($HOOC-CHON-CHON-COOH$) за счет двух карбоксильных и двух спиртовых групп, что обуславливает большое разнообразие способов взаимодействия функциональных групп лиганда и металла [1]. Малоновая кислота ($HOOC-CH_2-COOH$, H_2Mal) так же является двухосновной кислотой и находит широкое практическое применение в качестве предшественником специальных полиэфиров. Она может быть компонентом алкидных смол, которые используются при изготовлении покрытий для защиты от повреждений, вызванных ультрафиолетовым излучением, окислением и коррозией. Некоторые из соединений кобальта используют для окрашивания полимерных материалов, не теряющих яркости под воздействием света [2,3]. Исследование комплексообразования в системах состава $M(II)/L$ позволяет оценить эффективность комплексообразующих реагентов на примере коррозионных испытаний.

Методика проведения эксперимента.

Кондуктометрический метод.

Комплексообразование в системах металл-лиганд изучалось методом прямой кондуктометрии на приборе «АНИОН 4100» (УЭП мСм/см $\pm 2\%$) с применением изомолярных серий. Прибор был предварительно откалиброван по стандартным растворам хлорида калия.

Определение относительной устойчивости комплексных соединений методом Ирвинга-Россоти.

Для определения относительной устойчивости комплексов в исследуемых системах использовался метод потенциометрического титрования (метод Ирвинга-Россоти). В качестве титранта использовался раствор гидроксида натрия $NaOH$ 0,2М. Растворы для титрования готовились в соотношениях, при которых образуются устойчивые комплексы (по данным кондуктометрических исследований) концентрацией 0,01 моль/л.

Методы коррозионных испытаний.

Метод потери массы стальных пластинок.

Для определения скорости коррозии использовали прямоугольные металлические пластинки из углеродистой стали марки СТЗСП2-2ГП ГОСТ 535-2005 (состав % масс. 97,8% - Fe; 0,22 % - C; 0,65 %- Mn; 0,30% -Si; 0,040 % - P; 0,050 %- S; 0,30 % - Cr; 0,30 % - Ni; 0,30 % - Cu ; 0,010 % - N; 0,080 % - As). размером 2,5 см x 2,5 см x 0,3 см, Размеры металлической пластинки определяли с помощью штангенциркуля модель «GRIFF» ГОСТ 166-89 с погрешностью $\pm 0,02$ мм. При проведении испытаний пластинки тщательно зачищали мелкозернистой наждачной бумагой Р 240 – Р 1200 до блеска, промывали дистиллированной водой, спиртом, обезжиривали ацетоном, сушили и взвешивали на аналитических весах «Ohaus Adventurer Pro AV264C» с точностью $\pm 0,2$ мг. Подготовленные пластинки помещали к коррозионную среду из расчета 15 см³ на 1 см²

площади поверхности образца. Через заданное время экспозиции пластинки вынимали, и удаляли рыхлые и легкоотделяемые продукты коррозии с помощью щетки с полимерной щетиной средней жесткости под проточной водой. Трудноотделяемые продукты коррозионных отложения удаляли обработкой пластинок в растворе соляной кислоты 1:1 содержащей уротропин 3.5 г/л [7]. Далее пластинки промывали дистиллированной водой, спиртом, ацетоном и повторно взвешивали на аналитических весах. Среднюю скорость коррозии v_{cp} г/м²·сут оценивали по потерям массы образцов через 24, 48, 120, 240 часов и рассчитывали по формуле:

$$U_{cp} = \frac{\Delta m}{S \tau} \quad (1)$$

где Δm – изменение массы образца за время опыта τ , г;

S – площадь поверхности образца, м².

Измерение скорости коррозии фотоколориметрическим методом

Скорость коррозии также оценивали по скорости растворения стальной пластинки в коррозионной среде путем определения содержания железа, перешедшего в раствор за время экспозиции. Количество железа в растворе определяли фотометрически с роданидом калия в качестве реагента на спектрофотометре Jenway 6305 с точностью определения оптической плотности 0,005 нм. Содержание железа оценивали по калибровочной кривой $y = 0.443x - 0.25$, $R^2 = 0,9837$.

Результаты и их обсуждения

Кривые образования комплексов на примере системы Co^{2+}/Tar^{2-} представлены на рисунке 1. В данном случае образование устойчивого комплекса наблюдается при соотношении $M : L = 1 : 1$, что отвечает составу $CoTar$.




Рисунок 1- Кривая образования комплекса в системе Co^{2+} / Tar^{2-}


Состав комплексных соединений, образующихся в системах $M(II)/L$ по результатам кондуктометрических исследований представлен в таблице 1.

Таблица 1. - Состав комплексных соединений, образующихся в системах М(II) / L по результатам кондуктометрических исследований

	Mg	Sr	Ca	Mn	Co	Ni	Zn
Mal ²⁻	-	-	-	MnMal	CoMal	NiMal	ZnMal
D,L -Tar ²⁻	-	-	-	MnTar	CoTar	NiTar	-

*Mal²⁻ - анион малоновой кислоты

Tar²⁻ - анион винной кислоты



А

В

Рисунок 2 - Оценка относительной устойчивости комплексов Me(II) с Mal²⁻ (А) и Me(II) с - Tar²⁻ (В) по методу Ирвинга-Россотти.

Данные кондуктометрического эксперимента свидетельствуют, что устойчивые комплексы с винной и малоновой кислотами образуют металлы Mn⁺², Co⁺², Ni⁺², Cu⁺², Zn⁺². В системах соодержащей щелочно-земельные металлы, образование устойчивых комплексов не установлено. Данные соединения в условиях эксперимента полностью диссоциированы в водном растворе.

Во многих случаях определить константы равновесия не представляется возможным т.к. система бывает настолько сложной, что подобные попытки были бы безнадежными. Вместо этого удастся определить лишь средние составы преобладающих комплексов, сравнивая кривые титрования в присутствии и отсутствие иона металла. Данные эксперимента свидетельствуют, что устойчивые комплексы с винной и малоновой кислотой образуют металлы Mn⁺², Co⁺², Ni⁺², Zn⁺². Из рисунка 2А отчетливо видно, что при pH > 4,5 необходимо учитывать комплексообразование, достигающее заметной величины, а устойчивость комплексов возрастает Zn⁺² < Co⁺² < Ni⁺² < Sr⁺² < Mg⁺² < Ca⁺². Из рисунка 2 В устойчивость комплексов возрастает (при pH > 6,0) Zn⁺² < Co⁺² < Ni⁺² < Sr⁺² < Mg⁺² < Ca⁺².




Рисунок 3 - Средняя скорость коррозии стали в исследуемых системах (г·м²/сут)

Средняя скорость коррозии в исследуемых системах показана на рисунке 3. По данным проведенных экспериментов наиболее эффективным оказались системы Zn⁺²/L.




Рисунок 6 - Концентрация железа в растворе композиции CaMal

На рисунке 6 и 7 показана системы CaMal, SrTar фотоколориметрическим методом перехода железа с пластинок в раствор. По данному графику видно, что концентрация железа в растворе увеличивается со временем пребывания пластинки в растворе. При увеличении концентрации железа в растворе скорость коррозии увеличивается.

Выводы

1. Устойчивость комплексных соединений в системах M(II) / Mal²⁻, M(II) / Tar²⁻ изменяются идентично в ряду Zn⁺² < Co⁺² < Ni⁺² < Sr⁺² < Mg⁺² < Ca⁺². Возрастаение

устойчивости комплексов происходит при переходе от ионов металлов с большим радиусом к ионам с маленьким радиусом.

2. Средняя скорость коррозии в системах $M(II)/Tar^{2-}$ увеличивается в ряду $Zn^{+2} < Sr^{+2} < Mg^{+2} < Ni^{+2} < Co^{+2} < Ca^{+2}$. Средняя скорость коррозии в системах $M(II)/Mal^{2-}$ увеличивается в ряду $Zn^{+2} < Co^{+2} < Mg^{+2} < Sr^{+2} < Ca^{+2} < Ni^{+2}$.

3. В ряду щелочноземельных металлов $Sr^{+2} < Mg^{+2} < Ca^{+2}$ в системах $M(II)/Mal^{2-}$, $M(II)/Tar^{2-}$ наблюдается прямая корреляция между устойчивостью комплексов и средней скорости коррозии. А в ряду переходных металлов $Zn^{+2} < Co^{+2} < Ni^{+2}$ в системах $M(II)/Tar^{2-}$ корреляция обратная. В системах $Me(II)/Tar^{2-}$ с переходными металлами какие-либо зависимости отсутствуют. Увеличение скорости коррозии обусловлено тем, что комплексообразование увеличивает восстановительную активность металла за счет сдвига его потенциала в отрицательную сторону.

4. Zn в системах $M(II)/Mal^{2-}$, $M(II)/Tar^{2-}$ образуют наиболее устойчивые комплексы и имеют наименьшую скорость коррозии. Скорее всего, это связано с тем, что освобождающиеся ионы цинка образуют с гидроксил-ионами, генерируемыми в катодной реакции, малорастворимый $Zn(OH)_2$, который экранирует поверхность и замедляет коррозию. По мере снижения скорости коррозии осаждение $Zn(OH)_2$ замедляется и на поверхности адсорбируется преимущественно сам ингибирующий комплекс.

Список литературы

1. Куликова, Д. М. Микроструктура сурьмяных покрытий, полученных из тартратно- и цитратно-полиэтиленовых электролитов/ Д. М. Куликова [и др.] // Защита металлов. - 1994. - Т. 30. - №5. - С. 554-556.

2. Корнев, С. В. // Журн. структ. химии. - 2003. - Т. 44, № 1. - С. 58-73.

3. Хворов, М. М. // Укр. хим. журн. - 1984. - Т. 50, № 9. - С. 924-928.

4. Забенькина Е.О., Панкратов Д.В., Горичев И.Г., Артамонова И.В. Средство для химической очистки с металлических поверхностей коррозионных отложений // Патент РФ № 2500795. 2012.

5. Забенькина Е.О., Панкратов Д.В., Горичев И.Г., Артамонова И.В. Способ очистки металлических поверхностей от коррозионных отложений // Патент РФ № 2507312. 2012.

6. Меркулов Д.А., Корнев В.И., Чернова С.П., Костюкович О.А. Исследование процессов растворения магнетита в отмывочных композициях на основе оксиэтилидифосфоновой и дикарбоновых кислот // Вестник Удмуртского университета. Серия Физика и химия. 2007. № 8- С. 105-112.

7. Н.М. Дятлова, В.Я. Темкина, К.И. Попов, Комплексоны и комплексонаты металлов. Химия, Москва, 1988. - 543 с.

8. ISO 8407.

9. Allen, F. J.; Truscott, C. L.; Gutfreund, P.; Welbourn, R. J. L.; Clarke, S. M. Potassium, calcium, and magnesium bridging of AOT to mica at constant ionic strength. *Langmuir* 2019, 35, 5753-5761.

10. K. R. Dymock and G. J. Palenik, *Inorg. Chem.*, 14. 1220 (1975). (2) 0. P. Anderson, *J. Chem. Soc., Dalton Trans.*. 1237 (1973).

Кожғалиева Р.Ж., Жақсыбаева Д.Қ.
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан Университеті,
Орал қ., Қазақстан

ШЕЖІН ЖАЙЫЛМАСЫ КӨЛТАБАНДАРЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ФИТОЦЕНОТИКАЛЫҚ ҚҰРАМЫ

Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамыту жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасына сәйкес 2022 жылы су үнемдеу технологиялары енгізілетін суармалы жерлердің алаңын 265 мың га дейін жеткізу жоспарлануда. Соның нәтижесінде жайылымдық жерлердің биоморфологиялық құрамының көбейер мүмкіндігі артар еді [1].

Қазіргі кезде көктемгі қар суы мен дала өзендерінің тасқын сулары жайылатын тұйық табақ тәріздес ойпаңдар көлтабандардың қалыптасуына ықпал етеді. Көлтабандардың табиғи шалғын өсімдіктері малға азық ретінде ғана емес, табиғат қорғау сипатындағы көптеген функция атқарады: топырақтағы қарашірінді мөлшерінің жинақталуына әсер етіп, топырақ құнарлығын арттырады, су эрозиясының қарқындылығын бәсеңдетеді.

Осы суларды тиімді пайдалану ісі дұрыс жолға қойылмағандықтан көлтабандардың батпақтануына, сортаңдануына, сөйтіп ауыл шаруашылығының айналымынан шабындық жерлердің едәуір бөлігінің шығып қалуына және шөбінің сапасының төмендеуіне әкеліп соғып жүр.

Зерттеу жұмыстары Каспий маңы ойпатының солтүстігіндегі ойысты жер Шежін жайылмасында жүргізілді.



1-сурет. Зерттеу ауданының карта схемасы

Батыс Қазақстан облысында Шежін табиғи көлтабандардың шеткі аймақтарында суару тереңдігі 0-50 см дейін болса, орталық бөлігінде 0,50- 100 см дейін терең сулы көлтабандардың орталық бөлігінде 100-200 см тереңдікке дейін су жайылады [2].



Сурет 2 – Ақмамық қауымдастығына Сурет 3 – Ақмамықтан кеппешөп дайындау сәті биоморфологиялық талдау жасау сәтінен

Батыс Қазақстан облысы Тасқала, Ақжайық аудандарының шығысында Дюра, оңтүстігінде Балықты жайылмасына ұласады. Аумағы шамамен 368 км²-ге жуық. Саз балшықты теңіз шөгінділерінен түзілген. Жер бедері тегіс. Жалпы Сырттан келетін Шежіннің өзендері арқылы жайылып, маусым айының басында ғана тартылады.

Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Шежін жайылмасы табиғи көлтабандарынан 52 туысқа жататын 68 өсімдік түрі анықталды (кесте 1).

Кесте 1. Шежін жайылмасы табиғи көлтабандарындағы өсімдік жамылғысының тұқымдастар спектрі

№	Тұқымдас атауы	Саны	Пайызы, %
1	<i>Poaceae</i> – Астық тұқымдасы	21	30,8
2	<i>Asteraceae</i> – Астралылар тұқымдасы	17	25
3	<i>Fabaceae</i> – Бұршақ тұқымдасы	7	10,3
4	<i>Lamiaceae</i> – Ерінгүлділер тұқымдасы	4	5,9
5	<i>Polygonaceae</i> – Қаракұмық тұқымдасы	5	7,3
6	<i>Ariaceae</i> – Шатыршагүлділер тұқымдасы	2	2,9
7	<i>Tamaricaceae</i> – Жыңғылдар тұқымдасы	1	1,5
8	<i>Liliaceae</i> – Лалагүлдертұқымдасы	3	4,4
9	<i>Juncaceae</i> – Елекшөптер тұқымдасы	1	1,5
10	<i>Amaranthaceae</i> – Гүлтәжілер тұқымдасы	1	1,5
11	<i>Scrophulariaceae</i> – Сабынкөктер тұқымдасы	2	2,9
12	<i>Plumbaginaceae</i> – Қорғасыншөптер тұқымдасы	1	1,5
13	<i>Cyperaceae</i> – Қиякөлең тұқымдасы	3	4,4
Қорытынды	13 тұқымдас	68	99,9

1-кестеде байқағанымыздай Шежін жайылмасы табиғи көлтабандарындағы зерттелген өсімдіктердің ішінде түрлерге бай тұқымдастарға: *Poaceae* 21 түр (30,8%), *Asteraceae* 17 түр (25%), *Fabaceae* 7 түр (10,3%), *Lamiaceae* 4 түр (5,9%), *Polygonaceae* 5 түр (7,3%), *Liliaceae* 3 түр (4,4%) жатады. [4].

Туыстық құрамы бойынша *Artemisia* 8 түр (15,3%), екінші орында *Agropyron* 3 түр (5,7%) және үшінші орында *Poa* 2 түр (3,8%) көрсеткіш көрсетіп тұр. Осындай туыстық құрамға қарай отырып, Шежін жайылмасы көлтабандарында бұршақ тұқымдастарымен бірге астық тұқымдастарының жақсы сақталғанын байқауға болады.

Біздер экологиялық сараптама жасаған кезде көлтабанда таралған 68 өсімдіктің түрін таптық. 3 түрлі экологиялық топтарды анықтай отырып, доминантты түр – мезофит 43 түр (63%) болып табылады (кесте 2).

Кесте 2. Шежін жайылмасы көлтабандарына экологиялық сараптама

№	Экологиялық топ	Саны	Пайызы, %
1	Мезофиттер	43	63,2
	Мезофит	17	25
	Ксеромезофит	15	22
	Гигромезофит	5	7,3
	Эвмезофит	6	8,8
2	Ксерофиттер	12	17,6
	Мезоксерофит	6	8,8
	Эвксерофит	5	7,3
	Галофит	1	1,5
3	Гигрофит	3	4,4

2-кестеге қарай отырып, көлтабандарда таралған мезофиттерден Шежін жайылмасының экологиялық жағдайының жақсы екенін байқауға болады. Екінші орында негізгі бөлігін арамшөптер құрайтын ксерофиттер өсімдіктер жамылғысының 12 түрін немесе 17% алып жатыр. Үшінші орында гигрофиттер 3 түр (4,4%), су жағалауы маңы өсімдіктерінің бар екеніне көз жеткіздік.

Флора құрамындағы түрлердің тіршілік формалары бойынша саналуандылығы мен гетерогенділігі олардың тіршілік кеңістігін толық пайдалануына мүмкіндік береді. Алайда, алдағы уақытта су беру режимінің тұрақтылығын бақылай отырып, өсімдік пен топырақ сапасының төмендеп кетпеуі қадағаланып отыруы керек. Бұл істе көлдер немесе көлтабандап суғару арқылы ақмамық қауымдастықтарының өнімділігін арттыру мақсатында топырақты қажетті ылғалмен қамтамасыз ету үшін көктемгі судың жіберілуі басты назарға алынуы қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. <https://primeminister.kz/kz/news/reviews/auyl-sharuashylygy-salasyndamytyudyn-2021-zhylgy-korytyndylary-zhane-aldagy-kezenge-arnalghan-zhosparlary-2291>
2. Кожасалиева Р.Ж. *Приемы повышения продуктивности многолетних злаковых трав на лиманах Прикаспийской низменности. Автореф. дисс... канд. к.с.-х.н. – Саратов, 2016. – 22 с.*
3. Дарбаева Т.Е., Альжанова Б.С., Бохорова С.Н. *Өсімдіктер қауымдастығының зерттеу әдістемесі // Оқу-әдістемелік құралы. – Орал, 2018 – 135 б.*
4. Дарбаева Т.Е. *Өсімдіктер систематикасы // Оқу құралы. – Орал, 2007 – 166.*
5. Агелеуов Е.А. *Флора поймы реки Урал. – Алма-Ата: Наука, 1987. – 104 с.*

Қожағалиева Р.Ж., Каирғалиева Д.М.
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
Орал қ., Қазақстан

ЖАЗДЫҚ БИДАЙДЫҢ (TRITICUM AESTIVUM L) ВОЛГОУРАЛЬСКАЯ ІРІКТЕМЕСІНІҢ ӨСУІ МЕН ДАМУЫНА ӨСУ РЕТТЕГІШТЕРІН ҚОЛДАНУ

Ғылыми зерттеу жұмысы 2022-2023 жылдар аралығында Батыс Қазақстан облысының «Орал ауылшаруашылық тәжірибе станциясының» жағдайындағы Жаздық бидайдың (*Triticum aestivum* L) Волгоуральская іріктемесінің өсуі мен дамуына өсу реттегіштері экономикалық жағынан ең тиімді препараты анықталды.

Агроөнеркәсіптік кешеннің негізгі міндеттерінің бірі халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету болып табылады. Бұл мәселені шешуде жаздық бидай дәнінің өндірісін ұлғайту ерекше маңызға ие. Қаражат пен еңбек ресурстарының ең аз шығынымен жоғары сапалы жаздық бидай астығын алу ғылым мен озық тәжірибенің соңғы жетістіктерін қамтитын жаңа технологияларды игеру кезінде ғана мүмкін болады [1, 2]. Сондықтан, қазіргі таңда өсу реттегіштерін қолдану ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігі мен өнім сапасын арттырумен қатар әлеуметтік және экологиялық жағдайды жақсартады [3].

Жаңашыл заманда жаздық жұмсақ бидайдың өнімділігін тиімді арттырудың бір жолы-өсу реттегіштердің, фунгицидтің, микротаңайтқыштардың, және гумин тыңайтқыштарының қасиеттерін біріктіретін биологиялық шыққан кешенді препараттарды қолдану [4,5].

Орал ауылшаруашылық тәжірибе станциясы қазіргі таңда ғылыми және өндірістік қызметі Батыс Қазақстанның құрғақ өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуын арттыруға бағытталған, ал зерттеу нәтижелері өңірдің егіншілік, өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы саласындағы басымдықтары туралы ережелерді іске асыруға бағытталған. Бүгінгі таңда Батыс Қазақстан облысында жаздық дәнді дақылдар егілген алқап 160 мың гектардан астам, ал жаздық бидайдың (*T.aestivum* L) егіс көлемі 105 мың гектарды құрап отыр. «Орал ауыл шаруашылық тәжірибе станциясында» жүргізілген талдауға сәйкес, облыс бойынша қолайлы жылдардың (қуаңшылықсыз) деңгейі небәрі 5 % құрайды [6].

Ғылыми зерттеу жұмысының барысында далалық тәжірибе жұмысы 5 варианттан тұратын схема бойынша жасалынды. Зерттеу аумағының жалпы ауданы 180 м² (1-сурет).



Сурет 1. Жаздық бидай алқабын телімдерге бөлу

Әсу реттегіштерін қолданған нұсқалар әдістеме бойынша мөлтектерге бөлінді. 1 нұсқада сумен өңделген - Бақылау, 2 нұсқада Контролфит РК, 3 нұсқада Нано-Кремний, 4 нұсқада Текнокель N, 5 нұсқада Фертигрейн Фолиар және препараты болды.

Зерттеу жұмысының нәтижесінде жаздық бидайдың өнімділік көрсеткіштері Мемлекеттік стандарт әдістемесі бойынша анықталынды. 1000 дәннің массасын анықтау үшін МемСТ 100842-89 қолданылды. 31,7 грамм көрсеткішімен ең жоғары нәтиже берген 3 нұсқадағы Нанокремний препараты, ал ең аз 31,7 грамм нәтиже берген 5 нұсқадағы Фертигрейн Фолиар препараты болды(1-кесте).

Кесте 1. Жаздық бидайдың негізгі өнімділік көрсеткіштері мен дәнінің химиялық құрамы

Көрсеткіштер	Тәжірибе нұсқалары				
	№1	№2	№3	№4	№5
1000 дәннің салмағы, г	28,3	29,1	31,7	28,4	25,3
Өнімділік, ц/га	6,1	9,4	9,9	8,3	6,6
Глютеннің массалық үлесі, %	38	41	39	43	45
Ақуыздың массалық үлесі, %	15,39	17,15	16,21	17,10	17,60

Өнімділік көрсеткіші бойынша астық сапасының жоғары өнімін НаноКремний препараты арқылы алуға болатыны анықталды. Нанокремнийден кейін өнімділік бойынша екінші орында Контролфит РК препараты жақсы көрсеткіш берді.

Кез-келген астық дақылдары үшін жоғары өнімділік көптеген факторларға байланысты және де қорытынды өнімділік нәтижесі өте маңызды. Себебі, өнімділік-ауылшаруашылық дақылдарын өсірудің белгілі бір әдістерінің тиімділігін сипаттайтын маңызды нәтиже көрсеткіші. Жаздық бидайдың биологиялық өнімділігін есептеу Мемлекеттік сұрыптау желісінің әдістемесі (МемСт) бойынша жүргізілді. Тәжірибе схемасындағы 1 м² жердің өнімділік массасы әртүрлі:

1 нұсқада – 61г.

2 нұсқада – 94 г.

3 нұсқада – 99 г.

4 нұсқада – 83 г.

5 нұсқада – 66г.

Біздің тәжірибелерімізде Агритекно әртүрлі сұйық түріндегі әсу реттегіштерін қолдану кезінде бидай дәнінің өнімділігі айтарлықтай өзгерді.

Қолданылған барлық препараттарда глютеннің және ақуыздың массалық үлесі мен сапасы өте жоғары. Бұл бидай ұнының сапасының ең маңызды наубайхана көрсеткіші болып табылады. Егер де жаздық бидай дақылындағы бақылау нұсқасындағы глютен 38% болса, әсу реттегіштері қолданылған барлық нұсқаларда глютеннің массалық үлесі 1-7%-ға жоғары нәтиже беріп отыр. Әсіресе, ең жоғары 45%, бақылаудан 7%-ға жоғары нәтижесін берген 5 нұсқадағы препарат болып табылады.

Ақуыз – дәнді дақылдар мен олардың өңделген өнімдеріндегі маңызды қоректік зат болып табылады. Зерттелген ақуыздың массалық үлесі бақылау нұсқасында 15,39% көрсетті. 3 нұсқадағы препараттығы ақуыз мөлшері 0,82%-ға, 2 нұсқада 1,71%-ға, 4 нұсқада 1,76%-ға, ал ең жоғары нәтижені 5 нұсқадағы препарат берді, 2, 21%-ға асты. Қолданылған барлық препараттарда глютеннің және ақуыздың массалық үлесі мен сапасы өте жоғары.

Вегетациялық кезеңде жапырақ үсті өңделген тәжірибенің қорытынды көрсеткіштері нәтижесінде жаздық бидайды өсірудің экономикалық тиімділігі анықталынды.

Бақылау нұсқасында өсу реттегіштері қолданылмаса, қалған 4 нұсқаға бақылаудың өндіріске кеткен қаражатына 1/га жерге кеткен препараттың өз құны қосылады. Мысалы, Контролфит РК препаратының құны 1/га жерге 7050 тг, Нанокремний 6800 тг, Текнокель N 2276 тг, Фертигрейн фолиар препаратының құны 3830 тг. Өсу реттегіштеріне кеткен қаражат бойынша қымбаты Контролфит РК болып табылады(2-кесте).

Кесте 2. – Жаздық бидайды өсірудің экономикалық тиімділігі (2022 ж) Көрсеткіштер	Нұсқа				
	Бақылау	Контролфит РК	Нанокремний	Текнокель N	ФертигрейнФ олиар
Өнімділік, ц/га	6,1	9,4	9,9	8,3	6,6
Өндіріске кеткен қаражат, тенге/га	58 000	66 950	66 700	62 176	63 730
Оның ішінде өсу реттегіштеріне, тенге/га	-	7 050	6 800	2 276	3 830
Өзіндік құн, тенге/ц	950,81	712,2 3	673,73	749,10	102,62
Өнімнің құны, тенге/га	105 000	165 000	195 000	150 000	120 000
Пайдасы, тенге	47000	98000	128300	87824	56270
Табыстылығы (рентабельность),%	181	246	292	241	188

Әрбір астық дақылының өзінің құны бар, жаздық бидайдың құны шамамен 17000тг/т. Осы бидай құнына қарап шыққан өнімнің жалпы құнын анықтауға болады. Ол үшін бидайдың өз құнын шыққан өнімділікке көбейту керек.

Өсу реттегіштері қолданылған нұсқалардың ішінде өнімділік деңгейіне байланысты ең аз пайда түсіргені бұл Фертигрейн Фолиар препараты, бақылаумен салыстырғанда 927- тенгеге жоғары, пайдасының құны 56270 тг.

Фертигрейн Фолиар препаратынан кейін салыстырмалы түрде бақылаудан 40824 тенгеге асып түскен бұл Текнокель Азот препараты, пайдасының жалпы құны 87824тг.

Текнокель Азот препаратынан кейін бақылаудан 51000 тенгеге жоғары нәтиже берген Контролфит РК өсу реттегіші, пайдасының жалпы құны 98000 тг құрайды.

Нұсқалардың ішінде ең үлкен пайда әкелген НаноКремний өсу реттегіші болып табылады. Бақылаумен салыстырғанда 3 есе асып түсті, яғни 81300 тенгеге асып жоғары нәтиже беріп отыр, пайдасының құны 128300 тг құрады.

Ең маңызды және шешуші көрсеткіш бұл табыстылық. Табыстылық (рентабельность) – кәсіпорынның экономикалық тиімділігінің көрсеткіші.

Шаруашылық технологиясы бойынша жаздық бидай өсірудің рентабельділігі 181% -құрады.

Бақылаумен салыстырғанда табыстылықтың минимум деңгейін Фертигрейн Фолиар препараты көрсетті, экономикалық технологияға қатысты рентабельділіктің өсуі 7% құрады.

Текнокель N өсу реттегішінің рентабельділігі 61% асты.

Контролфит РК өсу реттегішінің рентабельділігі 65% артты.

Нанокремний өсу реттегішімен вегетациялық кезеңде өңделген нұсқада ең жоғары табыстылық (рентабельность) алынды – 292%, экономикалық технологияға қатысты рентабельділіктің өсуі 111% құрады.

Қорытындылай келе, ғылыми зерттеу жұмысында жаздық бидайға (*T. aestivum L*) өсу реттегіштерінің арасында ең жоғары өнімділікті Контролфит РК - 0,4 ц/га, нанокремний - 9,9 ц/га және Текнокель N - 8,3 ц/га сияқты препараттар қамтамасыз етті. Бұл тәжірибе учаскелерінде жаздық бидайдың өнімділігі бақылаумен салыстырғанда 3,3; 3,6; 2,2 ц/га жоғары экономикалық тиімділік көрсеткіштерімен асып түсті.

Әдебиеттер тізімі

1. Нарцысов, В.П. *Научные основы систем земледелия* / В.П. Нарцысов. – М.: Колос, 1982. – 368 с.
2. Гурьянова, А.М. *Адаптивные технологии возделывания сельскохозяйственных культур в условиях РМ* / А.М. Гурьянова. – Саранск: Изд. Мордовского университета, 2003. – 256 с.
3. А.К. Баяшова *Химия и технология минеральных удобрений. Учебное пособие.* - Алматы «Қазақуниверситеті» 2017 5,21,96 б.
4. Камалихин, В.Е. *Эффективность регуляторов роста и гуминовых удобрений на качественные показатели зерна яровой пшеницы* / В.Е. Камалихин, Д.А. Сульдин // *Ресурсосберегающие экологически безопасные технологии получения сельскохозяйственной продукции. Материалы XI международной научно-практической конференции, посвященной памяти проф. С.А. Лапина 14 – 16 апреля 2016 года.* – Саранск: Изд-во Мордов. Ун-та, 2016. – С. 291 – 294.
5. *Влияние сроков обработки посевов яровой пшеницы биопрепаратами на структуру урожая* / В.Е. Камалихин, А.Ю. Осичкин, Д.А. Сульдин, А.И. Зайкин // *Ресурсосберегающие экологически безопасные технологии получения сельскохозяйственной продукции. Материалы X международной научно-практической конференции, посвященной памяти проф. С.А. Лапина 12 – 13 апреля 2014 года.* – Саранск: Изд-во Мордов. ун-та, 2014. – С. 118 – 121.
6. Аманжолов С.Д., Лиманская В.Б., Шектыбаева Г.Х., Диденко И.Л., Иманбаева Г.К., Абдрахманов Д.Х. *Рекомендации по проведению весеннего сева яровой пшеницы в Западно-Казахстанской области на 2020 год* // «НАО Национальный аграрный научно-образовательный центр». – Уральск, 2020. – С. 4-5.

УДК 547.979.2

Кожаялиева Р.Ж., Ныкмуханова А.Е.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ., Қазақстан

МАҚСАРЫ ӨСІМДІГІНІҢ САПАСЫ МЕН ӨНІМДІЛІГІН ӨСУ РЕТТЕГІШТЕРІН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ АРТТЫРУ

Бұл мақалада Батыс Қазақстан облысында кездесетін бояу мақсарының өнімділігіне өсу реттегіштерін қолданудың тиімділігі қарастырылады.

Мақсары (*Carthamus*) өсімдігін адамзат ерте заманнан бері егіншілікте пайдаланған. Оны бастапқыда әсемдік үшін өсірді, содан кейін мақсарыны бояғыш зат ретінде және медицинада қолданып келді. Бүгінгі таңда бұл майлы дақылды өсірудің негізгі мақсаты – адамзатқа аса қажет өсімдік майын алу және аз мөлшерде құстарға азық ретінде тұтынуға арналады. Мақсары өсімдігінің майлылық деңгейі 38% асқанда ғана бағалы болып есептеледі.

Біздің еліміздің батпақты емес құрғақ аудандарында мақсары өсімдігін қарқынды түрде өсіру көлемі жыл сайын артып келеді. Себебі бұл майлы дақыл күнбағыспен салыстырғанда құрғақшылыққа, ыстыққа төзімді болып табылады. Мысалы, еліміздің

солтүстік облыстарында соңғы 8 жыл ішінде мақсарының егіс алқабы 9 мыңнан 95 мың гектарға дейін арта түскен.

Мақсарының сабақтары тік, қатты, түксіз болып келеді. Сабағының биіктігі 60-150 см құрайды. Жапырақтары – отырыңқы, жәй, ланцет немесе эллипс тәрізді, жиіктерінде тісшелері болады [10]. Гүлшоғыры – себет. Оның диаметрі 1,5-3,5 см, пішіні күмбез тәрізді немесе жалпақ болып келеді. Себеттегі гүлдер бес бөліктен тұрады. Бір өсімдікте 5-60-қа дейін себет болады (орташа есеппен 18). Іріктемесіне байланысты бір себетте 25-тен 60-қа дейін тұқымша пайда болады, кейде оның саны 150-ге дейін артады. Негізінен мақсары өсімдігіне айқас тозаңдану тән, бірақ кейде өздігінен де тозаңдана алады [11]. Майлы дақылды тозаңдандыратын жәндіктер болмаған жағдайда, мақсарыдан алынатын өнім 25%-ға дейін айтарлықтай төмендейді. Гүлдері бір сабақта орналасып, орталықтан бүйір себеттерге қарай таралады. Мақсарының гүлдену мерзімін күнбағыспен салыстыратын болсақ, бояу мақсарыда ол бір айға дейін созылады, яғни күнбағысқа қарағанда гүлдену фазасы 5-10 күнге ұзақ болып келеді. Бұл өсімдіктің гүлдену мерзімі тұқымды себу уақытымен байланысты, әдетте ол маусымның екінші жартысынан шілдеге дейінгі аралықты қамтиды. Күлтелерінің түсі сары немесе қызғылт сары болады, бірақ кейде ақ түсті гүлдері бар күлтелер де кездеседі. Гүлдену фазасынан соң мақсарының түйіні дамиды. Ол ұзын бағаналы бір ұялы болып келеді [12].

Мақсарының жемісі – қатты, қабығы қиын ашылатын тұқымша. Қабық жалпы тұқым массасының 4-50% құрайды. Жалпы бұл майлы дақылдың 1000 тұқымның салмағы 20-дан 50 г-ға дейін жетеді. Мақсарының құрамындағы майдың мөлшері 32-38%, ал тазартылған дәндерде 65-70% дейін жетеді. Тұқымның гүлшоғырда орналасуына байланысты тұқымдағы май мөлшері 18-40% аралығында өзгеріп тұрады. Әр түрлі әдебиеттерде тұқымдағы майдың көлемі 17-60% - ға дейін ауытқиды.

Қазіргі таңда жаңа өсу реттегіштердің өте көп түрлері өндірілуде. Солардың ішінде Батыс Қазақстан облысының ауылшаруашылығында контролфит рк, нанокремний, текнокель, фертигрейн фолиар қолданылады.

Контролфит РК – қорғаныш әсері бар сұйық тыңайтқыш, құрамында фосфит (30%) және калий (20%) түріндегі фосфор бар. Фосфит молекуласында тек үш оттегі атомы (фосфатта 4) болғандықтан, өсімдік ішінде жоғары ену жылдамдығы мен қозғалғыштығы қамтамасыз етіледі.

Кремний тіршілік элементі болып табылады және онсыз табиғатта кез келген ағзаның өсуі мен дамуы мүмкін емес, сондықтан оны ауыл шаруашылығында қалай пайдалануға болады деген сұрақ туындады. Нанотехнологиялар белсенді кремний негізіндегі нанокремний препаратын жасауға көмектесті. Ол дақылдардың микроэлементтерді жақсы игеріп, аурулар мен паразиттерге төзімді болуына көмектесетін заманауи тыңайтқыштың жаңа түрі.

Нанокремний ХХІ ғасырдың тыңайтқышы. Ол ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін арттыруға айтарлықтай көмектеседі, сонымен қатар топырақ құнарлығын қалпына келтіруге көмектеседі. Кремний тыңайтқыштары (кремний негізіндегі тыңайтқыштар) көптеген жылдар бойы басқа елдерде қолданылып келеді және кремнийдің қасиеттері, оның кез келген тірі ағзаға әсері бұрыннан белгілі.

Текнокель. Құрамы: Азот (N)– 20,0%, г/л=240,0; мырыш (Zn)– 0,1%, г/л=1,2; Темір (Fe) – 0,1%, г/л=1,2; РН-4. Артықшылықтары: биуреттің минималды мөлшері азот (<0,05%); ерекше өндіріс процесіне байланысты препаратта аммиак (NH₃), нитраттар (NO₃) және қоспалар жоқ; қолданғаннан кейін-жапырақтарда күйік болмайды; өсімдіктердің азотты қоректенуін күшейтеді; ауылшаруашылық дақылдарының өнімділігін арттырады; сұйық формуляцияның арқасында өнеркәсіптік өсімдік шаруашылығында қолдануда технологиялық; суда ерудің жоғары жылдамдығы тұнбаға түспейді; препарат жұмыс ерітіндісін дайындауда эндотермиялық реакцияға ие емес, нәтижесінде өсімдіктерде стресс болмайды.

Фертигрейн Фолиар вегетациялық кезеңде ауылшаруашылық өсімдіктерін бүрку арқылы жапырақты тыңайтқыш ретінде қолданылады. Белсенді заттар аминқышқылдары (барлығы) - 10,0%, бос аминқышқылдары L-8,0%, азот-5,0%, органикалық заттар (барлығы) – 40,0%, мырыш-0,75%, марганец-0,50%, бор-0,10%, темір-0,10%, мыс-0,10%, молибден-0,02%, кобальт-0,01%.

Артықшылықтары:

өсімдіктердің вегетативті дамуын жақсартады;

өнімді қолпайту коэффициентін арттырады;

майлы дақылдардың тұқымындағы майдың мөлшерін арттырады.

Зерттеу жұмысына қойылған міндеттерді шешу мақсатында 2022 жылы Батыс Қазақстан облысы Деркул ауылында «Орал ауыл шаруашылық тәжірибе станциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жағдайында далалық тәжірибе жүргізілді. Зерттеулер талаптарға сәйкес далалық тәжірибелерді орнату және зертханалық талдаулар жүргізу арқылы жүзеге асырылды.

Зерттеу объектісі мақсарының Ершовский 4 іріктемесі болды. Ершовский 4 іріктемесі бір жылдық өсімдік. Биіктігі 60-95 см. Жемісі – тұқымша. Тұқымдар ұзын, қабырғалары сәл шығыңқы, ақ жылтыр болып келеді. Тұқымның ұшы доғал пішінді. Тұқымның өнімділігі орта есеппен 14-25 ц/га құрайды. 1000 тұқымның орташа салмағы 35-45 гр. Күлділігі 42-47%. Тұқымды сеуіп, піскенге дейінгі вегетациялық кезеңнің ұзақтығы 95-115 күнді қамтиды. Тұқымның құрамында 32-34% май болады. Бұл майлы дақылдың Ершовский 4 іріктемесі түрлі аурулармен зиянкестерге төзімді болып келеді.

Зерттеу аумағына себілген 600000 мың дана тұқымның 70% өніп шықты. Әр мөлтектегі өніп шыққан өсімдік саны есептелді, ол орташа есеппен 60 дана м² құрады (1 – кесте). Эксперименттік жұмыс Б.А. Доспехов (1985) және Ф.А. Юдинаның (1980) агрохимиялық зерттеулер әдісі бойынша жүргізілді.

Зерттеу жұмысын жүргізу үшін өсу реттегіштері келесі мөлшерде қолданылды:

1.Контролфит РК (2мг/л)

2.Нано кремний (2мг/л)

3.Текнокель (2мг/л)

4.Фертигрейн фолиар(2мг/л)

Контролфит РК, нано кремний, текнокель, фертигрейн фолиар өсу реттегіштерін қолдану нұсқаулығына сәйкес 1л суға 2 мг мөлшерде араластырылды.

1 - кесте. Әр мөлтектегі өніп шыққан тұқымның орташа саны

Қайталым	Бақылау	Контролфит РК	Нано кремний	Текнокель	Фертигрейн н фолиар
I	61	62	58	64	59
II	58	57	63	60	63
III	62	61	59	58	57
Орташа	60	60	60	60	60

Әр мөлтекке 5 л су жұмсалды (1-сурет). 1 мөлтекті бақылау тобы қоспасыз таза сумен өңделді. 1 мөлтекте екі бағаннан тұратын өсімдіктер өніп шықты. Өсімдіктер арасындағы арақашықтық 30 см құрайды. 1– кестедегі көрсеткіштерге сәйкес, бақылау қатарының бірінші мөлтегінде өніп шыққан өскіндер 61, екінші мөлтекте 58, үшінші мөлтекте 62 өскінді құрады. Контролфит РК өсу реттегішімен өңделген мөлтектердің біріншісінде 62, екіншісінде 57, үшіншісінде 61 өскін өніп шықты. Нано кремний фитогормонымен өңделген қатарлардың бірінші мөлтегінде 58, екіншісінде 63, үшіншісінде 59 өскін өсіп шықты. Текнокель өсу реттегішімен өңделген қатарлардың

бірінші мөлтегінде 64, екіншісінде 60, үшіншісінде 58 өскін пайда болды. Фертигрейн фолиар фитогормонымен өнделген қатарлардың бірінші мөлтегінде 59, екінші мөлтегінде 63, үшінші мөлтегінде 57 өскін өніп шықты. Әр қатарда өсіп шыққан өскіндердің орташа санын анықтаған уақытта барлық қатардағы көшеттер саны бірдей болды.



1-сурет. Өсу реттегіштерін дайындау сәті

Бояу мақсарының Ершовский 4 іріктемесінің вегетациялық кезеңі 90-100 күн аралығын қамтыды. Қолданылған контролфит РК, нано кремний, текнокель, фертигрейн фолиар өсу реттегіштері өсімдіктің фенологиялық фазасына әсер етті. Әр мөлтектегі өсімдіктің даму кезеңінде айырмашылықтар байқалды (2–кесте). Бояу мақсарының өсу кезеңінде әр мөлтектегі өсімдіктердің даму көрсеткіштерін бақылап тиісті жазбалар жасалынды.

2 - кесте. Бояу мақсарының фенологиялық фазалары

Даму фазасы	Өсу реттегіштерінің атауы				
	Бақылау	Контролфит РК	Нано кремний	Текнокель	Фертигрейн фолиар
Тұқымды себу	7 күн	7 күн	7 күн	7 күн	7 күн
Өскіннің пайда болуы	27 күн	27 күн	27 күн	27 күн	27 күн
Бұтактану	14 күн	16 күн	16 күн	15 күн	15 күн
Гүлдену	7 күн	10 күн	10 күн	9 күн	8 күн
Пісіп-жетілу	35 күн	38 күн	38 күн	35 күн	35 күн
Вегетациялық кезеңнің толық уақыты	90 күн	98 күн	98 күн	93 күн	92 күн

Өсімдіктің өнімділігін анықтау мақсатында 1000 тұқымның массасы өлшенді. Дәндердің салмағын білу, өсімдіктің майлылығын анықтауға мүмкіндік береді. Тұқымның массасы неғұрлым жоғары болса, сол өсімдіктің майлылық дәрежесі де басқаларымен салыстырғанда жоғары болатыны белгілі. Ең алдымен әр мөлтектегі өсімдіктерден 1000 тұқымды тазаланып алынды. Содан соң тазартылған дәндер таразыда өлшенді (2-сурет).



2-сурет. Мақсары өсімдігінің 1000 тұқым салмағын өлшеу

Нәтижесінде әр түрлі өсу реттегіштерімен өңделген мақсарының Ершовский 4 іріктемесінің 1000 тұқымының салмағы әр түрлі көрсеткіштерді көрсетті (3-сурет).



3-сурет. Мақсары өсімдігінің 1000 тұқым салмағының нәтижелері

Жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесіне сүйене отырып, мақсары өсімдігінің сапасы мен өнімділігіне ең тиімді өсу реттегіші ретінде контролфит РК деген қорытынды шығарылды. Фертигрейн фолиар барлық зерттеулер бойынша тиімсіз деп танылды.

Тиімділігі бойынша контролфит РК препаратынан кейінгі орынды нано кремний өсу реттегіші алады. Себебі жүргізілген барлық зерттеу жұмыстары бойынша бұл препарат да жақсы нәтижелер көрсетіп, мақсарының өнімділігі, өсу қарқындылығы, дәннің майлылығы бойынша жақсы нәтиже көрсетті. Текнокель препаратына келетін болсақ, өнімділікке әсері бойынша тиімді, ал өнім сапасы мен мақсарының өсуі мен дамуына аса қатта қолайлы әсер етпейді деген қорытынды шығаруға болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Минаков, И. Развитие рынка масличных культур и растительного масла / И. Минаков // АПК: экономика, управление. – 2013. - №11. – 54-59 б.

2. Қ. К. Әрінов, Қ. М. Мусынов, А. Қ. Апушев, Н. А. Серікпаев, Н. А. Шестакова, С. С. Арыстанғұлов Өсімдік Шаруашылығы // Оқулық. – Алматы. 2011 – 424 - 425 б.

3. Жанзақов М.М., Мырзабек К.А., Кенбаев Б.Қ. Жалпы егіншілік. Қызылорда, Тұмар, 2005ж., 24 бет.

4. Андриюк, А.В. Сафлор – новая масличная культура в Курганской области / А.В. Андриюк, Е.А. Иванюшин // Международная научно-практическая конференция. Инновационные технологии в пищевой промышленности: наука, образование и производство. – 2013. – 251-255 б.

5. Минкевич, И.А. Масличные культуры / И.А. Минкевич, В.Е. Барковский. – М., Сельхозгиз. 1956. – 579 б.

6. Шахмедов, И.Ш. Рекомендации по возделыванию сафлора / И.Ш. Шахмедов, Н.В. Тютюма / Видовое разнообразие и динамика развития природных и производственных комплексов Нижней Волги. - Сб. науч. трудов Международ. науч. практич. конф. – М.: Изд-во «Современные тетради», 2003. – 493-498 б.

УДК 574/577

Абулгазиева Г.Б.

*М.Өтемісов атындағы Батыс-Қазақстан университеті,
Орал қ., Қазақстан Республикасы*

ШАЛҚАР КӨЛІНІҢ СУ ТҮБІ ОМЫРТҚАСЫЗДАР ҚАУЫМДАСТЫҒЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Көлдер Қазақстан халқының өмірі мен қызметінде маңызды табиғат қалыптастырушы және экологиялық-әлеуметтік – экономикалық рөл атқарады. Әрбір көл және олардың біртекті топтары - бұл көл қазан шұңқырларының табиғаты мен құрылымы, көлге түсетін жер үсті және жер асты ағындары, судың булануы және оның жер үсті және жер асты ағындарының жағдайлары тығыз үйлесетін және өзара байланысатын ерекше географиялық кешен. Климаттық жағдайлар мен су балансының жылдар мен жыл мезгілдеріндегі өзгерістері көлдердің ауданы мен режимінің, олардың суларының минералдануы мен тұз құрамының тұрақсыздығын анықтайды. Көлдердің су және тұз баланстары негізінен аймақтық жағдайларға байланысты. Құрғақшылықтың солтүстіктен оңтүстікке қарай өсуіне сәйкес ағынсыз көлдер үлесі мен көл суларының минералдану артып келеді [1].

БҚО-ның терең құрлықшілік орналасуы және климаттың құрғақтығы аумақтың жер үсті суларының кедейлігін тудырады. БҚО гидрографиялық желісі Каспий теңізінің бассейніне жатады және тұрақты және уақытша су ағындарын құрайды. Жалпы гидрографиялық желі Каспий трансгрессиясы кезеңінде қалыптасты. БҚО жер үсті сулары өзендерден, көлдерден және су қоймалардан тұрады [2].

БҚО-ның ең ірі су айдыны Шалқар көлі, оның ауданы 200 км² құрайды. Көл тұзды-күмбезді құрылымы бар депрессияда орналасқан және суы тұздылау болып келеді (құрғақ


қалдық 5 г/л дейін) [3]. Көлдің қоректенуі Ораласты үстіртіне нағып жатқан өзендердің есебінен жүреді. Шалқар көлі Солянка өзені арқылы Жайық өзеніне қосылады, көлдің солтүстік бөлігінің жағалауы қамыспен қоршалған, ал оңтүстігінде Солянка өзенінің тұсында тұзды-күмбезді тектоникалық шығу тегі бар Сасай биіктігімен шектелген [2,4].

Кез-келген су қоймадағы табиғи азықтық база бұл бір-бірімен тығыз байланысқан барлық трофикалық деңгейлердің организмдерін қамтитын күрделі тепе-теңдік жүйесі. Табиғи азықтық база жоғары балық өнімділігін алу үшін қажетті қоректік заттардың бай жиынтығы [5].

Зообентос-құрлықтық суқоймалар мен су ағындарының экожүйелерінің маңызды элементтерінің бірі, алайда Шалқар көлінде аталған организмдердің зерттелу дәрежесі жеткіліксіз [6]. Осыған байланысты ғылыми-зерттеу жұмысының мақсаты Шалқар көлінің зообентос қауымдастықтарына сипаттама беру.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Гидробиологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстары 2022 жылдың көктем, жаз, күз мезгілдерінде Шалқар көлінде (сурет 1) жүргізілді. Зерттеу жұмыстарының барлық кезеңінде Петерсен су түбі тартқышының (көлемі 0,025 м²) және гидробиологиялық қырғыштың (кесу алаңы 25 см) көмегімен 15 зообентос сынамасы алынды. Сынамалар айына бір рет, үш станциядан жиналды. Станциялар көлдің батыс, оңтүстік және шығыс бөліктерінде белгіленді. Көл түбінің топырағы екі түрге бөлінеді: құмды – су қоймасының жағалау бөлігінде, су қоймасының ортасына қарай лайдың жиналу үрдісі бар, онда топырақ сазды сипатқа ие болады. Топырақ жұқа фракциялар жойылғанға дейін 0,5 мм ұяшық өлшемі бар електен өткізілді. Организмдер топырақтан алынып, таңбаланған ыдысқа орналастырылды, содан кейін сынамалар 70% этил спиртімен бекітілді. Гидробионттардың таксономиялық құрамын анықтау үшін арнайы нұсқаулықтар қолданылды [7–9]. Суқойманың азықтық базасының көлемін анықтау үшін С.П. Китаев әдісімен анықталды [10].



Сурет 1 –Шалқар көлі

Зерттеу нәтижелері


2022 жылы зообентос сынамаларында шаянтәрізділер мен жәндіктердің дернәсілдері басым болды. Су түбі омыртқасыздарының барлығы 6 таксоны анықталды, биомассасы мен санының негізін шаянтәрізділердің Gammaridae тұқымдасының өкілдері құрады. Таксондардың толық тізімі 1 кестеде көрсетілген.

Кесте 1 – Шалқар көлінің 2022 жылғы зообентос организмдерінің таксономиялық құрамы

№	Таксондар	Станция нөмірі					
		1		2		3	
		б/м мг/м ²	саны. дана/ м ²	б/м мг/м ²	сан ы. дана /м ²	б/м мг/м ²	саны. дана/ м ²
Шаянтәрізділер							
1.	<i>Limnomysis benedeni</i> (Czerniavsky, 1882)	615	26	186	10	258	13
2.	<i>Paramysis intermedia</i> (Czerniavskyi, 1882)	35	13	53	16	34	10
3.	<i>Turkogammarus aralensis</i> (Uljanin, 1874)	942	179	1061	180	1118	194
Қосқанаттылар дернәсілдері							
4.	<i>Chironomus sp.</i>	55	29				
5.	<i>Glyptotendipes paripes</i> (Edwards, 1929)	346	86	342	92	119	37
6.	<i>Microchironomus tener</i> (Kieffer, 1918)	112	37	51	16	107	32
Барлығы		2105	370	1693	314	1636	286

Биомасса мен саны бойынша жоғары көрсеткіштерді шаянтәрізділерде тіркелді, әсіресе *Turkogammarus aralensis* (Uljanin, 1874) ерекше атап өтуге болады. Шалқар көлінің 2022 жылдағы су түбі омыртқасыздарының орташа саны 323 дана/м², биомассасы 1,8 г/м² құрады. Биомасса көрсеткіштері негізінде Шалқар көлінің азықтық базасының көлемі төмен деңгейге сәйкес келді.

2 суретте Шалқар көлінің азықтық базасының сандық көрсеткіштерінің мезгілдік сараптамасы көрсетілген. Зообентос организмдерінің саны мен биомассасының жоғары көрсеткіштері қыркүйек айында тіркелсе (2891 мг/м², 696 дана/м²), төмен көрсеткіштер маусым және тамыз айларында тіркелді (1202 мг/м², 224 дана/м² және 1182 мг/м², 221 дана/м²).



Сурет 2 – Шалқар көлінің 2022 жылғы сандық көрсеткіштерінің мезгілдік динамикасы

Әдеби деректерді талдау негізінде Шалқар көлінде зообентос организмдерін зерттеу деңгейі төмен екенін және кейбір жұмыстарда барлық вегетациялық кезеңді қамтымағанын, сондай-ақ табылған организмдердің таксономиялық құрамы толық көрсетілмегенін көруге болады.

1996 жылы б.ғ.к., К. М. Маминаның басшылығымен [11] кәсіпшілік балықтардың азықтық базасының көлемін анықтау бойынша гидробиологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді. Сол жылы Шалқар көлінің су түбі омыртқасыздары 6 тұқымдастан тұрды: жылғалықтар (1 түр), амфиподалар (1 түр), хирономидтер (13 түр), аз қылтанды құрттар (2 түр), ұлулар (2 түр) және сүліктер (3 түр). Биомасса көлемі бойынша суқойманың азықтық базасы орташа деп бағаланған. Олигохеттердің салыстырмалы саны су сапасының көрсеткі ретінде қарауға болады, себебі олар барлық организмдердің 48,3% құрады.

2017 жылы жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесі бойынша суқойманың зообентос сынамаларында шаянтәрізділер басым болды. Олардың негізін Mysidacea и Amphipoda отрядының өкілдері құрады. Сол жылы Шалқар көлінің су түбі организмдерінің орташа саны 409,8 экз./м² құраса биомассасы 1,40 г/м² көлемінде болды [12].

2015-2017 жылдардағы ғылыми-зерттеу жұмыстарында [13] Шалқар көлінің балық азықтық базасының сандық көрсеткіштерінің маусымдық динамикасының талдау деректері келтірілген. Айтап өтер жағдай, зерттеу жұмыстары тек жылына 1 рет өткізілген (2015 жылдың шілде айында, 2016 жылдың тамыз айында және 2017 жылдың қыркүйегінде). Сол кезеңде зообентос организмдері үшін ең қолайлы көрсеткіштер 2017 жылдың қыркүйегінде тіркелді, алайда бұл көрсеткіштер тек бір айдың нәтижелері болғандықтан, барлық вегетациялық кезеңдегі су түбі омыртқасыздарының даму динамикасын толық көрсетпейді.

2019 жылы жүргізілген зерттеу жұмыстарында да Шалқар көлінде шаянтәрізділер басым болды, әсіресе *Turkogammarus aralensis* (Uljanin, 1874), сонымен қатар жоғары көрсеткіштер хирономидтердің өкілі *Glyptotendipes glaucus* (Meigen, 1818) тіркелді. Шалқар көлінің зообентос организмдерінің орташа саны 115 дана/м², биомассасы 968,5 мг/м² (ст. 1 – 1250 мг/м², 236 дана/м², ст. 2 – 645,4 мг/м², 125 дана/м², ст. 3 – 1010 мг/м², 212 дана/м²) құрады. Шеннон-Уивер ұсынған биологалану түрлілік индексінің көлемі небәрі 0,6 бит/дана құрап, таксондардың әртүрлілігі төмен деңгейде болды. Биомасса негізіндегі азықтық базаның көлемі «өте төмен» деп бағаланды [14].

Қорытынды

2022 жылы жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесі бойынша су түбі омыртқасыздарының саны мен биомассасы бойынша жоғары көрсеткіштер

Turkogammarus aralensis (Uljanin, 1874) шаянтәрізіділерінде тіркелді. Зообентос организмдерінің орташа саны 323 дана/ м², биомассасы – 1,8 г/ м². Жоғары сандық көрсеткіштер қыркүйек айында, төмен көрсеткіштер маусым және тамыз айына сәйкес келді. Су түбі омыртқасыздарының сандық көрсеткіштері негізінде 2022 жылы Шалқар көлінің азықтық базасының деңгейі «төмен» деп бағаланды. Бұл жағдайлардың барлығы су деңгейінің жағалаудағы су өсімдіктерінің аймағынан кетуіне байланысты болуы мүмкін, себебі соның әсерінен көптеген гидробионттардың табиғи тіршілік ортасынан айырылды. Жағалаудағы су өсімдіктері әртүрлі омыртқасыздардың өмірінде маңызды рөл атқарады; бұл ортада жануарлардың көбеюі мен өсуіне ықпал ететін қолайлы температура жағдайлары мен газ режимі қалыптасады. Сондай-ақ, облыстың климатының шұғыл континенталдылығы, құрғақшылық, жауын-шашынның жеткіліксіздігі, жоғары булану, температура мен желдің континентальды режимі, трансшекаралық өзендер ағынының төмендеуі және кіші өзендердің кебуі себеп болуы мүмкін.

Әдебиеттер тізімі


1. Тюменев С.Д. *Водные ресурсы и водообеспеченность территории Казахстана: Учебник.* – Алматы: КазНТУ, 2008. – 267 с.
2. Ахмеденов, К.М. *Природа Западного Казахстана: объекты природного наследия: Монография / К.М. Ахмеденов.* – Уральск: РИЦ ЗКГУ им. М. Утемисова, 2019. – 250 с.
3. *Ресурсы поверхностных вод СССР. Нижнее Поволжье и Западный Казахстан.* - Л.: Гидрометеоздат, 1970. - Т. 12. - Вып. 2. - 512 с.
4. Мурзашев, Т.К. *Рыбохозяйственное состояние внутренних водоемов Западно-Казахстанской области: учебное пособие / Т.К. Мурзашев.* – Уральск.: ЗКАТУ, 2005. – 63 с.
5. Абакумов, В. А. *Зообентос в системе контроля качества вод / В. А. Абакумов, О. В. Качалова // Научные основы контроля качества вод по гидробиологическим показателям: тр. всесоюз. конф. (Москва, 1978).* – Л.: Гидрометеоздат., 1981. - С. 5-12.
6. Алимов А.Ф. *Введение в продукционную гидробиологию.* – Л.: Гидрометеоздат, 1989. – 152 с.
7. *Определитель пресноводных беспозвоночных России и сопредельных территорий. Т 2. Ракообразные / Под. ред. С.Я. Цалолыхина.* – СПб.: Наука, 1995. – 632 с.
8. *Определитель пресноводных беспозвоночных России и сопредельных территорий. Т 4. Двукрылые насекомые / Под. ред. С.Я. Цалолыхина.* – СПб.: Наука, 2000. – 997 с.
9. Кутикова Л.А., Старобогатов Я.И. (ред.). *Определитель пресноводных беспозвоночных Европейской части СССР (планктон и бентос).* – Л., 1977. – 511 с.
10. Китаев С.П. *Основы лимнологии для гидробиологов и ихтиологов.* – Петрозаводск: Изд-во Карельский научный центр РАН, 2007. – 395 с.
11. *Оценка состояния запасов промысловых стад рыб и биологическое обоснование общих допустимых уловов на водоемах областного значения. Раздел: водоемы Западно-Казахстанской области. Отчет о научно-исследовательской работе.* – Уральск: ЗКФ НППЦ РХ, – 2006. – 157 с.
12. Сарманов А.Е. *Состав сообществ донных беспозвоночных озер Шалқар и Сокрыл (Западно-Казахстанская область) / А.Е.Сарманов, Е.С.Султанов, Г.С.Кашебаров, Г.Р.Нигаматзянова, Л.А.Фролова // III международная школа – конференция студентов, аспирантов и молодых ученых «Материалы и технологии XXI века» (КФУ, 29.10.2018 г.). Казань, 2018. С. 148.*
13. *Биологическое обоснование предельно допустимых уловов (ПДУ) на южной стороне озера Шалқар на 2018. Биологическое обоснование.* – Уральск: ЗКФ КазНИИРХ. – 2017. –25 с.
14. Сарманов А.Е. *Количественные показатели зообентоса озера Шалқар / А.Е.Сарманов, Е.С. Султанов // Вестник ЗКГУ.* – 2020. - №4 (80). – С. 362-369.

ГЛУБИННОЕ КӨЛІНІҢ ЗООПЛАНКТОН ҚАУЫМДАСТЫҚТАРЫНА СИПАТТАМА

Көл – табиғи бассейндердің сумен толтырылуы нәтижесінде пайда болатын табиғи су қоймасы. Берг (1945), Посохов (1955), Филонев (1974), Муравлев (1973) еңбектерінде Қазақстан көлдерін зерттеу бойынша құнды материалдар жинақталған. Қазақстан аумағында 48 000 – нан астам табиғи көл бар, оның 90% - ға жуығы шағын, ауданы 1 шаршы км-ден аз. Су объектілерін жүйелі зерттеу негізінен 1950-1980 жылдары жүргізілді [1].

Батыс Қазақстанның көлдері туралы алғашқы деректер көздері 19 ғасырдың 90-жылдарының бас жағында жинақтала бастады. Бұл П.И.Рычков, С.Г.Гмелин, И.И.Лепехин, П.С.Паллас, Э.А.Эверсман, Г.С.Карелин, А.И.Левшин, К.М.Бар, А.А.Тилло, И.И.Жилинский және басқалардың еңбектері. Батыс Қазақстан облысында 2 га-дан (Глубинное көлі) 22000 га (Шалқар көлі) аралығын қамтитын 326-ға жуық шағын және ірі көлдер орналасқан [2].

Осылардың ішінде менің зерттеу объектім – Глубинное көлі.



Сурет 1. Глубинное көлі

Глубинное көлі Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданы, Жаңабұлақ (Қожехарово) кентінің оңтүстігінде орналасқан. Көлдің ауданы – 0,02 км² немесе 2 га. Су жинау алабы – 0,266 км² немесе 26,6 га. Көлдің ұзындығы – 400 м. Орташа ені – 40 м. Ең үлкен тереңдігі – 1,2 м. Орташа тереңдігі – 0,7 м. Ол Жайық өзенінің солтүстік бөлігіндегі төменгі ағысы. Жайық өзенінің көктемгі тасқыны кезінде көл суға толады. Су тасқынының орташа биіктігі кезінде көл Жайық өзенінің арнасына толығымен қосылады. Бір жағынан бұл гидробионттардың дамуы үшін қолайлы гидрологиялық жағдайларды қамтамасыз етеді. Су биоценоздарының ең маңызды бөлігі болып табылатын зоопланктон су объектілеріндегі өзгерістерге тез реакция береді. Зоопланктонның сапалық және сандық сипаттамалары осы өзгерістердің көрсеткіштері болып табылады. Зоопланктонның маңызы, әсіресе, барлық су организмдері игеретін энергияның 80%-ға жуығы зоопланктонның үлесіне тиетін көл типті су қоймаларында зор (Иванова, 1985) [3].



Сурет2. Глубинное көлінің жалпы көрінісі

Қазақстанда көп жылдар бойы су жүйелерінде гидробиологиялық зерттеулер жүргізіліп келеді. Осы кезге дейін тұщы және минералданған су айдындарының балықтарының қоректенуіндегі зоопланктондардың маңызы өте зор екені белгілі. Сондықтан олардың түрлік құрамы, сандық, өндірістік сипаттамалары және рөлі бойынша үлкен нақты материал жинақталды. Ірі су қоймаларының гидроценоздарының қалыптасу ерекшеліктері оларды толтырған сәттен бастап сипатталған.

Өлкеміздің өзекті мәселелердің біріне су экожүйелерін мониторингтеу болып табылады. Сонда, зоопланктонның сапалық және сандық көрсеткіштеріне сүйене отырып су объектілерінің қазіргі жай-күйін, олардың эвтрофиялану дәрежесін және түрлік құрамын бағалауға болады[4].

Көлдердің зоопланктоны негізінен түссіз талшықтылардан, инфузориялардан, коловаткалардан, шашақмұртты және ескекаяқты шаяндардан тұрады[5]. Суықсулы көлдерде коловаткалар мен ескекаяқты шаяндар басым болса, шашақмұрттылардың түрі де саны да аз не мүлдем болмайды. Мұндай жағдайларды Глубинное көлі мен Шалқар көлдерінен байқауға болады. Зоопланктон жаздың ортасында балдырлар жаппай дамығанда ең көп болады. Коловаткалар, әдетте, шаянтәрізділермен салыстырғанда ерте пайда болады. Планктондардың саны мен биомассасы беткі қабатта мол болады. Деседе жыл маусымына қарай олардың тік бағытта орналасуы өзгеріп тұрады. Зоопланктонның тік бағыттағы стратификациясы жылдың жылы кезінде анық, ал қыста әлсіз білінеді[6].

2020 жылғы «Оценка состояния гидробионтов и микробиома водоемов Западного Казахстана и прогноз их изменения» атты есебінде Батыс Қазақстан облысының аумағындағы көлдердегі зоопланктон қауымдастығының әртүрлі 76 түрін тіркеп көрсеткен. Осы есепте зоопланктон өкілдері 3 негізгі таксономиялық топтарды құраған, олар: Cladocera, Copepoda және Rotifera. Бұлар жайлы нақты мәліметтер көрсеткіштері 1–кестеде көрсетілген. Түрлердің ең аз әртүрлілігі тармақталған шаян тәрізділермен (Cladocera) сипатталды, олардың арасында 11 таксон анықталды. Копеподтардың (Copepoda) 18 таксоны табылды. Гидробионттардың ішіндегі ең әртүрлілігі 47 таксонның Коловаткалар (Rotifera) ерекшеленді. Бұл топтың төменгі шаян тәрізділерден сандық басым болуы көл планктонына тән қасиет болып табылады. Жалпы учаскелер бойынша түрлердің саны айтарлықтай өзгереді, бұл көлдің морфологиялық және гидрологиялық ерекшеліктеріне, сондай-ақ оларға антропогендік әсердің әртүрлі дәрежесіне байланысты болады[7].

Зерттеулерге сүйенсек, түрлердің саны айтарлықтай өзгеретінін кестеден аңғаруға болады, бұл көлдің морфологиялық және гидрологиялық ерекшеліктеріне, сондай-ақ оларға антропогендік әсердің әртүрлі дәрежесіне байланысты [7].

Кесте 1. 2020 жылдағы Батыс Қазақстан облысының әртүрлі типтегі көлдерінің зоопланктондарының негізгі қауымдастықтар саны мен биомассасы (Оценка состояния гидробионтов и микробиома водоемов Западного Казахстана и прогноз их изменения)


Қауымдастық	Глубинное көлі		Едилсор көлі		Шалқар көлі		Прорва көлі		Балықты Саркыл көлі		Сулуқол көлі	
	С	Б	С	Б	С	Б	С	Б	С	Б	С	Б
Коловраткалар (Rotifera)	439,58	545,80	235,8,2	442,8,88	754,1	1252,66	199,5	289,95	2508,66	2672,716	40,1	20,5
Тармақталған (Cladocera)	220,83	227,69	779,4	132,57,6	4,3	103,16	29,6	656,9	2197,5	32212,62	19,1	441
Копеподтар (Copepoda)	118,86	294,2,07	576,7	153,25,7	169,3	4829,10	51	222,0,4	360	10567,09	54,9	2259
Барлығы	581,27	371,5,56	371,4,3	330,12,18	927,7	6184,92	280,1	316,7,25	5066,16	45452,43	114,1	2720,5
Ескерту-С-саны мың дана / м ³ . Б-биомасса мг / м ³												

Зерттеулерде су объектілерінің планктондық қауымдастықтарының сандық көрсеткіштері жоғары деңгейге жеткен, бұл су экожүйелерін биогендік элементтермен байыту жағдайында фитопланктон мен бактериопланктонның азық базасының жақсы дамуына байланысты екен. Зоопланктон саны су айдындары бойынша 114,1-ден 5066,16 мың дана/м³-ге дейін, биомасса шамасы 2720,5-45452,43 г/м³-ге дейін өзгергенін көруге болады(1-кесте)[7].

Глубинное көлінде зоопланктонның 24 түрі анықталған және қауымдастықтардың жоғарғы саны басымы – Коловраткалар(Rotifera) (70,8%), тармақталған шаянтәрізділер(Cladocera) (16,6%) және копеподтар(Copepoda) (12,5%) екенін көруге болады. Жалпы станциялар бойынша сан көрсеткіштері айтарлықтай өзгерген: 2,5 мың дана/м³-тен 69,5 мың дана/м³-ке дейін. Көлдің зоопланктонының орташа саны 20,7 мың дана/м³ құрады. Биомасса бойынша аз мөлшерде копеподтар биомассаны анықтады, олардың биомассасы орта есеппен 2942,1 г/м³ құрады. Зоопланктон биомассасының орташа мәні 132,7 г / м³, 1 г/м³-ден 539,7 г/м³-ке дейін өзгереді[7].

2022 жылғы зерттеулерде Глубинное көлінің зоопланктондық қауымдастығының 42 түрі тіркелген. Олардың 28 түрі мен таксондары Rotifera, 6 түрі Cladocera класының өкілдері, 8 түрі Copepoda екені анықталған. Қауымдастықтардың жоғарғы саны басымы – Brachionidae, Rotifera (28,6% барлық қауымдастықтан, 8 түр). Cyclopoida, Copepoda (87,5% 7 түр). Daphniidae, Cladocera қауымдастықтарынан (33,3% барлық қауымдастықтан, 2 түр) (сурет 2) [4].

